

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МЕКТЕПКЕ ДЕЙИНГИ ЖӘНЕ МЕКТЕП БІЛІМІ  
МИНИСТРЛІГІ**

**НИЗАМИ АТЫНДАҒЫ ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ**

**ДУЙСАБАЕВА ДИЛБАР УСКАНОВНА  
САЙФУЛЛАЕВ БАУЫРЖАН НҰРЫМБЕТҰЛЫ**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**(жоғары оқу орындары студенттері мен мұғалімдері үшін  
арналған оқулық)**

**60111500 – Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті)**

**“BOOKMANY PRINT”  
ТАШКЕНТ – 2024**

**УДК: 443.42:371.3**

**ББК: 74.261.5**

**Д 84**

Дуйсабаева Д.У., Сайфуллаев Б.Н.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Матн] : оқулық /  
Д.У. Дуйсабаева, Б.Н. Сайфуллаев. –Ташкент: Bookmany print,  
2024. – 132 б.

**Пікір жазғандар:**

**А.Қалдыбекова** – ТМПУ, Жалпы педагогика кафедрасы  
профессоры, п.ғ.к.

**Ө.Байқабылов** – ШМПУ, Өзбек тіл білімі кафедрасы доценті  
м.а.

*Бұл оқулық Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика  
университеті Кеңесінің 2023 жыл 27 декабрьдегі 5/3.1-санды бұйрығына  
сәйкес 2024 жыл 3 январда 2024/IU-165 нөмерімен тіркеуге алынды және  
баспаға ұсынылды.*

**ISBN 978-9910-789-11-3**

© Дуйсабаева Д.У., Сайфуллаев Б.Н.  
© “Bookmany print” баспасы, 2024.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің мақсатының бірі – әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам қажеттіліктеріне сай көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтың Олий Мажлиске жолдауында «Біз өз алдымызға елімізде Үшінші Ренессанс негізін кұрудай ұлы мақсатты қойған екенбіз, ол үшін жаңа Хорезмилер, Берунилер, Ибн Синалар, Мырза Ұлықбектерді, Науаи және Бабырларды тәрбиелейтін ортаны және жағдайларды жаратуымыз керек. Мұнда ең алдымен, білім мен тәлім-тәрбиені дамыту, салауатты тұрмыс салтын қалыптастыру, ғылым-білім және инновацияларды өркендету ұлттық идеямыздың негізгі бағаны болып қызмет етуі қажет»<sup>1</sup> деген пікірлерінде де көрініс тапқан.

Бүгінгі күнде білім беруден басты мақсат – жан-жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игертудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім дайындау қажет.

«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» жоғары оқу орындарының қазақ тілі және әдебиеті бакалавр бағыттарында қазақ тіл білімінің басты мәселелері мен салаларын, негізгі қағидалары мен ережелерін, заңдылықтарын оқытудың әдістерін, теорияны практикамен ұштастыру амалдары мен жоспарға сай сабақ тақырыбын меңгерту тәсілдерін, білім берудің тиімді жолдары мен жұмыс түрлерін айқындайтын негізгі пән.

Бұл сала бойынша еңбек еткен ғалымдардан Ә.Хасенов, Б.Құлмағанбетова, Д.Әлімжанов, Ы.Маманов, И.Ұйықбаев, Х.Арғынов, М.Балақаев, С.Рахметова, Ә.Исабаев, Ф.Оразбаева т.б. тіл білімін оқытудың жалпы методикасы мен дербес

---

<sup>1</sup> Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтың Олий Мажлиске жолдауы. Нұрлы жол газеті. №104. 30 декабрь, 2020 жыл.

салаларын оқыту әдістемесі бойынша бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарын жазған.

Қазіргі таңда мемлекетімізде білім мен ғылымның дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігінде білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туып, білімге, бүкіл оқыту әдістемелік жүйеге кредит-модульдік оқу негізінде жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімнің қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында да білім берудің тиімді жолдарын ұйымдастыру мәселесін қарастыратын жаңа буын оқулықтары мен оқу құралдарын жарату заман талабы болып тұр.

Қазақ тілі мен әдебиеті бағыты студенттері мен пән оқытушыларына ұсынылып отырған «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» оқулығы қазіргі білім беру жүйесіндегі тілді оқыту әдістемесіне байланысты мәселелерді толыққанды қамтуға бағытталған болып, жоғарыдағы тілші-ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып жазылған.

Қазақ тіл білімі салаларын оқытумен бірге оқытудың тиімді әдістерін, ұстанымдарын, білім беру технологияларын қамтыған бұл оқулық үлкен модульдерге бөліп қарастырылған. Әрбір модульден кейін тест сұрақтары мен өзіндік жұмыстар тапсырмалары берілген. Оқулық соңында пайдаланатын әдебиеттер тізімі мен тірек ұғымдар глосарийі берілген.

Оқулық қазақ тілі мен әдебиеті бакалаврият бағыты үшін үлгілі бағдарлама негізінде жазылған.

# 1-МОДУЛЬ. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

## 1-ТАҚЫРЫП. МЕТОДИКА ПӘНІ, ОБЪЕКТІСІ МЕН САЛАЛАРЫ

**1.1. Қазақ тілін оқыту методикасының ғылым ретінде қалыптасуы.** Методика – педагогика ғылымдарының бір саласы екендігі, білім беру құралдарының жиынтығы ретінде қаралатындығы, қазақ тілінен теориялық білім және практикалық дағды беру құралдарын зерттейтіндігі, білім беру құралдарының тақырыптары баяндалады.

Сондай-ақ методика пәндік мазмұнына қарай үлкен екі салаға бөлінеді: 1) **Теориялық методика.** Бұл қазақ тілінен білім берудегі қағидалар жүйесін қарастырады. Оған методикаға кіріспе, жалпы методика, жеке методика және методика тарихы курстары кіреді. 2) **Практикалық методика.** Ол тілден сабақ беретін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жинақтайды.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылым болып бірден қалыптасқан деп айта алмаймыз. Ұзақ жылдық тарихи мен даму жолдары бар. Қазақ халқының тарихында баланы ана тілінде оқыту және оқыту методикасына көңіл бөлу ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннен басталды, ол «Мектеп — қазақтарға білім берудің басты құралы, біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде»<sup>2</sup> деген болатын.

Қазақ тілін оқыту мен оның методикасының қалыптаса бастауына ХХ ғасыр басында шығып тұрған «Айқап», «Қазақ», «Мұғалім», «Шолпан», «Шора», «Сана», «Жаңа мектеп» т.б. сияқты басылымдардың қосқан үлесі орасан зор. Бұл басылымдарда жаңадан ашылып жатқан мектептердің әртүрлі мәселелері жүйелі түрде сөз болды. Ана тілін қалай оқыту керектігін, қазақ тілінің оқу құралын жазу мәселесі туралы, педагогиканың негізгі ұстанымдарын анықтау жайы үнемі күн тәртібінде тұрды. Айталық, «Ана тілін қалай оқыту керек?» деген Ж.Аймауытовтың мақаласы «Жаңа мектеп» журналының

---

<sup>2</sup> Бейсембайев З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002. -35 б.

№ 2 санында 1919 жылы жарияланды. Мақалада қазақ тілін оқытудың өз кезіндегі өзекті мәселелері көтеріледі. А.Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да көп күш жұмсады. 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептерде шәкірттер алдымен орыс тілінде сауат ашатын. Қазақша оқылатын пәндердің тілі қазақша болғанмен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ еді. Сондықтанда әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын болған. А.Байтұрсынов 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнгі суреттермен берілген Әліппе кітабын жазды. Ал бұл «Әліпбидің» 1928 жылы Қызылордада шыққан 3-басылымы қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткішінде төмендегіше бағаланды: *«Жаңа құрал қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған... 7 рет басылған бұл «Әліпбидің» мазмұны қазақ жағдайына қарай, мемлекет білім кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық «Әліпби» көңілдегідей болып шыққан».*

1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1914 жылы жарық көрді. Осы кітаптың морфологияға арналған 2-бөлімі 1915 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылып пайдаланылып келді.

«Тіл құралы» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықты қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданып жүрген «зат есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы

А.Байтұрсыновтікі<sup>3</sup>. Ғалымның тіл үйретудегі сіңірген еңбегі мұнымен шектелмейді. Ол қолданбалы грамматиканы да жазған болатын. Бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді кітап етіп, 1928 жылы Қызылордада шығарған еді.

А.Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол - Қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен методикалық кітапша шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жол-жобасын көрсетіп берді.

Қазақ тілі методикасының ғылыми негізі, тарихы, сондай-ақ қазақ тілін оқыту мәселелері бүгінгі деңгейге жету жолында бірқатар ғалымдар елеулі үлес қосты: Сейіл Жиенбаев, Қажым Басымов, Ғали Беғалиев, Шамғали Сарыбаев, Иманбек Ұйықбаев, Әмеди Хасенов, Кәшен Жолымбетов, Шәріп Әуелбаев, Дәулет Әлімжанов, Ыбырайым Маманов, Балғаным Құлмағамбетова, Бибігүл Кәтенбаева, Айтбай Айғабылов, Хасен Арғынов, Мүліпа Дүйсебаева, Абдірахман Исабаев, және т.б.

Сонымен қазақ тілін оқыту әдістемесі - оның мазмұны мен принциптері, әдістері мен тәсілдері туралы және мектепте қазақ тілінен оқушыларға берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игерудің жолдары, шарттары туралы ғылым.

**1.2. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері.** Қазақ тілін оқыту методикасының негізгі мақсаттарының бірі – өзінің зерттейтін объектісін жан-жақты танып білу, заңдылықтарын айқындау. Демек, ғылыми-зерттеу әдісі дегеніміз белгісізді тану, айқындау болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының қай түрінде болсын, зерттелетін объектіні танып білу мынандай үш түрлі әрекет бойынша іске асырылады, бірінші – қажетті материалдар, фактілер жинау, екінші – жинақталған фактілерді салыстыру, талдау, үшінші – сол фактілер негізінде теориялық тұжырымдар, қорытындылар жасау болып табылады. Құбылысты, объектіні

---

<sup>3</sup> Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992. -125 б.

ғылыми танып білу процесінде іске асырылатын бұл әрекеттер қазақ тілін оқыту әдістемесінде де негізгі кезеңдер болып табылады.

Қазақ тілін оқыту методикасының ғылым ретінде дамуының басты шарты әдістемелік зерттеулерін әрі қарай дамыту, жетілдіру, эксперименттік тәжірибелер жасау, мектеп тәжірибесін зерттеу, оған жаңа фактілер қосу, әдістеме ғылымындағы жаңалықтар, жетістіктер, психологиялық әдістерге көңіл бөлу, мектептегі оқыту жүйесінің деңгейін зерттей отырып, бақылау жасаумен бірге, әдістеме ғылымының жаңалықтарын үнемі ескеріп шығармашылықпен сабақ беруіне көмектесу жолдарын қарастыру негізгі мәселелердің бірі болып саналады.

Зерттеудің теориялық әдістері. Ең алдымен назар зерттелетін құбылыстардың, процестердің заңдылықтарын жинақтауға, анықтауға, қалыптастыруға бағытталады. Соңғы жылдары оқыту әдістемесінде жүйелі құрылымдық әдіс қолданыла бастады. Оның мәнісі – зерттеу өзара байланысты элементтерден құрылған біртұтас жүйелерінде қаралады, элементтер арасындағы өзара байланыстылық пен қарым-қатынасқа басты назар аударылады. Осыған сәйкес оқыту әдістемесінде мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты анықтау қажеттілігі туады (яғни оқыту мен білім алу), оқытудың мақсаттарымен, мазмұнымен, әдістері, құралдарымен, оқушылардың білімді қабылдауы, дамуы және тәрбиелену арасындағы байланыстарды анықтау қажет болады. Оқытудағы жүйелі-құрылымдық әдіс сабақтың мақсатын анықтауды, осы мақсаттарға байланысты оқытудың мазмұнын, әдістері мен құралдарын сұрыптап ала білуді, сабақтың тиімділігін бағалауды көздейді. Жүйелілік әдіс мұғалімнің бағдарлама бойынша бірнеше сабақты жоспарлап, дайындалуына мүмкіндік береді, әр сабақтың өзіндік ерекшеліктері мен мақсаттары, мазмұны, оқыту әдістері жағынан, оқушылардың танымдық әрекетінің сипаты жағынан өзара байланыстылығы сақталады.

Әдістемелік зерттеулерде типологиялық әдіс те көрнекті орын алады. Бұл әдіс бойынша зерттелетін объектілер мен құбылыстар топталып, әр топтың негізгі белгілері анықталады.

Типологиялық әдіс әдістеме ғылымының мәселелерін зерттеуде жиі қолданылады. Мысалы, ана тілінен берілетін білім мазмұнын талдап шешуде оның негізгі құрамдас бөліктерін топтап қарастыру, атап айтқанда, білім беру, іскерлік, көзқарастық идеялар және әрекет тәжірибесін түгел қамту т.б. Оқытудың жолдары мен ұйымдастырудың түрлері жөніндегі мәселелерді зерттеу тілді оқыту әдістерін жіктеуге, оқушылардың өз бетімен істейтін жұмыс түрлері мен сабақ түрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық әдістерінің ішінде тарихи әдістің де тиісті орны бар. Бұл әдіс бойынша зерттелетін құбылыстар уақыт жағынан даму, өзгеру тұрғысынан қарастырылады. Тілді оқытудың қазіргі методикасының мәселелерін шешуде бұл әдіс те қолданылып отырады. Зерттеудің эмпирикалық әдістеріне мектеп тәжірибесін зерттеу және эксперимент әдістері жатады. Мұның алғашқысы іс жүзінде қолданылып жүргендерді анықтап, есепке алу мақсатымен жүргізіледі. Бұл мағлұматтарды білу бағдарламалар мен оқулықтарды жетілдіруде, мұғалімге ғылыми әдістемелік жәрдем беруде, озат тәжірибені зерттеп, көпшілікке таратуда зор маңызға ие.

Мектеп тәжірибесін зерттеу методикасының мына түрлері белгілі: 1) оқыту процесіне байқау жүргізу; 2) мұғалімдер мен оқушыларға анкета тарату; 3) мектеп құжаттарын үйрену; 4) әңгімелесу; 5) жазбаша тексеру жұмыстары. Мектеп тәжірибесін зерттегенде, алдымен оның мақсатын дәл айқындап, жоспар жасау керек, тексеру жұмысына мұқият дайындалып, сабақтарға байқау жүргізудің схемаларын жасап, оқушылар мен мұғалімдерге арнап, анкета дайындау қажет болады.

Эксперимент педагогикалық жаңа тәжірибе жасауға бағытталған. Ол тілдің жүйелі курсының мазмұнына зерттеуші қажет деп тапқан оқу материалының оқушыға түсініктілігін, ана тілін оқытуға ұсынылған жаңа әдіс-тәсілдер мен жаңа көрнекіліктердің тиімділігін анықтау үшін пайдаланылады.

Эксперимент жүргізудің бірінші шарты - дәлелдеуге және тексеруге қажетті терең ойластырылған гипотеза немесе ғылыми болжам болады. Әдетте гипотеза, біріншіден, зерттеушінің ойынша, оқушылардың қабылдауына лайықты

білім мен дағды және іскерлікті анықтау; екіншіден, оқытудың неғұрлым қолайлы әдістері мен құралдарын іріктеп алу тұрғысынан жасалады. Екінші шарты – гипотезаны іске асыру үшін оқу әдістемелік материалдар (оқушылар үшін оқу мәтіндерін, сұрақтар мен тапсырмаларды, үлестірмелі дидактикалық материал) дайындау, осыдан кейін эксперименттік оқу жүргізілетін болады.

Педагогикалық экспериментті ұйымдастырудың көп тараған түрі – эксперименттік және бақылау сыныптарына бөлу. Бұл ретте бір сыныпта (эксперименттік) жаңа оқу материалы немесе жаңаша оқыту әдісі енгізіліп, басқа сыныпта (бақылау) оқыту өзгеріссіз жүргізіледі. Екі сыныпта да оқушылардың даярлығы мен үлгерім дәрежесі бірдей болуы қажет. Әдістемелік ғылымның дамуы үшін қазіргі кезде эксперимент кеңінен қолданылып жүр, ол алынған қорытындылар мен ұсыныстардың ғылыми-практикалық маңыздылығының ақиқаттығын дәлелдейді.

Әдетте теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері өзара тығыз байланыста қолданылады. Бұл әдістердің барлығы да (мәселен, зерттеу гипотезасын анықтауда, жинақталған педагогикалық фактілерді қорытындылауда т.б.) зерттеудің барлық әдістері – анализ, синтез, индукция, дедукция, абстрактілеу, жинақтау, салыстыру сияқты логикалық операциялардың жәрдемімен жүргізіледі.

**1.3. Қазақ тілін оқыту методикасының мақсаттары мен міндеттері.** «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» қазақ тілін оқытудың ғылыми теориялық негіздерін, мақсаты мен міндеттерін, мазмұны мен формаларын, тілді меңгерудің амалдары мен ұстанымдарын, түпкі нәтижеге жетудің жолдарын, сабақ түрі мен онда қолданылатын әдіс-тәсілдерді, оқыту құралдарын зерттейтін ғылым<sup>4</sup>. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау барысында студенттерге білім беру мен тілді оқытудың мазмұны мен формаларын игерту, олардың кәсіби шеберлігін қалыптастыру іске асырылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі іргелі ғылым ретінде тілді

---

<sup>4</sup> Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы- Қарағанды, «Medet Group» ЖШС, 2019. – 234 бет.

оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін, білім мазмұнын, лингвистикалық ережелер мен тұжырымдарын қарастырады. Бұл оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың алғы шарты болып табылады.

Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану жылдам өзгеріп жатқан дүниеде лайықты өмір суру, жұмыс істеу болып табылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі жеке пән ретінде осы міндеттерді шешуге тырысады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі қолданбалы ғылым ретінде дәстүрлі екі мәселенің шешімін табуды көздейді:

***Нені үйрету керек?*** Бұл сұрақтың жауабын қазақ тіліне арналған білім стандарттары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдарын және оқу-әдістемелік құралдарды дайындау және оны үнемі жетілдіріп дамытып отыру, оны тиімділігін тексеру арқылы беруге болады.

***Қалай оқыту керек?*** Бұл сұрақтың жауабы білім берудің жаңа моделіне сәйкес қазақ тілін оқыту әдістері мен тәсілдері, жаттығу жүйесі, дидактикалық материалдар мен құралдарды, тапсырмаларды пайдалануға арналған кеңестер, сабақтарды қолданудың жолдарын ұсыну арқылы тиянақталады.

З.Бейсембаева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінің «келешек бір маманды белгілі бір мамандық бойынша теориялық және әдістемелік тұрғыдан дайындайтын оқу пәні болып табылатынын, оның мазмұны дәріс, семинар, өзіндік жұмыстар мен диплом, курс жұмыстары арқылы игерілетінін айтады»<sup>5</sup>.

«Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні – өзінің ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері бар жеке пән. В.В.Краевский: әдістеме – бұл жеке пән дидактикасына, жалпы дидактикаға «қосымша». Екінші жағынан әдістеменің өзінің белгілі бір пәнді оқыту мен оның құралдары арқылы тәрбиелеу сияқты зерттеу пәні бар, өз алдына бөлек пән болып табылады. Сондықтан әдістеме

---

<sup>5</sup> Бейсембаев З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002. -128 б.

дидактика мен объектісінің (оқыту қызметі) бір болуымен байланысты. Бұл объект бойынша әдістеме бір ғана пәнді қарастырса, дидактика барлық пәнге тән жалпы байланысты қарастырады», - дейді.

«Қазақ тілін оқыту методикасы» пәнінің **зерттеу нысаны** қазақ тілін оқытудың ғылыми-теориялық тұжырымдары мен әдіснамалық негіздерін, тіл білімі салаларын теориялық-практикалық тұрғыдан меңгерудің амалдарын, оқытудың басты ұстанымдарын, тілді дұрыс қолдану мен ұғымды әдіс-тәсілдерін қарастыратын және сапалы оқу үдерісін іске асыратын әдістемелер жүйесінен тұрады<sup>6</sup>.

Ал қазақ тілін оқыту методикасы пәнінің **мақсаты** – болашақ қазақ тілі мұғаліміне кәсіби дағды мен тәжірибе қалыптастыруға болатын теориялық білім беру, педагогикалық білік қалыптастыру, сабақ берудің тиімді әдіс-тәсілдерін меңгерту; тіл білімі салалары бойынша жинақталған білімді дұрыс сөйлеу мен сауатты жазу үшін қолдануға үйрету; студенттің кәсіби-әдістемелік шеберлігін дамыту.

«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінің **міндеттері:**

- студенттерді мектепте оқытылатын қазақ тілінің нысанымен және міндеттерімен таныстыру:

- мектептегі қазақ тілі курсының әдістемелік мәселелерін қарастыру;

- қазақ тіл білімі салаларын меңгерудің әдістемелік жолдарын игерту;

- студенттердің кәсіби біліктіліктерін қалыптастыру (күнтізбелік жоспар, сабақ жоспарын дайындау, сабақ түрлерімен таныстыру, оны қолданудың жолдарын үйрету т.б.).

- өздігінен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді игеру дағдыларын жетілдіру;

- қазақ тілін оқыту ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері туралы білім беру, түпкі нәтижеге бағдарланған білім беру моделі мен қалыптастырылатын күзіреттіліктер жайлы түсініктерін кеңейту;

---

<sup>6</sup> Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы- Қарағанды, «Medet Group» ЖШС, 2019. – 234 бет.

-қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша жеткен жетістіктер және тәжірибелерді оқыту үрдісінде қолданудың жолдарын меңгерту;

-қазақ тілін оқыту әдістемесі саласының қазіргі таңдағы жаңа бағыттары және өзекті мәселелерімен таныстыру;

-оқушылардың білім деңгейін бағалауға үйрету.

Осы міндеттерді шешу нәтижесінде «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні студентті кәсіби білікті маман ретінде даярлауды жүзеге асырады<sup>7</sup>.

Қазақ тілі оқыту мақсаттары үш топқа біріктіріледі.

**1. Білім беру мақсаттары:** оқушыларға ана тілі туралы ғылымның негіздерін беру; тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігін түсіндіру; оқушының ана тілінен жақсы білім алуына мүмкіндік туғызу; тілдің қатынас құралы екендігіне көздерін жеткізу; түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерін дамытып, онымен қаруландыру; оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастыру; өздігінен сөйлей, жаза білуге жол ашу.

**2. Тәрбиелік мақсаттар:** оқушылардың тілдік құбылысқа көзқарасын қалыптастыру; тілдің адам қоғамымен бірге жасасып, өмір сүретінін, қоғам үшін қажетті қарым-қатынас құралы болатындығын түсіндіру; тілдің жан-жақты дамуына жасалып отырған жағдай қазақ тіліне мемлекеттік дәреже беру актісімен дәлелденіп, оқушылардың сенімін арттыру, көздерін жеткізу; оқушылардың салт-дәстүр сезімдерін қалыптастыру, қазақ тілі сабақтарында еңбек тәрбиесін уағыздап, еңбек ардагерлері жайындағы мағлұматтар арқылы еңбекке баулу.

**3. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту:** ана тіліне деген қызығушылықты арттыру; оқушылардың байқағыштық, елес-болжамдық, ес, ойлау, сөйлеу қабілеттерінің дамуына жол ашу; оқушылардың тілдік проблеманы өздері шеше алатындай дәрежеде үйрету; тіл фактілеріне, құбылыстарына жан-жақты, жинақты түрде қарау қабілетін, өз бетімен тіл фактілерін талдау іскерлігін қалыптастыру.

---

<sup>7</sup> Мейірманқұлова Т. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2010. - 168 бет.

Оқушы мектепте тілді оқу нәтижесінде тілдің өзі туралы, оның грамматикалық құрылымы мен сөздік құрамы жөнінде, тілдің дамуы, жетілу заңдары мен тарихы жөнінде мағлұматардың белгілі бір жиынтығын білуге тиіс. Тілдің қоғам өміріндегі, адамның өндірістік ісіндегі рөлінен хабардар болу керек. Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрін әр түрлі жағдайда практика жүзінде пайдалана білуге, оның айтылу, лексикалық және грамматикалық нормаларын игеруге, сауатты жазуға дағдылануға, әсерлі сөйлеуге, мәнерлеп оқуға т.б. тиіс.

**1.4. Қазақ тілі пәнінің мазмұны.** Қазақ тілі пәнінің мазмұнына **білім, дағды, іскерлік** енеді. Бұлар оқулық пен бағдарламада айқын көрсетілген.

**1.Білім** – жалпы алғанда сыртқы дүниенің сәулесі, объективті шындықтың тілдік формадағы идеялық қайта көрінісі ретінде сипатталады. Білім **теориялық және эмпирикалық** болып екіге бөлінеді. **Теориялық білім** – заттар мен құбылыстардың мәнін білдіреді, олардың ерекшеліктерін, ішкі байланыстары мен қарым-қатынастарын айқындайды. Теориялық білім дегеніміз жинақталған ұғым. Ол теориялық заңдар, заңдылықтар, себеп-салдарлық байланыстар, ұғымдар түрінде беріледі. **Эмпирикалық білім** объектілер мен құбылыстардың сыртқы ерекшеліктерін білдіреді және бұған түсініктер мен фактілер жатады.

**Ұғымдар** – дүниенің ойлаудағы сәулелену формаларының бірі, ұғымдардың пайда болуы – абстракт ойлаудың нәтижесі. Ұғымның екі түрі болады: **жалпы ұғым және жекелік ұғым.**

**Жалпы ұғым** – жекелеген заттар не құбылыстар емес, біртектес заттар мен құбылыстардың тұтас бірлігі. Олар бір атаумен беріледі. Мысалы. Дыбыс, қосымша т.б.

**Жекелік ұғым** – нақты тілдік объектілер жөніндегі ұғымдар болады. Мысалы, дауысты дыбыс, жұрнақ, жалғау т.б.

Себеп-салдарлық байланыстар объектілердің, құбылыстардың, процестердің арасындағы себептік қатынастарды білдіреді. Бұл байланыстарды тереңірек ашу тілдік құбылыстың ғылыми дәрежесін айқындайды.

Заңдылықтар объектілердің, құбылыстардың, процестердің арасындағы неғұрлым негізгі, әрқашан қайталанып отыратын, біршама тұрақты байланыстар мен қатынастарды білдіреді.

Түсініктер – тілдік объектілердің сезім бейнелері. Бұл суреттердің жасалуына байланысты түсініктер ес және елес түсініктер болып бөлінеді.

Фактілер тіл пәнінде алуан түрлі: дыбыс, буын, сөз, сөз тіркесі, сөйлем.

2. **Дағды** әрекеттің автоматты орындалуы болып есептеледі.

3. **Іскерлік** – әрекет тәсілі болып есептеледі. Ол арқылы оқушы алған біліміне сүйенеді, оны үй тапсырсаларын орындауда қолданады, жаңа білім алады. Іскерлікті пайдалану әр уақыт ойлануды қажет етеді, онда автоматтық болмайды. Іскерлікті пайдалана отырып оқушылар әр түрлі ойлау әрекетін іске асырады – анализ, синтез, жинақтау, абстрактілеу, салыстыру – бұлардың бәрі оқушылардың ойлауын дамытады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – жеке ғылым. Себебі ....
2. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу объектісі –
3. Қазақ тілін оқыту методикасының ғылыми-зерттеу әдістері.
4. Қазақ тілін оқыту мақсаттарын атаңыз.
5. Қазақ тілі пәнінің міндеті.
6. Қазақ тілін оқыту методикасының міндеті.
7. Қазақ тілі пәнінің мазмұны.
8. Білім нешеге бөлінеді?
9. Дағды дегеніміз не?
10. Іскерлік дегеніміз не?

## **2-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІ**

**2.1. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің принциптері.** Қазақ тілін оқыту методикасы мен методикалық принциптері педагогика ғылымының оқу-тәрбие беру жөніндегі барлық теорияларына, оның дидактика бөліміне негізделеді. Өйткені дидактика — барлық ғылымды оқыту жөніндегі әдістер жайлы

теорияның жиынтығы немесе педагогикалық ғылымның оқыту жөніндегі саласы. Сондықтан дидактикалық принциптер әр пәнді оқыту методикасының, ішінде ана тілін оқыту методикасының теориялық негізі болып есептелінеді, тіл сабағында теориялық және практикалық білім беруде бұл принциптер басшылыққа алынады.

XVIII ғасырда өмір сүрген әйгілі чех педагогі Ян Амос Коменский дидактика саласында еңбек етіп, кейінгі ұрпаққа өшпес із қалдырды. Педагогтің «Ұлы дидактика» еңбегінен кейінгі ұрпаққа өнеге болатындай сөздер орын алды. Кейбір педагогтар баланың сезім қабілетін ескермей, оның ақылын дамытуды ғана көздеген. Оқыту мен тәрбиелеудің бұл тәсіліне Я.А.Коменский қарсы болды. Ол әр түрлі сыртқы әсерлерді адамның қабылдауы сезімнен басталатындығын өз еңбегінде айтқан. Оқу- тәрбие жұмысының негізгі әдісі – баяндау мен сөзге құрылған бақылау емес, дидактика заңдарын терең қолданып, жаттықтыру, яғни білімді іскерлік негізінде меңгеріп, оны дағдыға айналдыру. Осы тұрғыда Я.А.Коменскийдің мектепті жаттығу орнына балауының маңызы зор. Ол: «Білімнің негізі зат пен құбылыстың өз табиғатынан алынсын. Ұстаз аз сөйлеп, шәкірт көп үйренетін болсын. Тәртібі жоқ мектеп сусыз диірменге ұқсайды. Білімнің негізінде әдемі зат, көркем текст содан соң талдау, аяғында қорыту тұрады» – деген дидактикалық қағидалары осы күнге дейін өзінің құнын жойған жоқ.

Я.А.Коменскийдің идеясын одан әрі жалғастырған орыс педагогі К.Д.Ушинский ана тілін мектепте оқылатын пәндердің негізгісіне теңеп: «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыстану ғылымдарын және математиканы үйренген кезде теореманы немесе математикалық есепті өз сөзімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты, өзекті пән екені енді түсінікті емес пе?»- деген болатын. К.Д.Ушинский оқу материалын меңгеруде әңгіме, салыстыру, пысықтау, бекіту сияқты әдістерді тиімді қолданудың жолдарын көрсетеді.

Дидактика – педагогика ғылымының білім беру және оны оқыту теориясын қарастыратын саласы. Ол білімнің мазмұнын, ғылыми негізін, оқыту әдістерін зерттейді. Нені оқыту керек, қалай оқыту қажет деген сұрақтарды шешіп отырады. Осы мәселелер жөнінде өзінің ұстанымдарын белгілейді.

Қазақ тілін оқыту жөніндегі әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде дидактикалық ұстанымдардың бірнеше түрлері қамтылған. Б.Құлмағанбетова дидактикалық ұстанымдардың сегіз түрін, атап айтқанда, оқытудың ғылыми ұстанымын, жүйелілік ұстанымын, материалды дұрыс орналастыру ұстанымын, алдын-ала болжау ұстанымын, саналылық ұстанымын, оқытудың берік, тиянақты болу ұстанымын; теория мен практиканы өмірмен байланыстыру ұстанымын, оқытудың көрнекілік ұстанымын ұсынады.

С.Қазыбаев балаларды тәрбиелеу әрі дамыту, оқу материалын саналы меңгерту, ғылыми дұрыс білім беру, білім, білік, дағды беріктігі, түсініктілік, көрнекілік, оқушылардың оқу еңбегінде көрсеткен белсенділігі мен өздік жұмысы, білімнің жүйелілік және бірізділігі, оқытудың сабақтастығы ұстанымдарын – барлығы тоғыз ұстанымның қажеттігін айтады.

Әдіскердің ұсынған сабақтастылық ұстанымы Б.Құлмағанбетова ұсынған алдын-ала болжау ұстанымына ұқсас. Дегенмен, айырмашылығы да бар. Бұл екі ұстаным да алдыңғы сабақта өтілген материалдың толықтырылатынын ескертеді. Бірақ, алдын-ала болжау – алдыңғы сабақта оқытылатын материалды меңгертудің тиімділігін алдын-ала болжап, бастауыш сыныптарда өтілген тақырыптар жоғары сыныптарда толықтырылып өтілетініне сүйенеді. Ал сабақтастық ұстанымында әр күн, әр тақырып, әр бөлім бір-бірімен сатылай байланысады.

Ә.Исабаев ұстанымдарды ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру, түсінуге жеңіл қолайлылық, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымдары деп топтастырады. Әдіскер ұсынған оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымы басқа әдіскерлердің еңбектерінде кездеспейді.

А.Әбілқаев оқытудың тоғыз ұстанымын ұсынады. Әдіскер ұсынған жаңа ұстаным – перспективті ұстанымы. Перспективті ұстанымы оқыту тек әрбір сабақтың ғана мақсатын көздемей, сол сабақта не оқытылады, қазіргі оқытылып жатқан материалды оқушылар ұққанда, оның келешекте өтілетін материалды меңгеруге қандай көмегі бар дегенді негізге алады.

Қазақ тілін оқытудың барысында мұғалім оқытудың формалары мазмұнын, міндеттерін шешуде, әдістемені анықтауда дидактикалық принципті басшылыққа алады. Принцип – латын сөзі основа первоначально-руководящая идея... қазақшасы – оқытуда басшылыққа алатын идея, қағида. Қазақ тілін оқытудың барлық сатысында бағыт беретін негізгі жұмыс бағыты осы. Дидактикалық принципті алғашқы зерттегендер: чехтың ұлы педагогі Я.А.Коменскийден басталса, орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский, қазақ халқында Ы.Алтынсарин құнды пікір айтты.

Қазақ балаларын оқытуда Ы.Алтынсарин мұғалімдерге өте жоғары талап қоя білген: «...әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру, өз оқулығында «Қырғыз хрестоматиясы» тақырыптарға сәйкес суреттеу, сурет арқылы беру сияқты, көркем жазуды, әріптердің формасын дұрыс түсінуге, дағдыландыруды үйрету ...шәкірттердің барлық сезім мүшелерінің – көз, қол, есту қабілетін, тілді, зейінді дағдыландыру, баланың барлық қабілеттерін жаттықтыру арқылы және оған өз бетімен жұмыс істеу керек», – дейді. Ы.Алтынсарин оқыту принциптеріне: түсініктілік принципі, көрнекілік принципі, жаттығу принципі, өз бетінше оқыту, саналылық принципін ұсынған.

*Демек, қазақ тілін оқыту методикасы да жалпы дидактикалық принциптерге сүйенеді. Олар мыналар: 1. Ғылыми принцип. 2. Жүйелі принцип. 3. Көрнекілік принцип. 4. Теорияны практикамен байланыстыру принципі. 5. Саналылық принципі мен белсенділік принципі. 6. Түсінуге оңай қолайлылық принципі.*

Қазақ тілінің негізгі салаларын оқыту да ғылыми фактілерге, дәлелдеулерге, ұғымдарға, екінші сөзбен айтқанда, ғылыми принципке негізделеді. Профессор Ә.Исабаев:

«Оқушыларға берілетін тілдік мәліметтер төмендегі өлшемге сәйкес болуы қажет: Меңгерілетін объектінің термині анық болуы қажет, мәселен төртінші және бесінші сынып оқушыларына берілетін және онымен таныстырылатын терминнің аясын аса ғылыми дәрежеде кеңейтіп беруге болмайды: айталық дауысты дыбыстарды – вокализм деп, дауыссыз дыбыстарды – консонантизм деп түсіндіруге келмейді. Сондай-ақ қосынды дауыстыларды – дифтонгоид деп түсіндіруге болмайды. Сондықтан да қазақ тілінен нақтылы білім беруде, сол сынып деңгейіне ғана сиятын терминдерді ғана пайдалануға болады», - дейді. Сонымен қатар меңгерілетін тақырыптарды өзіндік белгілерінің, анықтамалар мен ережелерінің, берілетін практикалық дағдылардың дәл, анық болуы мектеп оқушыларының тілдік материалды жан-жақты түсінуіне септігін тигізеді. Сөйтіп, қазақ тілін оқыту барысында оқытушы берілетін білімнің (тақырыптың) ғылыми жағына, оның зерттелуі, тарихи даму ерекшелігі, ғылыми фактілер, анықтамалар, терминдерді оқушылардың жас ерекшелігіне қарай түсінікті айту арқылы жүргізеді.

**2.2. Жүйелілік ұстанымы.** Қазақ тілін оқытуда оқытушының бірінші басшылыққа алатыны – әр сыныптың жас ерекшелігіне байланысты білім көлемінің бір жүйеде берілуі. Бағдарламада берілген материалдың орналасу жүйесі бастауыш сыныпта, орта және жоғарғы сыныпта көрсетілген. Берілген материалдар сабақтаса отырып, толықтырылып, кеңейтіліп, сатыдан сатыға өткен сайын тереңдеп ғылыми жағынан байып отырады. Мысалы: 6-сыныпта «Зат есім» тақырыбы бойынша алдымен анықтамасы, сұрақтары, мағыналары, түрлері оқытылса 7-сыныпта «Зат есімнің түрленуі» тақырыбымен толықтырылады. Яғни, зат есімнің көптелуі, тәуелденуі, септелуі, жіктелуімен сабақтастырылады. Бағдарламада көрсетілген тәртіптелген өзара байланысты білім жүйесі ғана жас ұрпаққа іс жүзінде пайда келтіріп, әрі қарай білімді терең игеру жүйесіне түседі. К.Д.Ушинский: «Тек жүйе ғана бізге өзіміздің білімімізді бақылауымызға толық билік береді. Үздік-үздік өзара байланыссыз білімге толы бас, ішінде барлық заттары шашылып жатқан, онан қожасының өзі де ештеңе таба

алмайтын қоймаға ұқсайды, ішінде білімсіз жүйесі ғана бар бас, барлық жәшіктерінде жазуы бар, ал жәшіктері қаңырап бос жатқан дүниеге ұқсас». К.Д.Ушинский жүйелілік қана өз білімімізді толық меңгеруімізге мүмкіндік береді деп санаған. Бірімен-бірі байланыспаған әр түрлі мәліметтердің үзінділері түріндегі білімнен адам өзіне керегін тез таба да, пайдалана алмайды деген болатын. Сондықтан оқушыға оқытылуға тиісті тілдік мәліметтер әбден ойластырылған, тілдің табиғатына сай, олардың бір-бірімен байланыстылығының негізінде берілуі керек.

Жүйелілік принципі жаңа материалды түсіндіруде, білім мен дағдыларды бекітуде, біріккен сабақ құрылымында, білім мен дағдыларды тексеруде, пысықтау мен қайталауда, үй тапсырмасын беруде және оны тексеріп, еске түсіруде іске асырылады.

**2.3. Көрнекілік ұстанымы.** Көрнекілік принципі пәнді оқыту ісінде өте маңызды орын алады, тілді оқытуда ерекше қызмет атқарады. К.Д.Ушинский таныс емес бес сөзді қаншама қайталап қиналатын оқушы сурет арқылы көрсетілген жиырма сөзді лезде үйреніп алады деп бекер айтпаған. Он рет айтқаннан бір рет нақтылы көрсеткеннің пайдалы екеніне ешкім де таласпайды. Сондықтан мұғалім қазақ тілі сабағында көрнекілікті өте ұтымды қолдануы қажет.

Көрнекілік принципі оқушылардың қазақ тілінен берілген білімді көрнекілік арқылы оқытуға бағыт береді. Ең алғаш оқытудағы көрнекілік туралы айтып, құнды пікір қалдырған Я.А.Коменский болатын. Оның көрнекілік туралы айтқан «Алтын ережесінде»: «...бала сезімі қабылдай алатын нәрселердің барлығын сезім әсерлерін туғыза білдірген жөн: көруге болатынды көзге көрсет, естуге болатын нәрсені құлақ қойып тыңдасын, иісін иіскеп білсін, дәмін татып көрсін, қолына ұстап нәрсенің қатты, жұмсақтығын, т.б. байқасын...» - деген болатын /Я.А.Коменский. «Ұлы дидактика»/. Оқушы қазақ тілінен берілген білімді /схема, таблица, плакат, сурет т.б./ көріп қана қоймайды, арнаулы сұрақтарға жауап іздеп, ең маңызды қасиеттерін білуге ұмтылады. Көрнекіліктің түрлері көп. Әр тақырыптың ыңғайына қарай көрнекілікті таңдауға

болады. Көрнекіліктің түрлерін педагогиканың дидактика тарауында көрсеткен.

*Жаратылыс көрнекілігі.* кептірілген өсімдіктер, хайуандар мен құстардың тұлыбы, минералдар және т.б. жатады. Оқушыларды табиғатқа экскурсияға апару арқылы шағын әңгіме, мазмұндама, шығарма жаздыру;

*Заттар және бейнелеу көрнекілігі:* муляж, геометриялық фигура, макет, портреттер, архитектура, кескіндеме және мүсін үлгілері, жер бетінің бедері т.б.

*Символикалық көрнекілікке* карталар, картограммалар, схемалар, диаграммалар, кестелер жатады. Мысалы кестенің бірнеше түрлері бар. Олар: хронологиялық, синхрондық, тақырыптық, графикалық кестелер.

*Экранды – динамикалық көрнекілік* шындық дүниені бейнелейді. Олар: диапозитивтер, диафильмдер, эпипроекциялар, оқу киносы, оқу теледидары.

Көрнекі құралдар оқу материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді есте жақсы сақтау және жеңіл түсіну үшін қолданылады.

**2.4. Саналылық пен белсенділік ұстанымы.** Мектеп оқушыларына қазақ тілінен білім беру барысында олардың саналы түсіну қабілеті дамытылып отырылады. Тілдік фактілерге байланысты мәліметтерді оқушылар жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгеруі керек. Саналы түрде меңгеру үшін мынадай жұмыс түрлері іске асырылады: 1) Тілде берілетін мәліметтерді жеке түсіндіріп, ол мәліметтерді өз түсінігі бойынша айтқызып отыру. Түсіндіру кезінде объектілердің өзіндік белгілері толық қамтылуы қажет; 2) Түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылар тапсырманы еркін орындау керек; 3) Күнделікті, тоқсандық және жылдық қайталаулар кезінде өткен материалдарға байланысты сұрақтарға толық жауап болуы тиіс; 4) Орфография мен орфоэпияға байланысты дағдыларды шартына қарай орындай білуі керек; 5) Күнделікті өмір қажетіне қарай практикалық дағдыларды саналы түрде меңгеруі керек.

Білімді саналы меңгерту – мұғалімнің білімдарлығы, түсінігінің айқын дәлдігі, жеткілікті түсіндіруінен көрінеді.

Білімді саналы меңгерген оқушы өз белсенділігін оқудың бүкіл барысында көрсете алады. Саналы көзқарас білімді саналы меңгерумен бірге, оқушының іскерлік пен дағдыны саналы меңгеруге қалыптастырады. Бұл принцип - қағида, қазақ тілінен беріліп отырған білімді шеберлікпен айқын да, анық түсіндіргенде, таным процесінің аяқталу барысында /жаңа білімді түсіндіргеннен кейін/ белсенділік танытады. Белсенді оқушы алған білімін жаттығу кезінде де көрсете алады. Белсенділіктің көрінбеуі жайында академик Ю.К.Бабанский: «Сабақ үстінде белсенділіктің көрінбеуі – оқытушы білімді саналы игермегенін, «формализм» ең алдымен, айқын ситуацияға сәйкес методикалық әдіс-тәсілді таңдай білмеуінен көрінеді», – дей келіп, екіншіден, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасының нашарлығынан – деп, олардың сабаққа деген ықыласын, ынта-жігерін жоятынын айтады. Қазақ тілі сабағында білімнің төмен берілуі, оқушының психологиясымен санаса алмаған, педагогикадан да хабары шамалы, методиканы жете білмеуден болады.

Ғалымдардың пікірінде, мұндайды – «оқытудағы формализм» дейді. Білімді саналы да, сапалы игерген оқушылар – сабақта үнемі белсенділік көрсетіп отырады.

**2.5. Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы.** Мектепте қазақ тілінен алынған теориялық білімді күнделікті өмір қажетіне қолдана білу теорияны практикамен байланыстыру принципі болып табылады. Оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдылар беріледі. Осы алған білімдерін кеңейте отырып, оны күнделік өмір қажетіне жаратады. Оқушыларға диалогтық сөйлемді меңгертумен бірге монологтық сөйлеу де үйретіледі. Оқушылар ауызша мазмұндаудың бірнеше түрлерін де меңгереді. Сонымен бірге ауызша және жазбаша тілін дамытуға, жылдам әрі саналы мәнерлеп оқуға, әртүрлі баяндамалар жасауға және іс қағаздарының алуан түрлерін жазуға дағдыландырылады. Қазақ тілінен берілетін теориялық білім мына сияқты практикалық мақсаттарды жүзеге асырады: 1) тілден алған теориялық білімін ауызша және жазбаша мақсатта қолдана білу; 2) түрлі талдаулар жасай білу; 3) орфография мен

орфоэпиядан алған білімді ауызша және жазбаша түрде сауатты іске асыру.

**2.6. Түсінуге жеңіл қолайлылық ұстанымы.** Дидактиканың түсінуге жеңіл қолайлылық принципінің де маңызы зор. Бұл сабақтың алғашқы күнінен бастап үнемі сақталуға тиісті. Мысалы, алғашқы үйретілетін сөзді тандауда бір буынды сөзді үйрету мен көп буынды сөзді үйретуді салыстырып, оқушы оның қайсысын тез үйренеді деген сұраққа тәжірибелі мұғалімдер бір буынды сөзді оқушы тез үйренеді деп жауап береді. Бұл алғашқы сабақтарда қолданылса, сол қалыпта қалуы мүмкін емес. Себебі барған сайын оны күрделендіру принципін ұстану керек.

Бұл – бір сыныптағы әр сабақта, әр сыныпқа көшкен сайын тілдік материалды оқыту процесінде қолданылатын принцип.

Бұл принцип оқушылардың жас ерекшеліктерін, білім дәрежесі мен сынып түрлерін ескере отырып, мұғалімнің түсіндіруі, оқулық тілі және оның баяндау желісі сияқты үш түрлі ерекшеліктерді басшылыққа алады. Қазақ тілінен берілетін теориялық білімнің анықтамалары мен ережелері, терминдері мен өзіндік белгілері, жасалу жолдары мектеп оқушыларының қабылдау, ойлау сияқты психикалық қасиеттеріне лайықты түсіндіріледі. Түсінуге жеңіл қолайлылық принципін іске асыруда мұғалім мынадай әдістемелік жүйені пайдаланады: Алдымен қазақ тілінен тақырыптарды дәл таңдап алып, оны жеңіл мысалдармен түсіндіреді; тілдік тақырыптардың өзіндік белгілерін анықтайтын мысалдар көрсетіп, оларды талдайды; тақырыптың өзіндік ерекшеліктерін оқушыларға айтқызып, ауызша мысалдар келтіртеді; бұл мысалдарына талдау жасатады; талдау үстінде тақырыптың өзіндік белгілерін саралап айтқызып, қорытынды пікір шығаруға төселдіреді.

**2.7. Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру ұстанымы.** Әр сыныптың өз білім деңгейі болатыны белгілі. Сонымен қатар оқушының өзіндік жас ерекшелігі мен психикалық ерекшелігі бар. Сондықтан да қазақ тілін оқытуда осы ерекшеліктер ескеріліп, тілдік материал соған лайықталып беріледі. Оқушының психикалық ерекшелігі мен білім

деңгейінен оның білімді қабылдау мүмкіндігі туады. Ал ол оқу материалының оқушының қабылдау мүмкіндігіне сәйкес болуын талап етеді. Қазақ тілін оқытуда осы принцип сақталса, ол оқушының тақырыпты меңгеруіне қолайлы жағдай болып табылады.

Тілді оқытуда бұл қағида сақталмағанда, түрлі қолайсыз жағдайлар болуы мүмкін. Мысалы, оқушының әлі келетін немесе әлі келмейтінін есепке алмай, бірден қиын материалды көп етіп беру арқылы оқушыда тақырыпты меңгеру қолымнан келмейді деген пікір туғызуға да болады. Ол оқыту ісінің нәтижесіздігін туғызады. Сондықтан оқушының психикалық ерекшеліктерімен санасып отыру мұғалімге ерекше міндет жүктейді.

Сонымен оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдылар беруде олардың психикалық қасиеттері, оқуға бейімділігі, икемділігі мен дайындық дәрежесі ескеріледі. Күнделікті сабақ үстінде оқушылардың осындай ерекшеліктеріне орай жұмыс істеу тәртібі белгіленеді. Оқушыларға өткен материал мен жаңа материалдың байланысын таптырып, тақырыптың өзіндік белгілерін қаншалықты меңгергендіктерін мұғалім бақылап отырады. Нашар және орта меңгерген оқушылармен сабақ үстінде түрлі жұмыстар жүргізіледі. Алдымен үйге берілген тапсырмаларды бақылап, тексереді. Содан кейін жаттығудың шартын дұрыс және бұрыс орындағандарына назар аударады. Өткенді еске түсіру мақсатында талдау жұмыстарын жүргізеді. Өтілген тақырып әбден меңгеріліп болған соң, жана материал түсіндіру, көрсету арқылы әңгімеленеді. Оқушылардың өздеріне материалдар оқытылады. Бұдан кейін өтіліп отырған материал жеке-жеке сұрақтар бойынша еске түсіріледі. Тақырыпты оқушылардың өздеріне айтқызып, қорытындылайды. Материалға лайықты жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Осы сияқты жұмыстар жүйесі негізінде әрбір оқушының оқуға деген бейімділігі мен икемділігі арта түседі.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қазақ оқытумен байланысты қандай дидактикалық принциптерді пайдалануға болады?

2. Мұғалім қазақ тілінен терең білім мен берік дағды беруді қандай тәсілдер арқылы іске асырады?

3. Қазақ тілі методикасындағы саналылық және белсенділік принциптерін суреттеп айтыңыз.

4. Тәрбиелей оқыту принципіне мысал келтіріңіз.

5. Бағдарлама мен оқулықтарда ғылыми принцип қалай жүзеге асырылған?

6. Ғылыми принцип нелерді қарастырады?

7. Жүйелі принцип қандай мәселелерді ойластырады?

8. Қандай көрнекі құралдардың түрлерін білесіңдер?

9. Теорияны практикамен қалай байланыстыруға болады?

10. Қолайлылық дегенді қалай түсінесін?

### **3-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ**

#### **3.1. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері.**

Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері теориялық методиканы жасауда өнімді қолданылады. Зерттеу әдістері мен білім беру әдістерінің объектілері әр түрлі. Білім беру әдістері мектепте қазақ тілінен теориялық білім және практикалық дағды қалыптастыруда іске асырылады. Ал зерттеу әдістері ғылыми методикалық еңбектер жазуда және практикалық методиканы жасауда қолданылады. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері үш бөлімнен тұрады. 1. Анықтама бөлімі. 2. Талдама бөлімі. 3. Жинақтама бөлімі.

**Анықтау әдісі.** Анықтау әдісі қазақ тілінен білім беру ісінің мектептегі дәрежесі мен оқушылардың осы күнге дейін алып келген білімі мен дағдысын белгілеу үшін іске асырылады. Қазақ тілінен білім беру ісінің мектептегі дәрежесін анықтау ниетімен зерттеуші ұзақ жылдар бойы белгілі бір аудандарда, қалаларда, облыстарда бірнеше мектептерде болып, сан алуан сабақтарға қатысып, оларға жеке-жеке талдаулар жасайды. Қатысқан сабақ түрлерін жинақтай отырып, зерттеу объектісіне тән түрлеріне ғана тоқталады. Қазақ тілінен білім беру ісінің мектептегі дәрежесіне, ондағы мұғалімдер сабақтарына талдау жасап, табыстары мен кемшіліктерін саралап көрсетеді, одан методикалық қорытындылар шығарады.

Сондай-ақ қазақ тілінен осы күнге дейін алып келген білімі мен дағдысын анықтау үшін тексеру жұмыстары жүргізіледі. Бағдарлама мен оқулық бойынша алып келген оқушылардың білім дәрежесі – теориялық білім мен практикалық дағды берудің методикасын жасауда үлкен тіректің бірі. Сондықтан да оқушылардың қазақ тілінен алып келген білім мен дағдысының тереңдігін, деңгейін нақтылы зерттей отырып, белгілі ой қорытындысын жасауға болады. Онда тексеру жұмыстарының түрлері: диктант, сынып, үй тапсырмалары, мазмұндама, шығарма, анкета сұрақтарына жауап, талдау жұмыстары жүргізіледі.

**Оқыту әдісі.** Оқыту әдісі қазақ тіліне байланысты қойылған болжамдардың (гипотезалардың) толық игерілуін қамтамасыз ету бағытында өткізіледі. Оқыту әдісі зертханалық жолмен жүргізіледі де, ол екі түрде алып барылады: сыныптың тәжірибе экспериментатор мен мұғалімнің басшылығында белгілі бір сыныптарда (бірнеше сыныптарда) сыннан өту үшін жүргізіледі. Бұл тәжірибе методикалық нұсқау – болжам материалдарының алғашқы қорытындыларын шығару тұсында іске асырылады. Ал енді кең таратылған тәжірибе қазақ тілі материалдарын бірнеше мектептердің бірнеше сыныптарында байқап көру үшін алып барылады.

Оқыту тәжірибесі мынадай жұмыс жүйесі бойынша ұйымдастырылады: 1. Алдымен тәжірибеге қойылған материалдардың нұсқау болжамы жасалады. 2. Сонан соң мектептердің сыныптары таңдалады. 3. Тәжірибеге қойылған оқу материалдарының көлемі сараланады. 4. Оқу материалдарының оқытылу жүйесі анықталады. 5. Тәжірибе сыныптары үшін материалды оқытудың тек бір ғана тәсілі өзгертіледі. 6. Бақылау сыныптары үшін бұл тәсіл іске асырылмайды. 7. Тәжірибе жұмыстарының нәтижелері бақылау жұмыстары бойынша есепке алынады. 8. Әр жылғы тәжірибе жұмыстарының қорытындылары салыстырылып, тәжірибеге қойылған материалдарды оқытудың әдістері мен қалыптары қарастырылады. 9. Әр басқыш тәжірибе жұмыстарының нәтижелері ғана белгілі бір теориялық методика кешенін жасауға себепші болады.

**Бақылау әдісі.** Бақылау әдісі тәжірибе материалдарының нәтижелерін жинақтан қорыту мақсатында іске асырлады. Арнайы жүргізілетін методикалық тәжірибелердің материалдарын салыстыру, индукциялық және дедукциялық ой қорытындылары арқылы есепке алынады. Сонымен бірге тәжірибе материалдарын оқытуда тілдік тақырыптардың өзіндік белгілері, жасалу жолдары, жазылуы мен айтылуы, анықтамалары мен ережелері, практикалық дағдылардың түрлері жалпыдан жалқыға қарай ой қорытындысын топшылау жолдары бойынша жинақталады. Методикалық тәжірибе соңынан оқушыларға берілген білім дағды қаншалықты игерілгендігін есепке алу мақсатында тексеру жұмыстары алып барылады: 1) оқушылар білімі ауызша сұрақтарға жауап беруі бойынша тексеріледі; 2) оқушылар білімі жазба түріндегі сұрақтар арқылы тексеріледі; 3) тақтадағы сұрақтарға жауап беру арқылы тексеріледі; 4) шағын мазмұндамалар жазу арқылы тексеріледі; 5) диктант жазу арқылы тексеріледі; 6) шағын шығармалар жаздыру арқылы тексеріледі, 7) тілдік талдаулар арқылы тексеріледі; 8) оқушылар білімі билеттегі сұрақтарға жауап беру арқылы тексеріледі; 9) турлі анкеталар арқылы тексеріледі; 10) тесттер арқылы тексеріледі. Сайып келгенде, анықтау, оқыту тәжірибелеріне қойылған мәселелері тиянақты түрде бақылау әдісін жүргізу арқылы жинақталады.

**Методикалық мұраларды үйрену әдісі.** Қазақ тілін оқыту методикасы тарихында методист ғалымдар Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, С.Жиенбаев, Ш.Сарыбаев. Қ.Жұбанов, Д.Әлімжанов, Қ.Жолымбетов, Х.Арғынов, Ә.Исабаевтардың методикалық көзқарастары, ұсыныстары мен пікірлері сабақ беруде және методикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде ескеріліп, түйінді болжамдар жасауда ескеріледі. Теориялық методика қағидаларына арналған Х.Арғыновтың «Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері» (Алматы, 1969), Ә.Исабаевтың «Қазақ тілі дыбыс жүйесі методикасының негіздері» (Алматы, 1973), «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» (Алматы, 1993). Қ.Жолымбетовтың «Қазақ орфографиясын игерудің негіздері» (Алматы, 1975). А.Жапбаровтың «Қазақ тілі стилистикасын

оқыту методикасының негіздері» (Алматы, 1990) атты еңбектері ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде басшылыққа алатын негіз бола алады.

**Методикалық тәжірибелерді талдау әдісі.** Қазақ тілін оқыту методикасынан зерттеу жұмыстарын жүргізуде мұғалімдер тәжірибелерін үңіле қарастырудың пайдасы мол. Бұлардың тәжірибелерін жинақтап, практикалық іс-тәжірибелерін теорияға айналдыру зерттеу жұмыстарының басты бағыты болуы қажет. Мұғалімдер мен методистердің тәжірибелері екі жақты жарияланып отырады. Біріншісі, газет пен методикалық журналдарда басылып отырады. Зерттеу жұмысын жүргізуде осыларды ескеруге тура келеді. Екіншіден, методикалық әдіс бірлестіктерде талданады, мұғалімдер тәжірибелері әрбір мектептің әдіс бірлестігінде қаралады. Оның нәтижелі жақтары сабақ беруде ескеріледі. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеушілері мұғалімдердің тиімді де құнды тәжірибелерін талдап, мектеп қауымына насихаттайды.

**Анкета жүргізу әдісі.** Осы әдісті жүргізгенде анкета бойынша сұрап-білу жүйесі қолданылады. Анкета әдісімен бүкіл сынып немесе бірнеше сынып оқушыларының білім деңгейін тексеруге болады. Ғылыми зерттеу жұмысында анкета әдісі арқылы методикада ұсынылып отырған болжамның тиімді деген жақтарының жетістік және олқылық сапасын анықтауға болады.

**Интервью алу әдісі.** Тәжірибе жүргізуші немесе мұғалім қойылған тәжірибенің тиімді жақтарына ауызша толық жауап береді. Өндірістегі берген пайдасын жақсы фактілермен дәлелдейді.

Тақырыпқа сай дағдыларды меңгертуде, өзіндік ерекшеліктері, олардан шыққан қорытынды пікірлер, үнемі жинақталып отырады. Дағды жұмыстарын орындау үстінде нақтыланып отырады. Дағды жұмыстарын орындау үстінде оқушылар белсенді түрде қазақ тілі фактілеріне бақылау жасайды, оның өзіндік белгілерін салыстырып талдайды және оны бақылау нәтижесінде белгілі ой қорытындысын шығарады. Қазақ тілінен берілетін білімді жүйелі меңгертуде және оларды оқушылар ойында тұрақты қалдыруда дағдыландыру

процесінің мәні күшті. Сондықтан да жаттығу жұмыстары арқылы оқушылардың мына сияқты дағдылары артады: 1) оқушылардың алған білімі еске түсіріледі; 2) теориядан алған білім бекітіледі; 3) көру қабілеті нығаяды; 4) есту қабілеті өседі; 5) қабылдау мүмкіндіктері молаяды; 6) баяндау қабілеті артады; 7) сенімділік қабілеті күшейеді; 8) байқау қабілеті дамиды.

### **3.2. Қазақ тілінен білім берудің интерпретациясы.**

Жалпы методиканың үлесіне тиетін ұғымдары көп. Оларды зерттеу объектісіне қарай ажыратудың теориялық та, практикалық та мәні үлкен. Әрбір ғылым жаңалықтарын талдап түсіндірудің өзіндік ерекшеліктері мол. Методикада интерпретация ұғымын соңғы кездерде ғана жаңаша қолдана бастады. Интерпретация – латынның *interpretatio* – талқы деген сөзінен алынған термин. Методикалық ұғымдарды жаңаша түсіндіре отырып талдау дегенді білдіреді. Тілдік объектілердің мазмұнын, аумағын, көлемін, жүйесін, топтарын, түрлерін және олардың құрылымы мен құрылысын жаңаша өзіндік пікірлермен түсіндіріп дәлелдейді. Жалпы білім беретін мектептерде фонетиканы, лексикологияны, морфологияны, орфографияны, синтаксисті, орфоэпияны, пунктуацияны, тіл ұстартуды, стилистиканы, тіл мәдениетін оқыту жұмысын жүргізудің жаңаша талқыламасы қарастырылады.

Методикадағы интерпретация ұғымы мазмұн, аумақ, көлем және жүйе түсініктерін қамтиды. Қазақ тілінен білім берудің мазмұны деп 5-11-сыныптарға арналған лексикалық, фонетикалық, грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік), орфографиялық (емлелік), пунктуациялық (тыныс белгісі), стилистикалық, тіл ұстарту, тіл мәдениеті, тілдік материалдардың толық қамтылуын айтады. **Мазмұн** – тілдік салалардың қатысуын сараласа, **аумақ** – тілдік тараулардың ірі-ірі мәселелерін сұрыптайды: қазақ тілінің мәні, қызметі, әдеби тіл мен мәтін, әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрлері, әдеби тілдің нормалары, сөздің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналық, сөздің мағыналық топтары, фразеологизмдер, тілдің сөздік құрамы, көнерген сөздер мен жаңа сөздер,

сөздердің қолданылу ережесіне байланысты түрлері сұрыпталады.

**Қазақ тілі фонетикасынан:** тіл дыбыстары, қазақ әліпбиі, дауысты дыбыстар, үндестік заңы, буын үндестігі, дыбыс үндестігі, ілгерінді ықпал мен кейінді ықпал, орфография мен орфоэпия, буын, екпін, сөйлеу тіліндегі интонация, пауза, логикалық, грамматикалық екпіндер сұрыпталады.

**Сөзжасамдық ірі тақырыптардан:** сөздердің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалуы, негізгі сөздердің түбір және туынды сөздер болып бөлінетіндері, жұрнақтар, бірігу, қосарлану, тіркесу тәсілдері арқылы жасалуы, морфология, зат есім түрлері, түрленуі, сын есім, сан есім, есімдік, етістік түрлері, түрленуі, үстеу, еліктеу, одағай, көмекші сөздер түрлері, емлесі таңдалады.

**Синтаксистің ірі тақырыптарынан:** сөз тіркесі және оның өзіндік белгілері, сөз тіркесінің байланысу түрлері мен тәсілдері, сөйлем және оның белгілері, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері, сөйлемнің құрамы, сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, сөйлемнің құрылымына қарай түрлері, жай сөйлемнің түрлері, құрмалас сөйлем, салалас, сабақтас, аралас құрмалас сөйлем және олардың тыныс белгілері, бөгде сөз түрлері, тыныс белгілері танытылады.

**Тіл мәдениетінен:** ауызша сөйлеу мәдениеті, жазбаша тіл мәдениеті, жұрт алдында сөйлеу мәдениеті, сөзді дұрыс сөйлеу мәдениеті, сөз әдебі оқытылады.

**Стилистика және пунктуациядан:** қазақ әдеби тілінің стильдері, сөйлеу, көркем әдебиет, ресми іс-қағаздар, публицистикалық және ғылыми стильдер, тыныс белгілерінің стильдік түрлеріне қатысы, сөйлем ішінде және сөйлемнің соңында келетін тыныс белгілері, тыныс белгілерінің қолданылатын орындары.

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен берілетін білімнің мазмұны мен көлемін белгілеу – күрделі де теориялық мәселелердің бірі. Орта мектепте тілдік фактілердің ғылыми жақтан әбден қорытылған, мектеп талабына сай етіліп айқын анықталған және лингвистикалық әрі методикалық жақтан

ешбір таласы жоқ тілдік материалдары ғана оқытылады. Анығырақ айтқанда, сұрыпталып алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілері жеткізіледі. Осы тілдің өзіндік белгілерінің жиынтығы **көлем** деген ұғымды анықтайды. Ең алғаш көлем дегеніміз не, соны анықтап алайық. Әрбір сыныптың шама-шарқына қарай екшелеп алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығын **көлем** деп атаймыз.

Тілдік материалдардың көлемі әрбір тақырыптың лексикалық, фонетикалық, грамматикалық қасиеттерін және сол материалдардың анықтамалары мен ережелерін қамтиды. Тілдің өзіндік ерекшеліктері әрбір тақырыптың ішкі құрылымын белгілейді. Мәселен, әрбір тілдік материалдардың жасалу жолдары, олардың бір-бірінен ерекшеліктері, бір бірімен байланысуы, тақырыпқа сай анықтамалары мен ережелері тілдік материалдардың өзіндік ерекшеліктері болып табылады. Қазақ тілінен оқушыларға берілетін білім көлемін белгілеуде және ол материалдардың өзіндік қасиеттерін іріктеп, дәл таңдап алуда, мына сияқты методикалық өлшемдерге негізделген мақұл. Сыныбы жоғарылаған сайын оқушылардың түсініктері, яғни ой-өрісі, білім дәрежесі арта бастайды. Оқушыларды деректі ұғымдардан дерексіз ұғымдарға қарай жетелей отырып, мұғалім әрбір қазақ тілі материалдарының өзіндік жаңа қасиеттерін біртіндеп ашып отырады. Сөйтіп оқушылардың тілдік тақырыптардан алған білімі сыныбы ұлғайған сайын сатылап көтеріле береді. Тілдік материалдардың көпшілігі бір-бірінен өзіне тән қасиеттері арқылы ажыратылады да, ал керісінше біріне-бірі жуық белгілері бойынша байланысып, жымдасып жатады. Әрбір сыныптың шама-шарқына қарай сұрыптап алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығын көлем дегенде, негізінен мынадай методикалық мәселелерге аса назар аударған мақұл: 1) оқушылардың жас ерекшелігі; 2) оқушылардың сынып ерекшеліктері; 3) шәкірттердің ой қабілеті; 4) тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің саны; 5) тілдік фактілердің өзіндік ерекшеліктерінің жиынтығы ескерілуі қажет. Сонымен бірге тілдік материалдардың өзіндік

ерекшеліктерін іріктеуде, мына сияқты методикалық заңдылықтарға негізделген дұрыс: 1) тақырып пен термин анықтығы; 2) тілдік материалдың ғылыми дәлдігі; 3) тілдік материалдардың ішкі ерекшеліктерін аңғару керектігі; 4) тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің сол сыныпқа лайықтығы; 5) өзіндік белгілердің тек сол материалға ғана тән екендігі; 6) өзіндік белгілердің өмір қажетіне жаратылуы; 7) тілдің өзіндік белгілерінің күнделікті сөйлеу практикасында қолданылуы; 8) материалдың өзіндік ерекшеліктерінің жүйелілігі ескеріліп отырылады.

Оқушыларға қазақ тілінен берілетін білім көлемі тілдік материалдардың анықтамалары мен ережелеріне бір-біріне ұштасуы керек. Шынында да, анықтамалар мен ережелердің логикасы – білім беру тұсында аса назар аударатын методикалық мәселелердің бірі. Осы күнге дейін оқулықтар мен методикалық әдебиеттерде де анықтама мен ереже деген сөздер бір ұғымда, бір термин есебінде жұмсалып келеді. Анықтама тілдік құбылыстардың негізгі мәнін, тұлғалық, мағыналық және атқаратын қызметтерін саралап, негізгі өзіндік белгілерінің жиынтығы ретінде жұмсалатын түйінді, қорытынды пікірді білдіреді. Ал **ереже** болса, дұрыс жазылу мен дұрыс айтылу емшелері мен заңдылықтарына байланысты тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығы ретінде қолданылады. Осы пікірімізді дәлірек айтқанда, анықтама фонетикалық, лексикалық және грамматикалық тақырыптардың өзіндік белгілерінің жиынтығын қамтиды және солар туралы түйінді, қорытынды болып табылады. Ал енді ереже орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық тілдік материалдардың өзіндік белгілері жөніндегі пікір түйінді пікір болып есептеледі. Бағдарлама мен оқулық методиканың көлемі теориясына байланысты жасалады. Әрине, анықтаманы фонетикалық материалға фонетикалық қасиетіне қарай, лексикалық тақырыптарға лексикалық ерекшелігіне қарай, грамматикалық материалдарға морфологиялық және синтаксистік қызметіне байланысты шығарғаны мақұл. Белгілі бір қазақ тілі материалдарына анықтама беруде, алдымен мына сияқты методикалық өлшемдерге сүйену мақұл:

1.Тілдік материалдардың ішкі заңдылықтарына қарай анықтама беру.

2.Материалдың басты-басты өзіндік белгілері бойынша анықтама беру.

3.Материалдың өзіндік белгілерінің жиынтығын анықтама ретінде ұсыну.

4.Материалдың негізгі беретін мағынасы тұрғысынан анықтама беру.

Ереже көбінесе орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық және стилистикалық материалдардың тілдік ерекшеліктерін жинақтап жұмсау үшін іске асырылады. Сөйтіп анықтама мен ереже екеуі екі нәрсе. Бұлардың методикалық термин ретінде жұмсалыуына күмәнданбауға болады. Мектеп оқушыларына қазақ тілінен берілетін білім көлемі тілдік материалдардың классификациясымен ұштасады. Оқушыларға берілетін тілдік материалдарды өзіндік негізгі тегіне қарай екі топқа классификация жасауға болады: 1.Теориялық тілдік материалдар. 2.Дидактикалық тілдік материалдар. Мектепте өтілетін теориялық тілдік материалдар өзінің негізгі құрылысына қарай фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфоэпиялық, пунктуациялық және стилистикалық тілдік материалдар болып табылады. Теориялық, тілдік материалдар қағидалар жүйесін қарастырады. Ал, теория қағидалар жүйесі дегенді білдіреді. Осы қағидалар жүйесіне мынадай теориялық мәселелер кіреді:

1) тақырып анықтығы мен термин дәлдігі:

2) тақырыптың басқа тілдік материалдармен байланысы (пәнаралық байланыс):

3) тақырыптың өзіндік белгілері мен жасалу жолдары (лексикалық, фонетикалық, грамматикалық қасиеттері);

4) тілдік материалдардың анықтамалары мен ережелері.

**3.3.Оқыту жүйесі туралы.** Тілдік материалдарды оқытудың жүйесі таным теориясы мен дидактиканың дарадан күрделіге, жақыннан алысқа, анықтан белгісізге, жеңілден ауырға қарай көшу жөніндегі қағидаларға негізделеді. Қазақ тілінен берілетін білімді оқушыларға саналы меңгертуде, тілдік материалдардың оқытылу тәртібі оқыту жүйесінде үлкен

қызмет атқарады. Әрбір тілдік материалдар методиканың жүйе теориясы бойынша орналасады. Сонда жүйе дегеніміз не? Әрбір сыныптың шама-шарқына қарай сұрыптап алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің өтілу тәртібі жүйе деп аталады. Қазақ тілі бағдарламасындағы тілдік материалдар белгілі тәртіп бойынша орналасқан. Алдымен орта мектепке фонетикадан білім беріледі. Мектеп жасына дейінгі сәбилердің сөз үйренуі дыбыстарды айтудан басталады. Жас сәби айналадағы құбылыстарды дыбыстау арқылы көрсетеді. Дыбыстардың мағына ажыратушылық қасиетін танытуда фонетиканың мәні орасан. Дыбыстардың мағына ажыратушылық және тұлғалық ерекшеліктерін аңғармай тұрып жеке сөздерді түсіну қиынға соғады.

Сондай-ақ, әрбір тілдік саланың ішкі өтілу тәртібі де білім беруде үлкен қызмет атқарады. Фонетика материалдарының ішінде оқушыларға алғаш рет алфавиттен хабар беріледі. Алфавитті өтуден алдын оқушыларға бастауыш мектепте өткенін қайталайды. Алфавитті бірінші етудің негізгі себебі мынада: 1) оқушылар бастауыш мектепте өткенін еске түсіреді; 2) бастауыш мектепте берілген білім кеңейтіледі; 3) бұдан кейінгі тақырыптар дыбыс пен әріптің заңдылықтары болғандықтан, оны жете меңгертуде септігін тигізеді; 4) алфавиттегі әріптердің дыбыстық жағын еске түсіреді; 5) сөздікпен жүргізілген жұмыстар бұдан кейінгі еңбекті жеңілдетеді; 6) дыбыс пен әріп туралы алғашқы білімдері шоғырланады; 7) айту мен жазу арасындағы айырмашылық сезіледі; 8) есіту қабілеті қалыптасады; 9) жаттығулар арқылы қабілеті кеңейеді.

Сөйтіп, алфавитті өту арқылы дыбыс жүйесі тақырыптарын жете меңгеруге баспалдақ жасалады. Алфавиттен кейін өтілетін тақырыптың бірі – тіл дыбыстары туралы түсінік. Мұнда сөздің сөйлемге бірігетіндігі, сөздің буын жігі болатындығы және буынның дыбыстық жағы болатындығы айтылып, фонетика деген сөздің мағынасы мен зерттейтін объектісі сөз етіледі. Сонымен бірге әріп пен дыбыстың ара қатынасы салыстырылады. Дыбыс жасаудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі айтылады. Алфавиттегі әріптердің айтылу мен

жазылуын меңгерген оқушыға, осы жүйеде өту тіпті қиындық келтірмейді. Дыбыс жүйесінен тұңғыш рет білім беретін бұл тақырыптың нақ осы орында қарастырылуы орынды. Тіл дыбыстары туралы түсініктен кейін буынның ең кіші бөлшегі дыбыс сөз болады. Бұл тақырыпты өтпей тілдің дыбыстық жүйесінде орнықты дыбыс заңдарын білу қиындыққа соғады. Дыбысты үйрете отырып, дыбысты белгілеу үшін қабылданған шартты таңба – әріп салғастырылады. Дыбысты айту үшін, әріптің жазу үшін үлкен рөлінің барлығы көрсетіледі. Сондықтан осы жүйеде өтудің қажеттілігі туады. Дыбыстау мүшелері және дыбыс пен әріп жөнінде түсінік алған оқушыға дауыстылар және дауыссыз дыбыстар туралы түсінікті меңгерту қиындыққа соқтырмайды. Дыбыстау мүшелерінің қызметі дыбыстың өзіндік белгілерін, яғни дауыстылар мен дауыссыздардың ерекшеліктерін жете ажыратуға септігін тигізеді. Дауыстылар мен дауыссыздардың өзіндік белгілері, жіктелуі өтіліп болған соң, дауыстылардың түрлері өтіледі.

Сондай-ақ, дауысты дыбыстардың емлесі дыбыс жүйесі материалдарына байланысты оқытылады. Мұнда теориялық білімді орфографиямен жанастыру принципі көзделуі тиіс. Бұл жүйенің, біріншіден, дауысты мен дауыссыздарды меңгерту үшін, екіншіден, берілетін емлесік білімді терең ұғындыру үшін, үшіншіден, әріптерді бір-бірімен салыстыра, салғастыра таныту үшін, төртіншіден, берілетін білімді талдап жинақтап жасау үшін, бесіншіден, берілетін білімнің жігін үзбеу, яғни жүйелікті сақтау үшін, алтыншыдан, монофтонг дыбыс пен дифтонг дыбыстарды және олардың көрінісін айыра таныту үшін пайдасы бар. Бірінші кезекте еріндік дауысты дыбыстардың емлесі оқытылады

Дауысты және олардың емлесінен кейін дауыссыз дыбыстар мен олардың емлесі оқытылады. Дауыссыз дыбыстардан бірінші кезекте үнді дауыссыз дыбыстар өтіледі. Үнді дауыссыздарды былай өтудің мынадай себептері бар: 1) үнді дауыссыздар ұяң мен қатаңға қарағанда дауыстыларға бір табан жуық; 2) үнді мен дауыстыларды салыстыра талдау өте қажет; 3) қатаңнан ұяңның, ұяңнан үндінің үні басым; 4) үнді мен дауыстыларды салыстыру арқылы дауыстылар

қайталанады; 5) үнділерді жете меңгерту үшін, оның өзіндік белгілері ескеріледі. Ұяң дауыссыздар үнділерден кейін өтіледі. Ұяңда үндіге қарағанда үн, дауыс солғындау. Сондықтан да осы тәртіпте өтілуі орынды. Қатаң дауыссыздар ұяңнан кейін оқытылады. Қатанды ұяңға қарама-қарсы қойып, салыстыру мағынасында, осы орында өтілгені мақұл. Бұл тақырыптан соң *ь* - айыру белгісі мен *ъ* - жіңішкелік белгісінің емлелері өтіледі. Дауыссыз дыбыстардан соң, дауыссыз әріптер тіркесінің емлелері оқытылады. Алдымен олар мына тәртіп бойынша орналастырылады: *мб, мп, нг, нд, нк, фм, ск, кс, км, рк* әріптер тіркесінің бірінші кезекте, сонан соң *мм, лл, тт, сс, сть, зд* әріптер тіркесінің емлелері оқытылады. Әріптер тіркесі әркелкі әріптер мен біркелкі әріптер тізбегі негізінде орналастырылады. Осыдан кейінгі өтілетін күрделі тақырыптардың бірі буын. Буын туралы мәлімет және оның түрлері оқытылады.

Тасымал буынға тығыз байланысты. Сондықтан да буыннан соң өтілуі заңды. Сөз бөлшектерінің тасымалдануы буынның түрлеріне тікелей қатысы бар. Қазақ тіліндегі сөздердің екпіні әрқашан сөздің соңында, соңғы буынында болады. Екпіннің, негізінен, буынға түсуіне, буында болуына байланысты буын мен тасымалдан кейін өтілгені мақұл. Екпін көптік жалғауында тұрсын немесе басқа қосымшаларда болсын соңғы буында болады. Сондықтан да екпін буын мен тасымалдан кейін оқытылады.

Дауысты, дауыссыз дыбыстарды, олардың емлесін және буын мен тасымалды, екпінді етіп болған соң, осыларға жанастыра үндестік заңы өтіледі. Үндестік заңы мынадай мәселелерді қамтиды: 1) кейбір орфографиялық мәселелер енеді; 2) орфоэпиялық мәселелерді де қарастырады; 3) буынға да тікелей байланысты; 4) екпінге де қатысты мәселелер кіреді. Сондықтан да үндестік заңының дыбыс жүйесі материалдарының ақырында оқытылуы орынды. Үндестік заңы туралы түсініктен кейін буын үндестігі өтіледі, өйткені буын үндестігі – дауыстыларға байланысты үндесу. Дауыссыз дыбыстарға байланысты үндесу, бұл дыбыс үндестігі болып табылады. Дауысты дыбыстардан кейін дауыссыз дыбыстар өтілетін болғандықтан, дыбыс үндестігінің дәл осы жүйемен

өтілуі мақұл. Дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпалы бұрын, кейінді ықпалы кейін өтіледі. Түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпалдың орны морфологиялық жүйе бойынша белгіленеді. Сөз және жеке сөздер құрамы: түбір сөз және қосымшалы сөз болып бөлінеді. Бұдан соң сөздердің бірігуі және сөздердің тізбектеліп тіркесуі ескеріледі.

Сондай-ақ ілгерінді ықпалды өтуде, алдымен сөз, оның қосымшасы, біріккен сөз және сөз тіркестері жүйесі ескеріледі. Түбір сөздегі соңғы дыбыстың қосымшадағы басқа дыбысқа, біріккен сөздің алғашқы сыңарының соңғы дыбысы кейінгі сыңардың басқы дыбысына, қатар келген бірнеше сөздің алғашқысының соңғысына әсер етуі сөз етіледі. Ілгерінді ықпалды жете меңгерген оқушыға кейінді ықпал заңдылықтары оншалық қиындық келтірмейді. Кейінді ықпалдың түбір мен қосымша аралығындағы, біріккен сөз сыңарларының аралығындағы, сөз тіркестері аралығындағы үндесуі оқытылады. Дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, өз ара үндесуінің орфоэпия мен орфографияға тікелей қатысты екені бұрыннан белгілі. Мектепте бұл мәселені оқыту тек дыбыс жүйесі тақырыптарын өтумен шектеліп, сонымен бітіп қалмауы керек. Дыбыстардың ықпал ету, үндесу заңдылығын морфология бөлімінде әр түрлі жалғауларды (көптік, тәуелдік, септік, жіктік) оқытуда қайталап, еске түсіріп отыру қажет. Сонда оларды оқушылар жадында сақтайтын болады, мұның өзі олардың орфоэпия мен орфографияның ара қатысын жете білуіне көмектеседі.

Осы фонетикалық материалдардан кейін тілдің лексика саласы өтіледі. Лексика сөздің түрлі мағыналық ерекшеліктерін қарастырады. Дыбысты және сөзді білген оқушы әр сөзге қосылатын қосымшалардың ерекшелігін білуге талпынады. Содан кейін морфология саласы өтіледі. Алдымен сөз құрамдары тақырыптары, сонан соң сөз таптары материалдары оқытылады. Осы сөзді және олардың қосымшаларын білген оқушыларға сөз бен сөздің байланысын, сөйлем мен сөйлемнің үйлесуін білдіру қиынға соқпайды. Сондықтан да синтаксис тақырыптарының оқытылуы осы орында беріледі.

Мектеп оқушыларына тіл ұстарту материалдары тілдік салалардан кейін беріледі. Тіл ұстарту материалдары мына тәртіппен оқытылады: тіл ұстарту – стилистиканың бір тармағы, тіл ұстарту түрлері, тіл туралы мәлімет, тілдің мәні мен қызметі, тіл - тарихи құбылыс, қазақ тілі – қазақ халқының ұлт тілі, қазақ әдеби тілінің стильдері, тіл мәдениеті, сөз әдебі.

**3.4. Тіл материалдарын меңгертудің ерекшеліктері.** Қазақ тілі материалдарын меңгертуде кинестетикалық түйсіктердің атқаратын қызметі орасан. Сөйлеу процесінде дыбыстау мүшелерінің кинестетикалық түйсігі артады. Бұл түйсік нәтижесінде дыбыстау мүшелерінің бұлшықеттері әрекетке келеді, қозғалысқа түседі. **Дыбыстау мүшелерінің қозғалысқа түсуін кинестетикалық түйсік** деп атайды. Тілдің жоғары, төмен, алға, артқа жүйітку, екі еріннің біріне-бірі бірігіп қосылып, не екі еріннің дөңгеленіп барып сүйірленуі, иектің жоғары, төмен түсіп дыбыс шығаруы кинестетикалық түйсіктердің актив және пассив әрекеті нәтижесінде болады. Тіл дыбыстарының тыныс, тармақ және қуыс мүшелері арқылы жасалуында кинестетикалық түйсіктердің қызметі үлкен. Көру және есту бейнесі жазу процесінде сөйлеу мүшелерінің кинестетикалық түйсігін атқарады. Сөйлеу мүшелерінің бірыңғай қимылы арқылы кинестетикалық импульстер (күштер, қимылдар) сөздің есту және көру қабілетін күшейтеді. Дыбыстардың естілу және айтылу, әріптердің жазылу және көріну ерекшеліктерін кинестетикалық түйсіктер арқылы сезуге болады.

Сондай-ақ, қазақ тілінен берілетін дағдылар алдымен кинестетикалық түйсікке сүйене отырып қалыптастырылады. Оқушылардың сөзін шыңдап, дұрыс сөйлеуге ширатып, жетілдіріп отырудың мәні зор. Жас сәби дүниеге келген мезеттен-ақ тілдік ұғымдарды білуге талпынады. Өзін қоршаған адамдармен сөйлеу қарым-қатынасында болады. Осы өзге адамдармен сөйлеу қарым-қатынасы болғандықтан, олар тілдің дыбыстық, сөздік және грамматикалық жақтарын біртіндеп игере бастайды. Тілдің бұл жүйелі элементтерін шартты рефлекс заңдылықтары негізінде жүзеге шығарады.

**Тілдің дыбыстық жағын меңгеру дегеніміз – ауызша дұрыс сөйлей білу яки әр буынды, әр дыбысты дұрыс айту, жазбаша әр сөзді дұрыс жазу деген сөз.** Ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеу бойынша дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметінің үлкен екені сезіледі. Әр сөздің өзіне тән мағынасын айыру арқылы оқушылар тіл дыбыстарының жай дыбыс емес, оның мағына ажыратушылық ықпалының да барлығын меңгере алады. Оқушылар дыбыстарды айту, есту және әріптерді көру, жазу түйсіктері түрлері жұмыс формалары негізінде іске асырылады. Дыбыс, сөз және сөйлем тәртібі белгілі бір жазу нормаларына бағынып, өзара бірімен бірі байланыста болады: айталық, ол, аға, барды дегенде, бұлар – бірнеше дыбыстан құралған жеке дара сөздер. Осы сөздерді белгілі бір формамен байланыстырып айтып, сөздің мәні айқындалып, аяқталған тиянақты ойды білдіретін сөйлем пайда болады: Ол ағасына барды.

Тіл арқылы қарым-қатынас жасау процесі қабылдау және ұғыну тәрізді психикалық құбылыстармен тікелей ұштас екендігі бізге аян. Дыбысты, сөзді қабылдау және оны ұғыну тәрізді психикалық құбылыстармен тікелей ұштас екендігі бізге аян. Дыбысты сөзді қабылдау және оны ұғыну біріне бірі өз ара қатысты, яғни дыбысты, сөзді қабылдамай тұрып, оны ұғынуға мүлде болмайды, объектіге алынған фразаны қабылдаудың өзі де оны ұғыну, түсінумен ұштасып отырады. Сондай-ақ көру түйсігінің артуын мынадан да байқауға болады. Берілген сөйлемдерді, мәтіндерді дауыстап оқу, іштей оқу, көріп жазу, оқылған немесе естілген мәтін бойынша мазмұндама, шағын шығарма жазу, жоспар мен конспект жасау сияқты еңбек процестері қазақ тілі бойынша алған білімінің практикада көрінуі болып табылады. Сондықтан да негізгі жұмыс жазу арқылы орындалатындықтан оқушылардың көру дағдысын арттырады. Дағдының ойдағыдай қалыптасуы игерілген қазақ тілі материалдарының нәтижесімен өлшенеді. Берілген жаттығудың шартын тез орындауы, орындау сапасының артуы, түрлі жаттығу жұмыстарын орындау үстінде қателерді жібермеуі қазақ тілі дағдысының ойдағыдай қалыптасуы өлшемдері болып табылады. Қазақ тілінен берілетін білімнің

тез қалыптасып, берік орнығуы үшін оқушы үнемі материалды қайталап отыруы тиіс. Сонымен бірге жаттығуды орындауда кеткен кемшіліктер мен жіберілген қателерін ескертіп отыру қажет.

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен білім беруде, тілдік материалдарды меңгертудің сатылы басқыштары орасан қызмет атқарады:

**1. Меңгертудің аналитикалық басқышы.** Әр сөйлемде немесе тексте қанша дыбыс, қанша әріп бар екендігін жете меңгерту үшін әуелі жеке сөздерді буынға бөлдіреді де, сонан соң әр сөздегі буын мен әріптің қанша екендігін таптырады. Бұдан кейін дыбысты буынға, буынды сөздерге, сөздерді сөйлемге біріктіріп айтқызады. Сонан соң ол сөйлемде қанша дыбыс, қанша буын, қанша сөз және қанша сөйлем барлығы талданады.

**2. Меңгертудің синтетикалық басқышы.** Бұл кезде оқушылар сөйлемді сөзге, сөзді буынға, буынды дыбысқа қарай талдап жинақтау дағдысына ие болады. Жазу мен оқу нәтижесінде сөздерді есту және көру бейнелері біріне-бірі ықпалын тигізіп, есту бейнесі көру бейнесінсіз жұмсалмайтындығы аңғарылады. Белгілі бір сөздерді көргенде, оған есту бейнесінің де қосылатындығы байқалады.

**3. Меңгертудің аналитикалық – синтетикалық басқышы.** Бұл процесс тұсында оқушылар кез келген объектіні талдап, жинақтау дәрежесіне көтеріледі. Меңгерілетін объектінің мақсатын айқындайды да, соған лайықты жаттығу түрлерін молайтып, іске асыру дағдысын қалыптастырады. Сөйтіп оқушылар дыбысты буынға, буынды сөзге, сөзді сөйлемге біріктіреді де, жеке сөздерден сөйлемдер құрайды.

Қазақ тілі материалдарын меңгертудің процестері тікелей сол материалдардың психологиясына байланысты қаралады. Тілдік материалдардан сабақ беруде оқушылардың сезімі мен түсінігін, байқауы мен қабылдауын, ойы мен қабілетін ескеріп отыру қазақ тілін меңгертудің белгілі шарттарынан есептеледі. Сондай-ақ, сабақ процесінде жеке оқушылардың үлгерімін байқап барған тәуір, нашар үлгерудегі себептерін де ескеріп отырған мақұл. Мектепте өтілетін қазақ тілінің материалдарын

меңгертудің психикалық құбылыстары психикалық процеспен, психикалық қалыппен және психикалық сипатпен ұштасып жатады.

Осы сияқты қазақ тілі материалдарын меңгертудің негізгі процестері мыналар:

**1. Қазақ тілі материалдарын еске түсіру.** Қазақ тілі тақырыптарын оқушыларға танытуда және оны оқушылар ойында қалыптастыруда психикалық әрекет пайда болады. Логикалық ойлаудың индукциялық және дедукциялық амалдары, сигнал жүйелерінің барлығы адам баласының ойлау сезімдерін оятады. Бұл сезім аралық ми деп аталатын бас мидың бір бөлігіне байланысты болады. Мидың осы бөлігінің клеткалары қозғалғанда түрлі сезім дүниелері оянады. Осы сезімнің негізінде қазақ тілі тақырыптарын оқушылар ойында қалыптастырудың дағдылары пайда болады. Өтілетін материалдардың тақырыбын тақтаға жазу, көрнекі құралды ілу, түрлі дидактикалық материалдарды пайдалану және тақырыпты оқушыларға хабарлау процесінде оларда белгілі дәрежеде ұғым, түсінік сәулеленеді.

**2. Қазақ тілі материалдарын түсіндіру.** Дидактикалық құралдарға сүйене отырып, жаңа материалдың өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын, бір-бірінен айырмашылығын, анықтамасы мен ережелерін қалыптастыру жүйесінде жартылай түсінік пайда болады. Жаңа құбылысты таныту арқылы оқушылардың дыбыс жүйесінен ой өрісі, білім аясы және жалпы білім дәрежесі кеңейеді. Сондай-ақ оқушыларға жаңа материалдың өзіндік белгілерін қалыптастыруда оларда мына сияқты түсінік пайда болады: 1) өтіліп отырған материалдың тақырыбын аңғарады; 2) өткен материал мен жаңа материалдың байланысын табады; 3) жаңа тақырыптың жасалу жолдарын меңгереді; 4) тақырыптың анықтамасы мен ережесін игереді; 5) өтіліп отырған тақырыптың терминін түсінеді; 6) түсініксіз құбылыстарды меңгереді.

**3. Қазақ тілі материалдарына дағдыландыру.** Бұл процесте қазақ тілі материалдарының өзіндік белгілерін түгел қамтитындай дағды түрлері іске асырылады. Мұндай жұмыс процесі негізінде оқушыларда толық түсінік қалыптасады.

Қазақ тілі тақырыптарын дағдыландыру, пысықтау, қайталау сияқты жұмыс процестерін өз ішіне қамтиды. Оқушылардың дағдысын қалыптастыруда мынадай түрлері орындалады: 1) мұғалімнің дайындаған карточкалары іске асырылады; 2) оқулықтағы жаттығулардың шарттары орындалады; 3) схемалар мен таблицалар жасатылады; 4) ауызша мысалдар таптырылады; 5) ауызша сөйлемдер саптатылады; б) мәтінге лайықты шағын шығармалар құратылады; 7) картина мен сурет бойынша сөйлемдер құралады; 8) орфографиялық сөздіктер бойынша жұмыс жүргізіледі; 9) жергілікті материалдар пайдаланылады.

Оқушылардың дағдысын арттыруда және оның түсінігін өсіруде, мына сияқты жұмыс түрлері іске асырылады: 1) алдымен дағдыны орындаудың шарты айтылады; 2) сонан соң дағдының бірер үлгісі көрсетіледі; 3) дидактикалық мәтін дауыстап оқылады; 4) осы дағдыны қалай орындау керек екендігі жайында оқушыларға сұрақ қойылады; 5) бұдан кейін керекті объектінің асты сызылады; 6) бұдан кейін тақтадағы мысалдар көшіртіліп, қалай болғандығы еске түсіріледі.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. «Қазақ тілін оқыту методикасы» қандай пән?
2. «Қазақ тілін оқыту методикасы» қандай мамандарды дайындайды?
3. Методика қандай бағыттарда қолданылады?
4. Білім беру құралдары қалай топтастырылады?
5. Зерттеу әдістері қандай бөлімдерден тұрады?
6. Зерттеу әдістерінің қандай түрлері бар?
7. Интерпретация сөзінің мәнін түсіндіріңдер.
8. Білім мазмұны деп нені айтады?
9. Білім аумағы деп нені түсінеміз?
10. Жүйе теориясына қандай анықтама беріледі?

## 4-ТАҚЫРЫП: МЕТОДИКАНЫҢ БАСҚА ПӘНДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

**4.1.Методиканың тілі білімі және педагогикамен байланысы.** Қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика, психология мен логикаға байланысты. Бұлар әдістеменің негізгі тірегі, фактілері. Онсыз әдістемесінің түрлі мәселелерін бөліп қарауға болмайды. Сондықтан әдістеме қазақ тілі фактілермен тығыз ұласып жатады. Әдістеме қазақ тілінен берілетін мәліметтерді мектеп оқушыларының ойына лайықтап оқыту қағидаларын қарастырады. Бұл білім беру заңдылықтары лексиканың, фонетиканың, грамматиканың, орфография мен пунктуацияның заңдылықтарымен үндеседі. Негізгі тілдік фактілер бойынша білім берудің теориясы мен практикасы қарастырылады. Мектеп оқушыларына қазақ тілінен берілетін теориялық мәліметтер көлемі жағынан ықшамдалады. Яғни, тілдік фактілердің қорытылып, шешілген мәселелері мектеп оқушыларына жеткізіледі.

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен берілетін тілдік фактілердің өзіндік белгілері лексикалық, фонетикалық грамматикалық белгілері, анықтамалары әрбір сыныптың ерекшелігіне, олардың ой-өрісі, білім дәрежесіне лайықтанады.

Методиканың негізгі тірегі – қазақ тілінің фактілері. Сондықтан методика қазақ тілі фактілерімен тығыз ұласып жатады. Методика қазақ тілінен берілетін мәліметтерді мектеп оқушыларының ойына лайықтап оқыту қағидаларын қарастырады. Мысалы тіл білімінен берілетін фонетикалық мағлұматтар дыбыстарды дұрыс айту, дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқуға, емлеге үйрету сияқты әдістемелік мәселелермен тығыз байланысты іске асырылады.

Жалпы тұрғыда педагогика жас ұрпақтарға білім, тәрбие берудің мәні, мақсаты, мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру түрлері туралы ғылым ретінде сипатталады. Дидактика – педагогиканың маңызды бір бөлігі, оқытудың жалпы теориясы ретінде қазақ тілі методикасының негізі болып табылады. Дидактика – грек тілінің *didaktikos* – өсиет деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин. Сондықтан бұл сөз білім беру мен оқыту теориясы деген мағынаны аңғартады.

Мектепте қазақ тілін оқыту барысында ұрпақ тәрбиелеу проблемаларын талдап-шешуге қатысады, қазақ тілі сабақтарында берілетін тәрбиенің жолдарын (бұл тәрбиеге мазмұны сәйкес материалды, мысалдарды сұрыптау, көркем шығарма материалын пайдалану т.б.) тіл құралдары арқылы іске асыруды жан-жақты қарстырады. Педагогика негізінен тәлім-тәрбие берудің заңдарын, оларды іске асырудың жұмыс жүйесін белгілейді. Тәлім – оқушыларға берілетін теориялық білім мен практикалық дағды. Ал тәрбие – қазақ тілінен білім беруде мәтіндер, сөйлемдер, мысалдар арқылы және түрлі жаттығулар бойынша жүргізілетін жұмыс. Қазақ тілінен білім беруде тәрбие жұмыстарын мысалдарды таңдау арқылы жүргіземіз.

Қазақ тілін оқытуда пәннің педагогикамен тығыз байланысы ешқашан да тыс қалдырылмайды. Қазақ тілін үйретудің әдіс-тәсілдерін анықтау, берілген білім көлемі мен мазмұнын белгілеу оқытудың педагогикалық негізіне сүйенгенде ғана дұрыс, әрі сапалы түрде жүзеге асады. Сондықтан сабақтарда жалпы дидактикалық ұстанымдар орынды қолдануды қажет етеді.

Оқыту әдістемесі өз пәнінің мазмұнына тәуелді, соны үйретеді. Соған сәйкес пән білімінің мазмұны жетіліп дамыса, оның оқыту әдістемесі де жетіліп, түрлене түседі. Уақыт оза пән мазмұны ескірсе, оған қолданылатын әдістеме де көнелене түседі.

Оқыту әдістемесін басқа ғылымдардан ерекшелендіріп тұратын негізгі бір өзгешелігі – ондағы күллі оқыту үрдісі екі жақты бірліктегі қарым-қатынасты керек етеді. Яғни мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты дамытады. Біреуі оқытып үйретеді, тәрбиелейді, екіншілері оқып, үйреніп, тәрбиеленуге қалыптасады. Өзара әрекетке бағытталған езіндік міндеттер айқындалады.

Ал ұстаздар қауымына жалпы ортақ мақсат – терең білім мен тәлімді, тәрбиені қалыптастыру.

Қазақ тілі әдістемесі – ана тілін ұғынудың заңдылықтарын, тілдің қыры мен сырын балаға үйретудің жолдары мен құралдарын зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы.

Педагогика ғылымының дидактика саласы оқыту ұстанымдарын, оқуды ұйымдастырудың алуан түрлі әдіс-тәсілдерін, білімді игертудің ең тиімді, ұтымды жолдарын, іскерлік пен дағдыны қалыптастырудың амалдарын зерттейді.

**4.2.Методиканың психология және логикамен байланысы.** Психология оқушының психологиялық ерекшеліктерін сипаттайды. Тілдік материалдардың толық қалыптасуында түсінік, ой, түйсік, сезім және сигнал жүйелері үлкен қызмет етеді. Оқушыларға тілдік материалдарды толық игертуде сабақ процестерінің мәні зор.

**1. Жаңа материалды таныту процесі.** Жаңа материал оқушыға хабарланады. Мұның өзіндік белгілері айтылады. Оны оқушылар естиді. Материалды толық меңгертудің негізгі кепілі дағдылар арқылы іске асырылады.

**2. Материалды дағдыландыру процесі.** Онда тақырыптық өзіндік ерешеліктеріне қарай түрлі психикалық жұмыстар ескеріледі.

**3. Материалды қайталау процесі.** Қазақ тілінен өтілген күллі материалдар еске түсіріліп пысықталады. Оқушылардың қазақ тілінен алған теориялық білімі мен практикалық дағдысы пысықталып, нығыздала түседі. Бұл көру мен жазу түйсігіне байланысты.

Мұғалім өзінің әрбір оқушысын, оның психикасын, материалды қабылдау және есінде сақтау дағдыларының дәрежесін білуге жағдай жасайды. Оқушылардың жеке бастарының ерекшеліктерін, ойлау қабілетінің даму процесін, жалпы жетілуін есепке алмайынша, мақсатқа жете алмайды.

Психологияның, әсіресе, жеке пәндер әдістемесін нақтылап түсіндіруде алатын орны ерекше. Оқушылардың грамматикалық ережелерді игеру процесінде, оны күнделікті практикада дұрыс қолдануда психология қазақ тілін оқыту әдістемесіне тікелей ықпал жасап отырады.

Оқу-тәрбие ісінде ең қажетті қағида – мұғалімнің өтілетін сабаққа психологиялық жағынан дайындығы. Оқу жоспарын жасағанда да, оны оқушыға жеткізуде де мұғалім баланың жас ерекшелігін, қабілетін үнемі ескеріп отыруы қажет.

Ойлау – бала өміріндегі ерекше құбылыс. Адам ойы сөйлем түрінде айтылғанда ғана түсінікті. Сөйлем – ойды жеткізіп айтудың негізгі құралы, амалы. Сөйлемнің негізгі қызметі – ойды білдіру. Адамның ойы әрқашанда сөйлем арқылы беріледі. Сөйлемнің сөзден, сөз тіркестерінен тұратыны белгілі.

Ой мида бірнеше ассоциация арқылы іске асады. Мәселен, көршілестік ассоциациясын алайық. Оқушы бір нәрсені екінші бір көршілес нәрсемен бірге қабылдайтындықтан, ойына бірі түскенде, онымен көршілес басқасы да еске түседі. Мысалы, дауысты дыбысты өткен кезде оқушының ойына онымен қатар дауыссыз дыбыстар түседі. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылар тек сөз тіркесін ғана меңгеріп қоймайды, оған ұқсас күрделі сөздер, атаулық тіркестерді ой елегінен өткізіп, есте қалдыруға тырысады. «Бала айналасындағы заттарды, көріністерді біліп қана қоймайды, соларды ұққысы келеді, яғни солар туралы жасасуға, хукім һәм ой шығаруға ұмтылады».

Мұғалім оқушыларды ойлана білуге баулуы керек. Ол үшін жаттығу жұмыстарын дұрыс тандап алудың маңызы зор.

«Баланың логикасын дамыту, ұғымдарын өсіру – науқандық жұмыс емес. Ол әрбір сабақ үстінде, мектептегі барлық тәлім-тәрбие процесінің барысында ұдайы жүргізілетін жұмыс. Мұнда оқушылардың жас ерекшелігі қатты ескеріледі.

Баланың ойы сөйлеу процесі негізінде жарыққа шығады. Ол ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеу арқылы іске асады. Бұлардың арасындағы айырмашылық әріп пен дыбыс қатынасына ғана емес, сөз құрылысына да тән. Бала сөйлеп тұрған кезде сөздің морфологиялық не синтаксистік құрылысына назар аудармайды, өзінің ойын түсінікті етіп айта береді. Мәселен, оқушы ауызша сөйлеу кезінде сөз тіркесі мен біріккен сөздің емлесіне назар аудармайды. Бірақ жазбаша жұмыс кезінде, олардың айырмашылығын жақсы меңгерген оқушы сөйлем ішінде кездескен сөз тіркесін бөлек, біріккен сөзді бірге жазады (ақ сақал – сөз тіркесі, ақсақал –біріккен сөз). Мұғалімнің тақырыптың ерекшелігін, оған ұқсас тұлғалардың айырмашылығын ашып көрсетуі баланың зейінін аударады. Зейін деп – адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын айтады.

Сабақ үстінде баланың зейінін бір нәрсеге аудару оңай жұмыс емес. Оған мұғалімнің шеберлігі, білімділігі қажет. Адамға тән әрекеттің кез келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы қиын.

«Зейін адам санасынан қорытылып өтетін барлық ойды аңғартатын адам жанының жалғыз ғана есігі болып табылады, демек бұл есікке ілімнің бірде-бір сөзі соқпай өте алмайды, егер де ол соқпай өтсе, онда баланың санасында ештеңе де қалмайды».

Сабақтың бірінші кезеңінде (ұйымдастыру кезеңінде) оқушы зейінін өзіне аударма алмаған мұғалімнің сабағы нәтижелі болуы мүмкін емес. Әрбір сабақта сілтідей тыныштық, тәртіп, құштарлана тыңдау жолында емес, хабардың көбейткіші ретіндегі зейін жолында күрес жүргізу қажет. Мұғалім балалардың зейінін бір пәннен екінші пәнге, бағдарламаның бір бөлігінен екінші бөліміне, жұмыстың бір түрінен (ұй тапсырмасын сұрау) екінші түріне (жаңа сабақтың кезі) үнемі аударып отырады. Мұғалімнің материалды жүйелі түрде түсіндіруі, өткен материалды қорытуы, жаңа материалды тыңдауға, түсінуге оқушылардың дайындығын тексеруі зейіннің дұрыс аударылуына себепші болады.

Оқушы жаттығуды түсініп орындағанда ғана белгілі бір дағды қалыптасады. Жаттығу оқушының қызығуын, ынтасын, ықыласын арттыруға тиіс. Ол үшін жаттығу түрлендіріліп берілуі шарт, өйткені бір сарынды жаттығу оқушылардың зейінін, қабылдауын, белсенділігін нашарлатады.

Сабақты психологиялық жағынан өте тартымды етіп құру үшін сабақ әдістемелік жағынан тиімді болуы шарт. Бұл мұғалімнің материалды баяндау әдісін шеберлікпен игере алуына, дидактикалық заңды ұстанымдарды орынды жерінде қолдана білуіне байланысты. Мұғалім оқу жұмысын ойдағыдай жүргізуі үшін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, қасиеттерін жақсы білуі қажет.

Психология іліміне сүйенетін болсақ, шыдамдылық белгісіне қарай барлық типтер күшті және әлсіз болып екіге бөлінеді. Күшті типтер жұмыс істеу қабілеті күшті, қиыншылықтарға төзімді болады. Олар сыртқы ортадан келетін

түрлі әсерлерге төзімді, шыдамды болып келсе, әлсіз типтер морт сынып кететін болады.

И.П.Павлов **сангвиниктерді** – ширақ, нерв жүйесі күшті, қозуы мен тежелуі тең, қозғалғыш адам, холериктерді – ұстамсыз, нерв жүйесі күшті, қозуы тежелуінен басым, флегматиктерді – нерв жүйесі күшті, қозуы мен тежелуі бір-біріне тең болғанмен қозғалысы баяу адамдар десе, меланхоликтерді – нерв жүйесі әлсіз типті адамдар деп сипаттайды. Темпераменттің бұл төрт түрі бір-біріне қатыспай, таза күйінде болады деуге болмайды. Көбінесе бұлар бір-біріне аралас болады. Әрбір мұғалім баяу болса да темпераменттердің өзгеріп тұратындығын, яғни ол баланың жасына, білімі мен алған тәлім-тәрбиесіне, нақтылы әрекетіне байланысты түрлі өзгерулерге түсетінін ескеріп, әрбір оқушымен жеке жұмыстар жүргізуі қажет.

Сангвиник темпераменті басым оқушы ашық, сөзшең, кісіге қайырымды, қысылып-қымтырылмайды, оптимист, өмір сүйгіш, көтеріңкі көңілді, басшылыққа, жетекшілікке құштар болып келеді. Мұндай оқушылар сұрақ қойғыш келеді. Жылдам қозғалады, көңіл-күйі жиі өзгергіш келеді. Ол сабақтың басында қолын қайта-қайта көтеріп, сұрақ қоюы мүмкін. Егер мұғалім назар аудармаса, сабаққа деген ынтасы суып кетеді. Сондықтан мұғалім қойылған сұраққа жауап беруге тырысуы керек. Сангвиник бала мұғалімнің қойған сұрағына басқалардан бұрын жауап беріп, берілген тапсырманы бұрын орындап отырады да, енді менен сұрамайды деген оймен басқа іспен айналысуы ықтимал. Сондықтан мұндай балалармен мынадай жұмыстар жүргізілуі орынды:

- берілген тапсырмаларды тез орындаған жағдайда оны мақтап, «Сен бұл жаттығудан да қиын тапсырманы орындай аласың»-деп, қосымша тапсырма беру қажет;

- сангвиник темпераментті балада өзінің қабілетін тым артық бағалап, сабаққа дайындалмай келу кездеседі. Ондай жағдайда мұғалім баланы оқушылардың алдында ұялтып, сабаққа жауапкершілікпен қарауға бағыт беруі орынды;

- сангвиниктер мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Бірақ олар жұмылып кіріскендерімен, жылдам суып

қалатын балалар. Сондықтан оларды ұдайы бақылап, жетекшілік етіп, жұмысына бағыт беріп отырмаса, жұмыстың нәтижесі төмен болуы ықтимал;

- сангвиник бала ұшқыр, ойнақы болады, бірақ бір жерден екінші жерге секіріп түсе беретін, бір әсерге аялдап тұра алмайтын тиянақсыз болады. Мұғалім оларды қолға алған істі орта жолда тастауға болмайтынын айтып, үйретуі, тәрбиелеуі қажет.

**Холерик темпераменті** басым, күйгелек, тынымсыз, ұшқалақ, кез келген нәрсеге шамданғыш, көңіл-күйі тез өзгертін, белсенді, пысық, бірақ ашуланшак бала. Мұндай оқушылар сабақта мұғалім сұрағанша шыдамай ұшып-қонып, орындарынан тұрып кете жаздап отырады. Ондай оқушы қимыл-әрекетті сүйеді. Ол үшін мұғалім оған көбірек тапсырма беріп, ынтасын тапсырмаға аудару керек.

Холериктер белсенді, шапшаң қозғалады, мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Берілген жұмыстарды барлық ынталарын салып, ықыласпен орындайды. Бірақ ашуланшак, өз эмоциялары мен қимыл-қозғалыстарын билей алмай, «күйіп-пісуге» дайын тұрады. Балалармен қарым-қатынас жасағанда да аумалы-төкпелі. Сабақта тапсырма беріп, бірақ сұрап үлгермесең, ашуланып, мінез көрсетіп, ренжіп қалады. Сол үшін белгілі бір мақсатқа жету үшін мынадай әдіс-тәсілдер қолданған жөн:

1. Тапсырманы сұрап үлгермеген жағдайда, «Мен бүгін үлгіре алмадым, сен үйде тағы қарап кел, мүмкін кате кеткен жерлерің бар шығар, келесі сабақта міндетті түрде тексеремін» деп алдын-ала ескерткен жөн. Сондай-ақ оқушының жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырманы жазбаша да тексеріп отыру жағын қарастыру керек. Жалпы жаңашыл педагогтар (Қ.Бітібаева, А.Ысқақов, В.Щаталов, И.Волков, Е.Ильин, С.Лысенкова т.б.) мұндай жағдайда оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу қажеттігін ескертеді. Әрбір сабақта оқушы білімін тексеріп отыру мүмкіндігі кейде жүзеге аса бермейді. Сондықтан үлестірме кеспе қағаз, перфокарта, суретпен жұмыс немесе тірек карточкалармен жаттығулар

орындату арқылы білімді тексеріп, бағалауға болады. Сонда ғана оқушының білім алуға ынтасы артады.

2.Холерик темпераментіндегі балаға қатаң ескерту жасап, қойылған талаптарды қалайда орындатқызу жағын ойластыру қажет.

3.Холериктер табанды, қайратты болады, қиын мәселені тез шешеді, тез орындайды. Бірақ не болса соған ашуланып, қызбалы келеді. Мұнда ескеретін жай қызбалылық тек қолайсыз жағдайға апаратын нәрсе емес, оның жақсы да жақтары бар. Қызбалы баланы мұғалімнің қызуқандылықпен істейтін жұмыстарға бағыттауы, жаңалықтарды білуге ұмтылғыш сезімін туғызуы ықтимал.

Шыдамсыз холерикті тыныштандырып, үндемей отырған флегматикті жауап беруге шақыру мұғалімнен асқан байсалдылықты қажет етеді.

**Флегматик темпераменті** басым оқушы өте сақ, ұяң, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, тұрақты, бірқалыпты. Олар сабақта тыныш отырады, қасындағы балаларды мазаламайды. Берілген тапсырманы асықпай орындайды, жауап беруге де асықпайды.

Тәжірибелі оқытушы мұндай балаларды, асықпай, асқан байсалдылықпен тындауы қажет. Өйткені олар жауап берген кезде бірден сөйлеп кетпейді, әр сөзін сабырлықпен, салмақпен, жайлап жеткізеді. Тәжірибесі аз мұғалімдер сабаққа дайындалмаған екен деп, ұрсып, жеңіп, тиісті бағасын қоя салады. Әрине, бұл қате, өйткені одан мұғалім де, оқушы да жетістікке жете алмайды.

Флегматик бала кез келген жұмысты бірден, тез бастап кете алмайды. Бірақ бір бастаса, аяқтағанша тыным таппайды. Мұғалім балаға істі бастауға көмектесіп жіберсе, ары қарай өзі-ақ іліп әкетеді. Мұның өзі асқан байсалдылықты, білімділікті, әдістер мен тәсілдерді қажет етеді. Балалардың жеке психикалық ерекшеліктерін жете білген оқытушы ғана өз мақсатына жете алады.

Қимыл-әрекеті баяу тип – **меланхолик**. Ол сәл нәрсеге ренжиді, өкпелегіш, тұйық, сөзге сараң, аса баяу қозғалады. Олар сыныптағы, мектеп өміріндегі жаңалықтарды, өзгерістерді

ерекше әсермен қабылдап, көп ойлайды. Мұғалім тақтаға шығарып сөйлем жазғызса, соның өзі зор әсер етеді.

Психологтардың айтуынша, меланхоликтерге мұғалім сынып балаларының көзінше ұрсатын болса, мұндайда олар төмен қарап жылап, кейде жауап айта алмайтын жағдайға ұшырайды екен. Істің байыбына бармай балаға ескерту жасау немесе ұрсу тәрбиелікке жатпайды. Мұғалімнің бала алдындағы беделі төмендеп, баланын оқытушыға деген сенімі жоғалады. Мұндай баламен істің мәнісін ашу үшін оңаша сөйлескен дұрыс. Меланхолик темпераментті балалар өз жолдастарының арасында көзге түспей, жай ғана жүріл-тұрғанды ұнатады. Ұялшақ, тартымшақ болады, көпшіліктен аулақ жүргенді ұнатады. Құрбы-құрдастары оларды «қорқақ», «үндемес», «маубас» т.б. деп кекететін кездері де болады.

Осындай ерекшеліктері бар баланы оқытушы алға тартып, қоғамдық жұмыстар беруі қажет. Сабақта ауызша жауап беретін тапсырмаларды көбірек берген орынды. Баламен жеке сөйлесіп, оның ез күшіне деген сенімін қозғау – мұғалімнің міндеті. Көп алдында көтермелеп, мадақтау -баланың сенімін күшейтіп, қабілетін шыңдайды. Балаға өскен ортаның, айналада болып жатқан өзгерістердің бәрі де әсер ететінін тәжірибелі мұғалім әр кез жадында сақтайды. Мұғалім әрбір оқушымен жеке жұмыстар жүргізуі қажет. Оқушының жасына қарай оқудағы үлгерімін, тәртібін, басқа балалармен қарым-қатынасын қадағалау, ата-анамен байланыс жасау - мұғалімнің міндеті.

Әр баланың мінезін, қабілетін, ерік-жігерін жақсы білген ұстаздың еңбегі жанады. Темпераментті тізгіндей білу үшін адамның жақсы тәрбиеленуі.

**Логикамен байланысы.** Логика ғылыми дәл ойлау, дұрыс пікірлеу заңдылықтарын үйретеді. Сөйлемнің дұрыс құрылуын ойластырады. Түрлі тілдік фактілердің дәл болуын қарастырады. Мұғалім мен оқуш сөзінің анық болуын қамтамасыз етеді. Мектеп оқулығындағы әр тақырыптың өзіндік белгілерінің және анықтама ережелерінің дәл болуын ойластырады. Сондықтан қазақ тілін оқыту методикасы тілдік фактілерді

түсіндіру мен жеткізуде логика ғылымындағы жаңалықтарға сүйенеді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Методиканың басқа пәндермен байланысы қандай?
2. Қазақ оқытумен байланысты қандай дидактикалық принциптерді пайдалануға болады?
3. Мұғалім қазақ тілінен терең білім мен берік дағды беруді қандай тәсілдер арқылы іске асырады?
4. Қазақ тілі методикасындағы саналылық және белсенділік принциптерін суреттеп айтыңыз.
5. Тәрбиелей оқыту принципіне мысал келтіріңіз.
6. Бағдарлама мен оқулықтарда ғылыми принцип қалай жүзеге асырылған?
7. Ғылыми принцип нелерді қарастырады?
8. Жүйелі принцип қандай мәселелерді ойластырады?
9. Қандай көрнекі құралдардың түрлерін білесіңдер?
10. Теорияны практикамен қалай байланыстыруға болады?
11. Қолайлылық дегенді қалай түсінесін?

## **5-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ**

**5.1. Әдіс пен тәсіл туралы түсінік.** Қазақ тілінен білім берудің әдістері оқушыларға білім және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдер жиынтығы болып саналады, әдіс-тәсілдер элементтерінің жиынтығынан құралады, ал тәсіл-әдістің бір элементі болып табылады. Білім беру әдістеріне педагогика теориясында: «...Білім беру әдістері оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және оқушылар жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орындалатын тәсілі» деген анықтама берілген.

**Әдіс** – белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу тәсілі немесе мұғалімнің оқушыларды білім және білікпен қаруландыратын құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы, ал **тәсіл** – әдісті құрайтын элементтер. Оқыту әдісі – оқытудың мақсатын, міндеттерін, шет тілін оқытудың мазмұнын тудыратын және оларға жетудің

оқыту кезеңдері мен шарттарына сәйкес тәсілдерін айқындайтын оқытудың бағыты. Әдіс – ілім, зерттеу жолы, көздеген мақсатқа жетудің бірыңғайланған тәсілдері, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі. Оқыту әдістері білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, уәждемелік қызмет атқарады, сондықтан әдістерді сабақтың дидактикалық мақсаттарына сәйкес тиімді қолдана білудің маңызы зор.

Қазақ тілінен теориялық білім және практикалық дағды беруде білім беру әдістері өте жиі іске асырылады. Сондай-ақ білім беру әдістері жалпы методиканың мәселелерінен саналады. Әдіс (метод) — грек тілінен енген сөз. Оның бастапқы ұғымы *methodos* — *зерттеу* деген мағынапы аңғартады. Бертін келе алғашқы мағынасын кеңейтіп, белгілі бір пәнді оқытудың әдісі дегенді білдіреді. Сөйтіп, **әдіс қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім-тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны практика жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді.** Қазақ тілінен алған білімі мен білігін және практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс жүйесі оқыту әдістерінің құрылымына тікелей байланысты. Сонымен бірге мұғалім басшылығымен орындалатын оқушы жұмысының тұрақты сатысы оқыту әдістерінің түріне қатысты болады. Білім беру әдістері қазақ тілінің теориялық материалдарын психикалық функциялар негізінде меңгертіп, оны оқушылар ойында қалыптастыруды және практикада шығармашылықпен қолдана білуді үйрететін тәсілдер құрамы болып табылады.

Білім беру әдістеріне төмендегідей анықтама беріледі: **қазақ тілінен білім беру әдістері – оқушыларға білім мен білік және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдердің ішкі әрекеті жиынтығы.** Білім беру әдістері мұғалімнің басшылығымен іске асырылады. Мұғалімнің тікелей білім мен дағды беру жолында қолданылатын жұмыстары болып табылады. Білім беруде күллі орындалатын жұмыстар білім беру әдістері бойынша алып барылады. Әдіс — дербес түсінік, тәсіл әдісті құрайтын элементтер. Сондықтан да әдіс тәсілдер элементтерінен құралады. Әрбір элемент әдіс құрылымын

белгілейді. Білім беру әдістері қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды алуға жетектеп, оқушылардың жас ерекшеліктері мен ой дәрежесіне қарай оқыту тұсында қолданылатын тәсілдер құрамы екендігі белгілі.

Әдістің өзіне тән теориялық құрамы да сол оқытыл, білім беру мақсатына негізделеді де, оның әр қайсысы практикада алуан түрлі жұмыс жүйесі процесінде мына сияқты ойлау дағдылары қалыптасады: тілдік материалдарды талдау; талданған объектілерді түсіндіру; объектілерді дәлелдеу; объектінің өзіндік белгілерін санап көрсету; тақырыпты оқыту; оқыту үстінде қатесін түзету; тақырыптың анықтамасы мен ережесін айту; бірнеше мысалдарды оқушылардың өздеріне таптырып талдату. Білім мен дағдының өзара кірігуі арқылы білім беру әдісінің құрылымын білуге жол ашылады. Сондай-ақ, мұғалім мен оқушының білім беру шеберліктері төселеді, теориялық және практикалық әдістерді саралап қолдануға жаттығады. Осының нәтижесінде қазақ тілін оқыту әдістері жүйеленіп, білім берудің сапасы артады.

Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді методикада топтап көрсетудің мәні үлкен. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің істейтін жұмысы жеңілдейді. Әрине, білім беру әдістерін таңдап қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім беру әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу методиканың қиын да күрделі мәселелерінен саналады. Сондықтан да оқушыларға ұсынылатын тілдік материалдардың көлемін таңдау аса қажетті мәселе болып табылады. Оқушыларға берілетін білімнің көлемін сұрыптап алу білім беру әдістерінің іске асыруын жеңілдетеді. Білім беру әдістерінің қайсы мақсатта іске асыруда оларды топтастыру (классификация жасау), жіктеу ең қажетті мәселе болып табылады. Оқушылар тілді әуелі практикалық, кейін теориялық жақтан меңгереді. Оларға осы мақсатта білім беріледі. Қазақ тілінен білім беру әдістерін классификация жасау методиканың соңғы табыстарына негізделеді.

Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыруға (классификация жасауға) төмендегі методикалық мәселелер өлшем етіп алынады. Сөйтіп қазақ тілінен білім беру әдістері мына методикалық өлшемдерге байланысты классификация жасалады. Ол өлшемдер мыналар:

**1. Қазақ тілінен білім беру әдістері білім алу көздеріне байланысты классификация жасалады.** Сондықтан да біз оқушылардың білім мен дағдысы қайсы білім көздері негізінде келетіндігіне тоқталып өтейік: 1) оқушылар қазақ тілінен алған білімдері мен дағдысын өзін қоршаған ұжымды орталықпен қарым-қатынас жасау негізінде кеңейтеді, еңбектің барлық саласында бір-бірімен сөйлеседі, көрген-білгенін әңгіме жасайды, сөйтіп қарым-қатынас жасау негізінде белгілі бір білім негізіндерін молайтады; 2) тілдік материалдың практикалық қолданысын оқушылар көркем әдебиетті оқу үстінде түсінеді; 3) оқушылар білім мен дағдыны қазақ тіліне байланысты жүргізілетін тәлім-тәрбие және сыныптан тыс орындалатын жұмыстар бойынша алады; 4) білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша қалыптасады; 5) білім мен білік қазақ тілі оқулығы бойынша қалыптасады; 6) білім мен дағды арнайы таңдалған дидактикалық материалдар: диктанттар, мазмұндамалар, үлестірмелі карточкалар және түрлі көрнекі құралдар негізінде шоғырланады. Міне сөйтіп оқушылар білім мен дағдыны жоғарыдағы білім көздері бойынша қалыптастырады.

**2. Қазақ тілінен білім беру әдістері дидактикалық жұмыстардың мақсатына қарай классификация жасалады.** Оқушылардың терең білім алуы, сапалы меңгеруі, өздігінен жұмыс істей алуы, іскерлік дағдыларының артуы, дүниетаным білігінің кеңеюі дидактикалық жұмыстардың мақсаты болып табылады. Сонымен қазақ тілінен білім беру әдістері білім алу көздеріне негізделе отырып, практикалық дағдылардың мақсатына сай түрленеді. Білім беру әдістері өтілетін материалдардың мазмұнына, көлемі мен жүйесіне, оқушылардың логикалық ойын дамыту бағытына, өздігінен ізденіп орындалатын жұмыстардың жүйесіне, оқушылардың

икемділігі мен қабылдауына қарай, пәнге байланысты жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың мақсатына қарай жіктеледі.


**3. Қазақ тілінен білім беру әдістері ірі методист-ғалымдардың айтқан методикалық ой-пікірлеріне байланысты классификация жасалады.** Осыған орай методикаға байланысты жазылған бірсыпыра еңбектерді атап өтуге болады. Проф. А.В.Текучев «Методика русского языка в средней школе» деген еңбегінде білім беру әдістерін білім алу көздеріне қарай классификация жасауды мақұлдайды. Сондай-ақ, көптен бері оқытудың заңдылықтарын үніле зерттеп келе жатқан методист-ғалым проф. Л.П.Федоренко теориялық методиканың проблемаларын талдай келе, әдістерді бөлуге тірек бола алатын білім алу көздеріне тоқталады (Л.П. Федоренко «Принципы и методы обучения русскому языку» М., 1964), тілді оқыту методикасына байланысты жазылған құнды зерттеулер де (Ә. Исабаев «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» А., 1993, 33-б.) осы мақсатқа арналады. Мұнда білім беру әдістерінің түрлері жан-жақты талданады. Сөйтіп қазақ тілінен білім беру әдістерін оқушылардың білім алу көздеріне негізделе отырып, оларды төмендегіше классификация жасауға болады:

**1. Теориялық әдістер:** Бұл топтың түрлері мыналар: әңгіме әдісі, хабарлау әдісі, түсіндіру әдісі, тәжірибе әдісі және кітапты пайдалану әдісі.

**2. Практикалық әдістер:** дайын материалды талдау әдісі, фонетикалық талдау әдісі, лексикалық талдау әдісі, морфологиялық талдау әдісі, синтаксистік талдау әдісі, түрін өзгерту әдісі, мазмұндау әдісі, сөйлем құрату әдісі, шағын шығарма жаздыру әдісі, орфографиялық талдау әдісі, көшіріп жазу әдісі, диктант жазу әдісі, тілді әдебиет материалдарымен байланыстырып өту әдісі, түсініксіз сөздерді үйрету әдісі, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдісі, ауызша түсіндіру әдісі, ауызша мазмұндау әдісі, мәнерлі оқу әдістері.

**3. Көрнекі әдістер:** сызбаны пайдалану әдісі, кестені пайдалану әдісі, карточканы пайдалану әдісі, карточкалы дәптерді пайдалану әдісі, анықтауыш дәптерді пайдалану әдісі, магнитофонды пайдалану әдісі, радионы пайдалану әдісі,

теледидарды пайдалану әдісі, киноны пайдалану әдісі, компьютерді пайдалану әдісі.



**5.2. Әдістің іске асырылу жүйесі мен құрылымы.** Қазақ тілінен саналы да тиянақты алған білімдерін әр жақты практика жүзінде іске асыруда жүйелі жұмыс тәртібі үлкен қызмет атқарады. Сондықтан да әрқашан өнімді еңбек әдістері теориялық методика қағидаларына сай жүргізіліп отыру мақсаты көзделеді. Жоғарыда айтылған әдістерді іске асыру арнайы тандалған материалдар негізінде жүргізілетін жұмыстың психологиясына байланысты. Әдісті қашан, қай уақытта, қайсы материалдарға сай тандап іске асыру аса қиын проблема болса, өтілетін материалдардың тілдік табиғатына, информатордың дайындығына, меңгерілетін тілдік құбылыстардың мөлшеріне, жүргізіліп жатқан жұмыс мақсатына қарай іріктеп алуға мүмкіндіктер туады.

Әдістің қолданылу жүйесі білім алу көздеріне негізделе отырып, мына сияқты жұмыстың басты процестерін ескереді:

**1. Әдістің іске асырылу жүйесі материалдардың өтілу дәуірлеріне, яғни объектіні меңгертудің психологиялық**

**басқыштарына қатысты болады.** Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы бойынша бұрын өтілген материалдар мен жаңадан өтілген объектілер жөнінде оқушыларда белгілі дәрежеде ұғым, түсінік пайда болады. Бұл кезде өтілген материалдар оқушылар ойында сәулеленеді. Белгілі бір объекті логикалық ойлаудың тәсілдері мен екінші сигнал жүйелері нәтижесінде ой қорытындысы жасалады. Ой қорытындысын жасауға сеп болатын бастапқы басқыш, сәулеленуден туады. Берілген білім мен дағдыларды оқушылар белгілі дәрежеде жартылай игереді. Түсіндірілген объектілер жөнінде белгілі көлемде білім сапасын меңгертеді. Жүйелі жаттықтырылудың, мол пысықталудың негізінде толық меңгеру жүзеге келеді.

**2. Әдістің іске асырылу жүйесі материалдың ауыр-жеңіл характеріне байланысты орындалады.** Өтілетін тақырыптың өзіндік белгілері бесеуден артық болса, меңгеретін оқушыларға ауырлау соғуы мүмкін. Сондықтан да мұғалім алдымен түсіндіру әдісін талдау тәсілдерімен ұштастырады. Өткенді еске түсіру және жаңа материалмен байланыстыру мақсатында алдыңғы сабақта не берілгені жинақталады. Соған сәйкес оқушылардың түсінбеген сұрақтарына жауап беріледі. Қойылған сұрақтарға бірде оқушылар, бірде мұғалімнің өзі жауап қайтарып отырады. Бұдан кейін оқушыларға үш сөйлем карточкалар арқылы тарқатылып беріледі. Олардың өзіндік белгілерін түсіндірмелі тәсілмен дәлелдейді. Сонан кейін бүгінгі сабақта қайсы тақырып өтілетіні, оның теориялық және практикалық мәні ескертіледі. Сосын осы тақырыпқа арналған көрнекі құрал тақтаға ілінеді. Қазақ тілі материалдарының өзіндік ішкі заңдылықтары түсіндіріледі.

Мұнан кейін қазақ тілі тақырыптары туралы айтылған тілдік белгілерді қорытып, жинақтайды да, осы материал жайында оқушылардың қойған сұрақтарына жауап береді. Мұғалім материалдың ауырлығына көз сала отырып, даудылар құрамын іске асырады.

**3. Әдістің іске асырылу жүйесі материалды оқытудағы басты мақсаттарға қарай жүргізіледі.** Мәселен, жоғарыдағы жүйемен жүргізілетін түсіндіру әдіс түріне мына тәрізді мақсаттарды иелеуге болады: өткен материалды еске түсіру

оған сөйлемдер тарқатып беру, көрнекі құралды пайдалану, материалды талдау әдістері арқылы жинақтайтын дағдылар көрсету, олардың өзіндік белгілерін таныту, нақтылы жаттығу жұмыстарын көрсету.

Әдісті іске асыруда мұғалімге қиындық келтіретін проблема әдіс-тәсілдердің бір-бірімен ұштасатындығы. Белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өту үстінде әдістер кешені бір-бірімен кірігіп, көгенделіп, байланысып отырады. Мұндайда әдістің екі түрлі қызметі барлығы білінеді: 1) толық элементті әдіс; 2) аралас элементті әдіс. Толық элементті әдіс тілдік материалдардан білім беруде өзінің ішкі құрылымын істің өң бойында бүтіндей сақтайды. Сөйтіп оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды беруде жетекші қызмет атқарып, белгілі бір әдіс жүйесінде дараланып отырады. Ал аралас элементті әдіс болса, білім беруде жаппай қатысып, әрбір әдіс элементтерінің тиісті орында қызмет атқаратындығы сезіледі. Осы тақырыптың екінші пунктінде көрсетілген жүйе мен тақырыптың өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын танытуда әдістер комплексі толық қатыспай, аралас жүргізіледі. Яғни түрлі әдістердің элементтері ғана қызмет атқарады. Материалды түсіндіруде өтілгенді еске түсіру үшін талдау, түсіндіру әдістері, өздігінен істеу мақсатындағы түсіндірмелі тәсіл жаңа материалға зейінін аудару үшін хабарлау амалдары, көрнекілік тәсілдері, әңгіме әдістерінің элементтері қолданылады. Түрлі әдістер элементтерінің қосылуы теориялық материалдардың меңгеруіне жағдайлар жасайды. Әдісті іске асыруда негізгі мақсаттармен бірге тақырыпқа сай ескерілетін принциптерді ұмытуға болмайды. Мәселен, қазақ тілі тақырыптарын оқыту үстінде: әдіс элементтерін ұштастыру; оқушылардың зейінін қазақ тілі Тақырыптарына аудару; тақырыптың өзіндік белгілерін тірек ету: тақырыптың әсерлілігі мен мәнерлілігін күшейту; ауызша сөйлеу дағдысын арттыру; жазба сауаттылығын арттыру; оқушылардың өздігінен істеу белсенділігі мен саналылығын күшейту процестері басты меже бола алады.

Сөйтіп, әдістің іске асырылу жүйесі лингвистикалық фактілерді тірек етіп, психологиялық факторлар негізінде методикалық принциптер мен заңдылықтар бойынша жүзеге

асады. Таза практикалық жұмыстарды орындау тұсында түсініксіз сөздерді түсіндіру, сөйлеу тілін дамыту, мәнерлеп оқу, қосымша әдебиеттермен істеу тәсілдер кешені жұмсалады. Теориялық тілдік материалды оқытуда әңгіме, хабарлау, тәжірибе, түсіндіру, кітапты пайдалану әдістері жүйесі қолданылады. Ал әрі теориялық, әрі практикалық мақсатта жүргізілетін әдістер жүйесіне мыналар кіреді: қазақ тілі тақырыптарын талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту. Тілдік тапсырмалары бар мазмұндау, шығарма жаздыру әдістері, орфографиялық талдау, көшіріп жазу, диктантты жаздыру, орфографияны үйрету әдістері және дұрыс сөйлеу дағдысына еліктеу, тәжірибе әдісінің дыбыстау мүшелерінің қызметін түсіндіру, дұрыс айту ережелерін меңгеру, көрнекі құралды пайдалану, өлең ұйқастарының айтылуын үйрену сияқты орфоэпияны үйрету тұсында жергілікті тіл ерекшеліктерін болдырмаудың тәсілдері іске асырылады. Әдістің қолдану жүйесі әдіс-тәсілдердің өзара бөлінулерін ішкі органикалық бірлігін өзіндік ерекшеліктерін білуді өте қажет етеді. Өйткені мұнсыз оқу жұмыстарын жүйелі жүргізу қиынға соғатындығы өзінен-өзі түсінікті.

Сонымен әдістің іске асырылу тәртібі қазақ тілінен білім беру әдіс-тәсілдерінің құрылымына тікелей байланысты. Әдіс жүйесі тәсілдер элементтерінің өзара ұштастығы мен тұтастығы ретінде ұғынылуға тиісті де, ал құрылымы әдіс элементтерінің қарым-қатынасы ретінде танылуы қажет. Сондай-ақ құрылымның өзіндік белгілері болса, әдіс элементтерін байланыстырудың факторлары есебінде көрінуі тиіс. Жүйе мен құрылым бірімен-бірі дәлдей, айқындай және әдіс құндылығын растай түседі. Әдістің іске асырылу жүйесі мен әдісті құрастырушы элементтер уақыт озған сайын дамып, жетіліп отырады.

Құрылым табиғатын айқындау оны құрастырушы элементтердің бірлігін саралау, жетілдіру жалпы методиканың міндеттерінен саналады. Сондықтан да құрылымды зерттеліп отырған кезге дейінгі дамудың динамикасы тұрғысынан қараған жөн. Құрылымға теориялық шолу жасауда методика жайында айтылған пікірлерді ескеру қажет. Сөйтіп, әдістің

құрылымы, біріншіден, оны құрастыратын элементтердің кірігуі тұрғысынан, екіншіден, осы күнгі дамуы тұрғысынан қаралуы тиіс. Әдіс құрылымында оның ішкі бірлігі, тұтастығы болатындығы дәлелденіп келеді. Сондай-ақ әдіс құрылымында бірыңғай тұтастық бар, ол біртіндеп жасалып, мол Тәжірибе негізінде қалыптасады. Сондықтан да әдістің жүйесі мен құрылымдық элементтері және оның өзара байланысын зерттеу қазақ тілі методикасының теориялық мәселелерінен саналады.

**5.3. Әдістің құндылығы.** Қазақ тілінен білім беру әдістерінің құндылығын бағалап отыру күрделі мәселелердің бірі. Оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағдыны меңгертуде қайсы әдістің тиімді екенін, қайсы тәсілдің басқа тәсілдерден өнімді екенін дәл көрсетуде теориялық методика қағидалары ескеріледі. Білім мен білікті үйретудің өзіне тән әдістерін тандап, оны іске асыру саналы білім берудің кепілі бола алады. Сондықтан да біз әдістің құндылығын бағалаудың өлшемдеріне тоқтап өтпекпіз:

1) Қазақ тілінен білім беру әдісінің құндылығы ана тілін меңгертудің заңдылықтарымен өлшенеді: а) әдістің іске асуы арқылы тілдің мағыналық жақтарын меңгеруі; ә) әдістің негізінде тілдің әсерлі жақтарына назар аударуы, яғни ашық, айқын, өткір және көркемдік құндылығын түсінуі; б) жазба тіл мен ауызша тілді салыстыру нәтижесінде меңгере білуі; в) тілдің материалдық жақтарын түсінуі; г) сөйлеу мүшелері мен қолын жазуға жаттықтыра білуі; ғ) тілді үйренудің сатылы қарқынының артуы тәрізді заңдылықтарды қамту негізінде бағаланады.

2) Әдістің құндылығы оқушы еңбегінің белсенділігімен есептеледі: а) оқушының еңбекке қызығуы; ә) тілдің практикалық жұмыс қажетіне асуы, жарауы; б) өздігінен жұмыс істеуге төселуі сияқты мәселелерді қамтиды.

3) Әдістің құндылығы оқушы білімінің кеңеюі мен шоғырлануына лайықты жағдай жасауымен бағаланады: а) оқушының танымдық қабілетінің артуы; ә) кез келген еңбекті еркін орындауы; б) ұжым жұмысының қажетін өтуі бойынша анықталады.

Бала мінезінің алуан қырлары туралы үлкен еңбек қалдырған – Жүсіпбек Аймауытұлы. Педагог-ғалымның «Тәрбиеге жетекші» (Орынбор, 1924), «Психология (жан-жүйесі) мен өнер таңдау» (Мәскеу, 1926) еңбектері ұлттық тыныс-тірлік, тәрбие жұмысы мен оның шарттары жайында ой қозғайды. Ж.Аймауытұлы педагогика ғылымына қосқан елеулі еңбектерінің бірі - «Тәрбиеге жетекші». Ағартушы-психолог бұл еңбегінде тәрбие, білім жайлы негізгі ойларын ғылыми тұрғыдан тереңдетіп, дамытып, дидактика мәселелеріне ерекше ден қояды<sup>8</sup>. Ағартушы-педагог мектеп ісін, білім беру жүйесін, өмір тәжірибесін өзара бірлікте қарастыра отырып, әңгімелеу, талдау, түсіндіру, салыстыру, көрнекілік әдістерін ұсынды.

Қазақтың халық ағартушы қайраткерлерінің бай әдістемелік мұраларын зерттей отырып, олардың қазақ тілін оқыту методикасының негізін қалап, әдістер жүйесінің одан әрі дамуына зор үлес қосқанына көз жеткіземіз. Ғалым-әдіскерлердің оқу жүйесінде тұрақталған әдіс-тәсілдері қазіргі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Олар қазіргі кездегі оқытудың жаңа талаптарына сай дамып, жалғасын тауып, жаңа мазмұндағы әдістердің тууына әсер етуде.

Жалпы тілді оқыту мен үйретуде жалаң бір ғана әдісті қолдану мүмкін емес. Бұл жөнінде К.Жақсылықова: «Қазақ тілін оқыту – көп факторлы және әр жақты құбылыс. Сондықтан тілді оқытудың жалғыз әмбебап бір ғана тірек әдісін қолдану мүмкін емес. Шынтуайтына келгенде жалпы оқытудың ешқандай да бір әмбебап әдісі жоқ және бұл да мүмкін емес екенін тәжірибе дәлелдеп тұр»<sup>9</sup>, – деп жазды. Соған байланысты қазақ тілін оқыту әдістемесінде ғалымдарымыз әдістердің тұтастығы, бірлігі, жиынтығы мәселесін көтере бастады. Олар тілді оқытуда бірнеше амал-тәсілдерді аралас қолдану оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыруға, білім сапасын жоғары деңгейге көтеруге ықпал ететіндігін атап көрсетті.

---

<sup>8</sup> Аймауытов Ж. Психология, Алматы, 1992. - 127.

<sup>9</sup> Оралбаева Н, Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1996.

Ш.Сарыбаев аудару, зерттеу, сан әдістерін<sup>10</sup>, С.Жиенбаев әр мұғалім өз сабағын шығармашылық жолмен, қажет деп санаған әдістерін қолданып жүргізуіне болады деп, оқыту, жазу, дағдыландыру әдістерін ұсынды. Ы.Маманов көрнекілік, сөйлемді толықтыру, аудару әдістеріне талдау жасай келіп, оқытушы қазақ тілін оқытуда тұтас методты меңгергені жөн деп есептеді. “Оқушыларға қазақ тілінен өткен материалдарын берік меңгертіп, әрбір үйренген сөзін есінде сақтап, оны сөйлемде пайдалана алатын дәрежеге жеткізу үшін ең ұтымдысы – тұтас метод. Тұтас методты қолдану арқылы мұғалім оқушылардың қазақ тілі пәнінен жақсы үлгеруін қамтамасыз ету үшін мынадай мәселелерге ұдайы көңіл аударуы қажет: 1. Оқушылар әр сабақта үйренген жаңа сөзін сөздік дәптерлеріне жазып отырады; 2. Үйренген сөздерін сөйлемде пайдалана алатын болады; 3. Қазақ тіліне тән дыбысы бар сөздерді дұрыс жазып, дұрыс айтуға төселеді; 4. Оқушылардың сөйлем құрамында сөздердің орын тәртібін сақтап, сөйлемді дұрыс құрауына жаттықтырады”, - деп атап көрсетті.

С.Рахметова қазақ тілін оқыту әдістерін жинақтап, жүйелей келіп, оқу-таным әрекетінің басынан бастап соңғы нәтижесіне жеткенге дейінгі аралықты толық қамтитын негізгі үш топқа бөліп қарастырады:

1) Оқу-таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыру әдістері;

2) Оқу-таным әрекетіне түрткі (мотивация) жасау, әсер ету әдістері;

3) Оқу-таным әрекеттерінің тиімділігін тексеру әдістері»<sup>11</sup>.

Ә.Исабаев: «Әдіс теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім-тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны практика жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді. ...Қазақ тілінен білім беру әдістері – оқушыларға білім мен білік және дағды

---

<sup>10</sup> Сарыбаев Ш. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. -Алматы, 1996.

<sup>11</sup> Рахметова Р.С. Сөз тіркесі синтаксисі және оны оқыту әдістемесі. -Алматы, 2003.

беру жолында жүргізілетін тәсілдердің ішкі әрекеті жиынтығы», - деп атап көрсетті<sup>12</sup>.

Профессор Ф.Ш.Оразбаева сөйлеу әрекетін дамытудағы ең тиімді әдіс ретінде қатысым әдісін ұсынып, оны оқыту әдістерінің барлық түрлеріне қатысты ерекшеліктерді меңгерген деп атап көрсетті<sup>13</sup>.

Осындай дәстүрлі және жаңашыл әдістердің өзара тұтастығын, байланысын берік сақтай отырып жүргізілген үздіксіз ізденістер арқылы қазақ тілін оқытуда нақты нәтижелерге жету үшін бүгінгі заманға лайық жаңа мазмұндағы әдіс-тәсілдерді айқындап, оқу үдерісіне енгізу өте маңызды.

Оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды беру оқыту әдістерінсіз жүзеге аспайды. Оқушылардың қазақ тілінен алған білімі мен білігін, дағдысын қалыптастыру жолында мұғалімнің жүргізген жұмысы оқыту әдістеріне тікелей байланысты.

**Оқыту әдісі дегеніміз не?** Педагогика теориясында бұған мынадай анықтама берілген: «...Білім беру әдістері оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және оқушылар жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орындалатын тәсілі».

Қазақ тілін оқушыларға меңгертуде оқыту әдістерін тиімді, жүйелі қолдану өз нәтижесін беретіні сөзсіз. Әдіс (методос деген грек сөзі — зерттеу немесе таным жолы) — тәсілдер жиынтығы. Оның бастапқы ұғымы «зерттеу» деген мағынаны берген. Бертін келе алғашқы мағынасы кеңейіп, «белгілі бір пәнді оқытудың әдісі» дегенді білдіреді. Әдіс педагогикалық әдебиеттерде тәсіл деп түсіндіріледі. Педагогикалық энциклопедия «Оқыту әдістері» — мұғалім мен оқушылар жұмысының тәсілдері, солардың көмегімен білімді, іскерлікті және дағдыны игереді, оқушылардың дүниетанымы қалыптасады, қабілеттер дамиды, — деп жазылған. Демек, оқыту әдістері — мұғалім мен оқушылардың оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекетінің

---

<sup>12</sup> Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. -Ташкент, 2003.

<sup>13</sup> Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 2005.

тәсілдері. Оқыту әдісін осылай дидактика тұрғысынан түсіндіру жалпы философиялық анықтамаға сай келеді. Әдіс — дәл жалпы мағынасында мақсатқа жету іс-әрекетін нақты ретке келтіру тәсілдері.

Сонымен оқу әдістері оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызуы тиіс, яғни, оқушылардың ойын дамытады, өз бетінше ізденіп жаңа білімді игеруге ықпал жасайды. Оқыту әдістері ғылыми таным әдістеріне байланысты, өйткені, оқытуда ең бастысы оқушылардың танымдық іс-әрекеті. Ғылыми танымға қатысты бірсыпыра ережелер оқушылардың танымдық іс-әрекетінде қолданылатын оқыту әдістерінің ерекшелігін анықтайды. Бұл ережелер: оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді; оқыту әдістері практика мен теорияны жақындастырады; оқыту әдістері шындықты тануға әрекет жасайды; идея нақты өмір мәліметтерінен қорытылады. Осы ережелердің бәрі оқушылар көзқарасының қалыптасуының, таным қабілеттерінің дамуының негізі болады. Оқыту әдісі мақсатқа жетудің саналы түрде қолданылатын тәсілі, ал мақсатқа жету мұғалімнің шеберлігіне, оның оқыту процесін тиімді ұйымдастыра білуіне, оқушылардың даярлық дәрежесіне, мұғалім мен оқушылардың белсенділік педагогикалық ынтымақтастығына байланысты. «Оқыту әдісі» және «әдістемелік тәсіл» ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты. Әдістемелік тәсіл оқыту әдісінің элементі (компоненті, құрамды бөлімдер). Мысалы, жеке сөздерді түсіндіру, суреттерді демонстрациялау т.б. «Әдіс» пен «тәсілдің» шекарасы өте жылжымалы, құбылмалы, сондықтан олардың шекарасын анықтау өте қиын. Өйткені, әдіс кейде тәсілге, ал әдістемелік тәсіл оқыту әдісіне айналады. Мысалы:

1. Егер мұғалім баяндау процесінде суреттерді демонстрациядан көрсетсе, онда демонстрация әдістемелік тәсілге жатады.

2. Оқушылар зерттеу негізінде суреттермен танысып, тақырып бойынша нақты білім алса, онда суреттерді демонстрациялау әдіске, ал баяндау тәсілге жатады.

3. Лабораториялық сабақтың мәнін және мағынасын анықтайтын әңгіме әдіс ретінде қолданылады.

4. Егер оқушылар лабораториялық тапсырманы өз бетінше орындауға кіріссе, ал мұғалім сол дербес жұмыс процесінде тек әңгіме элементтерін қолданса, әңгіме тәсіл ретінде пайдаланылады.

Әдіс және тәсіл педагогикалық ұғым. Олар жеке пәндерді оқытуда қолданылады. Мысалы, тарих сабақтарында хронологиялық әдіс, арифметикада бүтін (тұтас) сандар әдісі, химияда және физикада лабораториялық, практикалық жұмыстар қолданылады. Оқыту әдістері мен тәсілдері жайындағы зерттеу мәліметтері мұғалімдер арасында әлі де бірыңғай түсініктердің жоқтығын көрсетті. Әдіс және тәсіл туралы сіздің түсінігіңіз қалай деген сұраққа жауап берген мұғалімдердің 40 проценті әдіс, әдістемелік тәсілмен теңдес, бұл екі ұғым бірдей деп түсіндіреді. Бұған қарағанда, әдістер мен тәсілдер туралы кейбір мұғалімдердің педагогикалық ғылымның соңғы жетістіктерімен таныс емес екені байқалады. Сондықтан мұғалімдердің білімін көтеру жүйесінде бұл проблемаларға ерекше көңіл аударылуы қажет.

Қазіргі жағдайда білім беру ісін одан әрі жетілдіру мақсатымен оқыту әдістерін бірыңғай жүйеге келтіру басты мәселелердің бірі. Бірақ бұл жөнінде ғалымдар арасында бірыңғай көзқарастардың жоқ екені байқалады. Мұның себебін қалай түсіндіруге болады. Мысалы, кейбіреулер оқыту әдістері жіктеудің негізгі етіп білім көзін, екінші біреулер дидактикалық міндеттерді, ал, қайсы біреулер оқушылардың танымдық іс-әрекетін негізге алады т.б. Екіншіден, оқыту әдістері мен тәсілдерінің шекарасы жылжымалы болады деп жоғарыда айтылған. Сондықтан оқыту процесінде кейде әдіс тәсілге, ал тәсіл әдіске ауысып отырады. Үшіншіден, бір әдіс әр түрлі дидактикалық мақсаттарға қызмет өтеді. Мысалы, әңгіме әдісі жаңа білімді меңгеру, білімді, іскерлікті дағдыны тексеру, дидактикалық міндеттерін шешуде қолданылады.

Ю.К.Бабанский бірсыпыра Ресей ғалымдарының (Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, А.Н.Алексюк, М.И.Махмутов, С.Г.Шаповаленко т.б.) оқыту әдістері жіктеуіне сүйеніп, оларды үш топқа бөлуді ұсынды.

1. **Оқу-танымды іс-әрекетін ұйымдастыру және іске асыру әдістері:** сөздік әдістері (әңгіме, әңгімелеу, лекция); көрнекілік әдістері (иллюстрация, демонстрация, оқу теледидары); практикалық әдістер (жазба жаттығулар, лабораториялық, практикалық жұмыстар, тәжірибе және бақылау, оқушылардың өндірістік бригадаларында, шеберханаларда, еңбек тапсырмасын орындау, оқыту машиналарымен жұмыс, дыбыс жасап шығарушы аппаратуралар т.б.); индуктивті және дедуктивті әдістер; репродуктивті, проблемалы ішінара іздену әдістері, өз бетінше жұмыс істеу әдістері.

2. **Оқу-танымдық іс-әрекетінің ынталандыру әдістері оқушылардың танымдық ықыласын қалыптастыру әдістері;** оқудағы жауапкершілікті қалыптастыру әдістері; оқудағы жауапкершілік және міндетті ынталандыру әдістері; оқудың қоғамдық және жеке адамның маңыздылығын түсіндіру, оқыту талаптарын қою, мадақтау, ұялту.

3. **Оқу-танымдық іс-әрекетінің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері:** ауызша бақылау әдістері; жазбаша бақылау әдістері; лабораториялық бақылау әдістері; машиналы бақылау әдістері; өзін-өзі бақылау әдістері.

**Әңгімелеу әдісі.** Мұғалім оқу материалын бірізділікпен баяндайды. Ол үшін материалды айқын, сенімді етіп бейнелейді. Фактіге негізделген мәліметтер әңгімелеу түрінде сөз етіледі. Әңгімелеуде талдау, жинақтау тәсілдері пайдаланылады. Әдетте, әңгімелеу, бастауыш сыныптарда 10-15, ал жоғары сыныптарда 20-25 минутқа созылады. Әңгімелеу әдісі көбінесе тіл, әдебиет, тарих, география сабақтарында қолданылады. Сабақтың қалған уақытында оқушылар мұғалімнің басшылығымен әр түрлі жұмыстарды өз бетінше орындайды.

Әңгіме әдісі сабақта сұрақ-жауап формасы түрінде қолданылады. Сондықтан мұғалім алдын-ала жоспар жасап, онда сұрақтардың жүйесін мұқият ойластырады. Бұл оқушылардың білімін тақырып бойынша логикалық бірізділікпен анықтауды қамтамасыз етеді. Әңгімені осылай өткізу оқушылардың ойлау белсенділігін арттырады. Оларды

басты және өте маңызды мәселелердің мазмұнын, өзара байланысын анықтауға талаптандырады. Оқушыларды болжауға бағыттайды, өз ойларын дәлелдеуге мәжбүр етеді. Әңгіме әдісінің барлық процесі өтілген оқу материалын жүйеге келтіруге және жинақтап қорытуға мүмкіндік береді.

**Түсіндіру әдісі.** Мұғалім оқу материалын баяндауда оқушылардың белсенділігіне, ынтасына, білім деңгейіне сүйенеді, материалдың мазмұнын дәлелдейді, кейбір ережелердің, ұғымдардың, заңдардың мәнін ашады. Материалды түсіндіруге түрлі құралдарды, есептер шығаруды, жазып алуды кең түрде қолданады, оқушылар баяндау процесінде мұғалімнің сұрақтарына жауап береді, байымдайды, дәлелдеуге тырысады. Мұғалім түсіндіру әдісі бойынша оқушылардың іс-әрекетін басқарудың барлық мүмкіншіліктерін пайдалана білсе, онда оқушылар жаңа материалды қабылдай отырып, өткен сабақта алған білімін салыстырады, талдайды. Мұғалімнің басты міндеті оқушылардың танымдық, іс-әрекетінің ішкі процесін сезу, күдікті және қиын мәселелерді күні бұрын болжау, оларды болдырмаудың жолдарын іздестіріп, оқушыларға көмектесу.

Түсіндірме-иллюстративті әдісті ақпараттық-рецептивті әдіс деп те атайды, өйткені ол мұғалім мен оқушының іс-әрекетін бейнелейді.

**Практикалық әдіс.** Бұл әдіс оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерінде қолданылады. Практикалық сабақтар мектеп шеберханаларында, оқу-тәжірибе учаскелерінде, оқушылардың өндірістік бригадаларында, оқу-өндірістік комбинаттарында өткізіледі. Оқушылар практикалық сабақтарда оқыту машиналары ЭВМ, компьютер арқылы түрлі тапсырмаларды орындайды.

Мұғалім ауызекі сөздердің (әңгіме, лекция, түсіндіру), баспа сөзінің (оқулық, қосымша әдебиеттер), көрнекі құралдардың (суреттер, кестелер, кино-диафильмдер, натуралды объектілер), практикалық жұмыстардың (тәжірибе көрсету, станокта жұмыс істеу, есеп шығару, шығарма жазу, аннотация жазу т.б.) көмегімен сабақта балаға білім беруді іске асырады.

Сабақ үстінде оқушылар тыңдайды, көреді, оқиды, бақылайды, сабақ үстінде тапсырманы орындайды.

**Репродуктивті әдіс** — бұл әдістің негізгі белгісі еске түсіру және мұғалімнің тапсырмасы бойынша іс-әрекетінің тәсілін қайталау болады.

Көрсетілген іс-әрекетінің тәсілдерін және оқушыларға жарияланған білімді бірнеше рет еске түсіру арқылы тапсырмалар жүйесі бойынша мұғалім олардың іс-әрекетін ұйымдастырады. Мұғалім мазмұны әр түрлі тапсырмалар береді, оқушылар оларды орындайды, нұсқау бойынша түрлі тәжірибені орындайды т.б. Нұсқау тәсілдерін жетілдіру мақсатында жазба нұсқаулар, схемалар пайдаланылады, кинофильмдер көрсетіледі, ал еңбек сабақтарында әр түрлі тренажерлер қолданылады. Бұл әдіс тек қана оқушылардың іс-әрекеттерін сипаттайды, ал екінші жағынан мұғалімнің іс-әрекетін ұйымдастырушы, талаптандырушы деп қарастыруға болады. Осы әдісті жүзеге асыруда алгоритмдеу үлкен роль атқарады.

Дедукциялық әдіс дегеніміз – белгілі грамматикалық анықтаманы айтып, соңынан мысал келтіре отырып түсіндіру, яғни жалпыдан жалқыға қарай жүргізіледі.

Индукциялық әдіс бойынша белгілі бір грамматикалық анықтама мысалдарды талдағаннан кейін барып айтылады, яғни жалқыдан жалпыға қарай жүргізіледі.

Қазақ тілін зерттеуші әдіскер-ғалымдар оқыту әдістерін төмендегідей саралайды:

Х.Арғынов синтаксистен оқушыларға білім беруде мынадай оқыту әдістерін пайдалануды тиімді деп санайды: байқау әдісі; түсіндіру әдісі; әңгіме әдісі.

Ал Ә.Исабаев болса, қазақ тілінен білім беру әдістерін былайша топтайды:

– Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері (Қазақ тілін әдебиет материалымен байланыстырып өту әдісі, түсініксіз сөздерді үйрету әдісі, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдісі, ауызша түсіндіру әдісі, ауызша мазмұндау әдісі және мәнерлеп оқу әдісі).

– Қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістері (Әңгіме әдісі, хабарлау әдісі, түсіндіру әдісі, тәжірибе әдісі, кітапты пайдалану әдісі).

– Қазақ тілін теориялық және практикалық жақтан үйрету әдістері (дайын материалды талдау әдістері, фонетикалық талдау әдістері, морфологиялық талдау әдісі, синтаксистік талдау әдісі, тілдің материалдың түрін өзгерту әдісі, тілдік тапсырмалары бар мазмұндау әдісі, қазақ тілі бойынша сөйлем құрату әдісі, тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісі, орфографиялық талдау әдісі, көшіріп жазу әдісі, диктант жазу әдісі)<sup>14</sup>.

З.Бейсембаева мына әдістерді көрсетеді: табиғи әдіс, сұрақ-жауап, сурет әдісі, сөйлем мен сөзді толықтыру, мәтінмен жұмыс әдісі<sup>15</sup>.

Профессор Н.Оралбаева, К.Жақсылықова «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі»<sup>16</sup> оқулығында қазақ тілін оқытумен байланысты мына әдістерді көрсетеді: баяндау, түсіндіру, ойландыру, жалқылау, жалпылау, әңгімелесу, еліктеу, жаттығу, ана тілімен салыстыру, көрнекілік, топ, экскурсия әдісі.

Ж.Сүлейменова әдістерді жалпыдидактикалық және жеке пәндік деп екі топқа бөліп қарастырады.

Жалпыдидактикалық топқа ауызша хабарлау немесе сөз әдісі (баяндау, түсіндіру, әңгімелеу, пікірталас, дәріс); көрнекілік әдісі (иллюстрациялау, демократиялау), бейне әдіс (электронды оқулық), практикалық әдіс (жаттығу, тәжірибе жасау, экскурсия), кітаппен жұмыс жасау әдісін жатқызады.

Жеке пәндік топқа ана тіліне сүйену немесе салыстыру (еліктеу, аударма, грамматикалық талдау, коммуникативті-ситуативтік, драматизациялау); лингвистикалық сөздіктермен жұмыс (сан әдісі); аппроксимация, грамматикалық ойын әдісін жатқызған.

---

<sup>14</sup> Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. -Ташкент, 2003.

<sup>15</sup> Бейсембайева З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002.

<sup>16</sup> Оралбаева Н, Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 1996.

Әдіскер-ғалым К.Назарғалиева оқыту процесіндегі негізгі мақсат – таным-білімді меңгеру және меңгерту, оқытушы мен оқушының әрекеттерінен тұрады, сондықтан оқыту әдістерін саралауға өзге емес, осы қағида басшылыққа алынуға тиісті деп, оқыту әдістерін екі топқа бөліп топтастырады.

– Оқыту әдістері: ауызша баяндау, информациялық хабарлау, түсіндіріп оқыту, әңгімелеу, демонстрациялау, экскурсия, тексеру, жүйелеу, бағалау.

– Оқу әдістері: әңгімелесу, оқулықпен, кітаппен, қосымша материалмен жұмыс, жоспарлау, тапсырманы орындау, бақылау, зерттеу, қайталау, графикалық жұмыс, жаттығу, оқыған материалын баяндау.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Білім беру әдістерінің анықтамасын айтып беріңдер?
2. Тәсіл элементтері деп нені түсінеміз?
3. Әдістерді классификация жасаудың өлшемдерін түсіндіріңдер.
4. Әдістің топтары мен түрлерін айтып беріңдер.
5. Әдістің құндылығы неде?

## **6-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҚАЛЫПТАРЫ /ФОРМАЛАРЫ/**

**6.1. Оқыту қалыптары классификациясы.** Мектеп оқушыларына білім мен дағды беруде қазақ тілінен өтілетін оқыту қалыптарының мәні орасан. **Білім беру ісін ұйымдастырудың сыртқы әрекеті қалып** деп аталады. Мұғалімнің жүргізетін жұмыстары оқыту қалыптары бойынша алып барылады. Білім беруде мұғалім ойында мынадай мақсаттар туралы: оқушыларға білім негіздерін түсіндіру, сол білімді бекітіп, талдап есінде қалдыру, алған білімін тексеріп отыру және өздігінен толықтырған білімдерін күнделікті өмір қажетіне пайдалана білу мақсаттары көзделеді. Қазақ тілінен білім мен дағды беруде, оқыту қалыптарының өзіндік белгілерін білудің мәні орасан. Ол белгілер мыналар: 1) сыныпта дайындық дәрежесі бірдей тұрақты оқушылар құрамының болуы; 2) белгілі бір сабақ кестесінің болуы; 3) оқыту қалыптарының белгілі бір орында (сынып кабинетте) жүргізілуі; 4) сабақ

жоспары негізінде білім мен дағдының берілуі; 5) сабақта білім беру әдісінің жан-жақты қолданылуы; 6) барлық және жеке сынып оқушыларымен практикалық жұмыстардың жүргізілуі оқыту қалыптарының өзіндік ерекшелітеріне кіреді. Оқыту қалыптарын жетілдіре түсу оқу-тәрбие жұмыстарын ұтымды ұйымдастырумен тікелей байланысты. Оқыту мазмұнын терендетуде сабақтың сапасын арттырған мақұл. Сабақтың сапасы мұғалімнің жаңаша жұмыс істеуін, өз жұмысын анық бағытпен ұйымдастыруын талап етеді.

Оқыту мен оның құрылымын жетілдіру мектеп реформасының басқа міндеті болып табылады. Жас шәкірттерге ғылымның сан-алуан айналысынан білім беріп, оларды тәрбиелеу үнемі сабақ барысында жүргізіледі. Мұғалім сабақтың тақырыбына лайықты мақсаттарын қоя отырып, оқушылардың жүйелі дағды алуын, уақытты дұрыс пайдалануын дамыта отырып оқытады. Сөйтіп ұстаз білім беру мен тәрбие жұмыстарын шебер сабақтастырғанда ғана сабақтың сапалық деңгейін жоғары сатыға көтере алады. Білім беру процесінде дидактика ғылымының озық жетістіктеріне негізделі отырып, оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын сабақтың тиімді де тартымды жүйесін ұйымдастырудың мәні үлкен. Мұндай жұмыс мұғалімнің шығармашылық ізденісін кеңейтіп, көп еңбек етуге, көптеген білім беру құралдарын оқып, үйретуге, жаңа педагогикалық технологияны өз сабағында мейлінше пәрменді пайдалануға мүмкіндік туғызады. Сабақ өткізетін барлық сыныптарда бір түрлі білім беру құралдарымен жұмыс істеу мүмкін емес. Әрбір оқытушы білім берудің мазмұны мен көлемін дәл және тиянақты анықтауы тиіс. Оқушылар білімнің ғылыми негіздерінен жан-жақты мағлұмат алады. Сондықтан да бүгінгі сабаққа қойылатын дидактикалық-лингвистикалық талаптар күрделене түседі. Мұғалім оқушының сана-сезіміне әсер ете отырып, дұрыс пікірлеуге үйретеді. Сабақ өнімділігінің басты белгісі-оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділігін арттыру, өзіндік жұмыстарды сапалы орындаудың тиімді технологиясын сұрыптау. Білім сапасын кем балды рейтинг жүйесі арқылы тексеру оқушылардың жинақылық ой-өрісін дамытады. Оқыту қалыптары мазмұнына қарай мына сияқты

тілдік материалдар негізінде іске асырылады: фонетика бойынша оқыту қалыптары, лексика бойынша оқыту қалыптары, морфология бойынша оқыту қалыптары, орфография бойынша оқыту қалыптары, орфоэпия бойынша оқыту қалыптары, синтаксис бойынша оқыту қалыптары, пунктуация бойынша оқыту қалыптары, тіл ұстарту бойынша оқыту қалыптары және тіл мәдениеті бойынша оқыту қалыптары болып жіктеледі. Сонымен бірге қосымша өтілетін сабақтар да алып барылады. Оқыту қалыптары мамандардың қатысына қарай ашық және жабық сабағы болып бөлінеді. **Мамандардың толық қатысымен өткен қалып ашық сабақ** деп аталады. Ал **мұғалімнің бір өзі қатысқан қалып жабық сабақ** деп аталады. Сабақ процесінде оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды берумен бірге дидактикалық мысалдар арқылы да тәрбие беруді ұмытуға болмайды. Сондықтан да мұғалім оқушылардың барлығына қазақ тілі материалдарын толық меңгертуі, қажетті білік, дағдыларды игерту, сабақтың дамытушы және тәрбиелік қызметін іске асыруы тиіс. Ол үшін мұғалім материалды баяндау процесінде уақытты тежеп жұмсап оқушылардың толық түсініп бақылауына жағдай жасағаны мақұл. Сонымен бірге мұғалім оқушының білімге деген ықыласы мен қызығуын арттырып отырған жөн. Оқушылардың белсенділігін арттыруда, олардың өз бетінше істеу жұмыстарын ұйымдастырып, іздеу, зерттеу іскерлігін дамытып отырған жөн.

Сабақта мұғалім мен оқушының ынтымағын нығайту мәселесі бірінші орында тұрады. Бұл – өзінен өзі іске аспайтын жұмыс. Мұғалімнің қазақ тілі сабағында оқушы мен үнемі жүйелі жүргізген жұмыстарына байланысты қаралады. Мұғалім оқушыларға білім алудың қажеттілігін білдіреді де, олардың қолынан белгілі бір іс келетініне сендіреді. Мектепте өтілетін қазақ тілі материалдарын жинақтап, бір тақырыпқа біріктіріп сиыстыру, яғни білімді блоктау – сабақ уақытының негізгі резерві. Сабақтың әрбір кезеңін толық өз мақсатына қарай пайдаланғанда ғана білімді меңгеруге қажет уақыттың жалпы мөлшері кемиді.

Оқыту қалыптарын классификация жасау проблемасы қиын да күрделі методикалық мәселелерден саналады. Осы күнге

дейін методика теориясында сабақтарды классификация жасау мәселелері толық сөз етілмеген. Мектеп оқушыларына әрбір өтілетін білім мен дағды берілетіні белгілі. Сабақтың осы білім мен дағды беру ерекшелігіне қарай, оларды классификация жасаудың өлшемдеріне мыналарды жатқызуға болады: 1. Сабақта оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім негіздері меңгертіледі. Теориялық білім негіздеріне өтіліп отырған тақырыптың термині, тілдік материалдардың өзіндік белгілері, жасалу жолдары, анықтамалары мен ережелері кіреді. Сөйтіп оқушыларға білім көлемі мен білім жүйесі меңгертіледі. Оқу пәндерінің негізгі ұғымдары мен жетекші идеялары барынша айқын беріліп, оларда ғылым мен практиканың жаңа жетістіктерінің белгілі көлемде көрініс табуы қажет. 2. Оқушыларға қазақ тілінен практикалық дағды қалыптастырылады. Қазақ тілінен мектеп оқушыларына берілетін білім көлеміне лайықты дағды түрлері жаттықтырылады. Әрбір пән мен сынып бойынша оқушылар игеруге міндетті білік пен дағдылардың тиімді көлемі анықталуы тиіс. Оқушыларға берілетін білім көлемі теориялық материалдардың өзіндік белгілеріне сай таңдалады. Сөйтіп оқушыларға дене дағдысы мен ой дағдысы беріледі. Дене дағдысына кинестетикалық түйсіктер: тамақ қуысы, ерін, тіс, тіл, таңдай, дауыс шымылдығы, мұрын қуысы мүшелерінің қызметіне қалыптастырылады. Ой дағдысы материалдың өзіндік белгілерін, терминін, анықтамасы мен ережесін игертеді. 3. Оқыту қалыптарын классификация жасауда мектеп жөніндегі құжаттар негізге алынады. Жалпы білім беретін мектептерді дамыту, білім мазмұны тұжырымдамалары, базистік оқу жоспарлары, білім туралы заң, пәнді оқыту тұжырымдамалары, мемлекеттік білім стандарты құжаттарында сабақта білім мен дағды қалыптастырудың мәнін айырықша атап өтеді. Білім мен дағды беру міндеттері осы күнгі қазақ тілі бағдарламалары мен оқулықтарында да толық айтылған.

Оқыту қалыптарын классификация жасауда көрнекті методист-ғалымдардың пікірлері ескеріледі. Академик А.В.Текучев өзінің еңбегінде оқушыларға білім мен дағды

берілетіндігін түсіндіреді<sup>17</sup>. Ал профессор Л.П.Федоренко өз еңбегінде теориялық білім мен практикалық дағдының мәнін жан-жақты толық талдау жасайды<sup>18</sup>. 5. Сабақта білім мен дағды меңгерту проблемалары педагогика теориясында толық баяндалады. Сөйтіп, жоғарыдағы айтылған өлшемдерге негізделе отырып, оқыту қалыптарын төмендегіше классификация жасауға болады: 1. **Түсіндіру қалыптары.** Бұған мына сабақтар кіреді: **жаңа қалып, біріккен қалып, лекция қалпы, зерттеу қалпы, қосынды қалып, көрініс қалпы.** Іздендіру мақсатында жүргізілетін оқыту қалпын *зерттеу сабақ* дейді. Тіл мен математика ұғымдарының бірігуін қосынды қалып дейді. Бірнеше сабақ элементтерінің қосындысын *көрініс қалпы* деп жүргізеді. 2. **Пысықтау қалыптары.** Бұларға мына сабақтар жатады: **практикум қалпы, конкурс қалпы, конференция қалпы, бекіту қалпы, семинар қалпы, қайталау қалпы, ойын қалпы.** Пысықтау қалпы оқушылардың дене және ой дағдыларын ширату үшін өткізіледі. Бекіту қалпы оқушылардың қазақ тілінен күнделікті алған білімдерін нығайтып отыру үшін өткізіледі. Практикум қалпы тілдік материалдарға жаттықтыра түсу мақсатында өткізіледі. Конкурс қалпы оқушы ойынын жетіктігін байқау мақсатында жүргізіледі. Баспасөз конференция қалпы оқушылардың іскерлігі мен танымдық белсенділігін арттыру мақсатында өткізіледі. Семинар қалпы білім мен білік және дағдыны толықтыра түсу мақсатында жүргізіледі. Қайталау қалпы еткен қазақ тілі материалдарын оқушылар ойында толық қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Ойын қалпы қазақ тілі материалдарын нығайта түсу мақсатында алып барылады. 3. **Сынау қалыптары.** Бұлар мыналар: **тексеру қалпы, талқылау қалпы, сынақ қалпы, коллоквиум қалпы, рейтинг-тест қалпы.** Тексеру қалпы оқушылардың қазақ тілінен алған білімдер каншалықты меңгерілгендігін байқау мақсатында алып барылады. Талқылау қалпы оқушылардың ауызекі тіліндегі және жазба жұмыстарындығы жіберген қателерін арнайы талдау мақсатында өткізіледі. Сынақ қалпы қазақ тілінен алған

---

<sup>17</sup> Текучев А.В. «Методика русского языка в средней школе», М., 1980. – 23 б.

<sup>18</sup> Федоренко Л.П. Принципы обучения русскому языку, М., 1993. – 73 б.

білімі мен дағдысын бір жүйеге түсіру мақсатында жүргізіледі. Коллоквиум қалпы оқушылардың білімін бір ізге түсіру мақсатында алып барылады. Рейтинг-тест қалпы оқушылардың алған теориялық білімі мен дағдысын білікке айландырып, байқап көру мақсатында жүргізіледі. Оқыту қалыптарын төмендегідей кестемен өрнектеуге болады:



**6.2. Оқыту қалпының құрылымы.** Оқыту қалпының негізгі топтары сабақ құрылымдары элементтерінің жиынтығы болып табылады. Оқыту қалпының бұл құрылымдық элементтері әр түрлі методикалық жүйе бойынша іске асырылады. Қалыптың құрылымдық элементтері тәлім-тәрбие берудің мақсатына, материалдың өтілу тәртібіне, өзіндік белгілерінің санына, оқушының дайындық дәрежесіне қарай ауысып отырады. Мәселен, жаңа өтілетін материалдың өзіндік белгілері көп болған кезде, яғни, 5-тен артық болған уақытта мұғалім материалдың өзіндік белгілерін, олардың айырмашылықтарын, анықтамалары мен ережелерін түсіндіруден бастап практикалық дағдыларды өз бетінше іздендіріп орындауға жұмылдырады. Сондай-ақ өткенді еске түсіру, үй тапсырмасын беру және оны тексеру, өткенді сұрау және бекіту сияқты сабақ құрылымдары әр сабақ түрінде кездесіп отырады. Сонымен бірге мұғалім әр сабақтың құрылымдық элементтерін түрліше бағытта іске асырады. Мысалы, жаңа материалдың өзіндік белгілері ауырлау болған кезде, мұғалім осы материалды бірден, яғни, тақырыптың өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын, олардың айырмашылықтарын және соларға лайықты таңдалған

дидактикалық мысалдарын түсіндіруден бастайды. Осыдан кейін тақырыптың өзіндік белгілеріне қарай анықтамалары мен ережелерін шығарады. Сонан соң осы материал бойынша оқушылардың өздерін іздендіріп, практикалық жаттығулар өткізеді.

Мұғалім жаңа материалды сыныпта меңгертіп, үй тапсырмасын бермеу мақсатында сабақтың құрылымдық элементтерін төмендегі жүйемен алып барады. Өткен материалды еске түсіре отырып, жаңа материалды жан-жақты меңгертеді. Оқулықтағы материалды бірер оқушыға дауыстап оқытады. Сонан соң осы өтіліп отырған жаңа материалға сай жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Оқушылардың түсініп, меңгеруін есептей отырып, үй жұмысын тапсырмайды. Осы тәрізді сабақты біріккен сабақ түрімен іске асыруда оның мынадай құрылымдық элементтері қатысады. Мұғалім өткен материалды еске түсіріп, үй тапсырмасын тексереді және оны пысықтап қайталайды. Бұдан кейін өткен материалға байланыстыра отырып, жаңа материалдың өзіндік белгілерін түсіндіреді. Жаңа материалдарға сай практикалық дағдылар құрамын алып барады. Осы тақырыпқа лайықты үй жұмысын тапсырады. Сондықтан да қазақ тілі сабағының құрылымдық элементтерін дұрыс танудың рөлі орасан. **Қазақ тілі сабағының құрылымдық элементтері мыналар:** 1) өткенді еске түсіру; 2) тақырыптың көлемі мен жүйесін түсіндіру; 3) бекіту және қайталау мақсатында жаттығу жұмыстарын жүргізу; 4) үй тапсырмасын беру; 5) үй тапсырмасын тексеру; өтілгенді сұрау; 6) оқушылар жұмысына барлау жасау; 7) оқушылар еңбегін бағалау.

Қалыптың бұл тәрізді құрылымдық элементтері істелетін жұмыстың мақсатына, материалдың көлемі мен жүйесіне қарай жүзеге шығарылады. Жазба жұмыстарын жүргізу, түрлі талдау жұмыстарын өткізу және дидактикалық материалдармен жұмыс істеу барысында түрліше уақытты, әр түрлі жұмыс тәртібін және түрлі әдістер мен тәсілдер жүйесін пайдалануды керек етеді. Сабақты тиімді де құнды әдістермен өткізу және оны жүйелі де жоспарлы жүргізу сабақ элементтерінің толық қатысуына мүмкіндік жасалады.

### **6.3. Оқушыларға үй тапсырмасын беру және тексеру.**

Оқушыларға үй тапсырмасын беру – қазақ тілін оқыту процесіндегі ең басты да қажетті оқыту қалпының құрылымдық элементтерінің бірі болып табылады. Қазақ тілі бойынша оқушылардың теориялық білімді жете меңгермеуі көбінесе осы үй жұмысын дұрыс ұйымдастырмаудың нәтижесінде өз көрінісін табады. Үй тапсырмасы сынып жұмысына байланысты түрде іске асырылады. Үй тапсырмасының көлемі оқушыларға оншалық ауырлық, қиындық тудырмайтындай дәрежеде және өткен тақырыпқа орай болуы қажет. Қазақ тілі бойынша берілетін үй еңбегі белгілі параграфқа, анықтама, ережеге және оқулық тағы теориялық материалдарға сай жүргізіледі де, жазба түрдегі жаттығу жұмысының қатар жолдары 1-сыныпта 1-ден 2-ге дейін, 2-сыныпта 2-ден 3-ке дейін, 3-сыныпта 4-тен 5-ке дейін, 4-сыныпта 5-ден 6-ға дейін, 5-сыныпта 7-ден 8-ге дейін, 6-сыныпта 9-дан 11-ге дейін, 7-сыныпта 12-ден 15-ке дейін, 8-сыныпта 16-дан 20-ға дейін, 9-сыныпта 21-ден 25-ке дейін, 10-сыныпта 26-дан 30-ға дейін, 11-сыныпта 30-дан 35-ке дейін болады. Қазақ тіліне байланысты жүргізілген методикалық эксперименттің жақсы нәтижелеріне қарағанда, үй жұмысын беру әр сыныпта оқушылардың төмендегі уақыт ішінде орындай алу мүмкіндіктерін ескере отырып беруді мақұлдайды: 1-сыныпта 13-15 минут ішінде, 2-3-сыныптарда 16-25 минут ішінде, 4-5-сыныптарда 26-30 минут ішінде, 10-11-сыныптарда 40-45 минут ішінде орындай алатындай еңбектер тапсырылады. Егер берілген теориялық материал оқушылардың меңгеруі үшін оншалық қиындық келтірмейтін болса, онда оларға бір тақырыпқа байланысты екі жаттығуды беруге де болады.

Мазмұнына қарай үй тапсырмасын фонетикаға, лексикаға, дыбыс жүйесіне, орфографияға, морфологиялық материалдарға, орфоэпияға, синтаксиске және тіл ұстартуға байланысты беріледі. Сонымен бірге үй жұмысы бір сабақ материалын және бірнеше сабақ материалдарына тиісті жүргізілуі мүмкін. Яғни бұл жаттығу жұмысы бекіту, пысықтау, қайталау және қорытындылау сабақтарына қарай тапсырылады. Белгілі бір тілдік құбылысқа орай берілген үй еңбегі үнемі қадағалап, тиянақты түрде орындағандарын тексеріп барған жөн. Үй

еңбегіне берілетін дағдыландыру жұмыстары, көбінесе, белгілі құбылыстарды көшіріп дұрыс қойып жазу, буынға ажырату, сөздерді сөйлемге біріктіру, талдау мазмұндама және шығарма құру сияқты үлгілері тапсырылып отырылады. Сынып жұмысына қарағанда үй тапсырмасының көлемі кеңірек, аумағы көлемдірек болуы қажет. Мысалы, конспектілер түзу, қазақ тіліне байланысты сызба мен кестелер жаздыру, тілдік тапсырмалары бар мазмұндамалар мен шығармалар жаздыру, көркем әдебиет мәтінінен керекті анықтама, ережелерге байланысты мысалдар таңдау тәрізді жаттығуларды үйге тапсырып отыруға болады.

Үй жұмысын орындау – күрделі еңбектің бір түрі. Оқушы үй тапсырмасының шартына түсінбегендіктен, қызықпағандықтан, жалқау-лықтан және ауырып қалғандықтан қате орындайды немесе тіпті орындамайды. Сондықтан да үй еңбегі белгілі мақсатқа бағыттталып, шарты дәл көрсетіледі. Онсыз мүмкін емес. Үй тапсырмасы оқушы білімінің дәрежесін терең білгенде ғана жүзеге асырылады. Үй еңбегін берерде жақсы оқитын және нашар оқушылардың үлгерімін есептей отырып тапсырған жөн: өтіліп отырған материалды бүкіл сынып оқушылары толық меңгерген мезетте ғана осы тапсырмаға сәйкес жұмыс беріледі, олардың барлығына тең дәрежеде орындау талабы қойылады. Ал керісінше, оқылып отырған материалдың көлемі ауырырақ болып, оны жақсы оқушылар ғана меңгеріп, басқалары толық меңгере алмаса, ондайда жақсы оқитын меңгерушілерге қосымша творчестволық жұмыстар тапсырылады. Өйткені толық меңгерілмеген материалды қайталап оқу, біріншіден, оқушыларды зеріктіреді, екіншіден, ой-өрісінің кеңеюіне кедергі жасайды. Сондай-ақ, нашар оқитын оқушыларға жеке-жеке тапсырмалар береді. Оның орындалу-орындалмауы үнемі тексеріліп отырылады. Өйткені нашар оқитындарды жақсылар қатарына жеткізген жөн.

Қазақ тіліне қатысты материалдар сыныпта толық қалыптастырылса, соншалық оқушылар үйге берілген тапсырмаларды тез орындайтындай дәрежеге жетеді. Сондықтан да үй еңбегі мұқият түсіндіріледі, қандай қателер жіберілу мүмкіндігі ескертіледі. Мұғалім сабақ басталысымен үйге берілген тапсырмаға сәйкес дағдыны орындауды және

оның өзіндік белгілері мен анықтама, ережелерін еске түсіреді. Мысалдарды таптыра отырып, материалды нашар үлгіретіндер әбден игеріп алғаннан кейін үйге берілген тапсырмалардағы қате объектілер бойынша жұмыс істейді. Мұғалім сабақ үстінде оқушының жазу жұмысындағы қатесін өзіне тапқызып, сол сөздің дұрысын сынып тақтасына жаздырып, дәптерлеріне көшіртеді. Сонан соң соған сәйкес сөздерді, яғни синоним сөздерді орфографиялық сөздіктен таптырады. Қандай қате жібергенін өзі дәлелдеуі өз еңбегіне жауаптылықпен қарауына зәрулік туады. Үйге берілген жаттығу жұмысы жазба түрде іске асырумен бірге ауызша түрде де орындалғаны абзал. Әрбір етілетін жаңа материалдарға байланысты практикалық жаттығудың түрлері орындалуы қажет. Үй жұмысы оқушылардың осы керекті материалдардың жете меңгеруіне және толық түсуіне қарай берілгені жөн. Мұғалім үй тапсырмасын берер алдында, оның негізгі шарты мен мақсатын толық түсіндіріп, бірер үлгісін өзі көрсетеді. Осы жаттығудың үлгісін қалай орындау керек екендігін оқушылардан сұрайды. Оқушылар жаттығудың шартына қарай бірер сөйлемін өздері орындап та көреді. Сондай-ақ, мұғалім оқытылып отырған тілдік материалдарға байланысты мысалдар іздетіп, мәтіндер таңдатады. Үй тапсырмасын сабақтың әртүрлі басқыштарында беруге болады. Көбінесе оқушылар еңбегін бағалау алдында берген, тиімді деп есептеліп жүр. Үй тапсырмасының нөмірі, беті және орындалу шарты тақтада көрсетілгені жөн.

Үй тапсырмасын тексерудің теориялық білім мен практикалық дағдыны меңгертуде рөлі үлкен. Үй жұмысын тексеру үстінде өткен материал бекітіліп, берік түрде қайталанатын. Тапсырманы жүйелі тексеру нәтижесінде оқушы мұғалімнен әртүрлі кеңес алады және ол туралы естіген, білгендері мықтап сақталады. Мұғалім үй тапсырмасын тексеру үстінде оқушылардың тапсырманы қалай орындағанын, қалай меңгеретіндігін және материалдың қайсы жері түсініксіз болғандығын қадағалайды. Осыған лайықты қандай дағдыны дамыту керек екендігін анықтайды. Сыныпта үй тапсырмасын тексеру төмендегі тәсілдермен алып барылады: а) бірнеше оқушылардан өткен теориялық материалдарды ауызша сұрау

тәсілімен; ә) бірнеше оқушыларға карточкадағы мысалдарды дәлелдету тәсілімен; б) талдау жүргізу тәсілімен; в) оқытушы өзі отырған столдың жанына дәптерімен шақыру тәсілімен; г) дәптердегі жазылғандарын барлау тәсілімен тексеріледі. Мұғалім оқушылардың № 1 және № 2 дәптерлерін үнемі қадағалап, үйде тексеріп отыруы абзал.

Өткенді оқушылардан сұрау – қазақ тілі сабағының басты құрылымдық элементтерінің бірі. Бұл да үй еңбегін тексеру сабағы сияқты оқушылар білімін анықтауда ең қолайлы, ең құнды элементтерден есептеледі. Сонымен бірге өткенді жаңа сабақпен байланыстыру үшін де қажетті элемент. Оқушылардан өткен материалдарды сұрау - жазба жұмыстарының түрлері диктант, мазмұндама, шығарма және талдау сияқты ауызша сұраудың бір формасы болып табылады. Өткенді сұрау сабақтың түріне, құрылымдық элементтеріне және оның мазмұны мен мақсатына, жаңа материалдың көлеміне байланысты жүргізіледі. Оқушылардан сұрауды үй тапсырмасы барланып болғаннан кейін өткен материалды еске түсіру тұсында, талдау жұмысын жүргізу уақытында және бекіту процесі кезінде жүргізуге болады. Өткенді сұрауға 5-тен 7 минутқа дейін жұмсауға болады. Оқушылардан сұраудың формасы әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, оқушының отырған орнында жауап беруі, тақтаның жанында жауап беруі және мұғалім столының жанында жауап беруі мүмкін. Сондай-ақ өткенді сұрау, бұрын өтілген материалдарды еске түсіруге және жаңа өткен материалдарды бекітуге орай да іске асуы қажет. Мұндай жағдайда кеңейтілген түсіндірмелі жаттығуды жүргізудің пайдасы мол. Бұл жаттығуға бірнеше оқушы қатысады. Әрқайсысына жеке тапсырмалар беріледі. Мәселен, екі оқушы тақтада жұмыс істеп жатса, ал қалған үш-төрт оқушы парта да карточкалар бойынша жұмыс жүргізеді. Сонда аз уақыт ішінде әрі сұралып, әрі бекітіліп пысықталады. Оқушыларға қойылатын баға сабақтық баға графигі бойынша сабақ соңында айтылады. Өткенді еске түсіру тұсында оқушылардың сөйлеу тіліне, дауыс ырғағына және ойын дұрыс бере білуіне назар аударған мақұл, оқушылардың жауабына

барлық оқушыларды қатыстырып отырған жөн. Сондықтан да қадағалап, құлақ салып отырудың пайдасы мол.

**6.4. Қалып жоспарлары құрылымы.** Қазақ тілі бойынша берілетін теориялық материалдар белгілі бір жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Жоспар өтілетін білім мен практикалық дағдыларды дәл көрсету үшін жасалады. Сонымен бірге жұмыстың көлемін, аумағын және методикалық жұмыс жүйесін анық белгілеуге септігін тигізеді. Сабақтың қайсы түрі болса да, оның қандай құрылымдық элементтері іске асырылса да және оған лайықты теориялық білім мен практикалық дағдылар берілетін болса да жоспарсыз орындауға болмайды. Сондықтан да қазақ тілін оқытуда жоспарлау жұмыстарының атқаратын қызметі орасан. Жоспар қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды берудің құралдарынан саналады. Сонда жоспар дегеніміз не? Жоспар деп белгілі бір орындалатын жұмыс тәртібінің аумағын айтады. Сөйтіп қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары белгілі бір (өтілетін) оқытылатын тілдік материалдардың аумағын күні бұрын белгілейді, орындалатын істі күні бұрын жобалайды. Қазақ тілін оқытуға арналған жоспарлардың аумағы мынадай негізгі методикалық мәселелерді қамтиды:

1. Қазақ тілін оқытуға арналған жоспарлардың аумағы өтілетін тілдік материалдардың мазмұнын белгілейді. Өтілетін тілдік материалдың мазмұны деп фонетикалық, лексикалық, грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік), орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық тілдік материалдардың қамтылуын айтады.

2. Қазақ тілін оқытуға арналған жоспарлардың аумағы өтілетін тілдік материалдардың мөлшерін сұрыптайды. Өтілетін тілдік материалдардың мөлшері деп, әрбір сыныптың шама-шарқына қарай ерекшелеп алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығын айтады.

3. Қазақ тілін оқытуға арналған жоспарлардың аумағы өтілетін тілдік материалдардың ретін, тәртібін саралайды. Өтілетін тілдік материалдардың реттік тәртібі деп, әрбір сыныптың ерекшелігіне қарай сұрыптап алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілері мен дағды түрлерінің

орналасу тәртібін айтады. Сондықтан да оқушыларға білім мен дағды аумағын белгілеуде қазақ тілі бойынша жасалатын жоспарлардың мәні ерекше.

Әрбір қазақ тілі материалдарын методикалық жақтан дұрыс жоспарлау жұмысы мұғалімнің бағдарламалық материалды оқулықтардан лайықты сұрыптауынан және өтілетін тақырыптарды белгілеуінен басталады. Жоспар жұмысы мұғалімнің белгілі бір жүйеге түскен, тұрақты құралы ретінде қызмет атқарады. Жоспарлау жұмысында әрбір сыныпқа арналған қазақ тілі материалының өзіндік белгілері, жасалу жолдары, анықтама мен ережелері анық көрсетіледі.

Сондықтан да мұғалім тілдік материалдың көлемін, өтілу тәртібін және соған лайықты сабақ түрлері мен құрылымдарын және оған қойылған міндеттерін жақсы білуі қажет. Жоспарлау жұмысында тілдік материалдың бірі мен бірінің байланыстылығы, оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарының түрі, білім беру әдістері дәл көрсетілуі жөн. Жоспар негізінде қазақ тілінен білім беру әдістерінің түр-түрі іске асырылады. Қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары мазмұнына қарай 3-ке бөлінеді. Күнтізбе жоспар, тақырыптық жоспар және сабақ жоспары.

### **КҮНТІЗБЕ ЖОСПАР**

Қазақ тілі бойынша әр сыныпта берілетін мәліметтер бір жыл, яғни оқу жылы бойынша жоспарланады. Әр сыныптағы тілдік материалдарды оқу жылы бойынша мөлшерлеу күнтізбе жоспар деп аталады. Бұл жоспарда әр сыныпта қандай күрделі тақырыптар өтілетіндігі және соған қарай жұмыстың қандай түрі жүргізілетіні көрсетіледі. Күнтізбе жоспар жасаудың жүйесі төмендегідей болып келеді: 1) реті мен күні, 2) бағдарламадағы материалдар (тақырыптар мен тақырыпшалар) мазмұны, 3) сағат саны, 4) өткізілу мерзімі, 5) қосымша материалдар мен керекті әдебиеттер тізімі, 6) тапсырмалар мен көрнекі құралдар, 7) пәнаралық байланыс, 8) жүргізілетін ауызша және жазбаша жұмыстар, 9) өткізу әдістері мен оқыту қалыптары, 10) тіл ұстарту жұмыстары. 11) ескерту.

## **ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

Қазақ тілі бойынша жүргізілетін тақырыптық жоспар әрбір тоқсандағы өтілетін күрделі тақырыптарды жеке тақырыпшаларға ажырату үшін жасалады. Әр ай мен тоқсандағы өтілетін тілдік тақырыптарды тақырыпшаларға ажырату тақырыптық жоспар деп аталады. Мұнда теориялық білім мен практикалық жаттығудың көлемі дәл сағат санымен мөлшерленеді. Бұл тақырыптық жоспарда қазақ тілі материалдарының өтілу жүйесі де көрсетіледі. Жеке тақырыптардың аты, өзіндік ерекшеліктері және оларға арналған саны дәл белгіленеді. Тақырыптық жоспарда материалды өту күні, тақырыптың оқытылу орны, қайталау үшін берілетін материалдар құрамы, тіл ұстарту жұмыстары және тілді әдебиет материалдарымен байланыстырып ету тақырыптары көрсетіледі. Сөйтіп, әрбір тақырып пен тақырыпшаларға байланысты берілетін сағат саны дәл көрсетіледі. Мысалы, сан есімге бағдарламада 12 сағат ажыратылған. Оны төмендегі сағаттарға ажыратуға болады: 1. Сан есім туралы түсінік – 1 сағат. 2. Дара және күрделі сан есімдер – 1 сағат. 3. Сан есімнің мағынасына қарай түрлері – есептік сан есім – 1 сағат. 4. Реттік сан есім – 1 сағат. 5. Жинақтық және болжалдық сан есімдер – 1 сағат. 6. Топтау сан есімі – 1 сағат. 7. Бөлшектік сан есімі - 1 сағат. 8. Сан есімнің емлесі – 1 сағат. 9. Сан есімнің сөйлемдегі қызметі – 1 сағат. 10. Сан есімнен өткенді қайталау – 1 сағат. 11. Тіл мәдениеті – 1 сағат. 12. Пәнаралық байланыс – 1 сағат.

## **САБАҚ ЖОСПАРЫ**

Қазақ тілін оқытуға байланысты жасалатын сабақ жоспары күнделікті өтілетін тақырыптың көлеміне байланысты жазылады. Сондықтан да күнделікті өтілетін тақырыптарға байланысты жасалатын жобаны сабақ жоспары деп атайды. Бұл жоспар әр сабақ сайын кездесіп отырады. Өтілетін сабақтың құрылымына қарай жоспардың да құрылымы ішінара өзгеріп отырады. Сондай-ақ сабақтың түрлеріне орай да жоспардың негізгі мақсаты өзгереді. Сабақ жоспарынсыз сабаққа кіруге болмайды. Сондықтан да әрбір сабаққа мұқият әзірлікпен жоспар жасалынады. Сабаққа әзірлену-мұғалімнің ең жауапты жұмысының бірі. Мұғалім сабақ жоспарында әрбір қазақ тілі

материалының өзіндік ерекшелігін, бір бірінен айырмасын, жасалу жолдарын және ол туралы түйінді қорытынды пікірлерін конспект жасайды. Тілдік материалдарға сай тақырыптың өтілу жүйесін және методикалық барысын анықтайды. Сабақтың қайсы түрімен және білім беру әдісінің қайсы түрімен сабақ жоспарын жасау керектігін белгілейді. Сондықтан да сабақ жоспарын дайындауда мұғалім күні бұрын мынадай жұмыстарды әзірлеп алады: 1) алдымен өтілетін сабақтың тақырыбын анықтайды; 2) осы тақырыпқа сай ғылыми-лингвистикалық әдебиеттермен танысады; 3) тақырыптың бағдарламалық көлемін белгілейді; 4) өтілу жүйесін анықтайды; 5) ғылыми методикалық әдебиеттер мен танысады; б) материалдың өзіндік белгілерін және осы материалға лайықты дағдыландыру жұмыстарының көлемін белгілейді; 7) осы тәрізді жұмыстардан соң сабақ жоспарының түрлерін анықтайды.

Сабақ жоспары өзінің ішкі құрылымына қарай екі бөлімнен тұрады: 1) кіріспе бөлім, 2) негізгі бөлім. Кіріспе бөлімде сабақтың тақырыбы, сабақтың мақсаты, сабақта қолданылатын білім беру әдістері, сабақта пайдаланылатын көрнекі құралдар және сабақ барысы белгіленеді. Ал негізгі бөлімде болса, сабақтың негізгі құрылымдары, яғни өткенді еске түсіру, талдау жұмысын жүргізу, жаңа материалды түсіндіру, материалды дағдыландыру, үй тапсырмасын беру, үй еңбегін тексеру, оқушылар еңбегін бағалау сияқты методикалық мәселелер енеді. Сондай-ақ сабақ жоспарлары жасалу көлеміне, негізгі іске асырылу мақсатына қарай мына сияқты түрлерге бөлінеді: 1) жай жоспар, 2) күрделі жоспар. Сабақтың бұл жай жоспарын тәжірибелі мұғалімдер, көп жылдық педагогикалық стажға ие ұстаздар және теориялық методикадан лекция естіген, осы методикадан толық хабары бар мұғалімдер ғана жасай алады. Сабақ процестері сызбалық дәрежеде көрсетілетіндіктен, мұны жай сабақ жоспары деп атайды. Жай жоспар барлық істелетін жұмыстың түрлерін толық қамтымайды, тек сабақтың сызбасын ғана көрсетеді. Сондай-ақ бұл жоспарда сабақ процесінің негізгі бөлімдері атап өтіледі. Жай жоспар да құрылымына негізгі бөлімдері атап өтіледі. Жай жоспар да құрылымына қарай негізгі екі бөлімнен тұрады, яғни кіріспе бөлім және негізгі бөлім. Ал енді осы жай жоспарға мысал келтірейік:

Сабақтың тақырыбы: Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы. Сабақтың мақсаты: Оқушыларға сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасынан теориялық білім мен практикалық дағды беру. Сабақта қолданылатын білім беру әдістері: түсіндіру, талдау, кітапты пайдалану әдістері. Сабақтың жабдықтары: схема, кесте, карточка, оқулық және техникалық құралдар. Сабақтың барысы:

1. Өткенді еске түсіру. Бұған 4 сөйлем алынады. Бұл сөйлемдер оқушыларға карточкаға жазылып, тарқатылып беріледі. 2. Жаңа материалды түсіндіру. Бұл мына жүйе бойынша алып барылады: 1) тақтаға көрнекі құрал ілінеді; 2) бұдан кейін сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасының өзіндік белгілері түсіндіріледі; 3) сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасының анықтамасы айтылады; 4) сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы туралы пікір қорытылады. 3. Дағдыландыру жұмыстарын жүргізу. Бұл сабақта 7 түрлі жаттығу жұмыстары іске асырылады. 4. Үй тапсырмасын беру. 5. Оқушылардың еңбегін бағалау.

Күрделі жоспар. Сабақ процестері толық қамтылып жасалатын жобаны күрделі жоспар деп атайды. Күрделі жоспар да кіріспе және негізгі бөлімнен тұрады. Күрделі жоспарды жасау аса көп дайындықты керек етеді. Күрделі жоспарда істелетін жұмыстардың мақсаттары, сабақтың жүйесі, жұмыс процестері толық көрсетіледі. Әрбір қазақ тіліне байланысты материалдар лингвистикалық және методикалық жақтан толық қарастырылып, сабақ құрылымы анық жоспарланады. Ал енді осы күрделі жоспарға мысал келтірейік: Сабақтың тақырыбы: Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы. Сабақтың мақсаты: 1) өткенді еске түсіру; 2) жаңа материалды түсіндіру; 3) жаңа материалға байланысты жаттығу жүргізу; 4) үй тапсырмасын беру; 5) оқушылардың еңбегін бағалау. Сабақта қолданылатын білім беру әдістері: түсіндіру, талдау, кітапты пайдалану т.б. Сабаққа қажетті көрнекі құралдар: тақта, түсті борлар, кесте, схема, альбом, карточкалар және техникалық құралдар.

Сабақтың барысы: 1. Өткенді еске түсіру. Өткен «Сөз және оның мағынасы» тақырыбын еске түсіру үшін, карточкаға мына

сияқты сөйлемдер жазылып, оқушыларға тарқатылып беріледі. Оны оқушылар талдау жасайды.

1-карточка: Олар қолдарына ағаш күрек алып, есік алдындағы қарды күреді. 2-карточка: Солтүстіктен соққан жел күшейе түсті. 3-карточка: Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. 4-карточка: Қиылған қара қасы, қарақаттай мөлдіреген қара көзі, қолан қара шашы үйдің қаранғылығын қоюландырып тұрғандай.

2. Жаңа материалды түсіндіру. Бұл сабақ мына сияқты методикалық жүйе бойынша жүргізіледі. Мұғалім сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасын түсіндіруде алдымен тақтаның сол жағына мынадай кесте іледі: Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасы. Тура мағына. Негізгі мағына: Ол есіктің тұтқасы мықты. Қан сонарда бүркітші шығады аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанға. Олар қолдарына ағаш күрек алып, есік алдындағы қарды күреді. Ауыспалы мағына. Туынды мағына: Адам – өмір тұтқасы. Айлакерлікпен күн көріп жүрген ол бір түлкі. Артынан келіп қол жетті, Аз жетпеді, мол жетті. Содан кейін мұғалім тақтаның оң жағына мынадай сөйлемдерді жазады: 1. Жылқының жатқан жерінен жарты кеш шыққан кезде артымыздан бір қара мал көрінеді. 2. Істің ақ пен қарасын тексеріп, әділ шешетінін айтты. 3. Олар қолдарына ағаш күрек алып, есік алдындағы қарды күреді. 4. Артына келіп қол жетті, Аз жетпеді мол жетті. 5. Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы. 6. Уай, өзің бір сөзге түсінбейтін қисық шал екенсің.

Осыдан соң мұғалім тақтадағы ілінген, кестедегі жазылған мысалдарды және тақтаға жазылған дидактикалық сөйлемдерді екі-үш оқушыға дауыстап оқытады. Содан соң мұғалім түсіндіру әдісін қолдана отырып, төмендегіше бағдарлайды: Балалар, тіліміздегі әрбір сөзде мағына болады, мағынасыз сөз болмайды. Осы сөздің мағыналары әртүрлі болып келеді. Мысалы, ол есіктің тұтқасы мықты дегенде тұтқа сөзі есіктің қолға ұстайтын жері деген мағынаны білдіреді. Дәл осы мағына тұтқа негізгі мағынасы, ал, адам - өмір тұтқасы деген сөйлемдегі тұтқа сөзі тірек деген мағынаны білдіреді. Осы мағына, яғни тірек деген мағына тұтқа деген сөздің ауыспалы және туынды мағыналары. Сондай-ақ, балалар, жоғарыда

айтқанымыздай, сөз өзінің тура мағынасында, ауыспалы мағынасында қолданыла береді. Біз осы пікірімізді дәлелдеу үшін түлкі деген сөзді алып қарайық: Кестедегі қан сонарда бүркітші шығады аңға. Тастан түлкі табылар аңдығанға деген сөйлемде түлкі сөзі өзінің тура мағынасында қолданылып тұр. Ал, айлакерлікпен күн көріп жүрген ол бір түлкі деген сөйлемде түлкі сөзі ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Соңғы осы сөйлемдегі түлкі сөзі қу деген мағынаны береді. Сонымен мұғалім сөз мағыналарының мынадай өзіндік белгілерін саралап айтып береді. 1. Сөздің тура мағынасы болады. 2. Сөздің ауыспалы мағынасы болады. Осы сөз мағыналарының ішіндегі тура мағына негізгі мағына болады да, ал ауыспалы мағына туынды мағына болып келеді. Сөздің ауыспалы мағынасы оның тура мағыналарының негізінде пайда болады. Балалар, сөзді ауыспалы мағынада қолдану көркем етіп айтып берудің тәсілі болып саналады. Сөйтіп, сөздің ауыспалы мағыналарын жете білу тілдің көркемдік-бейнелік қасиеттерін тану үшін өте-мөте қажет. Сонымен, мұғалім жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келіп, өтілген материалдарға анықтама береді. Сөздің затқа тікелей байланысты мағынасы тура мағына деп аталады да, сөздің басқа мағынада өзгеріп қолданылуын ауыспалы мағына деп атайды.

3. Дағдыландыру жұмыстарын жүргізу. Бұған байланыс ты жаттығулар мына тәртіппен алып барылады. Мұғалім сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасына орай мынадай дағдыландыру жұмыстарын жүргізеді: 1.Оқулықтың бетіндегі 39-параграфты екі оқушыға дауыстап оқытады. 2.Кестедегі және тақтадағы жазылған сөйлемдерді дауыстап оқып шығады. 3.Сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасына мысалдар айталы. 4.Мәтінді оқып шығып, сөздің тура мағынасы мен ауыспалы мағынасын түсіндіреді. 5.Сөйлем ішіндегі қара, тұтқа, қол, түлкі, суық, қисық деген сөздердің қандай мағыналарда қолданылып тұрғандығын айтып береді. 6.Тура мағына мен ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздерді кірістіре отырып, сөйлемдер құрайды. 7.Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді кірістіре отырып, сөйлем құрап, бір тақырыпта шағын шығарма жазады.

4.Үй тапсырмасын беру. Бұл мына сияқты методикалық жұмыс жүйесі бойынша жүргізіледі: 1) алдымен оқулықтың беті, параграфы, жаттығудың нөмірі тақтаға жазылады; 2) жаттығудың шарты оқытылады; 3) жаттығудың бірер үлгісі көрсетіледі; 4) бірер оқушыдан осы жаттығуды қалай орындау керек екендігі сұралады.

5. Оқушылардың еңбегін балмен бағалау.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қалып жоспарларының мазмұнына қарай қандай түрлері бар?

2. Күнтізбе жоспардың мәселелеріне нелер кіреді?

3. Тақырыптық жоспардың анықтамасы мен жүйесін айтып беріңдер.

## **1-МОДУЛЬ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР**

### **СӨЖ тапсырмалары**

✓ «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша глосарий дайындау.

✓ Әдіскер-ғалымдар ұсынған ұстанымдарды жүйелеп, сын-пікір дайындау. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын дәлелдейтін кесте жасау.

✓ Ә.Исабаев ұсынған «Қазақ тілін оқыту методикасы (жалпы методика)» атты еңбекке аннотация жазу.

✓ Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері мен педагогикалық күзіреттілік туралы конспект жазу.

✓ Қазақ тілін оқыту методикасының негізін салушы ғалымдардың еңбектеріне хронологиялық талдау жасау.

✓ Қазақ тілі пәні бойынша мектеп бағдарламасын үйреніп, сол негізде жазылған оқулықтарға мәлімет дайындау.

✓ Оқыту қалыптарының классификациясына конспект пен кесте жасау.

✓ Қазақ тілінен білім беру әдістері мен тәсілдерін кестеге салып, глосарий жасау.

✓ Рейтинг-тест бағалау қалпы бойынша қазақ тілінен бірнеше тест үлгілерін жасау.

✓ Көрнекілік түрлерін үйрене отырып әр сыныпқа бір-бір көрнекілік үлгісін жасау.

## II МОДУЛЬ. ТІЛ БІЛІМІНІҢ САЛАЛАРЫН ОҚЫТУ

### 7 - ТАҚЫРЫП. ТІЛ БІЛІМІ САЛАЛАРЫ. ФОНЕТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**7.1. Мектепте фонетиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері.** Қазақ тіл білімінде фонетика саласын жан-жақты зерттеп, ғылыми жүйеге ендіруде еңбек сіңірген көптеген ғалымдарды атап өтуге болады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің қалыптасу тарихын сонау түркі тілін зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен де байқауға болады. Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов А.Н.Самойлович еңбектерінде қамтылған. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі жөніндегі орыс ғалымдарының ішіндегі Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» еңбегінде дыбыстар тізімі мен олардың топтастырылуы, үндестік заңына қатысты ережелер мен екпін жөнінде мәселелерін қарастырған қазақ тіліне арналған тұңғыш еңбек болды. Осы еңбектерден соң А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, А.Ысқақов, І.Кеңесбаев т.б. белсене ат салысты.

Академик Исмет Кеңесбаев 1954 жылы «Қазіргі қазақ тілі» атты монографиясы фонетика саласына тиісті болды. 1962 жылы бұл еңбек толықтырылып, дамытылды. Ж.Аралбаев бұл еңбек жөнінде *«Профессор І.Кеңесбаев фонетика жөнінде зерттеулері қазақ лингвистикасына қосылған ірі табыстың бірінен саналады, қазақ фонетикасының дамуының белді бір кезеңі болып саналатыны сөзсіз»*, - деген баға берді.

Қазіргі таңда жүйеленген бірізділенген қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің оқытылу мәселелері де, оқытудың әдіс-тәсілдері жөнінде де көптеген әдіскер-ғалымдардың еңбектері бар. Атап айтқанда Ы.Маманов, Ш.Сарыбаев, Н.Оралбаева, Ф.Оразбаева, Ж.Адамбаева, Г.Бектұрова т.б.

Қазіргі әлемде ғаламдандыру үрдісі қоғамға ықпалын тигізе бастаған кезде білім беру жүйесінде оқытудың жаңа технологияларын пайдалануға басты назар аударылуда.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мектепте бастауыш сыныптарда басталып оқытылатыны анық. Жалпы жүргізіп,

қатесіз оқу, сауатты жазу т.с.с. дағдылары қалыптасқан оқушы орта буын бесінші сыныпта ғылымилаңған, күрделенген фонетика тарауына қайта оралады. Фонетиканы оқытудағы ең басты мақсат тек дыбыстарды меңгерту ғана емес, оқушыны қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтып, жаза білуге, ойын толық, еркін жеткізе білуге үйрету. Сондай-ақ фонетикалық материалдарды оқытуда «...қазақ тілінің фонетикасынан оқушыларға теориялық білім беруде мынадай талаптар ескеріледі: 1) қазақ тіл білімінің фонетика саласының орфография мен орфоэпияның соңғы табыстары; 2) қазақ тілі фонетикасының негізін танытатын материалдар; 3) оқушыларға әдеби тілде сөйлеп, оқып, және жаза алатындай білім мен дағдылар беретін тілдік материалдар; 4) оқушылардың ой-өрісі мен жас ерекшелігіне сәйкес келетін қазақ тілі фонетикасының материалдары...» деген ғалым Әбдірахман Исабаевтың негізгі сілтемелері мен бағыттары өз құндылығын жоймаған деп атауға болады.<sup>19</sup> Сонымен қатар ғалым-профессор Фаузия Оразбаеваның пайымдауынша, «тілді үйренуде, сөйлеуде фонетикалық дағдылардың орны ерекше, фонетикалық дағдыларды меңгермей, тілдік қатынас та жүзеге аспайды».<sup>20</sup>

Сөздің дұрыс айтылып, әрбір дыбыстың дұрыс дыбысталуы орфоэпиялық нормаларды дұрыс біліп айтуға байланысты. Дыбыстан сөз, сөзден сөз тіркесі, сөз тіркесінен сөйлем жасау үшін дұрыс сөйлеп, ойын сауатты жеткізу үшін, сауатты жазып беру үшін қазақ тілінің фонетикалық жүйесін оқушы жақсы меңгеруі тиіс.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін өткенде әрбір дыбыстың пайда болу және оларды дыбыстау мүшелері, олардың сөйлеу кезіндегі қызметі меңгеріледі. Егер дыбыс дұрыс айтылмаса онда сөз де өз мағынасын бере алмайды немесе басқа сөзге айналып кетеді. Үндестік заңын өткенде оқушыға қиындық келтіретін материал ықпалдар. Бұл кезде оқушыға теориялық ережелерден гөрі көбірек практикалық жаттығулармен айналысқаны абзал.

---

<sup>19</sup> Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 1993.-17 б.

<sup>20</sup> Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі.-Алматы: РБК, 2000.-208 б.

Оқушының назарын аударуды қажет ететін тағы бір мәселе екпін. Өз эмоциясын білдірудегі қызметі өте жоғары қазақ тіліндегі екпінді өткенде ситуациялық жаттығулар мен сөздердегі дыбыс екпіндерін меңгеру де жеңілірек болатын секілді.

Кез-келген тілді оқытқанда әдіскер-ғалымдар мынадай оқытудың кешенді түрін ұсынады: **тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім**. Осы әрекеттерді фонетиканы оқыту барысында қолдану өзінің оң нәтижелерін көрсетеді.

**1. Тыңдалым әрекеті.** Оқушының дыбыстарды жеке, бір-бірімен тіркесте, сөз ішінде естіп қабылдау дағдысы қалыптасады.

**2. Айтылым әрекеті.** Бұл әрекет арқылы оқушы әрбір дыбысты жеке, сөз тіркесінде сөз басында, сөз арасында, сөз аяғында сөйлемде айтуға, дұрыс айтуға, орфоэпиялық нормаларды сақтауға жаттығады.

**3. Оқылым әрекеті.** Ауызша айтылған дыбыстарды буында, сөзде, сөз тіркесінде, сөйлемде дауыстап немесе ішінен оқу.

**4. Жазылым әрекеті.** Оқушы орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды дұрыс сақтай отырып, сөздің дұрыс жазылу заңдылықтарын меңгереді.

**5. Тілдесім әрекеті.** Оқушы орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды дұрыс сақтай отырып, ойын еркін жеткізуге, тілдесуге дағдыланады.

Оқушының жеке дыбыстарды айтуда, сөздерді дұрыс айтуда, дұрыс оқуда жаттығулар барысында тез меңгергенімен де жазылым барысында көптеген қиындықтар туындауы мүмкін. Мысалы н-ң, к-қ, ү-ұ-у, ы-і, д-т, п-б сияқты дыбыстарды шатыстырып алу кездеседі. Сонымен бірге н дыбыс мен ң дыбысын бір-бірінен ажырата алмау көп кездеседі.

Мұндай кезде де әдіскер-ғалымның «материалдың басты-басты белгілерін нақтылай отырып анықтама беру» қағидасын басшылыққа алу керек сияқты.<sup>21</sup>

---

<sup>21</sup> Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері.-Алматы: Қазақ университеті, 1993.-16 б.

Жоғарыда аталған оқытудың кешенді түрлерімен қоса кейбір әдіскерлер қатысымдық тұрғыдан оқыту технологиясында ұсынады. Ғылыми зерттеу жұмыстарда фонетиканы қатысымдық тұрғыдан оқыту туралы пікірлер айтылғанымен, арнайы қарастырылып, оның әдістемелік жүйесі ұсынылған жоқ. Атап айтқанда, қазақ тіл фонетикасын қатысымдық тұрғыдан оқыту мәселесі осы күнге дейін ғылыми еңбектердің объектісі болған емес дей келе өзінің тиімді меңгерту әдістерін ұсынады.

Мектеп оқушылары V сыныпта фонетиканы оқу арқылы әдеби тілдің жазылуы және айтылу нормасын игереді. Дыбыс тілінің түрлі заңдылықтарын түсіне бастайды. Фонетика (грекше *phonetikos* — дыбыстың) дыбыс туралы ілім, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынұлы фонетиканы дыбыс жүйесі деп атаған. Фонетика – тіл ғылымының, тілдердің дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Ол тіл дыбыстарын, олардың құрамын, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттейді. Тілдегі лексикалық және грамматикалық құбылыстар тіл дыбыстарымен, тілдің дыбыстық жүйесіндегі фонетикалық заңдылықтармен байланыста, қарым-қатынаста болады.

**7.2. Фонетикадан берілетін білім мазмұны мен меңгерілетін ұғымдардың жүйесі.** Фонетика тақырыптарын оқытуда теориялық, практикалық және көрнекті әдістерде қолдана отырып, мынадай методикалық жүйе бойынша білім беріледі. Фонетикалық материалдарға байланысты арнайы таңдалған тақтадағы және көрнекті құралдағы дидактикалық материалдарды оқушылар қарап шығады. Тақырыптың өзіндік белгілері тәжірибе жасап көрсетіледі. Оқушылар материалдың өзіндік ерекшеліктерін дауыстап оқып, мұғалімнен кейін ілешала өздері тәжірибе жасап үйренеді. Тақырыпқа тиісті анықтамалар мен ережелер тәжірибе жасап түйінделеді.

Жүргізілетін дағдыларды да тәжірибе жасай отырып іске асырады. Осы жүйемен мынадай тақырыптардан білім мен дағды беріледі. 1. Тіл дыбыстары туралы түсінікті оқыту методикасы. 2. Дыбыс пен әріпті оқыту методикасы. 3. Дауысты мен дауыссыздары оқыту методикасы. 4. Буын мен

екпінді оқыту методикасы. 5. Үндестік заңын оқыту методикасы.

Фонетиканы оқу арқылы оқушы әдеби тіліміздің дыбыстық жүйесін білумен қатар, көптеген дағдыларды игереді. Бастауыш сыныпта тіл дыбыстарының құрамы, олардың жіктелуі жөнінен ең алғашқы мағлұмат алған оқушылар V сыныптардан тілдің дыбыстық жүйесін жақсы білумен қатар, сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу нормаларына жаттығып, ол заңдылықтарды күнделікті өмірде пайдалануға дағдыланады, тілдің дыбыстық жүйесін саналы түрде меңгереді.

Фонетиканы оқып біткеннен кейін, оқушылардың мынандай дағдыларды игеруге қабілеттері жетуге тиіс.

1. Тіл дыбыстарының тілдің негізгі құрылыс материалы екенін біледі.

2. Дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстардың негізгі белгілерін, құрамын игереді.

3. Кейбір сөздердің айтылудағы және жазудағы ұқсастықтарын ажыратып, тілдің орфографиялық, орфоэпиялық өзіндік ерекшелігін танып, өз ойын дәлелдеуге шама- шарқы жетеді.

4. Дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық ерекшеліктерін түсіне біледі.

5. Қазақ тілінің байырғы сөздер мен термин сөздерін орфоэпиялық жақтан дұрыс айтылуына ерекше назар аударып, оқушының дұрыс сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сөз екпінін қоя біледі.

6. Сөздің графикалық таңбасы мен айтылудағы айырмашылығын, сондай-ақ әдеби тіліміздегі сөздердің кез келгеніне әрі дыбыстық, әрі әріптік талдау жасауға шамасы жетеді.

7. Сөздің айтылуындағы және жазылуындағы буындық ерекшелігін ажырата алады.

8. Буын мен тасымалдың арақатынасын жақсы ажыратумен қатар, өзінің сауатты жаза білуіне де ерекше назар аударады.

9. Өзінің ана тілінің дыбыстық жүйесін жақсы білу екінші бір тілді меңгеруге көп көмек етеді.

10.Алфавит тәртібін дұрыс меңгеру арқылы түрлі сөздіктер мен анықтағыштарды пайдалануға мүмкіндігі мол болады.

11.Дыбыс заңдылықтарын жақсы білген оқушы кез келген поэзиялық, прозалық шығармаларды дұрыс мәнерлеп оқи алады.

Тіл дыбыстары, дыбыс пен әріптің өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру үшін мұғалім қазақ алфавиті жазылған слайдты пайдалана отырып, жаңа сабақты түсіндіру керек. Мұғалім кез келген бір оқушыға алфавитті оқытып шығып, ол оқушының алфавиттегі әріптерді дұрыс айтты ма, әлде қате айтты ма, соны бақылап, сол бақылаудың негізінде жаңа сабақты бастап жіберу керек. Өйткені кейбір, оқушылар б/бе, г/ге, с/эс, т/те, ф/эф деудің орнына б/бы/, г/гі, с/сы, т/ты, ф/фы деп қате айтады. (Бірақ бұл арада алфавит тәртібін ұмытып және кейбір дыбыстарды қате айтқан балаға ұрсудың қажеті жоқ. Өйткені ол жалпы сабақтың жүйесіне әсер етеді). Міне, осы сияқты дыбыстарды қате айту тіліміздегі қысқарған сөздерді дұрыс айтуға да біраз зиянын тигізеді. Дыбыс пен әріпті оқытуда мұндай кемшілік болмас үшін тіліміздегі дыбыстарды дұрыс айтылуына ерекше тоқтаған жөн, оның ешбір артықшылығы жоқ.

Тіліміздегі әріптердің рет-ретімен түзілуін алфавит дейміз. Алфавит деген сөздің грек тілінің алғашқы екі әрпінің (альфа,бета) атынан алынғандығы, ондағы әріптердің жалғыз дыбыс болып та (а,ә,е,и,о,ө,у,ұ,ы,і), екі дыбыс болып та (е-йе,ю-йу,я/уа), қысқа й және үнді у,в/ве,г/ге,д/де,ж/же,з/зе,п/пе,т/те,ц/це,л/ле түрінде немесе ғ/ға, к/ка, қ/қа, х/ха, һ/һа, ш/ша, щ/ща түрінде, немесе л/эл, м/эм,н/эн,р/эр,с/эс,ф/эф түрінде айтылатынын түсіндіру қажет.

Алфавит дыбысты таңбалайтын айыру (ь) белгісі мен жіңішкелік (ъ) белгілердің бар екендігін, айыру белгісі мен жіңішкелік белгілерінің тек орыс тілі арқылы енетін сөздерде ғана жазылатынын ерекше атап өткен жөн. Өйткені кісі аттарын қазақша жазғанда еш уақытта жіңішкелік белгісі жазылмайды. Мысалы, Айгүл, Гүлнар, Кемелбек, Түгелбай т.б.

Алфавитті жатқа білудің практикалық үлкен мәні бар. Алфавитті жақсы білген адам өзіне қажетті сөздерді түрлі

сөздіктер мен анықтағыштардан тез тауып ала алады, жұмысы да өнімді болады.

Мұғалім оқушыға алфавиттің түрлері жайында мәлімет бере кетсе, ол артық емес. Өйткені оқушы орыс, ағылшын, т.б кейбір мектептерде араб тілін өтеді. Сондықтан оқушылар үшін орыс, ағылшын, араб тілдерінің, сондай-ақ грек және латын тілдерінің алфавиттері бар екенін біледі. Медицинада рецепт латынша жазылатынын да білгені жөн. Өйткені бұлар - күнделікті өмірде жиі кездесетін жайлар.

Әрбір тілдің дыбыстары мен әріптерін жақсы білу, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін ажырату - тілді игерудің негізгі жолы. Әдетте, оқушылар мен студенттер арасында дыбыс пен әріпті шатастырып, бірінің орнына бірін қолдану жиі кездеседі. Дыбысты естиміз, айтамыз. Дыбыс дыбыстау (сөйлеу) мүшелері арқылы жасалады. Дыбыстау мүшелерінің қызметін түсіндіргенде оқулықпен қатар І.Кеңесбаев пен Ш.Сарыбаевтың еңбектерінде айтылатын көп жағдайларды ескере отырып, оқушыға нақтылы мысалдар арқылы түсіндіру қажет.

Оқушының дыбыстау мүшелерін және оның әрқайсысының атқаратын қызметін жақсы біліп, дұрыс меңгеруінің маңызы зор. Демек, тіліміздің дауысты және дауыссыз дыбыстардың барлығы да белгілі бір дыбыстау (сөйлеу) мүшесінің қызметі арқылы жасалатынын дұрыс түсіну дыбыстардың жіктелуін жақсы, сапалы игеруге бірден-бір көмек беретін жағдай екенін аңғарған жөн. Дыбыстау мүшелерінің қызметін жақсы түсінген оқушы кейін дауысты, дауыссыз дыбыстардың жіктелуін тез, саналы түрде (жаттанды түрде емес) түсінетін болады, ондай оқушы фонетикалық талдауды да жылдам меңгеріп кетеді.

Мұғалім дыбыс пен әріпті өткен кезде белгілі бір мысалды тақтаға жаздырып, дыбыс қайсы, әріп қайсы бұл сөзде қанша дыбыс, қанша әріп бар екенін көрнекті құралдарда (таблица) көрсете отырып талдату керек. Мысалы, мұғалім тақтаға сия, қияқ, ою, статья, съезд, дария, оялау сияқты сөздерді жазса, оқушылар әр сөздің өзін жеке-жеке талдап, қанша дыбыс, қанша әріп бар екенін айтып беруі керек. Мысалды жеке сөз түрінде де, мақал-мәтел түрінде де алған жөн. Сабәқ үстінде тақтаға жазылған сөздің барлығына бірдей дыбыстық талдау

жасай бермей, оның кейбіреулеріне ғана талдау жасап отыруға да болады. Демек, оқушы дыбыс деген ұғымның негізін түсінуі керек. Қорыта айтқанда, белгілі бір сөйлеу мүшесінің қызметі арқылы жасалатын сөздің бөлшегін дыбыс дейміз. Дыбыс кедергіге ұшырамай (а,ә,ы), кедергіге ұшрап та (м,б,т) дыбыстар жасау мүмкін екенін білдіру қажет. Әрбір оқушының өзіне баяу үнмен айттырып, әр дыбыстың қалай жасалып тұрғанын байқатуға болады. Сонда оқушы құр жаттамай, әр нәрсенің негізін түсінуге тырысады, қажетті материалды саналы түрде меңгереді.

**7.3.Фонетикалық талдау.** Тіл білімінің фонетика бөлімін өтіп жатқан кезде талдау көп жүргізілуі керек. Талдауда сөздің дұрыс жазылуына ғана көңіл бөлініп қоймай, сонымен қатар сөздің дұрыс айтылуына да талдау жасап отыру керек. Себебі фонетиканы өту арқылы оқушыларға сауаттылықпен қатар дұрыс сөйлеуді де, яғни орфоэпиялық норманы меңгертеміз. Мысалдар сөйлем түрінде де, сөз тіркесі түрінде де, жеке сөз түрінде де берілуі тиіс. Әр дыбыстың айтылуы, емлесі жайында түсіндіргенде мысалды міндетті түрде сөйлем түрінде алу шарт емес. Сол алынған сөйлемнің ішіндегі жеке сөздер мен сөз тізбектеріне ғана көңіл білдіруге, талдатуға болады.

Фонетикалық талдау мазмұнына қарай дыбыс жүйесі бойынша талдау, үндестік заңы бойынша талдау болып екіге бөлінеді. Фонетикалық талдау көлеміне қарай жай талдау, күрделі талдау болып бөлінеді. Мұның жай талдауы күнделікті сабақта жүргізіледі де, күрделі талдау көлемді тақырыптарды өткеннен немесе тоқсан аяғында жүргізіледі.

Күрделі талдау жүргізілгенде сөз дыбыстық құрамына, буын түріне, тасымалдануына, сөз екпінінің түсуіне қарай талданады.

Берілген мысалдарға фонетикалық талдау жасағанда бұрынғы шығып жүрген еңбектерде кездесетін шартты қысқартуларды негізге алған жөн.

Дауысты дыбысты–(д–ты), дауыссыз дыбысты (д–сыз), еріндік–(ер), езулік–(ез), ашық–(аш), қысаң–(қы), жуан–(жу), жіңішке–(жі), қатаң–(к), ұяң–(ұ), үнді–(ү) түрінде оқушы былай талдайды. Мысалы: өнерлінің өрісі ұзақ. (М.) Буын түрі өнер-

лі-нің ө-рі-сі ұ-зақ, тасымал өнер-лінің не өнерлі-нің, өрі-сі, ал ұзақ тасымалданбайды. Екпін соңғы буындарға түседі.

Күнделікті өтілетін әр тақырыптың ерекшелігіне қарай сабақта ішінара фонетикалық талдау жүргізіліп отырылады. Мәселен, өтіп жатқан тақырыбымыз “Жуан және жіңішке дыбыс” болса, онда талдау жуан немесе жіңішке, аралас буынды болып келуіне арналады. Сабақта орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерді пайдаланған жөн. Талдауға алынған мысалдардың ішінде термин сөздердің де болғаны дұрыс, сөз тізбектерін беріп, баған-баған етіп жаздыртқан орынды.

#### **7.4. Фонетикалық жаттығу және оның негізгі түрлері.**

Фонетика – тіл дыбыстарын зерттейтін тіл білімінің саласы. Мысалы, ақ дегендегі “қ” дыбысы мен қағаз дегендегі “қ” дыбысы - бір фонема. Сонда да болса, бұл екі сөздің екеуінің айтылуында сәл айырмашылық бар. Ол айырмашылық тіркескен дыбыстарына байланысты. Тіл дыбыстарын тіркестіруде де заңдылық бар. Кез келген дыбысты кез келген дыбыспен тіркестіре салуға болмайтынын аңғарамыз. Өйткені фонетика – фонемаларды - тіл дыбыстарын, олардың түрлерін, жасалу жолдарын, естілуін, жазылуын, дыбыстық алмасулар мен өзгерістерді, буын түрлерін, сөздерді тасымалдау заңдылықтарын, дыбыстардың үндесуін зерттейтін тіл ғылымының саласы. Осылардың барлығын игерту мақсатында фонетикалық жаттығулар жүргізіледі.

Фонетикалық жаттығулардың міндеті – оқушылардың айтылған буындар мен дыбыстарды айыра алуын және оларды дұрыс, анық айтып берулерін қамтамасыз ету.

**Фонетикалық қателер.** Балалар мектепке келгенде сөйлеу мүшелері (аппараттары) жетілген, есту мүшелері дамыған, яғни сөздердің мағынасын ажырата алатын және практикада пайдалана алатын дәрежеде болады. Дегенмен балалардың сөйлеу тіліне зерттеу жүргізіп бақылаған ғалымдар оқушылардың тіл дыбыстарына байланысты кемшіліктерінің барлығын байқаған. Ол туралы С.Ф.Иванова «...значительная часть учащихся 5 класса не владеет достаточно четкой членораздельной речью, что отражается и на их науках письменной речи плохая дикция часто является ошибок типа

описок», деген пікір айтады.

Мысалы, **жазылуы айтылуы**

домбыра домбұра

жорық жорұқ

Оқушылар басқа тілден енген сөздерді сол тілде қолданылуына байланысты сіңісіп кету нормасына көңіл бөлмейді.

Оқушы тілдің дыбыстық жүйесін жақсы игеруі үшін фонетика-графикалық (дыбыстық-әріптік) талдаудың ойдағыдай жүргізілуі қажет. Мұғалімнің оқушының жазбаша да, ауызша да сауатты болуына ерекше назар аударғаны жөн. Ол үшін күнделікті сабақта дыбыстық-әріптік талдаулар жүргізіліп, оқушының дыбыстық жүйені саналы түсінуге толық мүмкіндік жасалу керек. Сондықтан фонетикалық талдаумен жаттығуларға мынадай талаптар қойылады:

1. Фонетиканы оқытумен орай мысалды үнемі сөйлем түрінде алмай, жеке сөз, сөз тіркесі арқылы да айтайын деген ойын дәлелдеуге бағыт беру тиімді.

2. Оқушыларға берілетін мысал мен жаттығуларды прозалық, поэзиялық шығармалардан алған тиімді. Поэзиялық шығармалармен қатар, мақал-мәтелдер, жұмбақтардан алу оқушыны өте қызықтырады, дұрыс сөйлеуге үйретеді, логикалық ойын жетілдіреді.

3. Сабақта алынатын мысалдардың дұрыс жазылуына, дұрыс айтылуына ерекше назар аудару қажет. Ол үшін сабақ үстінде ретіне қарай мектеп оқушыларына арналған орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерді үнемі пайдаланып отыру керек.

4. Оқушының фонетика-графикалық талдау жасай білу дағдысын қалыптастыра отырып, күнделікті сабақта ішінара талдату, яғни өтіліп отырған тақырыпқа ерекше көңіл аударту дағдыға айналуы тиіс. Мәселен, жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды оқытуға байланысты, сөздің буындық құрамына ерекше көңіл бөле отырып, талдау жасату қажет. Ал көлемді тақырыптарды өтіп болғаннан кейін қайталау кезінде толық фонетикалық талдау жасатқаны жөн. Мысалдағы қайталанып келетін дыбыстарға талдау жасатудың қажеті жоқ. Мысалы: Ел құлағы елу. Егер бұл мысалда дауысты дыбысты өтіп жатқанда

алсақ, ішінара былай талданады. Дауысты – е-жіңішке ,ұ-жуан, а-жуан, н-жуан, у-жіңішке дыбыс деп талдап береді. Ал бұл мысалға толық талдау жсалса, онда- е-жіңішке, езулік, ашық, ы-жуан, езулік, ашық, ы-жуан, езулік қысаң деп талдап шығуға тиіс.

Ауызша, жазбаша талдау жұмысы түрленіп отыруы керек, әйтпесе оқушылар жалығып кетеді де, берілген тапсырманы орындауға селсоқ қарайтын болады.

Талданатын жаттығу бір сарынды болмай, әр түрлі болып отыруы сабақтың сапасына көп әсер етеді. Дидактикалық материалдан көшіртіп жаздырсақ , бірде өздеріне өтіп жатқан дыбысқа байланысты (қолданылуына байланысты) мақал-мәтелдерден мысал келтір деп немесе үлестірме карточкаға жазылған бірнеше мақал-мәтел беріп,көп нүктенің орнына тиісті әріптерді жаз,сондай-ақ магнитафоннан сөйлемдерді тындай отырып,оны көшіріп жаз деген сияқты жаттығулар мен түрлендіруге болады.

Мұғалім тақырып мақсатына қарай жаттығу шартын әр түрлі етіп өзгертуіне болады. Географиялық атауларды да қатнастыра отырып, түрлі мысалдар жаздыртуға болады. Мәселен, мұғалім тақтаға бір қаланың атын жазса, сол сөз қандай дыбысқа бітсе, келесі (географиялық атау) сөз сол дыбыстан басталуы керек. Мысалы: Москва-Ашхабад, Дели-Иркутск, Киров-Волгоград, Душанбе-Ереван, Николаев-Вильнюс-Сухуми т.б Жаттығуды осылайша түрлендіру оқушыларды ойландырады.

5. Жазбаша және ауызша сауаттылық тіл білімінің дыбыстық жүйесін жақсы игерумен тікелей байланысты. Сондықтан қандай мысал алынбасын, «қалай айтылады, қалай жазылады?» деген мәселе естен шықпауға тиіс. Демек, оқушы дыбыс үндестігі мен түрлі дыбыстық ерекшеліктерді жаттанды қабылдамай, оны саналы түрде түсініп меңгеріп, іс жүзінде пайдалана білетіндей болуы қажет.

6. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың жергілікті ерекшелікке байланысты екінші бір дыбыспен алмасып айтылатын жағдайы болады. Мысалы, әдеби тілдегі шана, шақыр деген сөздерді - чана, чақыр, қай жаққа, жоқ деудің

орнына қай йаққа, джоқ, қорытынды, оқсат деп айту бар. Міне, осындай жергілікті ерекшеліктермен үнемі жұмыс жүргізіп отыру оқушының әдеби тілдің сөйлеу нормасын дұрыс меңгеруіне мүмкіндік жасайды. Бірақ мына облыста тұратын адам дұрыс сөйлемейді деген қате пікірден аулақ болу керек. Мұндай ескертулерді оқушы ренжіп қалмастай етіп айтып, оқушы үшін мұғалімнің сөйлеу тілі әр уақытта үлгі екенін есте сақтаған жөн.

Яғни оқушы фонетиканы оқу арқылы әдеби тілдің түрлі дыбыстық заңдылықтарымен танысады, дауысты, дауыссыз дыбыстардың жетілуін оңай ажыратумен бірге, түрлі орфографиялық ережелерді есінде сақтап, сауатты жазу дағдысын меңгереді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің оқытылу мәселелері жайлы кімдердің еңбектерін білесіңдер?
2. Мектепте фонетиканы оқытудың мақсаты қандай?
3. Фонетиканы оқытуда қандай әдіс пен тәсілдер қолданылады?
4. Фонетиканы оқытудағы тәжірибе әдісінің құрылымдық элементтерін санап айтып беріңдер?
5. Фонетиканы оқытуда қандай жаттығулар қолданылады?

## **8-ТАҚЫРЫП. ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

### **8.1. Лексиканы оқыту әдістемесі және оның міндеттері.**

Мектеп бағдарламасында лексиканы оқыту мәселесіне тоқталар болсақ, лексика тіліміздегі сөз байлығын тексеретін ғылым саласы. Қазақ тілін оқытумен байланысты, атап айтқанда, фонетика, морфология, синтаксисті оқыту сөзден тыс қарастырылмайды. Тіліміздегі сөздер тіл дыбыстары арқылы, морфология сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасына қарай, ал синтаксис сөздердің мағыналық, әрі грамматикалық байланысына қарай көрінеді.

Демек, лексиканы оқытудың білімдік, танымдық маңызы тіл білімі туралы ұғымды терең меңгертумен қатар тілдің ең кіші бөлшегі – сөздің фонетикамен, морфологиямен, синтаксис және стилистикамен байланысын түсіне білуге, яғни, бүкіл

тілдік жүйені меңгерумен орай оқушының ана тілі арқылы көзқарасының қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Лексиканы оқытудағы қойылатын талаптар оқушыларды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп, айта білуге тәрбиелейді. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, оның ішінде ауыспалы мағыналы сөздерді айыра білуге дағдыланады.

Осы саланы зерттеуде профессор Қ.Жұбановтың, академик І.Кеңесбаевтің, Ғ.Мұсабаевтың, Ә.Болғанбаевтың, Ғ.Қалиұлының көптеген зерттеу жұмыстары нәтижелі болды. Бұл қазақ тілі лексикасының біршама жетілген сала екендігін көрсетеді. Дегенмен лексика мен лексикология терминдерінің синонимдік қолданылуы лексикалық зерттеу объектілерін жүйелі қарастыруда біршама қиындық туғызады. Ғалымдардың пікірінше, лексика терминін лингвистиканың негізгі салаларының бірі деп танып, оның ғылыми объектілерін содан шығатын жүйе деп білу методикалық тұрғыдан тиімді болар еді. Ал лексиканы оқыту әдістемесі аз зерттелген сала. Алайда осы саланы зерттеуде орыс ғалымдары А.А.Текучевтің және М.Т.Барановтың зерттеулерінен методикалық бағыт алуға болады. Қазақ ғалымдарынан А.Айғабыловтың «Лексиканы оқытудың кейбір мәселелері» сияқты еңбегін атауға болады.

1962 жылы жасалған жаңа бағдарламадағы өзгешеліктер, негізінен, мынадай бағытта көздеді: біріншіден, бағдарламаға «Лексика» бөлімі енгізілді. Бұның енгізілу себебі мектепте жүйелі түрде сөздікпен жұмыс істеу болмайтын, оқушыларға негізгі лексикалық түсініктер берілмейтін. Тек мағыналық ұғымдар (сөз мағынасы, омоним, антоним, синоним) ғана өтілетін. Сондықтан бағдарламада лексикаға арнайы орын берілді. Екіншіден, сөздің жасалуы бағдарламаға да, оқулыққа да енгізілмеген еді. Бұл материал тек "Сөз құрамы" деген атпен жол-жөнекей ғана өтілетін. Демек, оқушының тілін дамытуда болсын, логикалық ой-өрісін жетілдіруде болсын сөз тудыру, оның жасалуы жөнінен мәлімет берудің қажеттілігі ескерілді. Әсіресе, сөз тудыру мәселесі лексика, грамматика, орфография тарауларын оқытуда негізгі мәселелердің бірі деп саналып, бағдарламаға «Сөздің жасалу жолы» тақырыбы қосылды.

Лексика бөлімінің білімдік, танымдық маңызы оқушылардың тіл білімі туралы ұғымының кеңейуіне, тілдің ең кіші бөлшегі – сөздің фонетикамен, морфологиямен, синтаксиспен, стилистикамен қатысын түсінуіне, сөйтіп, бүкіл тілдің жүйені тұтас ұғып, оған материалистік көзқарасының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Лексиканы оқытуда алға қойылатын бұл екі мақсаттың бүгінгі жастарды заманымызға лайық тәрбиелеп шығу үшін үлкен маңызы бар. Сондықтан да лексикалық ұғымдар жоғарыда айтылған 5-сыныпта арнайы өтілумен бірге, тілдің өзге салаларын оқыту барысында да қайталанып, жаңа материалды толықтыру, түсінікті ету үшін қажет болады. Ол үшін лексика туралы алған ұғым әрқашан грамматиканы оқыту барысында кеңейіп, тәжірибелік маңызы ашыла түсуі керек. Өйткені жеке сөз ешқашан өз бойындағы бар мүмкіншілікті толық таныта алмайды. Ондағы (сөздегі) сан алуан мән-мағына грамматикалық байланыста ашылып, жанды көрінісін, қабілетін таныта алады.

Тіліміздегі сөздердің жалпы қызметін бірдей санауға болмайды. Оның үстіне олар қалай болса солай пайда бола салған, шашыранды атаулар емес. Олар – заңды түрде бір-бірімен байланысты, жинала келе тіл жасайтын аса күрделі дүние. Мысалы, сөз (тілдің кішкене бір бөлшегі) затты (парта, үй), құбылысты (жел, аяз), оның белгілерін (қатты, биік), мөлшерін (бір,екі), қимылын (оқы, тұр) білдірумен бірге сөз бен сөздің мағыналық қатысын (үйге дейін, ауыл жаны), әр түрлі сезім-сезікті (аһ, ойбай), кейде белгіні де аңғартады. Сондықтан тіліміздегі сөздердің жеке түрін дербес мағынаны аңғарту, аңғартпауына қарай атау сөздер, көмекші сөздер және одағай деп үшке бөлеміз. Немесе лексикалық мағыналы сөздер және грамматикалық мағыналы сөздер деп екіге бөлуге болады.

Лексика бөліміне енетін материалдың лингвистикалық негізі де осы айтылғандай принциппен шектеледі. Яғни тек қана лексикалық мағынасы бар сөздер туралы мәлімет беріледі де, грамматикалық мағынаны аңғартатын сөздер ( көмекші есім, шылау, одағай) грамматика аясында ғана сөз болады. Әрине, лексикалық мағынасы бар сөздердің де грамматикалық

мағынасы болатынын мұғалімнің естен шығаруына болмайды. Дегенмен бұл жерде лексикалық мағына негізгі белгі ретінде алынуы керек.

**8.2. Лексиканы оқытудың мазмұны.** Лингвистикалық негізін ажыратып алмай, лексиканы тіліміздегі жалпы сөздердің жиынтығы деп түсіндіре салсақ, оқушылар лексикалық талдау кезінде, жаттығу үстінде шатасады да, сабақтың негізгі мақсаты орындалмайды.

Мұғалімдер көп жағдайда оқулықты өздеріне тірек етеді. Онысы дұрыс та. Алайда оқулық оқушы үшін жазылғанын, онда мұғалім үшін көп нәрсенің жасырын сыр болып қалып қоятынын әр кез есте сақтау керек. Егер мұғалім оқулықтағыны ғана білсе, оқушыға берер білімнің түпкі мақсатын, одан шығар нәтижені өзге (грамматикалық) мағынадан жақсы ажырата алуы керек. Мысалы, лексикалық мағынасы бар сөздердің өзі түрлі қосымшалар жалғану арқылы дыбысталу қауызын өзгертіп отырады: адам, адамдар, адамдары, адамдарымыздың, адамдық, адамсу т.б. Ал олар сол қосымша арқылы грамматикалық мағына қабылдады ма, жоқ лексикалық мағына қабылдады ма деген мәселені ерекше ажырату керек. Өйткені атауыш сөздердің ішінде туынды түбір сөздер өте көп кездеседі. Оларды лексикалық мағынасы сақталып түрлі формаға енген сөздерден (адамдар, адамдармыз) бөле білмей тұрып, лексиканың лингвистикалық негізін де толық түсіну қиын болады. Сондықтан оқушыларға лексикалық мағына дегенді әр түрлі мысалдармен саналы түсіндіру арқылы ғана, оны грамматикалық мағынадан ажырататын болады. Мысалы, дейін, шейін, гөрі, сияқты, туралы т.б. шылаулар мен кітап, қар, аяз, жел, жаңбыр сияқты сөздерді салыстырып, оқушылардың өзіне мағыналарын түсіндір десек, тек кітап, қар, аяз, жел, жаңбыр сөздерінің ғана лексикалық мағынасын түсіндіреді де, шылаулардың лексикалық мағынасының жоқтығына көзі жетеді. Сондай-ақ лексикалық мағынасы бар атауыш сөздердің өзін бір ғана мағынасымен шектеу тағы қиын. Өйткені тіліміздегі сөздердің әрқайсысы сан түрлі мәнге ие. Олар – белгілі бір ұғымды аңғарта отырып, айтушының (не жазушының) көзқарасын, ой-күйін де байқатуы мүмкін. Мысалы, жуас,

момақан, көнбіс десек, үш сөздің де лексикалық мағынасы бір немесе жақын болғанымен, қолданушының жақсы немесе жек көріп, әлде сүйсініп айтқанын байқауға болады. Сондықтан сөз мағынасын ашып түсіну оқушылардың лексикалық ұғым туралы білімінің сөйлеу, жазуды қолданып, стилистикадан хабардар болуға мүмкіндік береді. Оқушыларға сөз және оның мағынасы туралы түсінік бергенде олардың (сөздердің) әр түрлі мағынасы контексте, сөйлемде ғана ашылатынын, жеке тұрғанда ондай көп мағынасының аңғарыла бермейтінін ескеріп, жаттығу жұмысын контекспен байланыстыра жүргізу керек. Мысалы, ақиық сөзінің оқушы бүркіт тұқымдас құс маржасын аңғартатынын контекстсіз түсінсе де, ауыспалы мағынада шаршамайтын, шалдықпайтын адам деген мәнін ұға бермейді. Көл сөзінің теңізден кіші суды аңғартатынын білгенмен, көп, мол дегенді білдіруі тек мәтін ішінде ғана ашылады. Сондай-ақ сөз кейде өз мағынасында да, ауыспалы мағынада да қолданылмай, екі, не одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы басқа мағына беретін кезі де болады. Мұндай тіркестер айтушы немесе жазған кісінің құрастырумен емес, дайын, бұрыннан тіркесіп қалыптасқан күйінде жеке сөз орнына пайдаланылады. Мысалы, ашық ауыз, төбе шашы тік тұрды сияқты тіркестер жеке бір ғана атауыш сөз мағынасын береді. Әрине, мұның бәрін, лексикалық мағынаны түсіндіргенде үйіп-төгіп оқушыға түсіндірем деу әурешілік болары анық. Дегенмен мұғалім өзі есте ұстаса, мәтін ішінде кездесе қалғанда оқушыға ұқтыруына қажет болады.

Сөз сырын, оның лингвистикалық негізін түсіндіруде оқушылар сөздердің бір-бірімен мағыналық жағынан әр түрлі себептермен тығыз байланыста болатынын, белгілі бір жүйеде бағынып, бірін-бірі толықтырып не мағынасын ашып тұратынын ескеру керек.

Мектеп курсында синонимдер, омонимдер, антонимдердің оқылуы осы жағдайға қарай бағытталған. Мысалы, синонимдес сөздер бірін-бірі толықтырып, мағынасын ашуға себеп болады. Айталық, сұлу сөзінің мағынасын аша түсу үшін келбетті, келісті, көркем, әдемі сөздерін пайдаланамыз. Сондықтан да түсіндірме сөздікте белгілі бір сөздің мағынасын түсіндіру

үшін оның синонимін келтіру (егер синонимі болса) тәсілі кездеседі. Мысалы, сызды – ылғалды, дымқыл; сый – құрмет, қошемет; сыйлы-құрметті, қадірлі; сымбат – нұсқа, мүсін, тұлға; сынау – тексеру, байқау.

Ал антонимдес сөздер (ұзын – қысқа, ақ - қара) біріне-бірі қарама-қарсы мағынаны аңғарту арқылы мағынаны дәлелдей түседі. Сондықтан біз кейде сөздің мағынасын түсіндіру үшін антонимін табуға, сол арқылы түсіндіруге әрекет жасаймыз. Мысалы, қара – аққа қарама-қарсы түс.

Сондай-ақ сөздің бір-бірімен байланысы тақырыптық топтарға қарай (спорт терминдері: футбол, волейбол; география терминдері: тау, қырат, ойпат т.б.) бүтін мен бөлшектің өзара қатысына қарай (адам – қол, аяқ, көз, мұрын, құлақ т.б.) сондай-ақ түбірлестігіне қарай (ақшыл, ақтау, ақтық; түрлі, түрсіз, түрлілік т.б.) анықталады.

Мектеп курсында оқушыларға лексика бөлімінен саналы білім беру үшін бағдарламаға енген тақырыптардың теориялық және тәжірибелік жағынан мәні анықталуы керек. Әрине, бағдарламадағы өз мазмұнымен негізгі мақсат-мәнін ашатын сияктануы мүмкін. Сабакты түсіндіруші мұғалім де осы ізбен жеке тақырыпты бөліп-бөліп түсіндірумен қанағаттанса, олардың бір-біріне қатысты топтарын ашып түсіндіруді немесе өзі ұғуды мақсат етпесе, лексика бөлімін оқыту мазмұны толық ашылмауы әбден мүмкін. Сондықтан лексика бөлімін оқытуда есте сақталуы қажет үш ұғым бар екенін білуіміз керек. Біріншісі – сөздің мағыналық топтары. Бұған сөз және оның мағыналары (тура мағына, ауыспалы мағына, көп мағыналылық), синоним, омоним, антоним. Екіншісі - әр түрлі қолданылу аясына қарай бөлінетін жалпыға бірдей, белгілі аяда қолданылатын сөздер (терминдер, диалект және кәсіби сөздер), көнерген сөздер мен неологизмдер. Үшіншісі – шығу тегіне қарай қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілден енген сөздер. Осы үш топқа бөлінген тақырыптар бүкіл лексика бөлімін қамтиды да, олардың әрқайсысы мұғалімдерге материалды түсіндіруге белгілі міндет жүктейді.

Бірінші ұғым деп алып отырған сөздің мағыналық топтары 4-сыныпта оқытылатыны белгілі. 4-сынып оқушылары сөз

мағыналарының әр түрлі қолданыс жолдарын (тура, ауыспалы), синонимдердің, омонимдердің, антонимдердің тіліміздегі көркемдік, стильдік мәнін түсініп, мәтіндерден ажыратуға, тіл ұстарту бағдарламасы бойынша, ресми кеңсе стилінде, ауызекі сөйлеу стилінде, көркемдік әдебиет стилінде қолдану жолынан хабардар болады. Олардың түсіндірме сөздікте берілу тәртібімен танысып, сан түрлі сырын ұғады. Сөйтіп оқушылар сөйлеу, жазу нормаларына жаттығыды.

Ал екінші және үшінші топқа жататын ұғымдар 5-сыныпта оқытылады да тіліміздегі сөздердің даму, қалыптасу жолымен және олардың әдеби тілдің стильдік тармақтарында қолдану аясын аңғартады. Мысалы, қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілден енген сөздерді оқу арқылы тілдің баю, даму жолын түсінсе, терминдер мен диалект, кәсіби сөздердің, көнерген сөздер мен неологизмдердің мәнін білу арқылы тілдің сан-саласы стильдік тармақтары болатынын, әрқайсысы да қажетіне қарай тілімізге қызмет ететінін ұғады. Сондықтан лексика бөлімінің материалдарын өту барысында да, кейін пысықтау үшін де бұл айтылған ұғымдарды есте сақтаудың, оқушыларға оны анықтап ескертудің зияны жоқ.

Ал фразеологизмдер мағынасы жағынан өзара синонимге де (жүрегінің түгі бар – жүрек жұтқан; он қолынан өнері тамған – ағаштан түйін түйген т.б.) көп мағыналыққа (аузын ашты деген фразеологизмді сөйлей бастады деп те, таң қалды деп те түсінуге болады) да жатады.

Ал шығу тегіне қарай алсақ фразеологизмдерді тіліміздегі сөздер сияқты байырғы фразеологизмдер, басқа тілден енген фразеологизмдер деп бөлуге болады. Мысалы, көрмес түйені де көрмес, тасбақа аяқ сияқты тұрақты тіркестердің біріншісі байырғы фразеологизм болса, екіншісі – черепаший шаг дегеннен алынған.

Қысқасы фразеологизмдер жеке сөздің баламасы ретінде қолданылатындықтан, сөздің аясында қарастырылады.

**8.3.Лексиканы оқытудың принциптері.** Мектепте лексиканы оқытуда оның тиімділігін арттыру үшін алға қойылатын негізгі принциптерді саралап алудың үлкен мәні бар.

Лексиканы оқыту әдістемесінде негізінен төрт принцип бар. Оның біріншісі – сөз мағынасын оның (сөздің) аңғартатын болмысымен (зат, сын-сапа, сан, қимыл т.б.) салыстыру; екіншісі – лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны салыстыру, үшіншісі – семантикалық-мағыналық принцип, төртіншісі – диахрониялық принцип.

Бұл төрт принципке жеке-жеке тоқталамыз.

**Бірінші принцип – сөзді болмыспен салыстыру.** Қазақ тілінің сөз байлығын үйрену немесе игеру өмірді, өмірдегі сан алуан құбылыстың өзін, оның сын-сипатын ұғумен қатар жүретіні белгілі. Өйткені белгілі ұғымға телінбеген сөз есте де сақталмайды, өмірге қажет те болмайды. Өмірде нендей жаңа зат, жаңа ұғым пайда болуына қарай, жаңа сөз пайда болатыны сияқты, ол сөздердің әжетке жарауы да, жарамай, қолданылудан түсіп қалуы да сол зат не ұғымға тікелей байланысты. Жас бөбектің сөз үйреніп, тілінің шығуы - өзіне таныс заттар мен ұғымдарды танып білумен қатар жүретіні сияқты лексиканы оқытқанда да сөз мағынасы өмірмен тікелей ұштастырылып отырылуы талап етіледі.

Мектеп бағдарламасында бұл әдісті қолданудың әдістемесі қалай дегенге келсек, ең бірінші заттың суретіне қарап атау, не естіп, оның суретін табу әдісінің үлкен мәні бар. Әрине, бұның қарапайым әдісі ретінде аңғарылуы да мүмкін. Өйткені мұндай әдістер көбінесе балалар бақшасында, бастауыш мектептің алғашқы сабақтарында жиі кездеседі. Ал біз әңгіме етіп отырған 5-сынып бағдарламасында қалай қолданылмақ. Айталық, 4-сыныпта сөздің мағыналық топтарын оқытуда сөздің мағынасын заттың суретімен салыстыру лексиканың көп мағыналы сөздер, синоним, омоним, антоним сияқты категорияларын танытуға үлкен септігін тигізеді. Бір заттың атауы екі не одан да көп сөзбен аталса, ондай сөздерді синоним болатынын (шолақ, қысқа, келте т.б.) немесе бірнеше зат бір сөзбен аталса, омоним болатынын, бір-біріне ұқсас бірнеше затты бір сөз аңғартса, көп мағыналы сөз болатынын түсіндіру үшін өте қажет әдіс болып табылады. Мектеп оқулығында бұлайша салыстыру әдісіне негізделген суреттер берілген. Оны мұғалім көбейтіп қолдануына әбден болады Өйткені тіліміздегі

сөздерді оқушы біліп, оны қолданып тұрғанымен ішкі сырын, мағыналық қатпарларын, стильдік өңін анық тани бермейді. Тілдің күрделі мәселе екені, оны жастай үйреніп, сол тілде сайрап сөйлеп тұрғанның өзінде адам баласы өмір бойы үйренумен өтетіні белгілі. Олай болса, сөз туралы ұғым, оның қажеті қанша үйренген сайын, қыр-сыры молая беретін байлық. Сондықтан бұл принципті мектеп бағдарламасында лексика бөлімін оқушыларға саналы үйретудің бірден-бір қажетті жолы деп есептеуге болады.

**Екінші принцип – лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны салыстыру.** Бұл принцип лексикалық құбылысты нақтылап, анықтап, дәлелдеп тануға, сөйлеу, жазу кезінде лексикалық қателерді болдырмауға көмектеседі. Мысалы: антоним, синоним, омонимдерді, көп мағыналы сөздерді оқытқанда, олардың (сөздердің) лексикалық мағыналарына көңіл бөлеміз де грамматикалық мағынасына көңіл аудармаймыз. Айталық, омонимдерді өткенде дыбысталуы бірдей бола тұра басқа-басқа ұғымды аңғартатын, бір-біріне байланысы жоқ сөздер деп түсіндіреміз де пысықтау кезінде болсын, жаттығу, қайталау кезінде болсын, осы ізбен кете береміз. Грамматикалық мағынасы аталмайды.

Шындығында, омонимдердің грамматикалық мағынасына көңіл аударып, олардың бір сөз табынан да, әр түрлі сөз табынан да (түс – зат есім, түс – етістік т.б.) бола беретінін салыстыра түсіндірсек, тақырыптың мазмұны ашыла түседі, омоним сөздердің мәні де толықтырылады, сөйтіп, лексикалық мағынаны жақсы түсінуге мүмкіндік туады.

Ал мұндай мысалдарды қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен оқушылар өздері тауып, лексикалық, грамматикалық мағыналарын салыстыру арқылы көп мәселені үйренеді. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» *албан* және *албырт* деген екі сөзді қарап көрейік.

1. Албан, зат есім. Алым, салық.
2. Албан, зат есім. Албанияның негізгі халқы, ұлт.
3. Албырт, сын есім. Беті қайтпаған, тауы шағылмаған.
4. Албырт, зат есім. Делбе (ауру).

5. Албырт, етістік. 1. Албырау, қызару. 2. Көңілдің әр нәрсеге кетуі.

Егер оқушыларға осы албан және албырт сөзінің түсіндірме сөздікте берілуін, олардың екі сөз емес, бес сөз екенін (алдыңғысы 2 омоним, соңғысы – үш омонимге бөлінетінін), бірақ олардың омонимдік мағыналары бір сөз табы аясында да (мысалы, албан сөзі тек зат есім), әр түрлі сөз табы аясында да бола беретінін (албырт сөзі омонимдес зат есім, сын есім, етістік болып тұр) салыстыра түсіндірсек, олардың әрі лексикалық мағынасын, әрі грамматикалық мағынасын игертеміз. Мұндай салыстырулар синоним, антонимдерді өткенде де ойластырып отырған жөн. Әсіресе түсіндіру дерексіз ұғымды білдіретін сөздердің лексикалық мағынасын ашып түсіндіруге қажет болады. Өйткені үшін дерексіз ұғымдарды аңғартатын сөздердің мағынасын ашу деректі ұғымды аңғартатын сөздердің мағынасына қарағанда әлдеқайда қиын.

Сөздердің лексикалық және грамматикалық белгілерін салыстырып түсіндіру барысында тағы бір еске алатын жайт, әрқашан талданатын сөз сөйлем ішінде, контексте ғана қарастырылуы керек. Өйткені жеке тұрған сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары беймәлім болып келеді. Мысалы, егеу, жамау, жабу, оқу т.б. сияқты сөздер бірде зат есім, бірде етістік болып қолданылуы сөйлем ішінде ғана байқалады. Сондай-ақ алыс, жақын сөздерін біз бір-бірімен салыстырып, қашықтықты білдіретін антоним сөздер екенін бірден аңғартуымыз мүмкін. Бірақ алыс сөзінің етістік ретінде қолданылуы еске түсе бермейді. Ал бұлар сөйлем ішінде (контексте) қарастыру оқушыларға әлдеқайда жеңіл болады.

Лексиканы оқытуда әрбір лексикалық категорияларды түсіндіру лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны қатар қойып салыстыру арқылы жүрсе ғана ұтымды болады. Бұлайша түсіндіру – лексикалық мағынаны ашуға көмектесумен бірге, оқушылардың грамматикалық ұғымдарды да бойына сіңіре беруіне, сөздердің қолданылу аясын тереңдей білуіне мүмкіндік жасайды.

**Үшінші принцип – семантикалық принцип.** Бұл принцип сөздердің әр түрлі сөздермен мағыналық байланысына қарай лексикалық парадигма жасау қабілетімен байланысты. Лексикалық парадигма дегеніміз айналадағы заттар мен құбылыстардың бір-біріне қатысы қандай болса, оларды аңғартатын сөздердің де бір-біріне қатысы сондай болады. Мысалы, өзара қатыстылығы арқылы бір атауға топталатын сөздер болады. Айталық, таңертең, сәске, түс, намаздыгер, намазшам, кешқұрым сөздері бір күн ішінде болатын мезгіл атаулары; тал, терек, қарағаш, қараған, сәмбі, өрік, алма т.б. сөздер ағаш сөзінің мағынасына енеді; қол, аяқ, иық, тізе, арқа, құлақ, мұрын т.б. сөздер дене мүшесіне жатады. Сондай-ақ синоним, антоним, көп мағыналы сөздер де өз ішінде белгілі мағыналық қатысқа ие. Сөйтіп лексикалық парадигма дегенде осындай өзара мағыналық байланысы бар сөздердің тобын айтамыз. Сондықтан семантикалық принцип көп мағыналы сөздер мен омонимдерді, көп мағыналы сөздер мен антонимдерді, синонимдер мен түбірлес сөздерді үйренуде қолданылады. Сондай-ақ өзара бір атау топтарға бөлінетін сөздерге көңіл аудару да лексикалық мағынаны аша түсетін тәсіл екенін есте сақтаған жөн. Мысалы, шабуылшы, қорғаушы, жартылай қорғаушы, қақпашы сөздерін спорттың футбол атты түрімен ғана түсіндіріп, мағынасын аша аламыз. Сондықтан тіліміздегі көптеген сөздердің лексикалық мағынасын тек семантикалық принцип арқылы түсіндіруге болады. Сондай-ақ бұл принцип сөздердің сөз тіркесі және сөйлем ішінде өзара мағыналық байланысу жолын аңғаруға да көмектеседі. Өйткені қандай сөз болмасын ешқашан тілде жеке өмір сүре алмайды, қандай да бір басқа байланыста қолданылып, әжетке жарайды. Мысалы, есік сөзі ашу, жабу етістігімен байланысты айтылғанымен, ұшу, жүру, кету, келу сияқты қозғалысты білдіретін сөздермен байланыспайды. Бірақ тілдің ішкі мүмкіндіктеріне қарай, бір-біріне байланысы жоқ ұғымдарды образды ойлау жүйесімен айту арқылы байланыстыратын кездер де болады. Мысалы, барқыт түн, алтын дән, ақ алтын, алтын күз т.б. Сондықтан оқушыларға сөздің лексикалық мағынасын түсіндіруде семантикалық принцип осындай сөз

қолданыс түрлеріне қарай да айқындап ұқтыруға мүмкіндік береді.

**Төртінші принцип – диахрониялық принцип.** Бұл принцип тіліміздегі сөз байлығының пайда болу, жасалу, қалыптасу тарихын халық өмірімен салыстыра түсіндіруге негізделген, ол көбінесе 5-сыныптағы басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер мен неологизмдер, кәсіби сөздер туралы ұғымды оқушыларға түсіндіруде қолданылады. Сөйтіп, диахрониялық принцип – оқушыларға сөздің тарихын, шығу тегін не пайда болу себебін ашып түсіндіру жолымен лексикалық мағынаны анықтау үшін қажет. Бұл принцип сырттай қарағанда оқушылар үшін тым күрделі көрінуі де мүмкін. Мәселе онда емес. Біз бұл жерде сөздің этимологиясын ашу үшін жасалатын күрделі талдауға бармаймыз, тек 5-сынып оқушыларының өз ұғымына сай, оқулық материалы көлемінде ғана жүргізіледі. Мысалы, орыс тілінен енген машина, трактор, комбайн, колхоз сияқты сөздердің тілімізге енуінің себебі қазақ халқының тарихымен ашылуға тиіс. Немесе көнерген сөздерді, неологизмдерді де халық тарихымен салыстырып, би, хан, уәзір сияқты сөздерді қазір халық неге қолданбайды, не үшін спутник, ұшқыш сияқты сөздер пайда болды? дегендей сұрақтар төңірегінде әңгіме жүргіземіз.

Оқушылар бұлай салыстыру әдістері арқылы басқа тілден сөз ену, кей сөздің көнеріп, кей сөздердің тілімізде жаңадан пайда болып жатуы қазақ халқының тарихындағы өзгерістерге, даму жолына байланысты екенін аңғарады. Мысалы үшін оқушыларға тың сөзін талдатсақ, қазақ халқының өміріндегі ұлы өзгеріске байланысты екенін аңғарады. Айталық, әуелі оқушыларға тың сөзінің бұрын сын есімге жататын сөз болғанын, тың күш, тың көлік, тың жер сияқты зат есімге анықтауыш ретінде тіркесетінін түсіндіре келіп, қазіргі тың сөзінің лексикалық мағынасын талдап, оның зат есімге айналғанын аңғаруға болады: «Тың игеру кезінде ондағы кездескен тұрмыстағы қиыншылықтарды қайта сөз ететін болсақ, олар шынында да уақытша қиыншылықтар еді».

Бұл сөйлемдерде тың сөзі бұрынғы сынды аңғартатын мағынасынан алыстап не? деген сұраққа жауап беретін белгілі

бір территорияны, елімізге әйгілі астықты өлкені аңғартып тұр. Оқушылар тың сөзінің ішкі мағынасындағы өзгеріс қазақ халқының мекені Қазақстанда болған тың игеруге, ұлы оқиғаға байланысты туғанын түсініп, сөз бен халық тарихы бір-бірімен сабақтас, жалғас жататынын түсінеді. Сөз тарихы мен халық тарихын салыстыра түсіндіру әр түрлі жолмен жүргізілуі мүмкін. Кейде сөз тарихы баяндалатын қысқа мәтіндерді жаттығу ретінде пайдалану арқылы, сөздің қайдан, қалай келгенін, қалай пайда болғанын білдіруге болады. Мысалы, Шаруалар қайсы елде болса да, мехнатты өмір кешіп, мұқтаждықта қорлық көрген. Әліпті таяқ деп білмейтін ауыл адамдарын қалалықтар қас надан деп мазақтап, кеудесін керіп кердеңдеген.

Шаруаларға менсінбей қараудың өзі осы Клоун атауынан да аңғарылады. Өйткені бұл сөз латынша «Колонус», яғни ауыл тұрғыны деген сөзден шыққан.

**8.4. Лексиканы оқытудың жүйесі.** Әдіскер-ғалымдар М.Т.Баранов, А.Р.Прудникова жаттығу әдісінің маңыздылығына тоқтала келіп, лексиканы оқытумен байланысты жүргізілетін жаттығу түрлерін **сөздік және лексикалық** жаттығулар деп екіге бөледі. «Сөздік және лексикалық жаттығулар бір-бірімен тығыз байланысты, кей жағдайда оларды бір-бірінен айыру да қиын, өйткені екеуі де негізі сөзбен жұмыс жасайды»<sup>22</sup> дей келіп, бұл ғалымдар лексикалық жаттығуларға лексикадан алған білімді бекітіп, осы негізде лексикалық іскерлікті қалыптастыру үшін жүргізілетін талдау жұмыстарына арналған жаттығуларды жатқызады. Ал сөздік жаттығуларға тілді сезінумен, сөзді дұрыс түсінумен және орынды қолдана білумен тығыз байланысты сөз тіркестерін жасау, сөйлем құрау, мазмұндама, шығарма жазуды жатқызады. Сөздік жаттығулар оқушылардың сөздік қорының молаюына жағдай жасайды.

5-сыныпта лексикалық тақырыптарды оқытумен байланысты тіл дамытуға арналған жаттығу түрлерін жинастыруда, топтастыруда мына жағдайлар ескеріледі: а) 5-сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескеру, соған сәйкес жаттығу

---

<sup>22</sup> Баранов М. Т. и.д. Методика лексики и фразеологии на уроках русского языка. - М. : Просвещение, 1988. - 12 с.

жұмыстарын түрлендіру; ә) тіл дамытуға арналған жаттығу жұмыстарының мақсатын комплексті түрде қою.

Тіл дамытуға арналған жаттығулар жүйесін жинақтауда жаттығу жұмыстарына қойылатын мынадай негізгі әдістемелік талаптар ескеріледі. Олар: 1) жаттығу мәтіні оқушының жас ерекшелігіне сай келуі тиіс; 2) жаттығу мәтінінің тәрбиелік мәнінің болуы; 3) жаттығуда берілген тілдік тапсырманың айқындығы; 4) лексикалық тақырыптың грамматикамен байланыстылығы.

Бұл жаттығу түрлері үш топқа бөлінеді: 1) лексикалық тақырыптарды бекіту мен оқушы тілін дамытуға бағытталған тақырыптық жаттығулар;

2) меңгерілген лексикалық тақырыптарға байланысты оқушылардың өзіндік шығармашылығын ұштауға бағытталған жаттығулар;

3) лексикадан алған білімін тексеруге бағытталған бақылау жаттығулары.

Бірінші топтағы жаттығулар лексикалық тақырыптардың қатысына қарай бөлінсе, екінші топтағы жаттығулар – ойын жаттығулары, лексикалық перфокарта, лексикалық сызғыш, суретпен жұмыс жатқызылады, үшінші топтағы жаттығулар қатарына еркін диктант, тілдік тапсырмасы бар мазмұндама, тілдік тапсырмасы бар шығарма топтастырылды.

Лексика бойынша жүргізілетін жаттығу жұмыстары жөнінде. Лексикалық жаттығулар қазақ тілі лексика жүйесін белгілі бір ұғымдық мәліметтермен танысуға, сөздерді қолдана білуге дағдылануға бағытталады. Сондай-ақ лексикалық жаттығу оқушылардың сөз байлығын арттырады, сөзді қолдануға бейімдіктерін дамытады, оқушыларды әрбір сөзге көңіл бөлуге, мағынасын анық аңғартуға жетелеп, логикалық ойлау жүйесін кеңейтеді.

«Қазақ тілі» оқулықтарында (4-5-сынып оқулықтарында) лексикалық жаттығулар тек қана лексикалық ұғымдарды (тура және ауыспалы мағына көп мағыналылық, синоним, омоним, антоним, басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер мен жаңа сөздер, диалектілер мен кәсіби сөздер, фразеологизмдер) пысықтауға және олардың қолданылуын үйренуге жетелейді.

Бірақ қолданылуы жайында тапсырма аз берілген. Демек, лексиканы игеру үшін грамматикамен, орфографиямен және стилистикамен байланысты жаттығу жұмыстары жүргізілуі керек. Өйткені лексикалық ұғымдарды үйрену мен оның қолданылу аясын толық игеру тілдің басқа салаларымен байланыстырылмай, толық мәнге ие бола алмайды. Сондықтан оқулыққа жаттығу жұмыстарын беру үстінде қай материал грамматиканың, орфографияның қай тақырыбымен байланысты екенін айрықша ескеріп, олардың жүйелі берілуіне көңіл аударған жөн. Бұл жерде үлкен шеберлік, оқушылардың жас ерекшелігі мен қабылдау, орындау мүмкіндігін айқын аңғаратын педагогикалық, психологиялық білік қажет. Сондықтан әуелі лексика саласы бойынша берілетін жаттығулардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай классификациялап алған жөн. Берілетін жаттығу жұмыстарының бірінші тобы, сөз жоқ, лексикалық жаттығу болып табылады. Мұнда негізінен оқушылардың лексикадан алған теориялық мәліметтері пысықталып, сөз қолданысқа үйретіп, дағдыландыру, сөздікті пайдалану ісі игерілуі керек. Дұрысында, сөздіктермен танысу, оларды пайдалану жұмысы әрбір тиісті лексикалық ұғымдармен бірге жүргізілуі керек. Мысалы, түсіндірме сөздікпен танысу, оны пайдалану сөз мағыналарын өткенде (тура және ауыспалы мағына, көп мағыналық, омоним, синоним, антоним) қажет болады. Оқушылар сөздің лексикалық мағынасын сөздікте қалай түсіндірілетінін немесе өздері мағынасын анық аша алмаған сөздердің мәнін ұғу үшін пайдаланады; көп мағыналы сөздердің, омоним сөздердің берілу тәртібін үйренеді.

Көп мағыналы сөздердің әр түрлі синонимі, әр түрлі антонимі болатынын түсіндіріп, оған сай жаттығу жұмысын жасау – сөзді толық түсінуге, барлық мүмкіндігін ашып ұғуға мүмкіндік береді. Мысалы, асау ат, асау өткел деген тіркестерде асау сөзіне бірде жуас, бірде оңай сөзі антоним болады (жуас ат, оңай өткел). Ал синонимі де әр түрлі, айталық, бастықпаған ат, қиын өткел.

Ал лексикалық жаттығулардың екінші тобы тілдің басқа салаларымен байланыстырылып жүргізілетін синтетикалық жаттығу болып есептеледі. Анығырақ айтсақ, лексикалық

тақырыптан алған білімін бұрын өткен грамматика, орфография, стилистика тарауларының материалдарымен байланыстырып жаттығу. Мұның өзі оқушылардың лексикадан алған білімін жалпы тіл жүйесінде түсінуге, тіліміздегі орнын, қолданысын ұғуға, сондай-ақ өзге материалдарды еске түсіріп, қайталап отыруға мүмкіндік береді.

Ол үшін мынадай жаттығулар жүргізілгені абзал.

1. Берілген сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын таптыру: 1) *адам, өсімдік, жануар, алтын, су*; 2) *қызық, жазық, әдемі, үлкен*; 3) *ойлану, жүру, сөйлеу, кебу*.

Оқушылар үш топқа бөлінген сөздердің лексикалық мағынасын аша отырып, бірінші топтағы сөздердің зат атауы екенін, екінші топтағы сөздердің заттың белгісін, сынын білдіретінін, үшінші топтағылар қимылды білдіретінін анықтап, зат есім, сын есім, етістікке жататынын түсіндіру тиіс. Сол сияқты лексикалық мағынаны сөздің жасалу жолына, қолданылуына, шығу тегіне қарай ажырату да грамматикамен тығыз байланысты жүргізіледі.

2. Мына түбірлес сөздердің қай сөз табына жататынын анықтату: 1) *келісім, келісті, келіншек*; 2) *орын, орынша, орындық, орынды*; 3) *адам, адамдық, адамгершілік, адамды*.

3. Грамматикамен байланысты жүргізілетін жаттығудың тағы бір түрі сөздің түрлену барысын немесе сөз жасау барысындағы айырмашылықтарын ажырату болып табылады. Мысалы, белгілі бір сөзге септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жалғау арқылы лексикалық мағыналарын салыстырып көруге болады. Оқушылар бұлайша түрленген сөздердің лексикалық мағынасы сақталып, грамматикалық мағынасында өзгерістер пайда болғанына көз жеткізді.

Бұл айтылған жаттығу түрлері оқушылардың лексикалық мағынаны грамматикалық мағынадан ажыратуға көмектеседі, сөйтіп, сөздің қолданылыс аясын жақсы меңгеріп, тәжірибелік дағдысы артады, жазу мәдениеті жетіледі.

Ал стилистика саласымен байланысты лексикалық жаттығулар сөзді таңдап қолдануға, айтылатын ойға лайық сөйлем құруға үйретеді. Бұған байланысты жүргізілетін жаттығу жұмыстары: 1) берілген сөздер мен сөз тіркестері қандай

лексика-семантикалық топтарға, қайсысы қандай стильдік тармақтарға жатады. Мысалы, *балалар – балдар, қыз – нашар бала, тыныш тиыш, бала – балақай, қыз – қызалақ т.б.* 2) стилистика туралы ұғымды оқушыларға кеңінен түсіндіріп, ғылыми, көркем әдебиет, сөйлеу стильдерімен таныстыру.

Ал орфографиямен байланысты жүргізілген жаттығулардың да өзіндік орны, ерекшелігі бар. Өйткені оқушылар сөз байлығын игерумен бірге оның дұрыс жазылу жолын да саналы түсінуі керек. Ол үшін оқушылардың сөз қолдану, жазу дағдысын қалыптастырып, әр түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізген жөн:

1) мына сөздердің түбірлес варианттарын жазып, түсіріліп жазылатын дауысты дыбыстар ережесін түсіндір: *ұры (ұрлық), орын (орны), құлып (құлпы), көрік (көркі).*

2) мына сөздерді сыңарларымен салыстырып, мағыналас немесе өзге сөз екенін түсіндір: *қан – хан, қат – хат, кәрі – қария, ары - әрі, білік – пілік, қас – хас.*

3) Берілген сөздерге түбірлес сөз тауып, дауыссыз дыбыстардың өзгеруін түсіндір: *жап – жауып, тап – тауып, тек – теуіп, көбік – көбігі, парақ – паразым, тарақ – тарағым.*

4) Берілген түбірлес сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшелікті түсіндір, түбірлес сөздердің лексикалық мағынасын ажыратып бер. *Жұмыс – жұмысшы, ас – ашы, дос – досжан.*

5) Омонимдес сөздердің түбірін тауып, әрқайсысының мағыналарын аштыру: *түстік (тамақ) – түспек, түн – түнек.*

Әр сөзді қатыстырып, жеке-жеке сөйлемдер құрастыру. Қысқасы, лексиканы пысықтау үшін берілетін жаттығулар жоғарыда келтірілгендей әр түрлі тақырыппен байланыстырыла жүргізілсе, оқушылардың сөз болып отырған тарау бойынша теориялық білімі мен қолдану дағдысын қалыптастыруға, жалпы тіл заңдылығын толық игеріп, өздігінен ойлануына, сөз қолдану шеберлігін арттыруына үлкен ықпал жасайды.

Мұның өзі оқушы лексика тарауына қаншалықты теориялық білім, қандай көлемде дағды алу керек деген сұрақтың да шешуін бере алады. Мысалы, 4-сыныпта оқушылар түсіндірме сөздікпен жұмыс істеп, тура және ауыспалы мағыналарды сөздіктен тауып, олардың берілу тәртібін түсінеді, синоним –

зат есімдерді ауызекі, жазбаша түрде қолдану арқылы орынсыз сөз қайталаудан арылады, сондай-ақ синоним – сын есімдер мен синоним – етістіктерді қолдану жолын үйренеді.

Ал 5-сыныпта сөздіктер арқылы қай сөздің қай тілден ауысқанын, көнерген сөз бе, неологизм бе, диалектизм бе, әлде кәсіби сөз бе деген сұрауларға жауап беріп, олардың қолданылу орнын, көркем әдебиеттегі ролін түсінеді.

**5-сыныпта лексиканы оқыту.** 5-сынып бағдарламасында лексика материалына 10 сағат берілген. Оқушылар осы берілген сағат көлемінде сөздің лексикалық мәнін, оның тілімізде қолданылу орнын, қызметін түсіндіру міндеттеледі. Ол үшін сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасын ашып, сөздердің өзара мағыналық байланыс жүйесін түсіндіру, сөйтіп, олардың сөз байлығын арттырады; сөздің тілдегі өзіндік өзгешелігін, яғни дыбыстық жағын, затты, сапаны, қимылды т.б. мағынаны аңғартатынын түсіндіру 5 сынып оқушылары лексика тақырыбын өту барысында лексикалық ұғымдардан хабардар болуымен қатар, олардың көркем әдебиетте қолданылуымен танысып, өз беттерімен оларды мәтіннен табуға дағдыланады.

*Сөз және оның мағынасы.* Бұл тақырып бойынша оқушылар тіліміздегі сөз байлығы туралы түсінік алып, олардың мағыналары, қолданылу аясы бойынша дағдылануы мақсат етіледі. Сондай-ақ тілдегі сөз байлығының шексіз молдығын, ал олардың сан алуан мағынаға ие екенін түсінуі қажет.

Мұғалім сабақтың тартымды өтуі үшін сөз байлығы адам баласының сөйлеу, жазу үшін қаншалықты қажеттілігін ұқтырып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға әрекет жасауға тиіс.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қазақ тілінің сөздік қоры мен құрамын оқытылу мәселелері жайлы кімдердің еңбектерін білесіңдер?
2. Лексиканы оқыту методикасының мақсаты мен міндеттерін атап көрсетіңдер.
3. Лексика бөлімін оқытуда есте сақталуы қажет үш ұғым туралы не білесіңдер?

4. Лексиканы оқытуда қолданылатын принциптерді көрсетіңдер.

5. Лексикалық қателердің қандай түрлері бар?

6. Лексикалық жаттығулар қалай жүзеге асырылады?

## **9-ТАҚЫРЫП. ГРАММАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**9.1. Мектепте грамматиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері, оларды меңгерту әдістемесі.** Грамматика – бір тілдің грамматикалық құрылысын зерттейді. Грамматиканың екі саласы бар. Олар: морфология және синтаксис. Морфология – дербес сөздердің грамматикалық мағыналарын тексеретін, грамматикалық сөз тұлғалардың қызметі мен қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттейтін тіл ғылымының бір саласы. Синтаксис – сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөздердің сөйлемде тіркесуі туралы зерттейтін ілім. Сөздің морфологиялық құрылымы туралы мәселе, грамматиканың ең маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Сөздердің морфология құрылымына талдау жасау үшін ең алдымен, сөздің құрылымына тікелей қатысы бар негізгі морфологиялық ғылымдардан алдын ала айқындап алу қажет. Мұндай негізгі морфологиялық ұғымдарда мазмұнына, морфема туралы ұғым енеді. Морфема дегеніміз – контексте сөздің жалпы грамматикалық мағынасы, я категориялық немесе қатысты грамматикалық мағыналарын білдіре алатын ең кіші бөлшек.

Грамматика – әрі өте маңызды, әрі үлкен мәселелердің бірі. Грамматикалық форма туралы ұғым, грамматикалық мағына және грамматикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық формамен айтылады. Ал грамматикалық тәсіл грамматикалық мағынаны грамматикалық форма арқылы білдіретін жол болып табылады. Грамматикалық категория туралы ұғым грамматикалық мағына мен грамматикалық форма туралы ұғымдармен ұштасып жатады әрі олармен тығыз байланыста болады. Өйткені грамматикалық мағына грамматикалық категориядан тыс өмір сүрмейді. Қайта оның элементі ретінде грамматикалық

категорияның құрамында өмір сүреді. Грамматикалық категория грамматикалық формамен тығыз байланысты. Бұл екеуі бір-бірінсіз өмір сүруі мүмкін емес.

Тілдің грамматикалық жүйесін оқыту оқушылардың ойлау қабілетінің дамуымен тығыз байланысты болғандықтан, сабақ барысында таным процесінің белгілі әдістерін (даралау жинақтау, жалқыдан жалпыға, жалпыдан жалқыға бару, салыстыру) міндетті түрде есте сақтау қажет. Яғни балалардың таным процесі ең алдымен жеке фактілерді жинақтауға, содан соң жинақталған мәліметте пайдаланып тілдік фактілерді даралауға қарай бағытталады екен. Бұдан шығатын қорытынды: жаңа грамматикалық ұғым туралы түсінік берген кезде мұғалім балалар танымының жалқыдан жалпыға қарай бару қызметіне сүйеніп, тілдік фактілерді байқату және бір-бірімен салыстыру арқылы әлгі белгілерді жинақтауға ұмтылады. Ал грамматикалық ұғымды тиісті дәрежеде түсініп болған соң, олардың ой қабілетінің жалпыдан жалқыға қарай бару қызметіне сүйеніп, қабылданған мағлұматты тілдің, сөздердің жеке белгілерін ажырату мақсатында пайдалана білуге үйрету қажет.

**Грамматикалық ұғымдарды меңгерту барысы шартты түрде төрт кезеңге бөлінеді.**

**Бірінші кезең** – түсіндірілетін грамматикалық ұғымның айқын белгілерін балаларға байқату үшін тілдік материалды талдау. Ол кезеңде оқушылар нақтылы сөздердің лексикалық мағыналарын түсінумен қатар, олардың тілдегі ортақ қызметтерін қолданудағы ұқсас белгілерін дерексіз түрде тануды үйретеді. Яғни талдау мен дерексіздендіру (абстракциялау) сияқты ойлау операцияларын меңгереді.

**Екінші кезең** – анықталған белгілерді жинақтау, грамматикалық ұғымның осы белгілерінің арасындағы өз ара байланысты аңғару, түсіндірілген ұғымның грамматикалық анықтамасымен танысу. Оқушылар бұл кезеңде ойлау процесінің салыстыру және жинақтау сияқты операцияларын меңгереді. Мұғалім мағлұматтар мен дағдыларды жүйелеп, грамматикалық ұғымның әр бір жаңа белгісі үйретілгеннен

кейін оны алдыңғы оқылған материалмен байланыстыра жинақтап отыруы қажет.

**Үшінші кезең** – грамматикалық ұғымның анықтамасын түсіндіру, ортақ белгілердің мәні мен олардың арасындағы байланысты нақтылай түсу. Бұл оқушылардың таным мен сөздік қорын дамытады, әрі түсіндіріліп жақтан грамматикалық ұғымды жақсы меңгеруге әсер тигізеді.

**Төртінші кезең** – түсіндірілген грамматикалық ұғымды жаңа тілдік материалдар негізінде пысықтау, берілген білімді жаттығулар орындау арқылы іс жүзінде қолдану; осы тақырып пен басқа да грамматикалық ұғымдар арасындағы байланысты меңгерту.

Бұл кезеңнің мақсаттары түсіндірілген грамматикалық ұғымды пысықтау жаттығулары арқылы, жинақтау мен қайталау сабақтары барысында, кейінгі тақырыптарды өту кезінде орындалады. Қазақ тілінен оқытылатын грамматикалық ұғымдар сыныптан сыныпқа өткен сайын бірте-бірте күрделендіріліп, сабақтастыра беріледі.

Тілдің қай саласы болса да, бір-бірімен өте тығыз байланысты. Сондықтан тілді оқыту кезінде оған көңіл бөлмеуге болмайды. Тіл салаларының байланысын тілді оқыту кезінде ұғымды пайдалану тілді оқытудағы негізгі мақсатқа жету үшін маңызды. Қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсат – оқушылардың адамдармен қарым-қатынаста қолдану құралына айналдыру. Осының бәрі – лексиканың, фонетиканың, морфологияның, синтаксистің бір-бірімен байланысы.

**9.2. Грамматикалық талдау** – сөздер арасындағы грамматикалық байланыстарды анықтау. Грамматикада берілетін түсініктер балалар ұғымына сай келе қалмайды. «Зат, сын, қимыл» тағы басқа солай сияқты сөздер олар үшін дерексіз (абстракт) болады. Сондықтан ондай ұғымдарды әлсін-әлсін нақтылап түсіндіріп отырғанда ғана оқушылар ол сөздердің мағынасын меңгере бастайды. Немесе төменгі сынып оқушыларына «ұйықтау, қайғыру, ойлау» сияқты сөздерді етістіктер деп түсіндіру де оңайға түспейді.

Сынып оқушылары сөздердің тек нақты лексикалық мағынасын мүлде елемейді. Ал грамматикада сөздердің ең әуелі грамматикалық мағынасы ескеріледі.

Грамматикалық мағына грамматикалық формалар арқылы беріледі. Сөздік грамматикалық мағынасы мен грамматикалық формасы бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте болады. Мысалы, жақсылық, адамгершілік деген сөздер заттың сапасын, соған тән белгіні білдіреді.

Грамматикалық жағынан алып талдағанда бұл сөздер дерексіз ұғымдарды білдіреді де, зат есімге жатады. Осы сияқты сөздердің өз мағынасы мен грамматикалық мағыналарының арасында кездесетін қайшылықтарды оқыту барасында жойып, бір-бірін нақтылай, саралап, айқындай түсетіндей, әдіс-тәсілдер тауып қолдану қажет. Мұндай әдіс-тәсілдер және оны қандай жағдайларда, қалайша қолдану жолдарын грамматикалық әдістемесі белгілейді. Мұнда грамматикалық әдістемесі психология ғылымының деректеріне сүйенеді.

Мектепте грамматиканы оқытуға байланысты төмендегідей ұстанымдар мен жағдайларды қарастыру керек.

1. Тұлға мен мазмұн бірлігі. Бұл ұстаным тілдік құбылыстарды бір жақты талдауға жол бермейді.

2. Грамматикалық ұғымдардың біртіндеп қалыптасуы. Бұл ұғымдар элементтер ретінде белгілі жүйенің жиынтығы болып, ана тілінің грамматикалық мектепте оқылатын пән атаулының бәрі тіл арқылы түсіндіріледі, сондықтан қазақ тілінен теориялық білім берудің нәтижесінде оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын қалыптастырып, сөйлеу, жазу тілін дамыту іске асырылады. Тіл білімі салаларының ішінде морфологияның да оқушының тілдік қабілетін арттыруда өзіндік рөлі бар. Себебі, морфологиялық ұғымдарды жан-жақты меңгермеген оқушы сауатты жазу, дұрыс сөйлей білу дағдысын қалыптастыра алмайды.

**9.3. Мектепте морфологияны оқытудың ғылыми-практикалық маңызы.** Тілді оқып үйрену үшін, оның негізгі компоненттерін (дыбыстық жүйесін, лексикасын, грамматикалық құрылысын), қалыптасуы мен қызметін білу

керек. Тіл – қоғамдық құбылыс, ол өсіп дамып отырады. Осы тұрғыдан оған сөздердің жасалуы мен сөздердің түрленуі сияқты қасиеттері ерекше сипат береді. Оқушылар сөздердің жасалуы жайында түсінік алғаннан кейін, енді сөздердің түрленуі жайында, олардың жасалу тәсілдері жайында оқып біледі. Ал сөздердің түрленуі грамматиканың морфология бөлімінде өтіледі, мұнда ғылымда «сөз таптары» деп аталатын сөздердің лексика-грамматикалық түрлерге бөлінуінде қарастырылады. Сөздердің түрленуі жайында түсінік болмайынша, оқушылар синтаксис материалын, сөздердің сөйлем ішінде тіркесу заңдылығын біле алмайды. Өйткені сөздердің бір-бірімен байланысуы көбінесе сөздердің түрленуіне (септелуі, тәуелденуі, жіктелуі) негізделеді.

Морфологияны оқыту арқылы оқушыға сөздердің грамматикалық мағынасы, сөз таптардың өзара байланыстылығының мәні түсіндіріледі. Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірмен байланыстырылады. Көптік, тәуелдік, септік жалғауларды қолдануда стильдік нормаларды жете білдіру көзделеді. Демек, оқушы морфологияны оқыту арқылы оқушыға сөздердің грамматикалық мағынасы, сөз таптардың өзара байланыстылығының мәні түсіндіріледі. Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірмен байланыстырылады. Мұғалім құрғақ ережені оқушыға жаттатудың зиян екенін естен шығармау керек. Жаттанды нәрсенің көпке бармай тез ұмытылып қалатыны әсте анық. Оқушының сөз таптарының қызметі, олардың орын тәртібі, түрленуі мен өзгеруі туралы жүйелі білім алуы шарт. Сабақта айтылған материалдардың барлығы оқушының есінде түгел қалмаса да оның ішінен ең негізгісін оқушының есінде қалдыруға қол жеткізу керек. Мысалы: оқушылар арасында зат есім туралы толық мағлұмат алғандары жиі ұшырасады. Нақтылы зат атаулары қалам, қағаз, дәптер, орындық т.б зат есім екенін біледі. Ал адамның ойлау қабілеті арқылы топшылаумен түсінетін заттық ұғымдардың атауы абстракті зат есімдерді ақыл, ой, сана, қуаныш, реніш, уайым, қайғы т.б келгенде оқушы тосылып қалады. Осы жағын нақтылы

мысалдар арқылы түсіндіру қажет. Сын есім мен сан есімнің алдында тұратын, етістіктің сөйлемнің соңында келетіні сияқты тіл заңдылықтарын оқушының сөйлеу әрекетінде дұрыс қолдануын қадағалап отыру тіл мәдениетінің нормаларын сақтауға да өз септігін тигізді.

Морфология – тілдегі сөздердің тұлғасы, құрамы мен құрылысы, сөз таптары мен олардың түрлену жүйесі туралы ғылым.

Тілді оқып үйрену үшін, оның негізгі компоненттерін (дыбыстық жүйесін, лексикасын, грамматикалық құрылысын), қалыптасуы мен қызметін білу керек. Тіл – қоғамдық құбылыс, ол өсіп дамып отырады. Осы тұрғыдан оған сөздердің жасалуы мен сөздердің түрленуі сияқты қасиеттері ерекше сипат береді. Оқушылар сөздердің жасалуы жайында түсінік алғаннан кейін, енді сөздердің түрленуі жайында, олардың жасалу тәсілдері жайында оқып біледі. Ал сөздердің түрленуі грамматиканың морфология бөлімінде өтіледі, мұнда ғылымда «сөз таптары» деп аталатын сөздердің лексика-грамматикалық түрлерге бөлінуінде қарастырылады. Сөздердің түрленуі жайында түсінік болмайынша, оқушылар синтаксис материалын, сөздердің сөйлем ішінде тіркесу заңдылығын біле алмайды. Өйткені сөздердің бір-бірімен байланысуы көбінесе сөздердің түрленуіне (септелуі, тәуелденуі, жіктелуі) негізделеді.

Сөз таптары – сөздердің лексика-грамматикалық топтары, яғни олар тек таза грамматикалық белгілері, тұлғалары арқылы ғана емес, сонымен қатар сөздердің лексикалық мағыналары арқылы да бөлінеді. Сондықтан сөз таптарын оқып үйрену оқушылардың сөздікпен жұмыс жүргізулерімен байланыстырылады.

Сөз таптарын оқыту оқушыларды синтаксистің жүйелі курсына өтуге даярлайды, дұрыс жазу ережелерін оқып үйренуге жағдай туғызады, грамматика сабақтары оқушылардың тіл ұстарту, сөздіктерін байыту, сөздердің қолдану ережелерін меңгерту мақсатында пайдаланылады. Сонымен бірге, сөз таптарын оқып үйрену оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді, бұған әр түрлі сөз таптарына жататын сөздерді грамматикалық белгілеріне қарап жіктеу,

тектік және түрлік ұғымдарды ажырату, құбылыстарды қандай да бір белгілеріне қарап жіктеу сияқты логикалық операциялар жүргізуге жетелейді.

Сөз таптарын оқытқанда кездесетін қиыншылықтар:

1) оқушылар «сөз таптары» мен «сөйлем мүшелері» ұғымдарын шатастырады;

2) бір сөз табынан екінші сөз табына ауысқандығын білмей қалады (соң, кейін, әрі, бері сөздерінің әрі үстеу, әрі шылау болатындығы);

3) аттас формаларды ажырата алмау (жатыс септігі –да, -де мен да, де шылауы; көмектес септік –мен, -бен және жалғаулық бен, пен; табыс септік –ды, ты және сын есімнің –ды, -ты жұрнақтары; етістіктің болымсыз –ма,-ме жұрнағы мен сол тұлғадағы зат есім жұрнақтары, сұрау шылаулары т.т.).

Бұндай қиыншылықтарды, грамматикалық ұғымдарды түсіндіру кезінде салыстыру талдау-жинақтау әдістері арқылы жеңуге болады.

Мысалы, зат есімді оқытуда және оның белгілі бір тақырыптарын өтуді жоспарлауда мұғалім сол тақырыптың мазмұны мен ол бойынша жұмыс істеу әдістемесін белгілейтін үш мәселені ескеруі қажет:

1) зат есімнің мағынасы туралы мәселе,

2) олардың жалғаулар арқылы түрленуі,

3) зат есімнің жасалу жолдары туралы мәселе.

Бұл мәселелердің бәрі емле ережелерімен де тығыз байланысты.

Мысалы, зат есімнің жіктелуін өткенде, алдымен, жіктелетін заттарды ескерту қажет. Оқулықта «Кейбір зат есімнің жіктелуі» деп тақырып берілгенде, зат есімдердің жіктелетіндігі ескеріледі.

Тәжірибесі аз мұғалімдер оқушыға «егіз» деген сөзді жікте деп тапсыруы мүмкін. Жіктік жалғауды түсіндіргенде, алдымен Мен кімін? Сен кімсің? Сіз кімсіз? Ол кім? деген сияқты сұраулар қойып, оған тиісті жауап беретіндей болу керек. Мысалы, Мен кімін? деген сұраққа сол адамның өзі жауап берсе Мен мұғаліммін деп, тыңдаушылар жауап берсе, Сіз мұғалімсіз деп атайды. Сол сияқты Сен кімсің? деген сұраққа

тыңдаушы адам: Мен оқушымын деп жауап береді де, сөйлеушінің өзі Сен оқушысың деп жауап береді. Ол кім? дегенге: Ол – мұғалім. Ол –оқушы деп жауап береді. Осыдан соң жіктелетін бірнеше зат есім сөздер тақтаға жазылып, оны үш жақта жіктеу тапсырылады.

Тәуелденген зат есім мен жіктелген зат есімді қатар кестеде көрсету арқылы салыстыру әдісін пайдаланады. Салыстыру әдісі баланың өзінше тұжырым жасауына көмектеседі.

**9.4. Морфологияны оқытуда көрнекілік пен қосымша оқу құралдар жүйесін пайдалану әдістемесі.** Сөздің морфологиялық құрылымы туралы мәселе грамматиканың өте-мөте маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Әр түрлі тілдердегі сөздердің морфологиялық құрылымын, құрылымдық элементтердің (морфемалардың) табиғатын, қызметі мен өз ара байланысу және тіркесу сипатын зерттеп шешу тілдердің морфологиялық типтерін айқындау үшін және олардың грамматикаларын ғылыми дұрыс негізде жасау үшін де өте-мөте қажет.

Сөздің морфологиялық құрылымына дұрыс талдау жасау үшін, ең алдымен сөздің құрылымына тікелей қатысы бар негізгі морфологиялық ұғымдарды алдын ала айқындап алу өте-мөте қажет. Ондай негізгі морфологиялық ұғымдардың мазмұнына морфема туралы ұғым мен оның түбір морфема (немесе негізгі морфема) және аффикстік морфема (немесе көмекші морфема) деп аталатын түрлері жайындағы ұғымдар енеді.

Сөздер морфологиялық құрылымы, морфемалық құрамы жағынан алуан түрлі болады: олар бір морфемадан да ( бас, қол), екі морфемадан да (бас-та, қол-да), бірнеше сорфемадан да (бас-та-у-шы, қол-да-н-ыс-ы) құрала береді.

Сөз құрамындағы морфемалардың әрқайсысының өзіне тән мағынасы болады. Мысалы, көлшікке деген сөздің құрамындағы үш морфеманың біріншісі (көл) заттық мағынаны білдірсе, екіншісі (-шік) кішірейткіш мағынаны, соңғысы (-ке) бағыт мағынасын білдіреді. Мағыналық тұрғыдан қарағанда морфема сөзді ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналық бөлшегі болып саналады.

Морфологияны оқытуда көрнекілік пен қосымша оқу құралдар жүйесін пайдалану әдістемесі. Көрнекілік адамзат баласымен бірге сол сәттегі зат немесе құбылысты бейнелеуден, яғни ақпаратты беру қажеттілігінен пайда болған болуы мүмкін. Бұл туралы бізге дейін келіп жеткен тас үңгірлердегі, жартастардағы суреттер куә. Көрнекілікпен оқыту алғашқы мектептер пайда болғаннан бері басталды. Мектеп тәжірибесінде көрнекілікпен оқыту элементтерін ең алғаш пайдаланған адам есімі тарихта сақталмаған.

К.Д.Ушинский (1824-1870) *көрнекілік принципі* туралы материалистік тұрғыдан негіздеме жасады. Өз кезегінде бұл көрнекілік мәселесінің өзектілігін шешуге үлкен қадам болды. Ол көрнекілікті тек көру сезімімен ғана байланыстыруға болмайды. «Балалар форма, бояу, дыбыс, сипап сезу арқылы ойлайды» – деген болатын. К.Д.Ушинский көрнекі оқытудың анықтамасын баланың жанама түрде қабылдаған, ол мұғалімнің басшылығымен оқыту үрдісінде кезінде немесе баланың өз бетінше бақылау нәтижелеріне тәуелсіз түрде жүзеге асырылатын ілім деген болатын. Бейнелік сөйлеуді ол көрнекіліктің ерекше әрі маңызды түрі деп есептеді. Оқу үрдісі кезінде мұғалім өзінің әңгімесін тірілте алады. Біріншіден балаларға сол заттың өзін көрнекті етіп көрсетеді. Балалар көрген затқа қарай отырып, оқыған материалдарын еске түсіріп қана қоймай, жанама созерцанияны толықтырады. Екіншіден, сұрақты тірілтіп әртүрлі етеді. К.Д.Ушинский үшін *көрнекілік-дидактикалық принциптің ішіндегі ең маңыздысы*, өйткені оқыту әдістері мен тәсілдерінде, оқыту осы көрнекілік принципіне сүйенеді.

Орыс педагогы К.Д.Ушинский көрнекі оқытудың рөлі мен орнын дұрыс түсінді, ішкі тірек идеясын ұсынды. «Балаға қандай да бір бес таныс емес сөзді үйретіңіз, ол ұзақ уақыт бойы, нәтижесіз тер төгеді, егерде оны дәл осындай 20 сөз бен суретпен байланыстырып үйретсеңіз, онда бала бұл сөздерді бірден-ақ үйреніп алады. Сіз балаға өте қарапайым ойды айтсаңыз ол бәрібір сізді түсінбейді, егер де сіз осы балаға күрделі суретті көрсетіп түсіндірсеңіз, онда ол бала сізді жылдам, тез арада түсінеді». К.Д.Ушинский көрнекі оқытуда іс-

әрекеттің элементті де айтқанын кездестіреміз. Ол былай деп жазады: «Біз өзіміз тікелей сипап сезу арқылы қабылдаған бейнелеріміз дәл сол қалпында, өте ерекше дәлдікпен есімізде қалғандығын байқауға болады, өзіміз көрген суреттер басқа да идеяларда қосып аламыз. Бұдан затпен ішкі іс-әрекет нәтижесінде түсінікті меңгеру жүзеге асады.

Оқу сапасын, оқушылардың танымдық-шығармашылық белсенділігін, логикалық және абстрактылы ойлауын дамыту мақсаттарында сабақта көрнекі әдістерді пайдалану оның уақыт талабына сай түрлерінің жаңаруымен баса назар аудартады. «Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты.

Қазіргі білім беру жүйесінде компьютер мұғалімнің басты көмекшісі. Интернет желісіне қосылған компьютер – қажетті ақпаратты беруші-жеткізуші, бақылаушы, оқулық құралы, өзі секілді мектеп мұғалімдері және олардың оқушыларымен де байланыс орнатушы, тағы сол сияқты заманауи қызметтерді атқарушы құрал. Мұндай көмекші құралды әр сабақта тиімді пайдалану пән мұғалімінің шеберлігіне байланысты болмақ.

**9.5. Синтаксисті оқытудың мақсат міндеттері, синтаксистік ұғымдар және оны меңгерту әдістемесі.** Синтаксис - грамматиканың морфологиядан кейінгі бөлімі. Басқаша айтқа, мектепте қазақ тілінің жүйелі курсы синтаксиспен аяқталады. Демек, синтаксис морфологияға қарағанда жоғары деңгейде тұрады. Тілдің қатынас құралы деп сипаттама бергенде, сол сипаттамаға сәйкес келетін тілдік бірлік синтаксис болады. Тілдің фонетикалық, лексикалық, және морфологиялық жүйелерінің бәрі тек синтаксис арқылы қатынас құралы құрамына ене алады. Синтаксис тілдің фонетикалық лексикалық және морфологиялық жүйелеріне сүйене, оларды жинақтай әрі олармен дидактикалық тұтастыққа ене отырып, адамның ойын қалыптастыруды, оны жарыққа шығарып, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді. Өздеріңізше мәлім, синтаксистің «сөйлем» және «сөз тіркесі» деген екі үлкен объектісі бар. Сөйлем дәрежесінде синтаксис тілдің қарым-қатынас бірлігі болып, адамның ойын білдіреді,

осы тұрғыда ол – тілдің логикамен байланысын жүзеге асырады. Сөйлем дәрежесінде оқушылардың тілі ұстарып, ойлауы дамиды, байланыстырып сөйлеуге машықтанады.

Демек, синтаксис курсының мектепте оқытылуының тілдік жүйе түрінде түсініп білуінде үлкен маңызы бар. Синтаксистік бірліктер, алдымен сөйлем, бірінші сыныптан бастап оқытылады. Оның жүйелі курсы VII, VIII, IX сыныптарда өтіледі. VII сыныптарда әр сөз табының синтаксистік қызметі оқытылады.

Қазіргі әдістеме өткендегі тәжірибені және қоғамның қазіргісі мен келешегінің мектепке қоятын әлеуметтік талабын ескере отырып, синтаксисті оқытудың мынадай міндеттерін белгілейді:

- синтаксистік ұғымдар мен ережелер жүйесін саналы қабылдау негізінде ана тілінің құрылысы жайында оқушыларға сапалы білім беру;

- тілдің синтаксистік нормаларына сәйкестік тұрғыда оқушылардың тілін, сөйлеуін дамыту;

- оқушы тілінің синтаксистік құрылысын мақсатты түрде байыту;

- пунктуация ережелерін оқушылардың ойдағыдай қабылдауына негіз қалау;

- оқушылардың ойлау қабілетін дамыту ана тіліне деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын тәрбиелеу, тілдік тәсілдер арқылы, оның материалын оқып үйрену арқылы оқушыларға тәрбие беру.

Бұл міндеттер қазіргі мектеп курсының бағдарламалары мен оқулықтарында жүзеге асырылуға тиіс.

Синтаксистің лингвистикалық-дидактикалық негіздері. Синтаксистің мектеп курсының мазмұн негізі синтаксистік ұғымдар мен ережелер жүйесі болады. Ұғымдар мен ережелер нақты тілдік материалдан тыс қаралмайды. Синтаксистің әдістемесі үшін теориялық-дидактикалық материалды сұрыптау, түсіндіру және ұйымдастыру принциптері негізгі мәселе болып табылады.

Синтаксисті оқытудың қазіргі теориясы мен практикасы мына принциптерді жүзеге асыру: синтаксистің мектеп

курсындағы ғылыми проблемасы, оқытудың ғылыми принципі – дидактикалық дәлелдеуді ғылыми дәрежеге көтеру мәселесі.

Синтаксис мазмұнының дәрежесін көтеру дегенді қалай түсінуге болады? Бұдан теориялық мағлұматтардың көлемін ұлғайту деген ұғым тумайды, керісінше, теориялық және практикалық материалды сұрыптағанда барынша тілдік шындықты қамтитындай түсінік, талдау, ой қорыту болу керек. Бұл мәселені шешу синтаксистің мектеп курсындағы мазмұнын тіл туралы қазіргі ғылыммен жақындату болып табылады. Бір жағынан, мектепке ғылымда қабылданбаған немесе орныға қоймаған идеяларды, ережелер мен терминдерді енгізбеу әдістеменің «алтын» заңын басшылыққа алу болса, екінші жағынан, қазіргі синтаксистік теорияның даму қарқынын ескере отырып, мектеп курсына қазіргі ғылыми мағлұматтар тұрғысынан бағдар беру қажет.

Демек, мектептегі синтаксис курсын қазіргі ғылыми тұрғыдан жаңа мағлұматтармен толықтыру немесе жаңаша түсіндіру керек. Дәстүрлі синтаксисте сөйлем әр түрлі жағынан оқытылып келеді: айтылу мақсаты мен интонациясына қарай жіктеледі (хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті), құрылымы жағынан жай сөйлем және құрмалас сөйлем. Ал ғылыми синтаксистің соңғы жаңалығына сүйене отырып, сөйлемді айтылу мақсатына қарай, хабарлы, сұраулы, бұйрықты деп бір тоқтап, лепті сөйлемді көңіл күйі мен интонациясына қарай өз алдына бөліп оқытылады. Бұрын бұлардың бәрі айтылу мақсатына жататын.

Синтаксис – грамматиканың көлемді құраушы бөлігі. Қазақ тілі синтаксисінің методикасы- жас буындарға тіл ғылымының озық табыстарының негіздерінде сөз тіркесі мен жай және құрмалас сөйлемдерден, қазақ тілі пунктуациясынан терең, жүйелі, берік, саналы білім беру жолында қолданылатын ең тиімді әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Ол әдістер: байқау әдісі, тәжірибені талдау-жинақтау әдісі, бұрынғы мұраны үйрену әдісі, эксперт-анкета әдісі.

Қазақ тілі синтаксисін оқыту мәселесі. А.Байтұрсыновтың қазақ тілі синтаксисі туралы тұжырымдары оны оқыту жөніндегі соны пікірлер болып табылады. Тілші синтаксистің

теориясын бір жүйеге түсірумен қатар, оны меңгертудің жолдарын ұсынды. «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» деп, сөйлемнің қатысымдық қызметін айқындады.. Синтаксистің әр саласы туралы теориялық материалдардан кейін практикалық жұмыстарды «өлеңмен жазылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру; сөйлем ішіндегі мүшелерін айырту; сөйлемнің қажет болған түрлерін білім алушылардың өзіне тапқызу» түрінде беріп, сөйлем мүшелерінің қай сөз табынан болатынын нақты мысалдар арқылы дәлелдеді. «Ауызбен сөйлесу» және «жазумен сөйлесудің» ерекшеліктерін анықтап, сөйлем жүйесінің сөйлеу әрекеті түрлеріне қатысын айқындады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Грамматика қандай сала?
2. Мектепте грамматиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері туралы не айта аласыңдар?
3. Грамматикалық ұғымдар деген не? Оларды меңгерту әдістерін санап беріңдер.
4. Мектепте морфологияны оқытудың ғылыми-практикалық маңызын атап өтіңдер.
5. Морфологияны оқытуда пайдаланылатын көрнекілік жайлы мәлімет беріңдер.
6. Морфологияны оқытуда және қандай қосымша оқу құралдар жүйесін пайдалану мүмкін?
7. Синтаксисті оқытудың мақсат мен міндеттерін айтып өтіңдер.

## **10-ТАҚЫРЫП. ОРФОГРАФИЯ МЕН ОРФОЭПИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**10.1. Орфографияны оқытудың ғылыми-практикалық маңызы, міндеттері, ұстанымдары.** Орфографияны оқытуда орфографиялық принциптер басшылыққа алынады. Орфографиялық дене диалектілік сөздіктерден бірнеше сөздер таңдалады. Дайындалған кестелер тақтаның сол жағына ілінеді, ал оң жағына бірнеше сөздер жазылады. Карточкалардағы жазылған сөздерді оқушылар оқып шығады. Сөз басында,

ортасында және аяғында келген әріптер мен дыбыстардың жазылуы мен айтылу ерекшеліктерін түсіндіреді. Сөздіктер бойынша істелетін жұмыстар ұйымдастырылады. Орфография мен орфоэпиялық тақырыптарға байланысты жаттығу түрлері орындалады. Осы методикалық жүйемен мына тақырыптар оқытылады. 1. Дауысты мен дауыссыздардың орфографиясы мен орфоэпиясын оқыту методикасы. 2. Тасымалды оқыту методикасы. 3. Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың түрлері. 4. Техникалық құралдарды пайдалану методикасы.

Тыныс белгілерін меңгеруде мына сияқты принциптер басшылыққа алынады: 1. Грамматикалық принцип. 2. Мағыналық принцип. 3. Интонациялық принцип. 4. Тыныс белгілерін атқаратын қызметіне сай оқу принципі.

Қазақ тіліндегі тыныс белгілерін толық меңгеруде, түрлі көрнекі құралдар пайдаланылады. Сөйлем соңында және ішінде келетін тыныс белгілерінің өзіндік белгілеріне сай мәтіндерді сұрыптайды. Көрнекі практикалық және теориялық әдістерді қолдана отырып әр бір тыныс белгілерінің өзіндік ережелерін түсіндіреді. Пунктуацияға сай жаттығу жұмыстары іске асырылады. Осы методикалық жүйе мына сияқты тақырыптар методикасы баяндалады: 1. Сөйлем саптауда келетін тыныс белгілерін оқыту методикасы. 2. Сөйлем соңында келетін тыныс белгілерін оқыту методикасы. 3. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілерін оқыту методикасы.

Чехтың ұлы педагогы Ян Амос Коменский «дидактика» терминін кең ұғымда қолданып, оны әлемге тараған «Ұлы дидактика» деп атады. «Ұлы дидактика» тек оқыту мәселесін ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік, дене, эстетикалық сияқты тәрбие түрлерін де әңгімеледі. Сөйтіп, өз еңбегінде педагогикалық жүйені әрі терең, әрі ғылыми тұрғыдан негіздеуді мақсат етті.

Бүгінгі таңда дидактика – педагогика ғылымының білім беру және оқыту теорияларын белгілейтін бір саласы және маңызды саласы. Дидактика: 1) оқытудың таным процесін анализдеу, 2) дидактикалық принциптер, 3) білім берудің мазмұны, 4) оқу жұмыстарын ұйымдастыру формалары (сабақ туралы ғылым), 5) оқыту әдістері, 6) оқушы білімін бағалау

және есепке алу мәселелерін зерттейді. Дидактикада мектепте оқытылатын барлық пәндерге тән оқыту процестерінің жалпы заңдылықтары қарастырылады.

### **10.2. Орфографияны оқытуда қолданылатын әдістер.**

Оқыту әдістері сан алуан болып табылады. Солардың ішінде арнайы орфографияны оқытуға байланысты мына әдістерді қолдануға болады. 1) байқау әдісі; 2) баяндау әдісі; 3) әңгімелесу әдісі; 4) кітаппен жұмыс істеу әдісі; 5) жаттығу әдісі; 6) талдау-жинақтау әдісі; 7) салыстырмалы әдісі; 8) индукция-дидукция т.б.

**Байқау әдісі.** Нақтылы материалды меңгеруде байқау әдісі шешуші орын болып табылады. Тіл сабағында оқушылар тілдік құбылыстарға тікелей байқау жасайды. Байқау процесі абстракт ойлауға негізделмейді, керісінше, байқау арқылы қорытындыланып, абстракт ой туады. Байқау танымдық рөл атқарады. Ол шындық өмір құбылыстары туралы түсінікті реттейді. Сөзді немесе сөйлемді байқай отырып, оқушы тіл заңдылығының ережесін үйренеді.

**Баяндау әдісі.** Мұғалімнің баяндауы әрі әңгіме, әрі түсінік және нұсқау түрінде жүзеге асырылады. Мұғалімнің сөйлеуі, ойын көркем құрап баяндауы, тиісті дәлелдер келтіріп қорытындылауы тыңдаушыларға үлгі боларлық сипатта құрылуға тиіс. Бұл жағынан алып қарағанда, баяндау әдісінің тәрбиелік маңызы жоғары.

Мұғалімнің баяндауына оқушылардың тыңдау процесі үйлес келуі тиіс. Баяндауға қойылатын талап тыңдауға да қойылады. Баяндай отырып, оқушыларды тыңдай білуге баулиды. Баяндауды тыңдау ойлау қабілетін арттырады, әрекетке тікелей араластырып, оқушының сезімін оятады.

Баяндау әдісі басқа әдістер элементтерімен ұштастырылып отыруы тиімді. Баяндау барысында байқау, әңгімелесу және жазбаша жұмыстар қоса жүргізіліп, мұғалімнің сөзі өтіліп отырған объектіні көрсету, сұрақ-жауаптар арқылы толықтырылып отырылса, оқушы жалықпайды. Көрнекі құрал пайдалану оқушының тікелей сезінуі және қабылдауын дамытады.

да, қайталау кезінде де, оқушылардан сұрау кезінде де, тіпті материалдарды түсіндіру мақсатында да ұйымдастырып отыруға болады. Мұғалім сабақтың әрбір кезінде сыныпқа сұрақтар беріп, оқушылардың жауаптары арқылы сабаққа белсенділігін арттырып отырады. Баяндау әдісінің құрамында да әңгімелесу әдісі енгізіледі.

Оқушылар үшін әңгімелесу – коллективтік еңбек. Оқушыларды негізгі материалмен алдын ала таныстыру, сұрақ-жауаптың логикалық жүйесін дұрыс белгілеу, олардың кеңінен ойлау мүмкіндігін жасау, сыныпты коллективті түрде қатыстыру, жауап беру кезінде оқушылардың еркін сезінуі, мұғалімнің бағыттаушы рөлі мен оның қорытынды сөзі әңгімелесу әдісінің амалдары болып табылады.

**Кітаппен жұмыс істеу әдісі.** Оқушылар ең алдымен кітаппен жұмыс істеуге үйретілуі тиіс. Оқулық нақтылы материалдарды меңгеріп, одан тиісті қорытындылар жасап отыруға көмектесетін, практикалық жұмыс икемділігіне нұсқайтын құрал болып табылады. Сонымен бірге оқушыларға сөздіктер мен анықтама кітаптарды пайдалану тәртібі, көркем шығармалар мен ғылыми көпшілік әдебиеттерді пайдалану жолдары үйретіледі.

Кітаптар мен жұмыс істеу әдісінің тәрбиелік сипаты мол. Кітап оқу – оқушылардың ынтасы мен қабілетін арттырудың маңызды факторы. Оқу және оқығаннан ұғынып түсіну бірден нәтижелі бола қоймайды. Бастауыш сыныптан бастап оқушылар оқылған тексттің түсінуге үйретіледі. Оқуға ынтасы арта түскен оқушы кітапты көбірек оқи бастайды, мәнерлеп оқуға төселеді, оқығаннан түсінгендерін жазып үйренеді, бірте-бірте сөздіктер мен анықтамаларды, иллюстрацияларды дұрыс пайдалана алады.

**Жаттығу әдісі.** Жаттығу арқылы оқушы білімі байи түседі. Жаттығу әдісі көп жағдайда қайталаумен байланысты. Жаттығу арқылы теориялық білім қайталанатын. Жаттығу күрделі психологиялық функцияларға негізделеді. Ол – оқушылардың сезінуі мен түсінуіне тікелей байланысты. Жаттығу үстінде қашан белгілі бір дағды қалыптасқанша, оқушының ойлау

жұмысы тоқтамайды. Жаттығу зейінді, есті және ерікті белгілі дәрежеде тәрбиелеуге көмектеседі.

**Талдау-жинақтау әдісі.** Заттар мен құбылыстарды тану үшін олардың жекеленген элементтерін ажырата білу, жеке бөлектердің атқаратын қызметі мен алатын орнын біле отырып, олардан тиісті логикалық қорытындылар жасап отыру – талдау-жинақтау әдісі бойынша жүзеге асырылады. Бүтінді бөлшекке бөлу – талдау, ал бөлшектен бүтін құрау – жинақтау. Талдау мен жинақтау жеке-жеке емес, бірлікте қаралатын болғандықтан, талдау-жинақтау әдісі деп қосылып айтылады.

**Салыстырмалы әдіс.** Салыстырмалы әдіс оқушылар зейінін өтіліп отырған объектіге аударып, оны жақсы меңгеруге көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлауын дамытып, алған білімін практикада саналы түрде қолдана білу мүмкіндігін жасайды, оқушылардың сөздері өз орнына қолдануын, тіл мәдениетін дамытады.

Грамматикалық ереже немесе емлені салыстыру кезінде грамматикалық категориялар мен формалар арасында қандай ұқсастық немесе қандай айырмашылық бар екендігі ашылады. Сөйте отырып, материал арасындағы бәріне ортақ ерекшелік аңғарылады.

Салыстырмалы әдісті әр түрлі сипатта жеткізуге болады.

1. Сабақта орын алатын ақыл-ой жұмыстарының сипаты бойынша салыстыру екі түрлі мақсатты көздейді: а) ұқсастық белгілерін анықтау, ә) айырмашылық белгілерін анықтау.

Объектінің көлемі бойынша бір ғана жолмен салыстырылатын жай салыстыру және әр түрлі жолмен салыстырылатын күрделі салыстыру әдісі жүргізіледі.

2. Салыстырылатын объектілер сипатына қарай:

а) емле ережелері салыстырылады;

ә) сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар салыстырылады;

б) сөздердің лексикалық мағынасы салыстырылады;

в) сөздердің морфологиялық бөліктерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырылады;

г) грамматикалық категориялар мен тұлғалары салыстырылады.

**10.3. Орфографиялық дағдыны қалыптастыру жолдары.** Білімді жүйелі қабылдау әрқашан белгілі бір икемділік пен дағдыға байланысты. Білім алуға негізделген әрекет қандай да бір икемділіктің кей жағдайда дағдының болуын қалайды. Оқытудағы білім мен дағды байланысының дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Ол әр пәннің өзіне тән ерекшелігімен сараланады.

Орфографиялық дағды – күрделі процесс. Ол – жазу, сөздің дыбыстық құрамын талдай білу, грамматикалық білімге сүйене отырып орфограмманы тану, оған лайық ережені пайдалана білу дағдыларын қамтиды. Орфограмманың сипатына қарай бұлардан басқа көптеген жеке операциялар жүргізу мүмкін. Ондай жекелеген операциялар түгелдей есепке алынып отырады. Бірақ, үнемі олай бола бермейді. Егер оқыту барысында күрделі әрекеттер дағдыға айналдырылуы қажет болса, онда жеке жаттығулармен шектеліп қалуға болмайды. Осының керісінше, егер оқушыға шығарма жаздыру керек болса, онда олармен өздерінің ойы жазбаша беруіне және орфографиялық норманың сақтауына көмектесетін жеке-жеке жаттығулар жүргізілуі тиімді.

Орфографияға байланысты жекеленген жұмыстар орнату үшін, оқушылардың бар назары сол әрекетке аударылады, яғни жүргізілетін әрекет саналы орындалады. Ал оқушының назары оның творчестволық еңбегін қажет ететін басқа бір жаңа мақсатқа жеткізуге аударылса (мысалы, өз ойын жазбаша баяндап беруге), онда бірінші әрекет (орфографиялық жаттығу) басты мақсат болудан қалады да оқушыларың бар ынтасы жаңадан қойылған екінші мақсатқа (шығармаға) шоғырландырылады. Шығарма жазу кезінде бірінші әрекет автоматтандырылған, оқушы жазған шығармасында орфографиялық білім мен дағдысы берік болғандығын байқауға болады. Егер оқушы жазған шығармасында орфографиялық қате жіберген болса, онда бірінші әрекетке қайта оралып, орфографиялық жаттығулар орындатуға тура келеді.

Орфографиялық сауаттылық диктант я шығарма жаздыру арқылы есепке алынып жүр. Бұл жерде ескеретін жағдай мынандай: диктант – оқушылар алдына ешқандай жаңа мақсат

қоймайтын таза орфографиялық жұмыс, ал шығарма оқушылар алдына өз ойын жетік баяндап беру сияқты творчестволық талап қояды. Сондықтан да білімнің және орфографиялық дағдылардың қаншалықты берік қалыптасқандығына нақты көз жеткізу үшін шығарма (мазмұндама) жаздыру тиімді.

Ойын күрделендіруге үйрету үшін алдымен әрбір жеке әрекетті оқушының ұқыпты байымдап алуы талап етіледі. Сонан соң барып жалпы түрде ойын қорытады. Орфограмманың грамматикалық сипатын анықтаудағы бұл сияқты ақыл-ой жұмысын орфографиялық дағдының грамматикалық бөлігі деп атауға болады.

Дағдының берік қалыптасуы қайталау және жаттығу жұмыстарына тығыз байланысты. Орфографиядан оқытудағы қайталау теориялық (грамматикалық, орфографиялық) білімді жазу практикасына пайдалану болып табылады. Қайталау арқылы оқушылардың оқу әрекеті жетіледі, орфографиялық мақсаты қандай амалдармен, тәсілдермен шешу керектігі анықталады. Орфографияның оқытудың амалдары мен тәсілдеріне орфографиялық іс-әрекеттерге анализ жасау, абстрациялау, сөз контексінен тілдің морфологиялық элементтерін бөліп алу, ол элементтерді белгілі бір грамматикалық категорияларға жатқызу, орфографиялық ережені айқындау т.б. жұмыстар жатады.

Жаттығу ережелерді пайдалана отырып, сөздің қалай жазылуын пысықтаумен шектелмейді, сонымен қоса ақыл-ой жұмысын дамытуға көмектесе түседі. Ережені білу, ережені практикада пайдалана білу үшін жүргізілетін жаттығулар дағды қалыптастырудың негізгі шартты жағдайлары болып табылады.

Әрекеттерді орындаудың амалы мен тәсілін білу қимылдық дағдысы сияқты саналылық дағдының да пайда болуында маңызды рөл атқарады. Қимыл дағдысы дегеннен біз жай қимылдардан бастап (жүру, жүгіру т.б.) күрделі қимылдарды (дене шынықтыру, спорт) орындау амалын түсінеміз. Саналық дағды анализ, синтез, абстракциялау, нақтылау т.б. жұмыс жүйелерін қамтиды.

Күрделі ақыл-ой қызметі арқылы қалыптасқан орфографиялық дағдыны игерудің қиындығы тек ереже немесе

грамматикалық ұғымды білмеушілікте ғана емес, қайта ережені жазу практикасына қолдана алмаушылықта. Орфографиялық ережені жақсы білетін оқушының жазуда сол ережеге байланысты қате жіберетіндігі белгілі. Бұл оқушының өз білімін іс жүзінде қолдана білмейтіндігін көрсетеді. Ережені практикада пайдалану үшін орфограмманы танып, оларды грамматикалық жағынан топтастыру, қандай ережеге лайықты екендігін аңғарту қажет. Бұл үшін ойдың аналитикалық-синтетикалық күрделі жұмыс істеуіне тура келеді.

Жазуға үйренбестен бұрын бала таяқша, ілмек, имек сызық, жартылай дөңгелек сияқты әріп элементтерін сызып, қол қимылын жаттықтырады. Жаттығу үстінде белгілі бір әріпті жазу үшін қай элементтерді пайдалану керектігін түсінеді де, тұтас әріпті жазуға дағдыланады. Бірнеше әріпті жаза алатын болғаннан кейін, екі немесе үш әріптен құралатын сөз жазуға дағдыланады. Осылай әріп саны көп сөздерді жазуға әрекеттенеді.

Сөйлеу тілі мен жазба тіл арасында айырмашылық әріп пен дыбыс қатысына ғана емес, сөз құрылысына да тән. Бала сөйлеп тұрған кезде сөздің морфологиялық құрылысына, олардың жіктелуіні (қосымша) назар аудармайды да, өзінің ойын түсінікті етіп айта береді. Ал жазуда грамматикалық ерекшелік белгілі дәрежеде ойға оралып отырады. Жаңадан жазуға үйрене бастаған бала жеке әріптерден сөз құрағанда сөздің грамматикалық құрылысының элементтерін сақтайды. Осыдан барып қатесіз жазу дағдысы көрініс береді.

Орфографиялық дағдыны жетілдіру және оны дамыту әр алуан психологиялық процесстер негізінде жүргізіледі. Оқушы қандай да бір жеке орфограмманы тақтадағы я таблицадағы, немесе кітаптағы жазылуы бойынша танысады, яғни орфограмманы алғаш тану, көру сезімінен басталады.

Оқушы назарын белгілі бір орфограммаға аудару үшін, оның сол орфограмманы дара түрде танып қана қоюы жеткіліксіз, сонымен бірге оған анализ жасату, салыстыру т.б. тәсілдер қолдану керек. Өйткені орфограмманы қабылдау баланың саналы да белсенді әрекеттеріне негізделуі тиіс. Бұл мақсатта оқушы зейінін жалпы сөзге аударып, олардың жазу

тәжірибесін байыта түсу керек. Баланың тілі неғұрлым жақсы жетілсе, орфограмманы да соғұрлым жақсы қабылдайтын болады.

Орфограмманы қабылдау кезінен бастап орфографиялық түсінік пайда болады. Алайда қаншылық зейін қойып қабылдау орфограмманы толық түсіну болып табылмайды. Мектеп программасының негізгі міндеті тілдік заңдылықтарды орфографиялық ерекшеліктерімен ұштастыру түсіндіру болып табылады.

Демек, мектеп оқушысына грамматика мен орфографияны оқыта отырып, белгілі бір сөзді неліктен осылайша жазамыз деген талап қоя аламыз. Мұндай талапқа сай білімдік дағды алған оқушы өтіліп отырған орфограмманы есіту, айту, көру және жазумен ғана шектелмейді, грамматикалық көптеген әрекеттерді орындайды: сөздерді бөліктерге бөледі, ұқсас формадағы сөздерді тізеді, белгілі жұрнақтар арқылы жаңа сөздер жасайды, сөздегі өзгерісті байқайды, жеке сөздер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды анықтайды, өтіліп отырған орфограмманы өзіне тән ерекшеліктерімен танысады, өз білімін жүйеге келтіреді. Осылардың негізінде құбылыстарды танудың жолдарын көрсетеді, ережені пайдалану тәсілдері мен бақылау жасау тәсілдерін белгілейді, қандай жағдайда қалай жазау керектігін саралайды, қажетті үлгілерді алдын ала жасап қояды. Оқушы грамматикалық ережені игере отырып, ойлау процесіне тән операцияларды орындайды. Құбылыс күрделі болған сайын, оқушының ойлау жұмысы күрделене түседі. Бұл – орфограммаларды саналы түрде түсінуге көмектеседі.

#### **10.4. Орфографияны оқытуда грамматикалық ереженің рөлі.**

Грамматикалық әрбір ереже белгілі тұжырым, қорытынды болып табылады. Орфографиялық ережелерді үйрену нәтижесінде оқушы жеке жағдайларды қорытындылап, оған ережені қалай пайдалануға болатындығын аңғарып отырса, онда оның орфограмма мен ережені дұрыс түсінгендігі. Ол үшін мұғалім ережені түсіндіріп, оған қорытынды жасағаннан кейін бірден өтіліп отырған ережеге байланысты сөздер мен

тұлғаларды текстен ойлап айтқызады, сөздің жазылуын тексеруді ұсынады т.б. осы сияқты жаттығу-пысықтау жұмыстарын жүргізеді.

Орфография тілдік ерекшеліктердің көрінісі болғандықтан оның грамматикалық құрылысы, яғни ережені білу грамматиканың өзін жақсы білуді көздейді. Оқушы тілдік құбылыстарды, сөздердің грамматикалық топтарын, сөздің дыбыстық құрылымдарын, сөздердің өзара байланыстарын неғұрлым жақсы білген сайын, соғұрлым орфограмманы да жете танып, оған лайықты жеке ережелерді де жақсы білетін болды. Міне, сондықтан да орфография грамматикаға негізделіп оқытылады, өйткені грамматиканы білу дегеніміздің өзі – сауатты жазу.

Грамматикалық ережені игерту жолында үзбестен жаттықтыру нәтижесінде оқушы қатесіз жазатын болады. Алайда, қатесіз жазу көп еңбекті талап етеді, зейіннің шоғырландырылуы, ақыл-ой еңбегі жұмсалуды қажет болады. Жазып келе жатып оқушы кідіріс жасайды, ойланады, ережені еске түсіреді, сонан соң барып жазуын жалғастырады. Бұл – оқушының дағды қалыптастыру алдындағы икемділік. Оқушыда орфографиялық дағды қалыптаса қоймағанымен, жазуда көптеген табысқа жеткендігі байқалады. Өйткені ол ереже мен нақты фактінің бір-біріне қаншалық сәйкестігін саналы түрде бағдарлай ұғына бастаған. Оқушы өзінің икемділігін жетілдіре түсуі үшін тағыда жаттыға түсуі қажет. Мұндай жаттығу кезінде оқушының ойлау процесі де, жазу дағдысы да шапшаңдай түседі. Белгілі мысалға лайық ереже, сондай-ақ белгілі ережеге лайық мысал жылдам ойға оралып отырады. Міне, дағды осылайша пайда болады. Басқа сөзбен айтқанда дағды – ұзақ уақыт, үнемі қайта-қайта жаттығудың нәтижесінде қалыптасады.

Ережені практикада пайдалана білу дәрежесіне қарай оқушының өздігінен жұмыс істеу ауқымы және оның творчестволық сипаты да кеңейе түседі. Көшіріп жазу, диктант, мазмұндама, шығарма сияқты жұмыстардың әрқайсысының өзі бірнеше амалдар мен орындалады. Мәселен, тексті көшіріп жазу бар, көп нүктенің орнына әріп жазып көшіру бар, сөзді

өзгерте жазып көшіру бар. Осы сияқты жұмыстарын әрқайсысына лайық творчестволық жұмыс тәсілдері де өзгеріп отырады. Айлалық, көшіріп жазу мен шығарма жазу мазмұны жағынан да, күрделілігі жағынан да қиындығы жағынан да бірдей емес. Ендеше көшіріп жазу мен шығарма жазуға даярлау үшін жүргізілетін жаттығулар сипаты да өзгеше болады. Көшіріп жазу жаттығуларын жақсы орындаған оқушы диктант кезінде қате жіберуі мүмкін. Бұлай болма үшін аралық жаттығулар жүргізіледі. Көшіріп жаздырудың күрделенген кезінде диктант элементтері көрініс беріп отырады. Осындай тәсілдер қолдану арқылы оқушы зейіні әр тарапты болуына қамқорлық жасалады.

Оқушы орфографияны белгілі бір тақырыбын орындау қажет болса, онда оның бар зейіні осы бір тақырыпқа шоғырланған болар еді. Егер әр түрлі емлесілік ерекшеліктер қамтылған диктант жаздырылса, онда оқушы зейіні әр тарапқа бөлінеді. Ал шығарма жазу үстінде оқушының ойлау қызметі мүлде күрделенеді. Өйткені шығарма орфографиялық қатесіз жазылуы керек, сөйлем дұрыс құрылуы керек. Стыльдік байланыс сақталуы керек, мазмұнды жазылуы керек. Шығарма жаздыруда орфография тілдің лексика, сөйлем құрау, пунктуация, стиль т.б. сияқты жақтары мен қоян-қолтық келеді. Мұндай элементермен оқушылар бұрыннан таныс. Бірақ өте тар көлемде өтілген. Егер бұрын сұраққа жауап қайтару түрінде, жеке сөйлемдер құрау түрінде, орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрау түрінде оқытылған болса, енді жұмыс көлемі ұлғайып, орфография жүйелі баяндау процесіне айналып отырады.

Грамматикалық ереже қолдану тәртібі Я.А.Коменскийге дейін былайша жүйеленген еді. Алдымен ереже айтылып, одан кейін мысал келтіріліп, ең соңында жаттығу жүргізілетін. Коменский бұл схемаға өзгеріс енгізіп, бірінші орынға мысалдарды, екінші орынға ережені қойды.

Жаңа материалды түсіндіру алдында оған әзірлік жұмыстарын ұйымдастырған тиімді. Өтілетін материалдың тақырыбын тақтаға жазу әзірлік жұмысының бір түрі болып табылады. Алайда бұл істі барлық мұғалім әр уақытта орындап

отырмайды. Өтілетін материал тақырыбын тек ауызша айтып қана қою оқушылар зейінін аударма алмайды. Ал егер «Біз бүгін ү әріпінің жазылу емлесін оқимыз. Сендер ү әрпі і әрпімен ауысып жазылатындығына назар аударыңдар» деген түрде алдын ала ескерту жасалып отырылса, оқушы сабақ мақсатын түсінетін болады. Сабақты өтпей тұрғанда, оқушы ү мен і әрпінің алмасып жазылатындығына күмән келтіруі мүмкін. Алайда ү мен і үнемі араласа бермейтіндігін оқушылар есте ұстаулары керек. Санаулы сөздерде ғана сөйлемнің соңғы буынында ү әрпі жазылатындығы жөнінде орфографиялық ережені мұғалім түсіндіріп, сөздер көрнекі құрал арқылы немесе тақтаға жазылып көрсетіледі.

Мұғалімнің мақсаты – белгілі грамматикалық категорияға байланысты оқулықта берілген ережені ғана білгізіп қою емес, сол ережеге сүйене отырып, тілдік материалды таныту, соның төңірегінде оқушыны ойланту, ақыл-ойын дамыту. Оқылған грамматикалық категорияны оқушы тани білуге, оны түрлендіруге, емлесін жазу практикасында мүлтіксіз қолданып отыруға тиіс. Бұл үшін материалды жақсы түсініп, берік меңгеру керек. Мұғалім түсіндіру үстінде оқушылар назарын өзіне аудартады. Жалықтырмас үшін сұрақ-жауап арқылы оларға әңгімелетеді, сөйтіп сабаққа оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда оқушылардың оқулықпен өздігінен жұмыс жүргізуі материалды пысықтау немесе қайталау түрінде жүзеге асырылады.

Ереже, әдетте жазуда орфографиялық нормаға түсірудің құралы болып табылады. Тіпті кейде жеке бір сөзді жазудың өзіндік ережесі болады.

Ережелерді меңгерту нәтижесінде қалыптасатын орфографиялық дағды да жинақтық ұғымға ие болады. Оқушылар белгілі ереже бойынша өздері таныс сөздерді ғана дұрыс жазумен ғана шектелмейді, сол орфограммамен жазылатын өздеріне таныс емес сөздерді де қатесіз жазатын болады.

Жинақтық дағды қалыптастыру үшін әр түрлі лексикалық, синтаксистік материалдарға негізделген жаттығу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Нақтылы материалдарға жаттыға отырып,

абстракциялау процесі жүзеге асырылады. Жинақтық дағды қалыптастыруда сөздік материалдарды вариантқа бөлу де шешуші рөл атқарады. Бір вариантты ереже белгілі фонетикалық немесе грамматикалық құрылымдардың жазылуын бір түрде ғана сипаттаса, көп вариантты ереже олардың жазылуын кемінде екі жолмен көрсетеді.

**10.5. Фонетикаға байланысты орфографиялық материалдар.** Фонетиканы оқи отырып оқушылар әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларымен танысады. Бұған дауысты мен дауыссыз дыбыстар, олардың жуан, жіңішке, үнді, ұян, қатаң түрлері негіз болады.

Орфоэпиялық кемшілік сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алмаушылықтан, өте шапшаң немесе өте баяу сөйлеуден, белгілі бір дыбысты айта алмағандықтан болады. Бала көбінесе *р, л, ш, ж, ч, щ, с, ц, э* дыбыстарын дұрыс айта алмайды. Соның әсері жазуға да тиіп, бар сөзін бал, жоқ сөзін соқ деп те жазады.

Кейбір диалектілік сөйлеу ерекшелігі бар оқушылармен орфоэпиялық жұмысты байыпты жүргізуді есте ұстау керек. Оқушылардың сөзіндегі диалектілік қателерді түзету үшін мына сияқты жұмыстар жүргізуге болар еді:

1. Оқушылардың неғұрлым көбірек қате жіберетін сөздерін таблица ретінде жазып, сыныпқа іліп қою қажет. Таблицадағы сөздермен танысып, дұрыс айтуға төселу керектігі оқушыларға алдын ала ескертіледі.

2. Дыбыстық алмасу кездесетін сөздерді оқушыларға жаздырып, алмасып естілетін дыбыстардың асты сыздырылады.

3. Таблицаға я тақтаға диалектілік варианттары бар сөз жазып, қайсысы әдеби нұсқаға жататыны айтқызылып және дәптеріне жаздырылады.

4. Көркем әдебиет шығармаларынан арнаулы текстер оқып, қажетті дегендерін жаттатады.

5. Көркем сөз шеберлерінен жазылып алынған трампастикалар мен магнитофон тыңдалады.

Фонетиканы оқыту барысында орфографияны үйрету елеулі орын алады. Орфографияны берік меңгеру оқушылардың ережені пайдалана отырып, дыбыс пен әріп арақатынастарын аша білуіне негізделеді. Тілде әр түрлі фонетикалық құбылыстар

болады. Тілдік қызметті атқару барысында фонемалар өзінің естілу ерекшелік сипатын сақтауы да, түрлі өзгерістерге ұшрауы да мүмкін.

Фонетиканың «Үндестік заңы» деп аталатын тақырыбы бастан-аяқ орфографиялық мақсатты көздейді. Мұнда орфоэпиялық та ерекшеліктер қамтылады. Буын үндестігі заңы бойынша, түбір сөздің соңғы буынының жуан я жіңішке болып келуіне қарай қосымша да жуан я жіңішке болып үйлесуі шарт. Бұл ережені оқушылар жеңіл меңгере алады. Алайда тіліміздегі барлық сөздерге қосымша осы тәрізді тәртіппен жалғана бермейді. Міне, осыған байланысты ереже де, жаттығу да мол жүргізіліп, оқушылардың игеруіне тиімді жағдайлар жасалуы керек. -мен / -бен, -пен / -пас, -қор, -қой, -кеш, -гей, -гер, -хана, -тал, -дар, -нікі / -дікі / қосымшалары да сөздің соңғы буынының жуан я жіңішкелігіне қарамастан осы күйлерінде ғана жалғанады (қолмен, өнерпаз, өсімқор, әзілқой, күлекеш, сәуегей, саудагер, шілдехана, өсімтал, білімдар, колхоздікі т.б.) деген ережелермен ғана шектелу жеткіліксіз. Бұлардан басқа да бірсыпыра ерекшеліктерді қамти кетуге тура келеді.

Дыбыс үндестігі, негізінен, мынадай ережелерге бағынуы тиіс: а) түбір сөздердің соңғы дыбысы дауысты, үнді я ұяң дауыссыз болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның басқа дыбысы үнді я ұяң дыбыс болады; ә) түбір сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның басқы дыбысы қатаң болады.

Фонетиканы оқытуды оқушылардың тілі мен ойлауын дамытуға көмектесетіндей етіп жүргізу үшін мұғалім: а) оқушылар білімінің жалпы дәрежесін ескеруі тиіс; ә) оқу материалдарын логикалық жағынан дұрыс және балалардың шама-шарқыны, жас ерекшеліктеріне лайықтап баяндауы керек; б) сыныпта жүргізілетін жұмыстар мен үй жұмыстарында творчестволықпен әрекет етуін ұйымдастыра отырып, балалардың белсенді түрде ойлай білуін дамытуы қажет; в) оқулықпен қоса орфографиялық сөздік, көрнекі құралдар пайдаланып отыруы керек.

**10.6. Орфографиялық жаттығулар орындалу.**  
Грамматикалық материал түсіндірілгеннен кейін, жаттығу

жұмыстары жүргізіледі. Жаттығу жұмыстарының мақсаты – грамматикадан алған білімді жазу практикасында пайдалана білуге икемделу.

Грамматикалық ережені меңгеру оны практикада іске асыра білу процесінде жүзеге асады. Анықтама ережені оқушылардың түсінуі материалды меңгерудің алғашқы бастамасы ғана. Орфограммалардың жазылуын есте сақтап қалу үшін қайталама қабылдау қажет болады. Орфограммаларды қайталай түсу оқушыларды анализ және синтез операцияларын орындауға дағдыландырылады. Жаттығу неғұрлым мол орындалса, оқушылардың материалды меңгеруі де солғұрлым жеңілдейді. Грамматикалық форманы тану оны қабылдау мен бір мезгілде жүзеге асады. Сөйтіп, орфографиялық жаттығулар орындау кезіндегі оқушылардың күрделі аналитикалық-синтетикалық қызметі, біріншіден, ережені түсінуге, екіншіден, орфографиялық дағдыларының қалыптасуына негіз жасайды.

Жаттығулар орындалу сипатына қарай: 1) көру сезімі арқылы, 2) есіту сезімі арқылы орындалатын жаттығулар деп бөлінеді. Көру сезімі арқылы орындалатын жаттығуға көшіріп жазу жұмыстары жатады, есіту сезімі арқылы орындалатын жаттығуға негізінен диктанттарды жатқызуға болады.

Көру сезімі мен есту арқылы орындалатын жаттығу ішінде сөзді дұрыс айту және оны дұрыс жазу сияқты кинезстетикалық элементерге қоса, сезімдік қабылдаулар ойлау қызметімен ұштасып отырады. Көру сезімі арқылы көшіріп жазу жұмысында мынаны ескеруге тура келеді: егер әріп немесе сөз жазылмаған тексті көшіріп жазу керек болса, онда өтіліп отырған орфограмма көру сезімі арқылы қабылданбайды, оны оқушы ережені ескере отырып, ойлау арқылы табады, ал сөйлемдердегі басқа сөздерді көру сезімі арқылы көшіріп жазады.

Ойлау процестерін дамыту сипаттарына қарай орфографиялық жаттығуларды былайша топтастыруға болады: 1) аналитикалық немесе грамматика-орфографиялық талдау түріндегі жаттығу, 2) синтетикалық немесе текс құрау үшін сөйлемдерді қайта құру я өздігінен құру жаттығулары, 3) грамматикалық ерекшеліктерді топтастыру сипатындағы

жаттығу немесе орфограммалардың грамматикалық жіктер мен формаларына қарай, мысалы, журналдар мен жаттығулар т.б. бөлу, 4) ұқсас немесе қарама-қарсы формалар бойынша жұмыс. Жаттығудың бұл түрлері бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан да оларды белгілі бір сабақта ұштастыра отырып, жаттығу орындату тәсілін жан-жақты түрлендіріп отыруға да болады. Алайда, грамматикалық немесе орфографиялық сабақтардың бәрінде бірдей бұл жұмыстарды түгелдей жүргізудің қажеттігі болмайтын жағдайлар бар. Тіпті, кейде өтіліп отырған материал сипатының өзі көрсетілген іс-әрекеттерді бір ғана түрмен шектеуді қажет етеді.

Орфографиялық жаттығу грамматикалық және орфографиялық түсінік бойынша, сондай-ақ талдаулар жасау арқылы орындалып отырады. Жаттығу орындатудың бір түрі басқа түрлерімен алма-кезек ауыстырылып отырады. Белгілі бір тақырыпқа байланысты жаттығу кезінде көшіріп жазу және диктант (көру диктанты) элементтері, тіпті творчестволық диктант немесе шығарма араласа жүргізіліп отырылуы мүмкін. Мұндай жаттығулар берік орфографиялық дағды қалыптастыруға көмектеседі. Алайда, орындауға ұсынылатын жаттығулар дұрыс іріктеліп, оны орындату жолдары дұрыс белгіленуі және жұмыс шебер ұйымдастырылуы қажет.

Жаттығу іріктеуде және оны орындату тәсілдерін белгілеуде шамамен мына сияқты талаптар ескерілуі тиіс:

1) берілген жаттығу оқушылардың белсенді жұмыс істеуіне мүмкіндік жасай ала ма;

2) жаттығу сынып оқушыларының шама-шарқына лайық па (тым жеңіл болмауы ескерілуі керек);

3) көру және есту сезімдері қаншалықты қатыстырылуы ойластырылған ба;

4) жаттығу орындату кезінде сөйлеу, оқу, лексикалық және грамматикалық жұмыстар жан-жақты қамтыла ма;

5) жаттығу орфограммаларды дұрыс танып, есте сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ете ала ма;

6) қате болдырмауды алдын ала ескерту үшін алдын ала жұмыстар жүргізу ескерілген бе;

7) көзделіп отырған нақтылы мақсатқа жетуге жаттығу қаншалықты үйлесімді (ол мақсаттарға анықтама ережені қайталау, қиындық келтіретін орфограмманы табу, орфограмманың жазылу сипатын берік сақтау, нақтылы жағдайларға байланысты ережелерді ауыстыра қолдану т.б. жатады).

Жаттығуға байланысты қандай жұмыс түрлерін жүргізу оқушылар алған орфографиялық дағды дәрежесі мен дәл сол кезде қойылып отырған мақсатқа негізделеді. Егер жаңа өтілген ережеге қорытынды жасалып, ол ережеге байланысты әлде де жаттыға түсу, еске берік сақтау қажет болса, онда грамматикалық және орфографиялық талдау жасай отырып, көшіртіп жазғызу керек. Егер оқушыларға емлелік қиындықтарды тапқызып, орфограммаларды жете таныту мақсат етіліп қойылса, онда мына сияқты жұмыстар жүргізуді ұсынуға болады: 1) жазылуы қиын сөздерді теріп көшіру, 2) терме диктант, 3) ауызша талдау, 4) қажетті орфограммалардың астын сыздыру, 5) өз жазғандарын өзі тексеру т.б.

Жаттығу жүргізуде мынадай дидактикалық талаптар қойылады: жаттығудың әр жақтылығы және қайталай жаттығу. Тақрыпты өту кезіндегі жаттығумен шектеліп қалуға болмайды. Келесі сабақтарда немесе келесі тақырыптарды өту кезінде де қайталана жаттықтырылуы керек. Сондай-ақ сыныптағы оқушылардың белгілі орфограмманы меңгеру дәрежесіне қарай және оқушыларға арнайы тапсырма беру жолымен жаттығу орындату оқу процесіндегі тиімді тәсіл болып табылады.

Орфографияны үйрену – біртұтас қиын процесс. Бұл процестің бір тұтастығы оқытылатын баланың психикалық қызметінің бірлігімен, қабылдау бірлігімен, тіл мен ойлаудың бірлігімен, ауызша және жазбаша тіл бірлігімен жүзеге асырылады. Әр түрлі сөздік материалдарға енгізілген белгілі бір орфограмманы жазу көптеген оқушыларға едәуір қиындық туғызады, сонымен бірге-бір ережеге байланысты емленің өзіне де түрлі қиындық ұшырасады. Мұндай қателерді көпшілігі орфограммалардың грамматикалық табиғатын ажырата алмағандықтан жіберіледі. Жаттығуларға семантикалық, грамматикалық формасы т.б. жағынан әр түрлі ерекшеліктердің

көбінесе аз қамтылуы себепші болады. Соның салдарынан оқушылар неғұрлым жеңіл жұмыстарды орындауға әдеттенеді де, грамматикалық категорияларды неғұрлым қиын жағынан тануға, есте сақтауға, ақылға тоқуға әзірлігі жетпейді. Белгілі грамматикалық категорияны оқушылардың неліктен нашар меңгеретін себебін мұғалімнің зерттеп, ол себептерді оқушыларға саналы түрде жеткізіп отыруы керек.

Жаттығудың тағы бір түрі оқушылардың жұмысты өздігінен орындауы болып табылады. Жаттығудың мұндай түріне орфограмма жазылмай берілген тексті көшіріп жазу жатады. Оқушыларға сөздің жеке бөліктері немесе тұтас сөз жазылмаған тексті көшіріп жазу тапсырылады да, орфографиялық ережелерді басшылыққа ала отырып, жазылмай қалған орфограммаларды немесе сөзді өздігінен ойлап жазу талап етіледі (текстің басқа жағына көңіл қоймауына болады). Мұндай жаттығудың ерекшелігі мынада: тексте жеке элемент бөлініп көрсетілгендіктен, ереже объектісі сол бөлініп, көрсетілген элементтен іздестіріледі, бірақ оны дәл табу оқушының міндеті. Бұл жолмен жаттығуда да аралас (ұқсас) орфограммалар ұсынылып отыруы керек. Олай болмаған жағдайда берілген ережеге байланысты бірінші сөйлемде ойлана отырып орындағанымен, қалағандарын сол жолмен механикалық түрде толтыра салуы мүмкін. Жеке орфограмма немесе тұтас сөз жазылмай берілген тексті көшіріп жазу жаттығудың басқа түрлеріне қарағанда, оқушыдан жұмысты өздігінен орындауы көбірек талап етіледі. Өйткені мұндай жаттығуды орындау кезінде оқушылар орфограмманың жалпы сипатын және оның графикалық формасын анықтап отырады.

Диктант жазу кезінде мұғалімнің орфоэпиялық нормада оқуы мен оқушының орфографиялық нормада жазуы белгілі дәрежеде бір-біріне қайшылық туғызады.

Мәселен, *Тоқсанға келген жасым бар (тоқсанға келген), көпті көрген басым бар (көпті көрген)* деген сөйлемдегі айтылуы және жазылуы ережесін түсіну диктант жазу кезіндегі оқушылардың бірден-бір міндеті болмақ.

Диктанттың бақылау диктанты деп аталатын түрі де ескерту диктанты сияқты есту сезімі арқылы жазылады.

Алайда, бұлардың арасында едәуір айырмашылық бар. Егер ескерту диктантында текске талдау жасалып, оқушылардың есте берік сақтауына жағдай жасалатын болса, бақылау диктантында ешбір жеңілдік берілмейді. Бақылау диктантында оқушылар өзінің орфографиялық біліміне сүйеніп, жұмысты тек өздігінен орындайтын болады. Алайда, бақылау диктанты оқушылардың білімін сынаумен бірге, оларды үйрету мақсатында көздейді. Жіберілген қателер бойынша жаттығу жұмыстарды кеңінен жүргізіліп, кімнің қандай ережеге ерекше көңіл бөлуі керектігі көрсетіліп отырады.

Творчестволық жазу – күрделі процесс. Оған дағдылану үшін көптеп жаттығу керек. Творчестволық жазуда орфографиялық жағынан сауатты жазу және жүйелі түрде жазбаша баяндай білу талап етіледі. Сол үшін таза орфографиялық жаттығу кезінің өзінде-ақ оқушының сөйлемді дұрыс құрап, ойын дұрыс баяндай білуіне назар аударып отыру керек. Бұлай болмаған жағдайда оқушылардың творчестволық жазуы (мазмұндама мен шығарма) кезінде орфографиялық қате көптеп жіберілетін болады.

**10.8. Орфографиялық талдау.** Грамматикалық талдау ауызша да, жазбаша да жүргізіледі. Жазбаша жүргізілетін талдаудың қай түрінде (фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік) болмасын орфографиялық сипат болады. Өйткені жазбаша грамматикалық талдау қазақ тілінен жүргізілетін жазбаша жұмыстардың маңызды бір түрі болып саналады.

Жазбаша грамматикалық талдау жүргізуді ұйымдастыруда мыналар ескерілуі керек.

1) Морфологиялық толық талдау жасау үшін көптеген графалар сызуға тура келетіндіктен (түбір, қосымша-жалғау түрлері, жақтар мен шақтар т.б.), дәптердің тек бір бетін ғана емес, екі бетін бірдей пайдалану тиімді. Кейде дәптердің екі бетін бірдей пайдалануда былайша ұйымдастыруға болады: дәптердің бір бетіне талданатын текст жазылады, оң жақтағы бетіне талдау жүргізіледі.

2) Грамматикалық талдау жасауға дәптер парағының шетіндегі ақ жиекті пайдалануға болады. Егер текстен шылауларды тауып жазу керек болса, текст дәптерге

әдеттегідей жазылады да, ақ жиекке шылаулар (мен, және, бірақ т.б.) теріліп жазылады.

Орфографиялық талдауға да, негізінен, грамматикалық талдауға қойлатын талаптар қойылады. Көлем жағынан да, мақсаты, орындалу тәсілі жағынан да орфографиялық талдау грамматикалық талдауға ұқсас және фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдаулар кейде орфографиялық мақсатты да шешуге көмектеседі. Фонетика мектепте өзінше курс болмай, грамматикаға қосыла оқытылатыны сияқты орфографиялық талдау да фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктермен өтіліп отырады.

Сөз тұлғасын талдау кезінде лексикалық жұмыстың мынадай түрлері ескеріліп отырылуы тиіс:

а) оқушылар талдап отырған сөздің мағынасын анықтап отыруы;

б) өздері білетін сөздік қорын тиімді пайдалануға дағдыландыру;

Сөздерді тұлғасына қарай морфологиялық талдауда мыналарға басты назар аударылады:

1) Берілген сөздің негізгі түбірін тауып, оның мәнін анықтау.

2) Сол түбірден бірнеше сөз өрбіту.

3) Сөз қатыстырып сөйлем құрау.

4) Түбірлес сөздерге ортақ негізгі түбірді табу.

5) Сөздердің құрамына қарай (қос сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз) қалай жасалып тұрғандығын анықтау.

б) Түбірге қосымшалар қосылудағы орфографиялық заңдылықтарды аңғарту.

Сөз таптарына байланысты морфологиялық талдау кезінде:

а) әуелі сөздің қай табына жататындығы айтылады;

ә) сөздің қандай мағына беріп тұрғандығы ашылады;

б) формалық белгілері көрсетіледі;

в) сөз таптарының түрленуі кезіндегі формалық құбылысқа қарай орфографиялық ерекшеліктердің дұрыс сақталуына назар аударылады;

Грамматикалық (морфологиялық) талдау талданып отырған сөздің қай сөз табына жататындығын табумен шектелмейді,

сонымен бірге синтаксистік қызметі де ашылады. Морфологиялық талдау синтаксистік талдаумен ұштасады. Мәселен, сөйлемдегі сөздер сөйлем мүшелеріне синтаксистік талдау кезінде қай сөз табынан жасалып тұрғандығын айту талап етіледі.

Грамматикалық-орфографиялық талдау сауатты жазуды қамтамасыз ететін бірден-бір жұмыс түрі емес. Ол – білім мен дағды аралығындағы жұмыс түрлерінің бірі ғана. Жазбаша орфографиялық жаттығулар ретінде талдау – көшіріп жазу, диктант және басқа жұмыстарда қолданылады. Грамматикалық-орфографиялық талдау жүргізудің мынадай түрі де озат мұғалімдер тәжірибесінен орын алып жүр. Мұғалім сөйлемді оқиды, ал оқушылар сол сөйлемді талдайды. Мұнда талданған текст оқушылар алдында әзір тұрған жоқ. Талдаудың мұндай түрі оқушылардың есту қабілетін арттыруға көмектеседі, сөздің айтылуы мен жазылуы арасындағы ерекшеліктерді аңғартады. Талдаудың тағы бір жолы дайын карточка бойынша талдау болып табылады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Орфография мен орфоэпияны оқытуда қандай принциптер басшылыққа алынады?
2. Орфоэпияны оқытуда салыстыру тәсілдері қалай іске асырылады?
3. Орфография мен орфоэпияны оқытуда қандай жазба жұмыстары жүргізіледі?
4. Орфоэпияны үйретуде қандай техникалық құралдардан пайдалануға болады?
5. Орфографиялық жаттығулардың маңызы қандай?

## **11-ТАҚЫРЫП: ПУНКТУАЦИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**11.1. Пунктуация туралы жалпы мәлімет.** Пунктуация, емле сияқты, дұрыс жазудың, жазылғанды дұрыс оқып, дұрыс түсінудің құралы болып табылады.

Пунктуация жазылған мәтіннің мазмұнын, негізгі ойды дұрыс түсінуге, оны мәнерлеп оқуға мүмкіндік жасайды. «Пунктуацияның негізгі қызметі – сөйлемді жазуда ойды

беруге қатысты бөліктерге бөлуді нұсқау», - дейді С.И.Абакумов. Яғни пунктуация тілдің басқа элементтері сияқты жазуда ойды дұрыс беруге қызмет етеді. Пунктуацияны игеру – адамның сауаттылық мәдениетін арттырады. Мектеп оқушыларының тыныс белгісін еркін қоюын қамтамасыз ету үшін мұғалімнің пунктуациялық іскерлігі болуы тиіс. Ондай іскерлікті пунктуацияны оқыту әдістемесі қарастырады.

Пунктуация – адамдар арасында қатынас құралы қызметін атқаратын жазу тілінің маңызды бір саласы. Сондықтан жалпы тіл, қала берсе жазу тілі сияқты, пунктуация да жалпы халықтық болып табылады. Оны қолдануда болсын, оқып тануда болсын жалпы халық таныған заң, ережелер басшылыққа алынуға тиіс. Олай болмаған жағдайда, пунктуацияның әрбір белгісінің мәнін, атқаратын қызметтері мен қолданылатын орындарын тануда, білуде жазушылар мен оқушылар арасында бірлік болмаған жағдайда, тыныс белгілері өзінің қатынас құралылық қызметін атқара алмайды. Егер ол жазу практикасында орныққан, көпшілікке танылған заң, ережелерге сай болмай, теріс қолданылса, оқуды, түсінуді жеңілдету былай тұрсын, қайта оны қиындатады, теріс ұғымның, теріс түсініктің тууына себепші болады.

Жазғанды, айтқан ойды басқалар қалай қабылдайды дегенді әр уақытта естен шығармаған жөн.

Сөздерді дұрыс орналастырып айтпасақ, тыныс белгілерімен дұрыс бөліп жазбасақ, айтайын деген ойың теріс беріледі.

Пунктуация жазу тілінің дамуымен, әсіресе баспа ісінің дамуымен тығыз байланысты. Бірақ ол жазу тілімен бірге туып, әрдайым онымен қатар жасап келе жатқан категория емес. Тыныс белгісіз де жазу болған. Жазудың пикторграфиялық және идеографиялық түрлерінде жеке сөйлемге, жеке сөздерге сараланбай жүрген тізбекті жазу дәуірлерінде ешқандай тыныс белгісінің де және оған мұқтаждықтың да болмағандығы мәлім.

Тыныс белгісі – жазу тілінің жазу мәдениетінің, әсіресе баспа ісінің, дами түскен кейінгі дәуірінің жемісі. Баспаның өркендеуі, оның халық арасына тарап, оқушылар санының артуы жазу мәдениетінің көтерілуін, жазудың жалпыға бірдей ортақ заңдарға, ережелерге негізделіп, бір жүйеге келуін талап

етеді. Жазылған пікір оқуға оңай, түсінуге жеңіл болуы үшін, түрлі ықшамды ұсақ бөлшектерге бөлу, әр бөлшектің бір-бірімен мағыналық қатынастарын көрсету қажеттіктері туады. Сол қажеттіліктен келіп, тыныс белгілері пайда болады.

Жазу мәдениеті дамуының қазіргі сатысында тілдерде тыныс белгілерінің түрі де, атқаратын қызметтері де әр алуан. Бірақ солардың бәрі бір мезгілдің ішінде, бірден пайда бола қалған емес. Жалпы жазу тілі сияқты, тыныс белгілері де, оларға байланысты заң, ережелер де бірте-бірте дамып, жетіліп отырған. Алғашқыда тыныс белгілері жазылған пікірді әр түрлі мәнді бөлшектерге бөліп тұру функциясында ғана қолданылған. Сонымен бірге, олар түр-түрпаты жағынан да, қызметі жағынан да қазіргі тыныс белгілерінен өзгеше болған.

Біздің жыл санауымыздың V-VII ғасырлары шамасында жазылып сақталған Орхон-Енисей жазулары деп аталатын ескерткіштердің кейбіреулерінде әр сөзден кейін қос нүкте тәрізді белгі қойылса, кейбіреулерінен кейін төрт нүктеден құралған ромбик тәрізді белгі қойылып отырған. Ал араб әрпімен жазылып сақталған ертеректегі қиссаларда, дастандарда өлең жолдары арасына қойылған, тіліміздегі қазіргі графикалық белгілердің бірде-біріне ұқсамайтын түрлі белгілер кездеседі. Бұл жағдайлар тыныс белгілерінің бастапқы функциясы сөйлеуді тек әр түрлі мәнді бөлшектерге бөлу ғана болғандығын, бөлуші белгілердің түр-түрпат жағынан қазіргі белгілерден өзгеше болғандығын байқатады.

Қазіргі заманда тілдерде кездесетін тыныс белгілеріне тән тағы бір қасиет – олардың интернационалдығы.

Тыныс белгілері түр-түрпаты жағынан да, мағыналары мен функциялары жағынан да тілдердің басым көпшілігінде біркелкі болып келеді.

Қазақ тілінің пунктуациясы кенжелеп туып, кеш дамыды. Октябрь революциясына дейін белгілі бір жүйеге келтірілген, көпшілікке танылған пунктуациялық заң, ережелер болған жоқ. Ол уақыт үшін пунктуациялық ережелердің болмауының өзі де табиғи нәрсе еді. Өйткені тыныс белгісі баспасөз үшін керек.

Қазақ тілінің қазіргі графикасында, баспасөз тәжірибесінде ғылыми негізде қалыптасып орныққан, тұрақты жүйеге

келтірілген әрқайсысының қолданылатын орындары, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналары айқындалған тыныс белгілері бар. Құрамы, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналары жағынан қаза тілі графикасындағы тыныс белгілерінің басқа тілдерде қолданылатын тыныс белгілерінен ешқандай өзгешелігі жоқ. Яғни тыныс белгілеріне тән интернационалдық қасиет қазақ тілі графикасында да берік сақталған.

Түркі тілдерінің бұрынғы ерекшеліктерінде тыныс белгісі таңбасының алғашқы элементтері кездеседі. Ол кездегі бар белгілер көбінесе тыныс белгісі қызметінен гөрі бір сөзді екінші сөзден айыру қызметін атқарған.

Қазақ тілінде шыққан алғашқы баспа сөзіміздің бірі «Дала уәлаяты» газетінің (1888-1902) тұңғыш шыға бастаған жылдарындағы нөмірлерінде де тыныс белгілерінің ешқайсысы қойылмайды. Кейде ұзақ күрделі ой немесе бір күрделі пікір біткенін білдіру үшін, екінші ой жаңа жолдан басталып жазылды. Бірақ ол абзацтар сөйлемдерді бір-бірінен ажыратуға себін аз тигізді. Тыныс белгілері қолданылмағандықтан, бас әріп болмағандықтан кейбір жазылған жолдарды ұғу, түсіну өте қиындық келтірді.

Бертін келе, 1894 жылдан бастап, газет кейбір сөйлемдердің жігін ажыратуға әредік сызықша (-), әр түрлі жұлдызшалар (\*) сияқты шартты таңбаларды қолданады. Ондай жұлдызшалар сөйлемнің біткенін, дауыс үзілісін білдіретін тыныстық белгілер болғанға ұқсайды.

Жалпы әрбір тыныс белгісінің өзінің қолданылу, пайда болу тарихы бар. Мысалы: «Дүниежүзінде тұңғыш рет үтір белгісі (кіші тыныс белгісі) кітап бетінде XV ғасыр мен XVI ғасырдың арасында пайда болды. Оны алғаш рет кітапқа енгізген венецияның атақты баспаханашысы Альт Мануций еді. Бұл уақытқа дейін кітаптарды тек қана екі тыныс белгісі – нүкте мен қос нүкте ғана қойылады екен. Кітап соңына мазмұн жазуды да алғаш енгізген Мануций еді. Ол сонымен бірге кітаптың ірі әріппен терілген алғашқы бетін кітап дүкенінің маңдайшасына іліп қояды екен. Бұл дүние жүзіндегі алғашқы

кітап жарнамасы еді». Ал тырнақшаның өзінің шыққан уақыты бар.

Профессор С.Е.Маловтың айтуынша, түріктердің Енисей жазуында қос нүкте – нүкте және тыныс белгісі есебінде жұмсалған.

Арғы кездерді былай қойғанның өзінде беріректе жазылған түркі тілдеріндегі арабша басылып шыққан кейбір кітаптардың өзінен бірде-бір тыныс белгісін кездестіре алмаймыз. Мәселен: 1915 жылы өзбек тілінде шыққан «Adab-us-Salixin», «Fatima Zuhra», 1984 жылы шағатайша басылған «Mir cali eir Nanai», 1911 жылы шыққан «Bahram dulandam», 1916 жылы шыққан «Sufi Allaiar-Subatul Fadiem» атты кітаптардан, сондай-ақ Н.Н.Пантусовтың 1880 жылы ұйғыр тілінде шыққан «Kitab Furat dar malik ein» атты кітабынан, т.б. еңбектерден бірде-бір тыныс белгісі табылмайды. М.Терентьевтің айтуынша, тыныс белгілері ХІХ ғасыр кезінде парсы тілінде де болмаған. Қазақтың араб әліппесіне негізделген жазу кезіндегі кейбір кітаптарда да ешбір тыныс белгісі қойылмай жазылады. ХІХ ғасырда шыққан түркі тілдері грамматикаларында тыныс белгілерінің элементі пайда бола бастағанын аңғаруға болады. Мәселен, профессор А.Қазембектің 1839 жылы шыққан «Түрік-татар тілі грамматикасының» 35-бетінде бір жұлдызша, 34 және 46 – беттерінде екі жерде сызықша қойылған. Ал 1869 жылы шыққан «Алтай тілі грамматикасында» тыныс белгілерінің бірсыпырасы кездеседі және олар бірсыдырғы орынды қойылған. Жоғарыда айтқанымыздай, М.Терентьев парсы тілінде тыныс белгілерінің болмауын сынағынымен, өзі жазған грамматикада орынды пайдаланбаған.

1915 жылы шыққан «Жазу қағидалары» деген кітапшада тыныс белгілерінің қолданылуы туралы ережелер берілген. Онда тыныс белгілерінің жеті түрі ғана аталып, олардың әрқайсысына берілген ережелерге мысалдар келтірілген. Леп белгісі «дауыс ишараты» деп, сызықша мен жақша және көп нүкте «ишарат» деп, тырнақша «екі ишарат» деп аталады.

Бұл келтірілген мысалдардан ХІХ ғасырда және ХХ ғасырдың басында түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде баспадан шыққан кітаптарда тыныс белгілері дұрыс, жүйелі

түрде қолданылмаса да, таңбалардың элементі мен оларды пайдаланудың алғашқы тәжірибесі көріне бастағанын аңғартады, екіншіден, қазақ тілі пунктуациясы жүйелі, ғылыми негізде Ұлы Қазан социалистік революциясынан кейін ғана орыс тілі пунктуациясы үлгісін басшылыққа ала отырып, қалыптаса бастады деген пікірімізді толық дәлелдей алады.

Орыс алфавитіне көшкен кезде, кейбір қазақ тілі мамандарының «Жазуда тыныс белгілерін дұрыс қоя білу керек, осы уақытқа дейін жұрттың бәріне бірдей заң болатындай тыныс белгілерінің ережелері жоқ, қазір қазақ халқы орыс алфавитіне көшіп отырғанда, жазуда үлкен маңызы бар тыныс белгілерін дұрыс қоя білу мәселесін де осы бастан қолға алу керек» деген сияқты баспасөз бетіндегі пікірлері де қазақ тілі пунктуациясына назар аударып, оны жазудың көмекші құралы ретінде тануға түрткі болғандығы сөзсіз.

Қазақ тіліне ғана емес, басқа түркі тілдерінің жазуларындағы тыныс белгілерінің қолданылуына да орыс тілі тыныс белгілері игілікті әсер етті.

**11.2. Тыныс белгілерінің түрлері және оларды мектепте оқыту.** Пунктуация жүйесіндегі белгілерді мағынаға қарай дұрыс қолданудың маңызы зор, себебі бір тыныс белгісінің беретін бірнеше мағынасы болады. М.Н.Петерсон: «один знак может иметь несколько употреблений и, наоборот, одно и то же явление может обозначаться различными знаками» – деп, өте дұрыс айтқан. Тыныс белгілерін дұрыс қолдану үшін, мүмкіндігі болғанша, олардың әрқайсысының қызметін даралап, оларға берілетін ережелерді бірыңғайластыру керек. Тыныс белгілерінің ережелерін бірыңғайластырумен бірге әрбір тыныс белгісінің бір ғана атпен аталуын да бір ізге түсірген жөн. Мысалы, нүктені біреу «ноқат» десе, біреулер «ұлы тыныс» дейді.; үтірді «қайырма», «кері үтір» десе, нүктелі үтірді «үтірлі ноқат», «үтірлі нүкте», «нүктелі үтір» дейді; қос нүктені «екі нүкте», «екі нүкте», «екі ноқат», «қабат белгі», «қос нүкте» деп, төрт түрлі айтады т.б.

Біздіңше, тыныс белгілерінің қалыптасқан мынадай терминдерін қолданған жөн: **нүкте, көп нүкте, қос нүкте, үтір,**

**нүктелі үтір, сызықша, тырнақша, сұрау белгісі, леп белгісі және жаңа жол** (немесе абзац).

Мектеп оқушыларының тыныс белгісін еркін қоюын қамтамасыз ету үшін мұғалімнің пунктуациялық іскерлігі болуы тиіс. Ондай іскерлікті пунктуацияны оқыту әдістемесі қарастырады.

Мектепте пунктуацияны оқытудың мақсаты – оқушылардың пунктуациялық сауаттылығын, жазуда, тыныс белгісін дұрыс қою іскерлігін қалыптастыру. Сауаттылық екі түрлі болады: толық және біршама сауаттылық. Толық сауаттылық – пунктуациялық норманы толық игеру, ал біршама сауаттылық – пунктуациялық ережелердің белгілі бір бөлігін игеру. Мектепте біршама сауаттылық қалыптасты. Біршама сауаттылық деңгейін оқылатын пунктуациялық ережелердің саны мен бағалау нормасының талабы айқындайды. Мектепте пунктуацияны оқытуда: танымдық және практикалық мақсат қойылады.

Танымдық мақсат. Пунктуациялық норманы меңгеру үшін пунктуациялық іскерлікті қалыптастыратын пунктуациялық білім қажет. Атап айтқанда:

- пунктуациялық, тыныс белгісінің қызметін ашу;
- пунктуацияның негізгі единицасымен таныстыру;
- тыныс белгілерінің қойылу себептерін білу;
- бағдарламадағы пунктуациялық ережелерді меңгеру.

Практикалық мақсат:

- оқушылардың пунктуациялық қырағылығын дамыту;
- оқылған ережелерге сай белгілерін қоя білуге үйрету;
- тыныс белгісін қойып, оны дәлелдеу;
- тыныс белгісінен кеткен қатені тауып, оны түзетуге үйрету.

Пунктуация: логикалық, синтаксистік және интонациялық принциптерді басшылыққа алады. Қазіргі пунктуация негізінен семантика-грамматикалық принципке негізделеді. Бұның компоненттері – сөйлемнің мағынасы мен грамматикалық құрылысы (А.Әбілқажев).

Жеке әдістемелік принципке: пунктуацияны синтаксистік құрылымы болады. Құрылымына қарай бір сөзді (қаратпа, қыстырма сөздердің тыныс белгісі: Кел, балалар, оқылық), сөз

тіркесі және сөйлем, текст ыңғайында келеді. Тыныс белгісін қоюда мағыналық бөлшектің морфологиялық (одағай, шылау) синтаксистік (үш құрамды, сөйлемдер, қаратпа, қыстырма, бірыңғаймүше т.б.) дыбыстың, интонациялық, мағыналық ерекшелігі (себеп, қарама-қарсылық) болады.

Тыныс белгісі бір ережеге сай қойылады. Әрбір пунктуациялық ережеге тыныс белгісімен бөлінетін мағыналы бөлшек сай келеді. Тыныс белгісін қоюда позитивті және негативті жағдайлар болады. Мысалы: бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылу керек (позитив) егер олар шылаулармен (және) байланысса, (негатив) қойылмайды. Пунктуациялық ұғымдарға: тыныс белгілері, тыныс белгілерінің қызметі, пунктуациялық-мағыналық бөлшек, тыныс белгісін қоюдағы белгілер, пунктуациялық норма, пунктуациялық қате жатады.

Пунктуациялық норма-ережеге байланысты тыныс белгісін қою және қажет болмаса қоймау. *Асан оқушы*. Сызықшаның қойылуы пунктуациялық норма, егер қойылмаса нормадан ауытқу.

Тыныс белгісі – жазуда қолданылатын графикалық тәсіл.

Пунктуациялық қырағылық – сөйлемнен тыныс белгіні қажет ететін мағыналық бөлшекті таба білу: Ол үшін жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

Пунктуациялық қате тыныс белгісінің дұрыс қойылмауы.

Мектепте пунктуациялық іскерліктің мынадай түрлері қалыптасуы қажет:

- коммуникативтік единицаны, мағыналық бөлшекті, (тыныс белгісін керек ететін) таба білу;
- өтілген ережеге сай тыныс белгісін қоя білу;
- тыныс белгісінің қойылу себебін дәлелдей алу,
- лепті сөйлемді жай сөйлемнен бөле алу;
- интонацияның түрін ажытара білу;
- автор сөзін басқа біреудің сөзінен ажырата білу;
- пунктуациялық талдау жасай білу;

Пунктуацияны оқытуда негізінен мұғалімнің сөзі, әңгіме, бақылау, талдау, оқушылардың өз бетімен жұмысы, салыстыру, ауыстыру, пунктуациялық талдау, т.б. әдіс, тәсілдер қолданылады. Пунктуациялық талдау толық (сөйлемдегі

барлық тыныс белгісіне тоқталу), не ішінара (бір ғана тыныс белгіге тоқталу) жүргізілуі мүмкін.

Пунктуациялық талдауда:

- тыныс белгісі аталады, қызметі айқындалады;
- мағыналық бөлшек оқылады, тыныс белгісі қойылады.

Пунктуациялық іскерлікті қалыптастыруда орындалатын жаттығудың маңызы зор. Жаттығуларға: көшіріп жазу (тыныс белгісін қойып), диктант (белгілі бір тыныс белгісіне қарай) схема арқылы сөйлем құрау, тыныс белгісін қою (құрмалас сөйлемдер құрау) творчестволық жұмыс (мазмұндама, шығарма жаздырту, тыныс белгісін қойдыру, себебін айтқызу, мәнерлеп оқыту, интонациясын дұрыс қойып оқу), техникалық құралдарды пайдалану (эпидиаскоп арқылы сөйлемді тақтаға түсіріп, оқушыларға тыныс белгісін қойдырту) т.б. жатады.

Мектеп тәжірибесінде пунктуациялық қатенің үш түрі кездеседі:

1) тыныс белгісін қоймай кету; 2) тыныс белгісін артық қою; 3) тыныс белгісінің қайсысын қоюды білмеу;

Оның себептері:

- пунктуациялық нормасын білмеу;
- мағыналық бөлшектің белгілерін білмеу;
- сөйлемге синтаксистік талдау жасай алмау;
- тыныс белгісінің қызметін білмеу; т.б.

Тыныс белгісінен кеткен қатені есепке алу. Оқушының дәптері тексеріліп, қате кеткен жердің асты сызылады, дәптердің шетіне белгісі қойылады. Оны не мұғалім түзетеді (егер өтілмеген ережеге байланысты болса), немесе, оқушы өзі ізденіп түзетеді. Тыныс белгісінен жіберілген қатені есепке алу мұғалімнің тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мұғалім жалпы сыныпқа тән қателерді бір бөлек, жеке оқушының қатесін бір бөлек тізеді.

Пунктуациялық қатемен жұмысты мұғалім алдын ала жоспарлайды. Ол мынандай элементтерде тұруы мүмкін: дәптерді тексеру, есепке алу қағазын толтыру сабақ жоспарын жасау. Сабақтың мақсаты – тексерілген жұмыстың (бақылау диктанты, тіл дамыту жұмысы, т.б.) сипатына байланысты

болады. Осыған орай пунктуациялық қатемен жұмысты жүргізу методикасының 3 түрі болады:

- 1) жаттығу орындаудан кеткен қателермен жұмыс;
- 2) бақылау диктантынан кеткен қателермен жұмыс;
- 3) мазмұндама, шығарма жұмыстарынан кеткен қателермен жұмыс.

Сонымен, қорыта айтқанда, пунктуация – сөйлемді және мәтінді коммуникативтік единицаларды жазуда мағыналық бөліктерге бөлудің графикалық тәсілі. Осыған орай пунктуациялық норманы теориялық тұрғыдан меңгерудің маңызы зор. Тыныс белгілерін дұрыс қоя білу – сауаттылықты арттырады, әрі синтаксисті жете меңгеруге көмектеседі. Тіліміздегі сөздер синтаксистік қызмет атқару үшін, сан алуан байланысқа түседі. Сол байланыстарды мағыналық жағынан дәл ажыратып тұратын – тыныс белгілері, тыныс белгілерін «оқудың нотасы» дейтін себебіміз де сондықтан. Олай болса, әрбір тыныс белгісі – сөйлемнің мағынасын айқындаушы көрсеткіш.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Пунктуация туралы не білесіңдер?
2. Пунктуацияның қолданылу тарихына шолу жасаңдар.
3. Тыныс белгісінің түрлері қандай?
4. Тыныс белгілерді дұрыс қолдана білуде қандай мәселелерге көңіл бөлу қажет?
5. Пунктуацияны мектепте оқытудан мақсат не?
6. Пунктуациялық қателердің қандай түрлері кездеседі?

## **12-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ**

**12.1. Тіл дамытудың мақсаты мен міндеттері.** Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты - дұрыс, сауатты жазу, оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен төрт бағытта жүргізілген: бірі - мәдени әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп

оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстарын жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құратып үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан білім беру. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жазуға, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі

Жазбаша сөйлеу – графикалық жазу таңбалары арқылы іске асады. Жазбаша сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлеммен де, құрмалас сөйлеммен де бере алады. Жазбаша сөйлеу тілінде белгілі жүйелі байланыс болады. Адам сөйлеммен ойын жүйелі беруде тілдегі түрлі жалғау, жұрнақ, түрлі тыныс белгілерін (нүкте, үтір, қос нүкте, сызықша, тырнақша, леп белгісі, сұрау белгісі т.б.), синоним, омоним, теңеу, салыстыру сияқты тілдік құралдары пайдаланады.

Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс әрі жүйелі бере алады. Бұл екі процесс бір-бірімен бірлікте, байланыста қаралғанда, жүргізілгенде ғана дұрыс нәтиже бере алады.

Тіл дамыту – ана тілі методикасының аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі, бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен әдебиетке ғана байланысты болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тікелей тәуелді.

Дидактикалық принциптер әр пәнді оқыту методикасының теориялық негізі болып саналады. Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысы да мынадай дидактикалық принциптерге негізделі жүргізіледі.

**12.2. Тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемесі.** Тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемесін тереңдеп игеріп алмай, тілдік қабілетті дамытуға арналған жаттығу-тапсырмаларды меңгерту қашанда қиынның қиыны болмақ. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері алуан түрлі. Мұғалім оқу жылының алғашқы күнінен

бастап сабақта өтілетін грамматикалық тақырыптың тұсында сөздік жұмысын жоспарлы, белгілі мақсатқа орай жүргізеді.

Жұртқа мәлім, сөз белгілі бір заттың атын, түсін, белгісін, санын, сапасын, үлкен-кішілігін, тегін, көлемін, бір сөзбен айтқанда, оның табиғатын, атауын, ұғымын білдіреді. Демек, сөз бен сөздің атауының арасында өзара байланыс болады. Сөз заттың атауын білдіретін қызмет атқарады. Сондықтан өмірдегі, табиғаттағы заттарды тану, білу арқылы оқушының да ой-өрісі кеңейіп, жаңа атауларды, сөздерді үйренеді. Осыдан баланың затты тану арқылы өмір шындығын кеңірек түсініп, оның дүниеге деген көзқарасы қалыптаса бастайды. Демек, дүниедегі заттардың, құбылыстың алуан түрлі сырларының атауларын біле бермейді. Оны мектептегі оқу процесі арқылы біртіндеп меңгереді. Мысалы, ана тілі, әдебиет, география, тарих, еңбек сабақтары арқылы заттардың атауын, ашып біліп үйренсе, екіншіден, радио, телевидение, оқыған кітабы, үлкен адамдар арасындағы әңгіме арқылы да көп нәрсені есітіп, бір алуан сөздерді үйренеді.

Қазақ тілі сабағын басқа пәндермен байланыстыра үйретілетін сөздің этимологиясына, оның тарихи шығу тегіне, құрамына грамматикалық талдау жасап отырғаны жөн, өйткені оқушы үйренетін сөзінің неден, қалай шыққанын білуге құмартады және ондай үйретілген сөз олардың ойында мәңгі сақталады, сондай-ақ оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырады, сондай сөздерді біле түсуге қызығады. Мысалы, «Еуропа, Азия, Орал, Баку, Ереван, Кувейт» деген сөздерді жиі кездестіреді. Бұл сөздердің қандай мағына беретінін білмейді. Осындайда оқушыларға оның тарихи шығу тегін айтып берсе, балалар оны қызығып тыңдайды.

Сөздік жұмысын үнемі бірқалыпты жүргізу оқушыны жалықтыратыны сөзсіз. Сөздік жұмысын жүргізудің жолдарын түрлендіріп отыру керек. Мысалы, тіліміздегі ескіріп кеткен архаизм сөздерді де оқушыларға орынды жерде түсіндірудің маңызы зор. Осындай сөздердің мағынасына құр талдау жасағаннан гөрі, оның нақты сүретін көрсету арқылы түсіндіру пайдалы. Мысалы, ақ бөкен, бұлан, дулыға, сауыт, қорамсақ.

Оқушының ұғымына ауыр тиетін, түсініксіз сөздерді сол сөздердің синонимі арқылы түсіндіруге болады. Мысалы, «әулетті» деген сөз «мықты», «күшті» деген мағынаны білдіреді.

Кейде бірсыпыра сөздердің мағынасын оның қарама-қарсы мағынасы, антоним сөздер арқылы салыстырып түсіндіруге болады. Мысалы, «түнек» - қарама-қарсы мағынасы «жарық» сөзі арқылы түсіндірілсе, «үдіріс» деген сөзді «баяу» деген сөз арқылы, «үшкір-доғал» деген сөздермен түсіндіріп, оның қарсы мағынасы арқылы оқушы сол сөздің нақты, дәл мағынасын түсініп ұғады. Сондай-ақ, сөз тіркестері, идиомалық сөздерді оқытуға орай жоғарыдағы жолдармен салыстыра түсіндіру тиімді. Мысалы, қас пен көздің арасында – лезде, бір сәтте, құлақ қағыс қылу – ескерту, байқау, есіне салу, қабырғамен кеңес – ойлан, асықпа, байқа деген мағынаны білдіретінін айту қажет. Сөздік жұмысының бір түрі ретінде ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілімізге енген бірсыпыра жаңа сөздердің қай кезде, қалай шыққанын жолай айту керек.

Оқушылардың жалпы сөздік қорын байқау мақсатында ғылымның әртүрлі саласынан қысқа мәтіндер алып, оларды сыныпта мұғалім өзі дауыстап оқып, оқушылардың қаншалықты сөзді білмейтінін тексеруі де пайдалы. Мұғалім сөздік жұмысын жүргізу барысында тілдегі негізгі лексикалық, грамматикалық амалдар жаппай жұмсала бермей, сөйлесу тәжірибесінде көп амалдар белгілі стильдік немесе контекске ыңғайланып жұмсалатын жоғарыдағыдай жолдармен түсіндіру, яғни тілдің мұндай жайлары ескерусіз қалмауды қарастырады.

Оқушы қазақ тілі және әдебиет сабақтарында үйренген сөздерін ауызекі тілде дұрыс және кең пайдалана алатындай болу керектігін айғақ етеді. Мұндай жұмыстың бәрі де оқушының ойлау қабілетін дамытып, шебер сөйлей білуге тәрбиелейді. Сөздік жұмысын мұғалім жыл басында өзінің күнтізбелік жұмыс жоспарында жоспарлайды. Сөздік жұмысы бағдарламалық материалдардың көлемінде оқушының өткен немесе келешектегі білімін ескере отырып жүргізеді.

Оқушы өзінің үйренген сөзін ауызекі сөйлеу тілінде қолдана білсе, оның ақыл-ойын дамытуға әсер етеді. Сөзді орынды қолданып, оның мағынасын жетік білетін бала өз

бетімен сөйлем құрап, оны ауызша сөйлеу тілінде шебер қолдана алатыны сөзсіз. Сондықтан сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырып, баланың сөз байлығын арттыру, сондай-ақ, үйренген сөздерінің орфограммасының дұрыс жаза білу жағына әрбір ана тілін оқытатын сабақ жауапты болғаны жөн.

Сөз тіркесін, сөйлем құрауға үйрету жұмысы оқушы өз ойын байланыстырып айта білумен бірге жаза білуге де дағдыландырады. Грамматиканы, синтаксисті жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін дұрыс біліп, сөйлемді құрастыра алады.

Сөз тіркесі, сөйлемді құрату жұмысы да барлық грамматикалық тақырыптарды оқытуға орай іске асырылады. Сабақта жаттығу жұмыстарын грамматика-стилистикалық бағытта ұйымдастырылады. Дайын мәтін ала отырып оған грамматика-стилистикалық талдау жасатуға болады. Оқушылардың назарын сөйлемнің құрылысына аударып, қалай жасалғанын, қандай стильдік қателері барын немесе қандай ерекшелікпен көрінетінін байқатады.

Оқушыларға мынадай жұмыстар орындалу тиімді. Сөз тіркестері арқылы сөйлем құрату, жай сөйлемді жалпылама сөйлемге айналдыру, аяқталмаған сөйлемді аяқтату, диалогты сөйлем құрату, әңгімені аяқтау, белгілі таныс тақырыптар бойынша әңгіме құрастыру, берілген мәтінді редакциялау, оқушыларға бір-бірінің жұмысын редакциялату т.б. осындай жүйелі жүргізілген жұмыстар арқылы оқушы дұрыс сөйлем құрастыруға бейімделеді.

Оқушы сөз тіркесі мен сөйлемнің түрі мен мазмұны арасындағы байланысты меңгеруге тиісті, яғни сөз тіркесі сөйлемге қажетті құрылыс материалдары ретінде қаралса, сөйлем синтаксистін негізгі бірлігі ретінде қаралатынын ұқтыру қажет. Мысалы, сөз тіркесінде «қоңыр» деген сын есім мағынасындағы өзгерісті, оның тура және ауыспалы мағынада тұрғанын талдау арқылы түсіндіру пайдалы: қоңыр күз, қоңыр мата, қоңыр бояу, қоңыр дауыс. Оқушыға «қоңыр бояу, қоңыр мата» деген сөздің тура мағынада айтылып тұрғанын, ал «қоңыр дауыс, қоңыр күз» деген сөз тіркестерінің ауыспалы мағынада қолданылып тұрғанын салыстыру арқылы түсінік беріледі. Оқушы тілдің осындай нәзік құбылыстарын байқау

арқылы ана тілінің қыр-сырын біле түсуге құмартады. Алдымен сөз тіркесі және сөйлемнің өзара құрылымдық айырмашылығының неде екеніне оқушының көзін жеткізу қажет. Демек, сөз тіркесі категориясының лексикамен, морфологиямен тығыз байланысты екенін, сондай-ақ сөз тіркесі лексика мен морфологияны синтаксиспен тығыз байланыстырып тұратын синтаксистік категория екеніне баса назар аударылады. Мұның лексикамен тығыз байланыстылығы енген сөздердің толық лексикалық мағынаға ие болуы және бір-бірімен байланыста айтылатындай тіркесімдік қабілеті болуы екенінен көрінсе, морфологиямен байланыстылығы, сөз бен сөздің белгілі бір қосымша арқылы, яғни сөз тұлғасы арқылы байланысатынынан, екінші жағынан, белгілі бір сөз табының негізінде сөз тіркесі жасалатынынан байқалады. Ал байланысқа түскен сөздердің грамматикалық қарым-қатынасы лексико-грамматикалық деп те аталады. Яғни, оқушыға сөз тіркесінің, сөздердің сөйлемге дейінгі ұйымдасқан тобы екенін ұқтыру. Олардың қандай басты айырмашылығы болатынын мысалдармен түсіндіру қажет. Қорыта айтқанда, сөз тіркесі жасалу үшін сөздер бір-бірімен әйтеуір байланыспай, өзара сабақтаса байланысады, яғни бірінші сөз екінші сөзге тәуелді, бағынышты болады, сол арқылы олардың арасында грамматикалық қарым-қатынас жасалады. Демек, сөз, сөз тіркесінің және сөйлемнің құрамына белгілі бір тұлғада тұруы арқылы енеді, сөз тіркесі лексикалық толық мағыналы, ең кем дегенде екі сөзден құралады.

Ал сөйлем жеке сөздің белгілі бір тұлғада тұрғанын да, сөз тіркесінің алуан түрлерін де ішіне алып, сөйлемге тән тұлғаға ие болған бір сөз түрінде де, өзара синтаксистік байланысқа түскен сөздер тобы түрінде жарыққа шығады.

Сөз тіркесі, сөйлеммен жұмыс істеу барысында мынадай тапсырмаларды орындату пайдалы: Сөз тіркесімен келген мекеме, ұжым, зауыт, фабрика атауларын таптырып, құрамына талдау жасату, құрылысы жағынан біртектес сөз тіркестерін мәтіннен таптыру, сөз тіркестерінің қай сөз табынан жасалып тұрғанына сұрақ қойғыза отырып талдау жасату, сөз тіркесі мен сөйлемнің айырмасын анықтау жұмыс түрлерін мына

мәтіндерді пайдалана отырып, жүргізуге болады. Мысалы, Жаспарлай қонған жаңа қоныс, өз бойындағы он шаруашылықтың кұрдастары. Олар болса астық арнасын ашты. Ал «астық ағысы – өмір ағысы». Мұндай тапсырмаларды орындауға дағдыланып, жаттыққан оқушылар сөздердің байланысуын жақсы біліп, сөйлем құрастыруға машықтанады. Ол үшін оқулықтарды жіктеу, өздік, жалпылау есімдіктерін, жинақтау сан есімнің тәуелді түрін, етістіктің ашық рай, бұйрық рай: -ын, -ин, -іік тұлғалы қалау рай, шартты рай түрлерінің жіктелуін жақсы меңгеруін қажет етеді

Жеке сөздер арқылы мақал-мәтел, антоним, синоним, сөз тіркестері, идиомалық сөздерді, хат, өмірбаян, рецензия жаздыру, стильдік қатемен жұмыс істеу арқылы сөйлем құратуға бағыт береді.

Жеке сөздермен сөйлем құрастырудың тиімділігі бар. Мысалы, жеке сөздерді бастауыш етіп сөйлем құрату, бастауыштың зат есімнен болуын талап ету арқылы тыныс белгілерін дұрыс қоюға дағдыландыруға болады. Айталық, Абай – реалист ақын. Ол бүгін мектепте баяндама жасады. Биыл елге кіріс мол кірді деген сөйлемдердегі «Абай, ол, кіріс» деген сөздерді беріп, осылай сөйлем құрату пайдалы болмақ.

Тіл дамыту жұмысында мақал-мәтел және сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құратудың да пайдасы зор. Бұл жұмыс түрі арқылы оқушының ойын көрікті айта білуге, мақал-мәтелдердің тіліміздегі көркемдік ерекшелігін, оның тәрбиелік мәнін ұғуға деген дағдыны қалыптастырады.

Оқушы мақал-мәтелдерді кірістіріп сөйлем құрау арқылы еңбекке, білім алуға, өнерге, жақсы әдеттерге үйір болуға, жаман мінездерден безуге, ұқыптылыққа, тазалыққа, достыққа, шындыққа байланысты нақыл сөздерді үйренуге жақын болады. Мысалы, оқулықтардан, дидактикалық материалдардан достық, оқу-білім, өнер, еңбек, елі, жері, Отаны, адамгершілік жөнінде мақал-мәтелдерді таптырып, оның мағынасын қалай түсінетінін айтқызып, шығарма жұмыстарында пайдалануға бағыт береді.

Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Олар сабақта, сыныптан тыс жұмыстарында, белгілі бір

грамматикалық тақырыпты оқытуға оңай оларға сәйкес мақал-мәтелдерді таптырып, сөйлем құратуға болады. Зат есімді оқытуға байланысты «дос», «білім» сөздерін кірістіріп, сөйлем құрату пайдалы. Мысалы, «Адал досты ауыртпалық танытады», «Досы жоқ басым, тұзы жоқ асым», «Білім - бақтың жібермейтін қазығы». Мақал-мәтелдерді шығарма жұмыстарында пайдаланады.

Өмірбаян жаздырып үйрету тіл дамыту жұмысына үлкен септігін тигізеді. Оқушы өз өмірбаянын жазу арқылы туған жері, ата-анасының кім екенін, қай жерде жұмыс істейтінін, ата-аналарының қандай мамандық иелері, өндіріс, ғылым мен туысқандары, аталары, әжелері, аға-інілері жөнінде білетіндері жайында пікірлерін айтады. Оған материал жинау үшін ізденеді, ата-аналарымен әңгімелеседі.

Тіл дамыту жұмысында күнделік жаздырудың да үлкен маңызы бар. Оқушыға пікір жаздыру үшін оқыған кітабының авторы, аты, кейіпкерлері, оқиға не туралы, қай кезде болған, кітаптың тілі, ондағы мақал-мәтелдерді жинастыру, қолданудағы ерекшелік, кітапқа оқушының көзқарасы т.б. мәселелер қамтылады. Пікір жазу арқылы оқушының ой-өрісін дамытады, тілі жаттығады, сөздік қорлары молаяды. Мұндай жұмыс түрлері мазмұндама, шығарма жазуға дайындайды.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтарында жұмыс түрлері ұйымдастырылса, оқушының өз ойын жаза, әрі дұрыс айта, жеткізе білуі сөзсіз.

**12.3. Мазмұндама, шығарма жазу әдістемелері.** Тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде жиі қолданылатын жазу жұмыстарының бірі – мазмұндама. Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылар оқыған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын қайта жаңғыртуға тиіс және естерінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып беруге дағдыланады, сөз тіркесін құру, сөйлем құрау шеберлігіне жаттығады. Мазмұндама жазу арқылы бірқатар сөз тіркестері мен сөйлемдер, бейнелі сөздер оқушының есінде қалады, оқылған мәтінді қайта жаңғырту үшін, сөздер мен сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыруға жаттығады.

Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең басты қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда методистер Бегман Ысқақ және Эльмира Оразбаева мазмұндаманың мынандай түрлерін ұсынады:

1. Дайын мәтін бойынша мазмұндама;
2. Сурет бойынша мазмұндама;
3. Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама дайын мәтін бойынша мазмұндаманың өзін бірнеше түрге бөлуге болады:
  1. Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау;
  2. Мәтіннің мазмұнын сақтап, бірақ баяндалу формасын өзгерту;
  3. Қысқарта баяндау;
  4. Толықтырып мазмұндау.

**Шығарма** – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып, баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушының көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, көркем тілмен әсерлі, жүйелі баяндалуы талап етіледі.

**Оқушы тапсырманы өзі орындауы керек.** Оқушының ойланып, нақты нәтижеге жетуін қадағалау – мұғалімнің басты міндеті. Жазба жұмысынан оқушының ой өрісі, білімі, сауаты көрініп отырады. Ауызша жауапта оқушы білімін толық көрсете алмауы мүмкін, ал жазба жұмыстың ішіндегі ең бір толыққанды, оқушы білімінің нәтижесін толық тексеруге мүмкіндік беретіні шығарма жұмысы.

Шығарма түрлеріне келетін болсақ, олар: еркін шығарма, оқушының іс-әрекетіне байланысты шығарма, өнер саласына байланысты шығарма, сурет, фильм (диафильм), экскурсия бойынша шығарма, оқыған, естіген әңгімелеріне байланысты шығармалар.

Шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптар:

1. Тақырыпты толық аша білу;

2. Артық баяндау, қажетсіз дәлелдемелер мен көпсөзділікке жол бермеу;

3. Шығармада сөз болған жайды оқушының басқаларға түсінікті болатындай орамды тілмен, аз сөзге көп мағына сыйғыза баяндауы;

4. Шығарманың бөлімдерінің негізгі ой арқылы шебер байланысуы;

5. Шығармада жазушының өмірбаянына, жазылу тарихына, тарихи оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты қателіктер жіберілмеуі керек;

6. Оқушының шығармада сын мақалалардан, әдебиеттану еңбектерінен шағын үзінділерді қисынымен қолдануы, оның терең білімін танытады;

7. Барлық айтылған ойды жинақтап, тұжырымдап, тиісті қорытынды жасай білу.

#### **12.4. Диктант түрлері мен оларды жүргізуге қойылатын талаптар.**

Мұғалімнің тексті үйде алдын-ала тағы бір қарап шығуы, әсіресе, сабақ жоспарын жасау кезінде аса қажет деп есептеледі. Сабақ жоспары демекші, диктантқа жоспар жасамайтын мұғалімдер де кездеседі. Жасағандары болса, диктанттың атын, өтетін күнін, айын, сыныпты жазумен ғана шектеледі. Ең алдымен, мәтінді оқу кезеңінде көлденең сөз, сұрақ болмауға тиіс. Жазу кезінде бірлі – жарым қалып қойған оқушы болса, ол мұғалімнің ісі. Ал кейде, оқушылар тарапынан бір қажетті сұрақ бола қалса, жаздырып жатқан кезекті сөйлемді оқушылар түгел жазып біткеннен кейін қойылу керек. Диктант мәтінін жаздыру үстінде, диктант мәтінінен сыртқары кездесуі ықтимал көлденең сөздердің көлемі, мазмұны, шамасы оқушыларға алдын ала белгілі болуға тиіс. Мәтінді жаздыру үстінде мұғалім тарапынан оқушыларға айтылатын ескертпе түріндегі сөздерді жиі пайдалануға болмайды. Ерекше бір күрделі, қиын сөйлемдерді жаздыру ретінде ғана емес, бар ынта, зейіні диктант мәтінін жазуда болып отырғанда, қапелімде мәтін арасына көлденең сөздің кіруі оқушыларды аз да болса, алаңдатады, зейінін бөледі. Екіншіден, өзі жазып үлгіре алмай отырған кейбір балалар жаңағыдай сөздерді (көлденең)

ажырата алмай, мәтінмен бірге жазып қояды. Мәтінді оқуда басты талап – тілдің орфографиялық заңдылығын сақтау болып табылады.

**Үйрету диктанттарының маңызы.** Үйрету диктанттарының тағы бір ерекшелігі – оқушыларды ойлануға, ізденуге, өз ойларын салыстыру әдісі бойынша дәлелдеп айта білуге және өз беттерімен жұмыс істей білуге төселдіреді. Бұл оқушыларды құлшындырып, өз ісіне деген сенімділігін арттырады.

Қысқасы, үйрету диктанттары оқушыларды сауатты жазуға ғана баулып қоймайды, алған білімін сыннан өткізіп, тұрақтандыруға, мәнерлеп оқу машығын қалыптастыруға көп септігін тигізеді.

**Әріп диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар.** Әріп диктантын жаздыру мақсаты – ана тілін жеткілкті білмейтіндер мен басқа ұлт балаларына қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы мен жазылуындағы фонемалық, орфографиялық ерекшеліктерге байланысты олардың бір-бірінен айырмашылықтарын және оларды жаза білуді қаншалықты дәрежеде меңгергендіктерін білу. Өйткені әріп диктанты барлық жазу жұмыстарының іргетасы.

**Буын диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар.** Әріп диктантын жазып, әрбір дыбыс пен әріптің орфоэпиялық, орфографиялық өзгешелігін, үндестігі мен ұқсастығын салыстыру әдісімен саналы түрде түсініп, талдауға төселген оқушылар үшін буын диктантын жазу онша қиындық келтірмейді.

**Сөз диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар.** Сөз диктантының жеңіл болатын себебі – ол оқушылар меңгеріп болған дыбыстар мен буындардан құралады. Мұндағы мақсат – сөздердің бір, екі, үш, төрт, одан да көп буыннан құралып, белгілі бір ұғымды білдіретінін дыбыс (әріп) және буынмен салыстыра отырып түсіндіру. Сөз диктантын жаздырар алдында оқушыға берілген сөздің қандай ұғымды білдіріп, неше буыннан, неше дыбыстан құралғанын, бірінші буындағы дауыстының жуан немесе жіңішке екенін айқындап, ондағы бір дыбыстың әріпке айналғандағы жазылу

емлесін айтып өтеді. Бұл, мысалы, былайша баяндалуға тиіс: көз, құлақ, құлақшын, көзілдірік сөздері бір, екі, үш, төрт буыннан құралған. Көз сөзінде 3, көзілдірік сөзінде 10 дыбыс (әріп) бар. Төрт сөз төрт түрлі мағына білдіріп тұр. Бұл сөздерде қазақ алфавитіне тән *ә, ұ, ғ, ң, һ* әріптері жоқ.

**Сөйлем диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар.** Диктанттың бұл түрі алғашқылардың бәрінен де күрделі. Өйткені бұл бір, екі, үш, төрт, бес, одан да көп сөздерден құралып, аяқталған ойды білдіреді.

Сөйлем диктантын жаздырудағы мақсат – оқушыларға сөйлемнің сыртқы құрылымын таныту және оны құрай білуге машықтандыру. Мұғалім сөйлем диктантын өткізуге кірісер алдында басқаларға түсіндіретін сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен басталып, сөздер бір-бірінен бөлек жазылатынын, мағынасына қарай сөйлем соңына нүкте, леп немесе сұрау белгілерінің бірі қойылатынын, сондай-ақ қазақ тіліне тән дыбыстардың (әріптердің) бар-жоғын айтады. Әріп, буын, сөз және сөйлем диктанттарын жаздыру үшін төмендегідей әдістер пайдаланылады. Қазақ тілі бойынша жүргізілетін диктанттар екі топқа бөлінеді: мәтіні өзгертілмеген диктанттар және мәтіні өзгертілген диктанттар.

**Есту диктанты.** Емле ережелерінің шегін ажырата отырып, оқушылардың есту қабілетін арттыруға байланысты орындалады. Есту диктантының орындалу тәсілі екі түрлі. Бірінші түрі: дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің, әріптер тіркесінің, тасымалдың, сөз құрамының және сөз таптарының жазылу ережесі ауызша түсіндіріледі де, осы мәліметке сай дайындалған мәтінге оқушылар көз жүгіртеді. Сонан соң бұл мәтін мұғалім тарапынан жаздырылады. Екінші түрі: мұғалім белгілі емлеге сай дайындалған мәтінді жаздырады. Жазу үстінде белгілі бір емлелердің астын сызып отыруды жүктейді. Сонан соң диктанттағы емлені оқушылардың өздері түсіндіріп, қатесін өздері түзетеді. Белгілі бір емлені түсіндіруге байланысты алынған диктанттың мәтіні 40-50 сөзге, ал арнайы жүргізілген диктант мәтінінің сөзі 90-210 сөзге дейін болады.

**Көру диктанты.** Емлені айыра отырып, оқушылардың көру қабілетін дамыту мақсатында жүргізіледі. Бұның да

орындалу амалы екі түрлі. Бірінші түрі: емлеге сай дайындалған мәтін оқушыларға түгелдей оқытылады да, оны мұғалім дәптерге жаздырады. Содан кейін оқушылар жазылған диктантты емлеге сай түсіндіреді. Екінші түрі: мұғалім дайындаған мәтінді тақтаға жазады. Емлеге байланысты түсіндіру кезінде тақтадағы орфограммалардың асты сызылады. Сонан соң тақтадағы мәтін өшіріледі де, сол мәтінді мұғалім оқушыларға жаздырады.

Бұл диктант оқушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Көру диктанты үшін әріп, буын, жеке сөздер, сондай-ақ жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбақтар, мақалдар, жаттауға берілген өлеңдерді де алуға болады.

**Өздік диктанты.** Диктанттың бұл түрінің де өткенді қайталап, тіл ұстартуда маңызы зор. Оқушылар өтілген материалдарға байланысты әріптер мен буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдер мен жатталған өлеңдерді, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды естеріне түсіріп, өздігінен ойланып отырып жазады. Мұғалім өздік диктанттың қай күні болатынын, нені қайталап келу керектігін оқушыларға алдынала ескертіп қояды. Сонда оқушылар үйден шала жаттаған өлең, жұмбақты, жаңылтпаштар мен ережелерді пысықтап келетін болады.

**Шығармашылық диктант.** Диктанттың бұл түрі – үйрету диктанттарының ішінде мазмұн, құрылым, стиль, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі, оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерінің көрсеткіші. Сондықтан бұл диктант шолу, қорытындылау, қайталау сабақтарында жиі жүргізілсе, шәкірттер ескерту, бақылау диктанттарына сенімді даярлықпен келеді.

**Сөздік диктанты.** Сөздік диктанты сабақтың кез келген уақытында жазылады. Оған оқушылардың жыл бойы меңгеруге тиісті термин сөздері, омоним, антоним сөздері және жазылуы қиын сөздер алынады. Тексттің көлемі 5-10 сөзден аспауы керек. Сөздік диктантын көру, өздік диктанттары ретінде де,

мұғалімнің ауызша айтуы бойынша да жаздыруға болады. Ол мұғалімнің еркінде.

**Терме диктаны.** Диктанттың бұл түрі кез келген ережеге негізделіп жүргізіледі. Мұғалім диктант мәтінін оқымастан бұрын қандай ережеге көңіл аудару керектігін ескертеді. Оқушылар мәтінді түгел жазбай, мұғалім оқып тұрған мәтіннен әркім өзіне берілген тапсырмаға лайықты сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазады.

**Ескерту диктаны.** Бұл диктант көлемі, орфографиялық емлеге тән сөздік қоры жағынан бақылау диктантына жақын келеді. Басқа диктанттардай тек кеше не бүгін ғана өтілген тақырыптарды емес, осы уақытқа дейінгі барлық материалдарды түгел қамтып, оқушыларды бақылау диктантына тікелей әзірлейді. Сондықтан бұл диктантқа енген мәтіндер бірін-бірі қайталамай, өткен материалдарды тиянақтап, толықтыра түсуге тиіс. Ескерту диктантына мұғалім де, оқушылар да тиянақты, ұқыпты да жауапты қарауы қажет.

**Бақылау диктаны.** Бұл диктант айына бір не әрбір үлкен тақырып, тараудан кейін немесе тоқсанның соңында өткізіледі. Бақылау диктанттары оқушылардың бұрын өтілген материалдарды қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейін анықтау мақсатымен жүргізіледі.

Диктант үшін II сыныпта 18-20 сөзден, III сыныпта 20-30 сөзден құралған қысқа сюжетті мәтін алынады да, көлемі жөнінен де, мазмұны тұрғысынан да біртіндеп күрделеніп отырады. Бақылау диктаны төмендегіше жүргізіледі:

а) үзіліс кезін пайдаланып, мұғалім диктант тақырыбын, мәтін ішінде кездесетін қиын сөздерді тақтаға жазып қояды;

ә) мұғалім диктант мәтінін екі рет дауыстап оқып, жазылуы қиын сөздерді тақтадан қарап алу керектігін ескертеді;

б) егер диктант мәтіні жеке сөздер мен сөз тіркестерінен немесе оған негізделген сөйлемдерден құралған болса, мұндай мәтіндердің әрбір сөзін, сөйлемін мұғалім үш рет оқиды. Оқушылар жазар алдында әрбір сөзді көңіл қоя тыңдап, ұғып алғаннан кейін ғана жазуды ұсынады. Мұғалім оқушылардың түгелдей жазуын қадағалап, ең баяу жазатын оқушы жазып

бітісімен, келесі сөйлемді оқиды. Бірақ ол жаңа сөйлем екені айтылмайды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Тіл дамытудың ауызша және жазбаша түрлері дегенде не түсінесіңдер?
2. Тіл мәдениеті дегеніміз не?
3. Тіл дамытудың мақсаты мен міндеттері қандай?
4. Тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастырудың түрлерін атап көрсетіңдер.
5. Мазмұндаманың міндеті не?
6. Шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптар қандай?
7. Диктанттың қандай түрлері бар?
8. Диктантты жүргізуге қандай талаптар қойылады?

## **13-ТАҚЫРЫП: ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДАН ПАЙДАЛАНУ**

**13.1. Оқу-тәрбие үдерісін инновациялау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.** Қазіргі кезеңде республикамыздың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату. Ол үшін мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрлармен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми-әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды істер.

Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз демекші, бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Демек бұрыннан қалыптасқан бағдарлама мен тәртіп ол үшін ескірген, тозған. Ал қазір ол барлық тұлғасымен жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Сондықтан оған жүйелі жәрдем беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттайтын, қабілет-қасиеттерін дамытатын мектеп шаңырағы қажет.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл

оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

XXI ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау. Бұлардың оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білік сапасын көтеруге тигізетін әсері мол. Жаңа электронды оқулықтардың дүниеге келуімен берілетін білім мазмұны да өзгерері сөзсіз. Болашақта әр оқушы компьютерлік технология арқылы интернет, электронды желі, электронды почта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, осы мәселенің шетелдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туады.

Қазіргі мұғалім: 1. Педагогикалық үдерісте жүйелі жұмыс істей алатын; 2. Педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш; 3. Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын; 4. Оқушымен ортақ тіл табыса алатын; 5. Білімді, шебер, іскер болуы тиіс. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Ал ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру мектептің басты міндеті болып саналады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек.

Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

**13.2. «Инновация» туралы түсінік.** Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» – дейді.

Ендеше «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу», деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды.

«Инновация» деген сөз – латынның «novis» жаңалық және «ip» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Бірақ ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмайды. Инновацияны «Білім беру жүйесіндегі жаңалық енгізу» деп айтсақ, оның мағынасын тарылтқан болар едік. «Инновация» ұғымы ең бірінші ХІХ ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды, яғни бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған. Инновация аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту

дегенді білдіреді дедік. Яғни, С.Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады. Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған. Ал, Арабия, Жапония тәріздес мемлекеттерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттер мен баспа беттерін зерттей келе, Ресейде, шетелдерде, ТМД елдерінде «инновация» ұғымына көптеген анықтамалар берілгенін көреміз.

Н.Нұрахметов «инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жекедара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

«**Инновация**» сөзі – қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданып жүрген термин. Қазір бұл сөз «жаңа, өзгеру, жаңаша» деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да «жаңа, жаңаша өзгерудің» мазмұны терең және анық екендігі белгілі. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады.

Қазіргі кезде технологияда білімді меңгертудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум жүйесі пайдаланылады.

Білім жүйесінің түсініктері.

|             |  |
|-------------|--|
| Рет тәртібі | Оқушы іс-әрекеті   |
| Білу        | Тыңдайды, қабылдайды, есте сақтайды, түсінеді, ойлайды.    |
| Түсіну      | Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.                    |
| Қолдану     | Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, іздейді. |

|         |   |
|---------|---|
| Талдау  | Бұрынғы білім негізін пайдалана отырып, жаңа мәселені шешеді. |
| Топтау  | Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады.          |
| Бағалау | Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.                     |

Көптеген мектептер жаңа оқыту және тәрбиелеу үдерісін енгізе бастады. Алайда, мектептердің жылдам даму қажеттілігі талабы мен педагогтердің оны іске асырудағы білімнің жетіспеушілігі арасында алшақтық байқалады.

Шығармашылық деңгейге жету жолдары оңай емес. Қазіргі технологияда «миға шабуыл», дебат, модем, жоба жасату, қорғату, оқу, жазу арқылы оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастыру жиі қолданылады.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді.

Бүгінгі таңда Ш.Қалановтың, Ж.Қараевтің, Ш.Таубаеваның, Қ.Қабдықайыровтың, С.Лактикованың, М.Жанпейісованың, Ә.Жүніспек пен Қ.Нағымжанованың, С.Көшімбетованың, К.Ж.Бұзаубақованың, Б.Тұрғанбаева мен А.Әлімовтың, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары жан-жақты қарастырылады. Бұл технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, еңбегін шәкірттерінің бағалауы, пәндік білім сапасының жоғары болуы ерекше орын алады.

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала – объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру; - қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

**Модификациялық инновация** – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

**Комбинаторлық модификация** – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

**Радикалдық инновация** – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үдерісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Педагогикалық инновациялар мағынасына, мазмұнына, нәтижесіне қарай екі түрге бөлінеді:

- білім беру жүйесіндегі инновациялар;
- оқу тәрбиелеу жұмысының жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны мен құрылысына жататын инновациялар.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл – өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

Инновациялық технологиялар – ол білім саласындағы қолданатын жаңа ақпараттық технологиялар, ғылым жетістіктеріне негізделген әдістер.

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жаңа инновациялық педагогикалық

технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына өлшемдер арқылы жүзеге асады:

Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үдерістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Бейімділік өлшемдерін болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үдерісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үдерісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді.

Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үдерісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үдерісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үдерісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілігін дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік (авторлық) жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайыбілімболып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет – әрекеттен, операция және қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үдеріс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

Қазақ тілі сабағында жиі қолданылатын технологиялардың бірі ойын технологиясы. Оқушылардың тілдік дағдысын

қалыптастыру барысында грамматикалық ойындар қолданылады. Ойын технологиясы оқушының іскерлік қасиетін қалыптастырады. Әртүрлі грамматикалық тапсырмалар арқылы ойын сюжеті құрылады. Ойын оқушының тез ойлай білу дағдысын қалыптастырады. Ойын шарты алдын-ала белгілі болғанмен, ойын барысындағы күтпеген жағдайларда оқушы тез шешім қабылдай білуге жаттығады.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни әрбір адамға керекті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселелерін шешу маңызды.

Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Мәдени мұраларды меңгеру арқылы оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәдени болмысы қалыптасады. Мәдени мұраларды игеру, әрине тіл мүмкіндіктері арқылы жүзеге асады.

Тіл – ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің, адам мен адамның ара қатынасының негізгі құралы болып табылады. Сондықтан да мектепте қазақ тілін оқыту күрделі мәселе болып табылады.

Қазіргі таңда мұғалімдер іс-тәжірибеде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жақсы нәтижелерге жетіп жүргені аян. Солардың бірі — сын тұрғысынан ойлау.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Осы технологияны мұғалімдер әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықтап қолдануына болады. Олар: «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», т.б.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушының сөздік қорын байыту арқылы тілін дамытуға болады. Қазақ тілін үйрету, білу қазіргі таңда басты мәселе болып отыр. «Тіл дамыту дегеніміз – тілдік норманың жетілу, ширау, даму дәрежесі», – дейді ғалым М.Балақаев. Тіл үйренуде ең басты міндет-оқушылардың сөйлеу тілін дамыту. Тіл дамытудың шарттары:

1.Сөздік қорын дамыту.

2.Сөйлеудің грамматикалық жағын ескере отырып қалыптастыру.

3.Ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

4.Әңгімелеуге үйрету.

Қазақ тілі сабақтарында бұл мәселені шешу жолдарының бірі әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, жаңа технологияларды енгізу. Сабақта оқушылардың тілін диалог, монолог арқылы дамытуға болады. Диалогтық, монологтық сөйлеу барысында туындайтын қиыншылықтар да бар:

Диалогтық сөйлеуде қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын, көзқарасын бірден түсінуі қажет.

• Қабылдаушы бірден аяқ асты жауап беруі тиіс.

• Сөйлеу барысында қабылдаушы тыңдалым мен айтылым әрекетін бір-бірімен сабақтастыра меңгеру керек.

Монологтық сөйлесу барысында қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын, көзқарасын саналы түрде ұғынып, оны логикалық жүйеікпен айтуы керек. Монолог арқылы оқушылардың мынадай іскерліктері қалыптасады:

• *белгілі бір тақырыпқа өз көзқарасын білдіреді*

• *белгілі бір тақырып бойынша ақпарат береді*

• *сөз тіркесі мен сөйлем құрай білу дағдылары қалыптасады*

• *сөйлеу тілін байытады*

• *сөздік қорын байытады*

• *нақты, дәл, анық жауап беруге үйретеді*

• *әдеби тіл нормасында сөйлеуге дағдыландырады [6].*

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр ұстаздың өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. «Инновация» ұғымына түсінік беріп, инновацияның түрлерін сипаттаңдар.

2. Білім берудің инновациялық әдістері мен түрлеріне сипаттама беріңдер.

3. «Инновациялық технологиялар» ұғымына сипаттама беріп, инновациялық технологиялардың өлшемдерін сараландар.

4. Қазақ тілі салаларын оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар мен интерактив әдістерге мысалдар келтіріңдер.

## **14-ТАҚЫРЫП: ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ**

### **14.1.Бағалау жүйесін модернизациялау қажеттілігі.**

Әлемдік сарапшылар білім жүйесін салыстыруға келгенде, алдымен білім саласына салынған инвестиция көлемін, мамандар дайындау мәселесін, оқу орындары арасындағы әріптестік тағы да басқа 20 шақты критерийді негізге алған. Сол бойынша анықталған білім беру жүйесі ең озық тұрған 26 ел бар десек: алғашқы бестікке АҚШ, Швеция, Канада, Финляндия және Дания кіреді.

Білім мазмұнын реформалауда бағалау жүйесіне өзгерістер еңгізу қажеттілігі жатыр: оқушылардың үлгерімі, оқу орындарының қызметі, мұғалімдердің біліктілігі.

XX ғасыр 90 жыл бағалау жүйесін модернизациялау маңызды орынға шықты. Оқыту нәтижелерін бағалауда жаңаша жолдарын іздестіруде әр түрлі елдерде алға қойылуда. Бағалау жүйесін жаңартуда ЕО елдері келесі түсініктер жасақтау үрдісі жүріп жатыр.

Баға үшін бастама болу керек: басқаша оқушылармен салыстырғандағы оқушының жеке-тұлғалық қалыптасуы /салыстырмалы критериалды бағалануы/, бағалардың шынайы қойылуы. Бағалау үдерісінің сапалығын қалай қамтамасыз етуге болады? Осы проблемаларды шешу батыс европалық елдерде оқыту деңгейін, орта білім беру сапасын көтеруде маңызды қадам болады. Оқушылардың үлгерімін бағалау бағалаудың кең таралған түрі. Оқушыларға сабақ барысында сұрақтар қою арқылы жауап алу, әр түрлі жұмыс түріне баға қою. Сыныптағы бағалаудың нормативті және критериалды бағалау. Оқушылардың оқу үлгерімін бағалаудың сыныптан сыныпқа көшіру кезінде қолданылатын бағалау түрі оқушылардың жыл бойы алған білімдерін бекіту мақсатында қолданылады. Шетел зерттеушілерінің айтуынша бағалаудың

бұл түрі оқушылардың дамуының шынайы көрінісін көрсете алады.

Жалпы орта білім беретін мектептерде бағалау түрлері төмендегідей:

Батыс еуропалық елдерде бағалаудың ауызша, жазбаша, тестілеу түрлері көптеп қолданылады. Мысалы Австрияда тұрақты бағалау, емтихандар блогынан тұрады. Оны пән мұғалімі өзі өткізіп, бағалайды. Елдегі білім беру жүйесінің міндетті ережесі болып табылады. Жұмыс барысында оқушылардың білімін бекіту, кеңейту мақсатында 15 минуттық ауызша жауап беру қалыптасқан. Жазбаша емтиханнан оқу жылы ішінде тіл, математика сияқты бастапқы маңыздағы пәндер бойынша 1 сағаттық мерзімде өткізіледі. Жоғары сыныптарда жазбаша жұмыс 2-3 сағатқа созылуы мүмкін. Барлық пәндер бойынша қысқа жазба тестілері 25 минут ішінде өткізіледі. Ол жүйе 1974 жылдан бастап еңгізілген. Бағалау 5 балдық жүйеде қолданылады.

Ұлыбританияда білім беру стандарттарын көтеру және ата-аналарды балаларының жетістіктері туралы мәлімет беру мақсатында білім берудің орталық органдарына жаңаша жолдар іздеу қажеттілігі туды. Осы мақсатта оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың ұлттық жүйесі еңгізілді. 7, 11, 14, 16 жастағы оқушыларға тест өткізу алға қойылды. Ол оқушылардың әр жас аралығында білім деңгейлерін анықтауға көмектесті.

Жүйе ұлттық тестілерден тұрады. Оған 16 жасқа толған оқушылардың орта білім туралы куәлік иелену мақсатында жазбаша және ауызша тапсырмалар жатады.

Бағалау 10 балдық, деңгейлік жүйеге негізделген. 16 жастағы оқушыларды бағалауда А, В, С, D, E, F, G 7 балдық жүйе бойынша бағалау жүзеге асырылады. G деңгейіндегі бағаны алған оқушылар оқуды кәуліксіз аяқтайды. Білім алғандығы туралы анықтама беріледі.

Германияда бағалау жазбаша тапсырмалар және ауызша сұрақтар қою арқылы жүзеге асырылады. Олар тоқсандық мәліметтер ретінде жазбаша, ауызша емтихандардан алған бағаны есепке ала отырып жылдық бағаны шығарады. Бұл

жерде 6 балдық жүйе қолданылады. 6 балл ең төменгі болып есептелсе, 1 балл керісінше ең жоғары нәтиже ретінде қарастырылады. /1- өте жақсы, 2-жақсы, 3- қанағаттанарлық, 4- сәйкесінше /стандартқа сай, 5- нашар, 6- өте нашар/. Норвегиядағы мектептерде оқушылардың білімін бағалау келесідей: Бастауыш мектептерде /1-6 сыныптарда/ оқушыларды формалді бағалау жоқ. Ата-аналар мен мұғалімдер жылына 2-3 рет жиналып оқушылардың білім сапасын талқылайды. Негізгі мектепте (7-9 сыныптар) оқушылар негізгі пәндер бойынша жылына 2 рет бағаланады. Бастауыш мектепте 5 баллдық жүйе бойынша бағаланады. G (өте жақсы), M (өте жақсы), G (жақсы), NG (қанағаттанарлық), LG (төмен) 7.9 сыныпта жазбаша емтихандар 3 пән бойынша норвег, ағылшын тілдері және математикадан өткізіледі. 1994 жылдан бастап заң бойынша осы жүйе енгізілген. Орта мектептерде 7 баллдық жүйе енгізілген 0 ден 6:6-5 (орташадан жоғары), 4-3- (орташа), 2-1-0 (орташадан төмен) пәнді тапсырудың ең төменгі балы – 2. АҚШ-та бағалау әріптік жүйеде жасалған: А – В — С —Д —F.

Сыныптан-сыныпқа көшу үшін оқу үлгерімі С бағасынан төмен болмауы керек. В бағасы мектеп бітірушілер үшін міндетті. Данияда бағалаудың 7 баллдық жүйесі енгізілген. Ол 13 баллдық жүйенің орнына келген. Финляндияда бағалау 0-ден 10 балл аралығы. 4-тен төмен бағалар қойылмайды. 4-қанағаттанарлықсыз, ал 5-10 – қанағаттанарлық деп есептеледі. Кей жағдайда екі бағаның аралық бағасы да қойылады. 9-10 деген бағаны оқушылар қосымша тапсырмалар орындаған жағдайда қойылады.

Мектептегі білімнің ортақ жүйесін құру идеясы 1960 жылдары Швейцарияда пайда болған, ол International Baccalaureate (IB) атауына ие болды. Қазіргі таңда IB бағдарламасымен әлемнің 144 елдеріндегі 3500 мектептерінде оқытылуда, оның дәрежесі аттестатқа теңестірілген және 75 елдің 2000 университеттерінде IB емтиханының нәтижелерін мойындап отыр. Бағдарлама 4 деңгейден тұрады және олар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген. IB бағдарламасы біздің еліміздің білім беру жүйесіне еңгізу қажет деп есептеймін.

Сонымен Австрия мен Ұлыбританиядағы оқушылардың қорытынды білімдерін тексеру емтихандарын салыстырар болсақ, Австрия тәжірибесі тиімді деп есептеймін. Себебі оқушылардың әр сынып, әр пән бойынша алған білімдерін қорытындылау білім сапасын арттыруда нәтижелі болады, оқушылардың білімін тексеруге, өз бағасын түзетуге арналған ауызша сұрауға уақыттың бөлінуі білім сапасын арттыруда тиімді.

2012 жылдан бастап Кембридж Университетімен бірігіп енгізілген Деңгейлік курс бағдарламасы негізінде I, II, III деңгейлік курстары Педагогикалық шеберлік орталықтарында мұғалімдерді жаңа форматтағы біліммен қаруландырып келеді. Деңгейлік бағдарлама 7 модульді қамтиды. Солардың ішінде оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау маңызды орынға ие. **Бағалау** – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. **Формативтік (қалыптастырушы) және жиынтық** мақсат арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгіленген, бірақ, берілген екі терминнің мәні нақты анықталмаған. Іс жүзінде бұдан анығырақ айырмашылық жіктеу және есеп беру үшін өткізілетін **оқуды** бағалау және нақты мақсаты оқушылардың оқуына ықпал етуге арналған оқытудың бөлігі ретінде бағалауды қолдану болып табылатын **оқыту үшін** бағалау арасында жүргізіледі. Егер бағалау мақсаты баға қою, сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша бағалау **жиынтық** болып табылады және кейде оны **оқуды бағалау** деп атайды.

**14.2. Бағалаудың қызметі. Бағалаудың мақсаты неде?** Әдетте **бағалау мақсаты** әр мұғалімнің бағалауды (тестілеуді) қандай мақсатта және кім үшін (сыныпта тестілеу жүргізу сияқты), қалай өткізуі керек екендігі туралы түсінігіне негізделеді. Бағалаудың басты мақсаттары төменде қысқаша айтылған.

**1. Оқытудың қиындықтарын анықтау.** Орта мектептерде мысалы, сауаттылық және математика саласындағы

проблемаларды анықтау үшін тестілер өткізілуі мүмкін; одан кейін өзіндік түзету және тестілеу жұмыстарын қайталап өткізуге болады.

**2. Жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс** (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін). Мұндай кері байланыс «әсердің» бейресми бағалануынан бастап ресми жазбаша тестілерге дейін түрленуі мүмкін, бірақ негізгі мақсат оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму, мысалы, білім, түсіну және дағды туралы хабарлама беру болып табылады.

**3. Үәж.** Кері байланыс көбінесе үәж болып табылады. Ынталандыру ретінде тестінің немесе емтиханның өткізілуі әдетте кейбір оқушылар мен мұғалімдердің ойларын жинақтап, әрекет етуге итермелейді. Мұндай сыртқы ынталандыру оқыту үшін мадақтауға негіз болуы мүмкін, бірақ мұқият бақылау жүргізілмесе, мәжбүрлеу құралына айналуы да ықтимал.

**4. Болжау және сұрыптау.** Оқушының білімі және дағдыларын бағалау арқылы мұғалімдер олардың болашақтағы мінез-құлқы мен дамуын болжайды. Мемлекеттік емтихандық жүйенің нәтижелері, көбінесе сұрыптау мақсатында, атап айтқанда бұдан арғы (жоғары) оқыту немесе жұмысқа орналасуға мүмкіндік үшін қолданылады. Мектеп шеңберінде әдетте оқушылар топтар мен сыныптарға бөлінгенге дейінгі бағалаудың белгілі нысаны болады.

**5. Стандарттарды бақылау және орындау.** Бағалау нәтижесінде біліктілік дәрежесін, ал мемлекеттік емтихан нәтижелері бойынша – жоғары білім алу мүмкін болады, мысалы, «біліктілігі» бар тұлғаларда олардың тиісті стандарттарға сәйкес екендігіне негізделген кепілдіктер болуы қажет. PISA (Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық бағдарлама) сияқты халықаралық тест бойынша алынған мәліметтер талдауы халықаралық стандарттарға сәйкестікке бағытталған, одан басқа стандарттың микро және макро деңгейдегі стандарттарына сәйкестігін бақылау үшін ұлттық және жергілікті тестілер қолданылады.

**6. Оқыту бағдарламасының мазмұнын және оқыту стилін бақылау.** Көптеген мұғалімдер үшін бұл бақылау

бағалаудың негізгі мақсатына тікелей қатысы жоқ екінші кезекті болып табылады. Алайда, техникалық тәсілдер мен бағалау және емтиханның жиілігі білім беру бағдарламасының мазмұны мен оның қалай оқытылатындығына едәуір ықпал ететіні еш күмән туғызбайды.

**Оқыту үшін бағалаудың маңыздылығы.** Кез келген мұғалім *Оқыту үшін Бағалау* (ОҮБ) неліктен оқытуды және оқуды жетілдіру проблемаларын шешудің маңызды мәселесіне айналып отыр деген сұрақ қоюы мүмкін, онысы орынды да. Өздерінің бұрынғы тәжірибесі бойынша көптеген мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары бағалауды оқыту және оқудан кейін болатын нәрсе ретінде қарастырады. Бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болуы мүмкін деген ой *біздің түсінігіміздегі едәуір өзгерісті* талап етеді және Оқыту үшін Бағалау ұғымы дегеніміз де осы болып табылады.

Деңгейлік бағдарламаны меңгерген мұғалімдер сабақтарда бағалаудың формативті, суммативті түрлерін қолданады. Деңгейлік курс мұғалімдерінің сабақтарына қатысып әріптестер жаңаша әдіс-тәсілдерді меңгеруде. Осы орайда педагог кадрларды даярлау және біліктілігін жетілдіру курстарының жүргізілуі мұғалімдерімізді өзгертсе, ал олардың оқушылардың және әріптестерінің көзқарастарын өзгертуі біз үшін қуанышты жайт.

Қазіргі мұғалім – педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын; педагогикалық өзгерістерге тез төселетін; жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын; оқушылармен ортақ тіл табыса алатын; білімді, іскер, шебер болу керек. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту.

Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі оқушы – дүниетаным қабілеті жоғары; дарынды өнерпаз; іздемпаз, талапты; өз алдына мақсат қоя білу керек.

Осы біліктілікті арттыру курсына оқып-үйренгендердің ішінен, мені қатты толғандырған – оқуды бағалау және оқыту үшін бағалау болды. 5 балдық бағалау жүйесінің біздің

мектебімізде де нақты бағалауды көрсетпейтіндігінде. Ол мәселені шешуде деңгейлік бағдарламаның көмегі көп болып отыр. Бағалаудың формативті, суммативті бағыттарын толық білмейтіндігімізге көзім жетті. Біздер сабақ үдерісінде оқушыларды ынталандыру мақсатындағы формативті бағалау түрлерін тиімді пайдаланбағанымызды, кейбір элементтерін қолданғанымен, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында үнемі қолдануды жөн көрмегенімізді, оқушылардың өздерін және өзара бағалауына да көңіл бөлмегенімізді түсініп отырмын. Өз бағасына көңілі толмаған оқушының сол бағаны нақты қандай критерий бойынша қойғанымызды да айта алмай жатамыз. Осы орайда критериалды бағалау жүесінің маңыздылығын түсінеміз. Сабақта критериалды бағалауды енгізу арқылы оқушылардың өздерінің білім деңгейлерін нақты анықтай білуге, өз бетінше ізденіп, жұмыстануда неге бағыт алу қажеттілігін түсінеді.

Бұл деңгейлік бағадарлама бізге нені берді? деген сұраққа жауап берер болсам. Бағалау үдерісіне енгізілген өзгерістер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, өздеріне деген сенімділігін арттырды, тұйық оқушылардың өз ойын ортаға салып ашылуына, өз-өздеріне және сыныптастарына шынайы баға беруге, критерийлер белгілей отырып өздерінің даму деңгейлерін анықтап әрі қарай дамуына мүмкіндік беріп отыр. Оқушылардың бағалауға деген көзқарасы өзгерді. Сонымен бірге бағдарламаның тәрбиелік мәні де бар: оқушылар бірлесіп еңбектенуге, бір-бірін сыйлауға, пікірілерімен санасуға дағдыланып келеді. Бағалау үдерісі мектептің дамуына да өзіндік ықпалын тиігізген болатын.

**14.3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы туралы түсінік.** Елімізде оқушылардың **функционалдық сауаттылығын** арттыруға зор мүмкіндіктер бар. **Функционалдық сауаттылық** – бұл, білім мен адамның көпжоспарлы іс-әрекеті арасындағы біріккен, жеке тұлғалық қалыптасуының көрсеткіші. Өсіп келе жатқан ұрпақтарының ой-өрісін дамыту мақсатын алға қойған Өзбекстан дамыған елдердің қатарына қосылмақ. Осы тұста, оқушылардың білім сапасына ауқымды бағалау мен талдау жүргізетін халықаралық

салыстырмалы зерттеулерге қатысу нәтижелерін негізге ала отырып қарастырайық.

Еліміздің халықаралық зерттеулерге қатысуы не береді?

- Білім берудің бақылау-бағалау жүйесін реформалауға;
- Өзбекстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігімен бірігуіне;
- Білім беру мазмұнын жаңартуға, білім беру сапасын бақылаудың қазақстандық жүйесін құруға;
- Ұлттық кадрлардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу кезінде сонымен қатар бағдарламаға қатысатын елдердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін факторлар қарастырылады. Бұл жиынтық сұрақтар арқылы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудан бастап, отбасында баланың дамуына қажетті жағдай жасауға кешенді баға беру болып табылады.

Білім саласында өзінің ерекшеліктерімен әлемдік деңгейде мойындалған бірнеше халықаралық жобалар бар. Соның ішінде, білім жүйесінің танымал сарапшылардың баға беруі бойынша объективті елдерден тәуелсіз бағалау жүргізетін TIMSS, PISA халықаралық зерттеулері өткізілуде. Соңғы жылдарда Өзбекстандық және Қазақстандық оқушылардың білім жетістігін бағалау рейтингіне қатысу жұмыстары да жолға қойылды.

Мәселен, Қазақстан алғаш рет 2007 жылы 4-сынып оқушыларының халықаралық салыстырмалы мағлұмат алу мақсатында математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) зерттеуіне қатысты. Бұдан әрі TIMSS-2011 және TIMSS-2015 кезеңдеріне қатысты. 2007 жылы TIMSS зерттеуіне қатысушы 36 мемлекет ішінде жоғары және халықаралық орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары деп бағаланды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі «Өзбекстан Республикасының Халыққа білім беру жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, 2030 жылға дейін халықаралық бағалау бағдарламаларына үздіксіз қатысу және әлемнің

алдыңғы қатарлы елдерінің қатарына жету мақсаттары белгіленген.

Еліміздің бұл зерттеулерге қатысуы Дүниежүзілік банктің «Ерте жастағы балалардың дамуын жақсарту» жобасымен қаржылық және техникалық жағынан қолдау тапты.

2018 жылдың 11 желтоқсанында үкімет атынан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) Өзбекстанда PISA-2022 зерттеуін өткізу туралы келісімге қол қойылды, ал 5 жылға жуық жұмыстар, шаралар мен зерттеулерден кейін 2023 жылдың 5 желтоқсанда бұл зерттеу жаһандық деңгейде нәтижелері жарияланды.

Математика, жаратылыстану және оқу сауаттылығы бойынша білім дәрежесі жалпы 6 деңгейде өлшенді.

**Математикалық сауаттылық бойынша:**

Оқушылардың 14,4 пайызы – 2 деңгей

Оқушылардың 4,2 пайызы – 3 деңгей

Оқушылардың 0,7 пайызы – 4 деңгей

**Оқу сауаттылығы бойынша:**

Оқушылардың 12,2 пайызы – 2 деңгей

Оқушылардың 1,8 пайызы – 3 деңгей

Оқушылардың 0,1 пайызы – 4 деңгей

**Табиғи-ғылыми сауаттылық бойынша:**

Оқушылардың 16,5 пайызы – 2 деңгей

Оқушылардың 2,2 пайызы – 3 деңгей

Оқушылардың 0,1 пайызы – 4 деңгей

Өзбекстан PISA халықаралық зерттеуіне алғаш рет қатысты. PISA-2022 бағдарламасы 2000 жылы құрылғаннан бері 81 мемлекет қатысқан халықаралық бағалаудың сегізінші кезеңі болып табылады. Осы қатысушылардың барлығы, соның ішінде Өзбекстан да COVID-19 пандемиясына байланысты PISA-2022 жобасы кезінде көптеген қиындықтарға тап болды.

Тәуелсіз өмірге қадам басқан 15 жастағы жасөспірімдердің сауаттылығын, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, мектепте алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілетін, бір сөзбен айтқанда, олардың дербес өмірге дайындығын өлшеу құралы ретінде PISA халықаралық бағалау бағдарламасы әлемде жетекші орын алады.

PISA зерттеуіне еліміздің барлық өңірлерінен кездейсоқ таңдалған 202 білім беру ұйымдарындағы – жалпы білім беретін мектептердегі, академиялық лицейлердегі, кәсіптік лицейлердегі 15 жастағы 7363 оқушының қатысуы қамтамасыз етілді.

Зерттеу материалдары Өзбекстанда құрылған PISA үшін жауапты топпен өзбек, орыс және қарақалпақ тілдеріне аударылды және Бельгиядағы CAPSTAN ірі халықаралық лингвистикалық орталығы халықаралық тексеруден өтті.

**14.4. Халықаралық зерттеулердің оқушылардың сауаттылығын дамытудағы рөлі.** Бұл зерттеугелерге қатысу тәжірибесі білім беру сапасының көрсеткіштерін жақсарту стратегияларын жасау үшін нақты ұсыныстар алуына септігін тигізді. Қазіргі таңда ғылым мен білім тұрақты жаңаруда, техника мен технологиялардың жылдам даму қарқыны байқалып келеді. Болып жатқан өзгерістерге дайын болу үшін, ең алдымен білім беру жүйесіне ықпал ететін факторларға тоқталып кетуіміз керек. Оқушылар бойында көшбасшылық, бастамашылық және кәсіпкерлік дағды, икемділік, кез-келген туындаған мәселені шеше білуге, ұжымдық жұмыс ұйымдастыра білуге, өз ойын ауызша да, жазбаша да сауатты және анық білдіру қасиеттеріне баулуымыз керек.

Елімізде білім беру жүйесін жаңарту бағытында көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Әлемдегі тәжірибені қолдануға бағыт алып, өзбекстандық білім беру жүйесі жаңа мазмұнға бет алды. Осы оқу жылынан бастап еліміздің жалпы орта білім беретін мектебінде «Білім берудің Ұлттық бағдарламасы» мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ресми сынаудан өткізіледі. Бұл бізге не береді? Мысалы, қолданыстағы білім мазмұны «мектепте нені үйретеді?» деген сұрақ аясында болып, оқушының теориялық біліміне, яғни, бала біледі және түсінеді дегенге бағытталған болса, ал жаңартылған білім мазмұны «мектепте не үшін оқу керек?» деген сұраққа жауап беретін болады. Бұл білім мазмұны күтілетін нәтижеге және оқушының бойындағы түрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Білім мазмұнын жаңарту аясында жаңа пәндер де енгізіліп отыр. Бастауыш мектепте «Ана тілі және оқу сауаттылығы»,

«Табиғи пән» атты жаңа пәндермен қоса «Ағылшын тілі» (Cambridge University Press баспасы тарапынан дайындалған) пәнінің мазмұны жаңартылды.

Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі педагогтің жеке тұлға ретіндегі бейнесі, оның кәсіби біліктілігі айрықша. Педагог білім беру үрдісін жаңартудағы басты тұлға болып табылады. Сапалы білімге алып келетін оқыту қандай болу керек? Оқушылардың зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін аша білетін педагог қандай болуы тиіс? Бүгінгі күні бұл сұрақтар тек қана мұғалімдерді ғана емес, сонымен қатар білім жүйесінің қызметкерлерін де мазалайды. Мұғалімдердің көп бөлігі сабақта ақпаратты тасымалдаушы рөлін атқарып келеді. Қазірде сабақты ұйымдастырудың схемасы – мұғалімнің жаңа материалды тек қана түсіндіруі, оқушы үшін жеткіліксіз және тиімсіз. Себебі, оқушының оқу процесіне белсенді қатыспайтынын қалыптастырмайды (пассивті тыңдаушы).

Сондықтан, қазіргі таңда – оқушының рухтандыру қабілетін және оқуға ынтасын арттыру өте маңызды. Осындай технологияларды пайдалану үшін әр бір педагог өз кәсіби деңгейін арттыру керек. Осы тұрғыда біліктілікті арттыру жүйесі бастау алды. Білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында және әлемдік тенденцияға сәйкес көпвекторлы бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдар, біліктілікті арттырудың цифрлық білім беру ресурстары дайындалған.

Педагогтарға функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған оқу-әдістемелік құралдардың кейбіреуін атап өтсек. «PISA халықаралық зерттеуі», «TIMSS халықаралық зерттеуі» және «PIRLS бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау» - әдістемелік құралдарында – математика мен жаратылыстану және оқу сауаттылығы туралы маңызды мәліметтер берілген. Осы әдістемелік құралдарында құпиялылық режимінен шығарылған тест тапсырмасының үлгілері мен сауалнама сұрақтары қолданылған. PIRLS әдістемелік құралы 2016 жылғы халықаралық зерттеуіне нәтижелі дайындық жүргізу мақсатында кең көлемді педагог қауымына арналған.

Аталған оқу құралдары оқушылар және мұғалімдерге, жоғары оқу орындарындағы студенттеріне, білім беру басқармасының бөлім өкілдеріне және білім беру сапасын бағалау сұрақтарымен айналысатын мамандарға арналған.

Функционалдық сауаттылықтың тағы бір тетігі – ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Білім алушылардың табысына тигізетін ықпалын бағалау үшін PISA Консорциумы халықаралық емтиханға қатысушылардан отбасының мәдени мәртебесі туралы сұраған. Бұл білім алушылардың жеке бөлмесі мен сабақ оқитын жеке үстелі болуы, білім алуға қажетті компьютердік жасақтамалардың (электрондық оқулықтар) болуы, ғаламторға қолжетімдік, классикалық әдебиет пен энциклопедиялық сөздіктердің, өнер туындыларының (суреттер) болуы туралы сұрақтар.

Халықаралық сарапшылардың талдауы бойынша дамыған елдердің зерттеуге қатысушылардың 90% үйде сабаққа дайындалу үшін қажетті жағдайлары бар екендігін атап отыр. Шанхай, Сингапур, Корея көшбасшы елдерде үй кітапханасындағы орташа кітап саны 150-ден 244-ке дейін барады. Зерттеуге қатысқан қазақстандық білім алушылардың үйдегі кітапханасындағы орташа кітап саны 156 бірлікті құрайды. Сонымен бірге, сауалнама мәліметтері бойынша зерттеуге қатысушылардың тек қана 55% ғаламторға қолжетімді.

Ғаламторға қосылған компьютердің болуы мектепте ғана емес, сонымен қатар үйде де, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы маңызды шарттардың бірі болып табылады (қажетті ақпаратты ала білу мен ұсынылған материалдың мазмұнын түсіну қабілеті). Яғни, ғаламторды тек ақпараттық қажеттіліктер негізінде пайдалану қажет. Баланың денсаулығына, психикасына және тәрбиесіне әсер ететін сайттарға шектеу қою керек. Жас ұрпақтың санасын улап жатқан сайттарға шектеу қоятын арнайы қызметтер бар. Мәселен, «Ата-ана бақылауы» қызметі - жағымсыз контенттер ықпалын мейілінше шектеуге және балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған. Қызметтің негізгі міндеттерінің бірі – қажетті web-сайттар тізбесін әзірлеу болып

табылады. Аталған қызмет баланың жас ерекшелігіне қарай қауіпті контенттерге қатынау құқығын шектеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, баланың ой-өрісін кеңейтіп, білім алуына жол ашатын зияткерлік сайттарда жетіп жатыр. Мысалы, қазіргі таңда оқушылар білімнің 90 пайызын ғаламтордан алады деуге болады. Бұл – жылдам, әрі жаңа білім көзі. Сондықтан, тек оны жөнімен пайдалану мәдениетін жетілдіру керек.

XXI ғасыр – қатаң бәсеке дәуірі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі бағыттары білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту және педагогикалық кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру, оқушының өміріндегі отбасының рөлін ескеруді қамтиды.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Бағалау үдерісінің сапалығын қалай қамтамасыз етуге болады?
2. Бағалаудың мақсаты неде?
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы деген не?
4. Халықаралық зерттеулердің қандай түрлері бар?
5. Халықаралық зерттеулердің оқушылардың сауаттылығын дамытудағы рөлі қандай?

## **2-МОДУЛЬ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР**

### **СӨЖ тапсырмалары**

- ✓ Мектепте фонетиканы оқытуға арналған сабақ жоспары мен көрнекіліктерін жасау.
- ✓ Лексика саласын оқыту бойынша бір үлгілі сабақ жоспарын жасап, көрнекіліктерін дайындау.
- ✓ Морфология саласына тиісті тақырыптар негізінде үлгілі сабақ жоспары мен көрнекіліктер дайындау.
- ✓ Синтаксис саласына тиісті тақырыптар негізінде үлгілі сабақ жоспары мен көрнекіліктер дайындау.
- ✓ Орфография мен пунктуация тақырыбын меңгерту бойынша презентация дайындау.
- ✓ Әр сыныпқа арналған мазмұндама мен шығарма тақырыптары мен көлемі бойынша презентациялық мәлімет дайындау.

- ✓ Диктант түрлері мен қатемен жұмыс бойынша сабақ жоспарына үлгі жасау.
- ✓ Қазақ тілі сабақтарында инновациялық технологиялар тақырыбына реферат жазу.
- ✓ Халықаралық бағалау жүйесінің қызметі мен міндеттері туралы презентация дайындау.
- ✓ PISA халықаралық бағдарлама талабы негізінде тест үлгісін жасау.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Қазақ тілінің фонетикасын оқыту бойынша зерттеу еңбектерін жазды?
  - А) С. Рахметов
  - Б) Ә. Исабаев**
  - С) Б. Кәтенбаева
  - Д) Х. Арғынов
2. Мамандардың толық қатысымен өткен қалып?
  - А) жабық сабақ
  - Б) қайталау сабағы
  - С) ашық сабақ**
  - Д) дәстүрлі сабақ
3. Сабақтың құрылымдық элементтерінің бірі
  - А) Диктант.
  - Б) Бақылау
  - С) Мәтінмен жұмыс
  - Д) Жаңа материалды түсіндіру**
4. Теориялық білім меңгерту сабағының түрлері.
  - А) Жаңа сабақ.**
  - Б) Жарыс сабақ.
  - С) Семинар сабақ.
  - Д) Дебат сабақ.
5. Интерпретация сөзінің мәні.
  - А) зерттеу деген сөз
  - Б) ілім деген сөз
  - С) талқы деген сөз**
  - Д) мазмұн деген сөз
6. Теориялық әдістерге нелер жатады?
  - А) хабарлау, түсіндіру, тәжірибе, әңгіме**
  - Б) практикум қалпы, конкурс қалпы, семинар қалпы
  - С) қорытынды қайталау, мерзімді қайталау, күнделікті қалпы
  - Д) семинар қалпы, тексеру қалпы
7. Дайын материалды талдау, сөйлем құрату әдісі, шағын шығарма жаздыру әдісі, мәнерлі оқу т.б. әдістер қайсы әдістер тобына жатады?
  - А) Көрнекі
  - Б) теориялық
  - С) практикалық**

Д) хабарлы

8. Әңгіме әдісі дегеніміз не?

А) жеке білім беру құралдары

Б) методикалық ой-пікірлердің даму, қалыптасу эволюциясы

С) тілдік салалардың кешенді оқыту методикасын

қарастырады

**Д) Сұрақ-жауап арқылы жүргізілетін білім беру құралы**

9. Талдауда методикалық әдебиеттерде не деп аталады?

**А) анализ**

Б) әдіс

С) тәсіл

Д) метод

10. Оқыту қалыптары нешеге бөлінеді?

А) 5

Б) 8

**С) 3**

Д) 4

11. Жаңа материалды түсіндіру үшін қанша уақыт кетеді?

А) 2-3 минут

**Б) 17-20 минут**

С) 10-13 минут

Д) 7-10 минут

12. 6-сынып оқушыларына бір жылда неше диктант, неше

мазмұндама жазылады.

А) 8 диктант, 4 мазмұндама

Б) 5 диктант, 2 мазмұндама

**С) 6 диктант, 3 мазмұндама**

Д) 3 диктант, 4 мазмұндама

13. Шығарма жаздыру әдісі дегенде нені түсінесің?

**А) Тілдік фактілерді кірістіре отырып, бір түрлі мазмұндағы мәтін жасау.**

Б) Тілдік фактілерді ажыраттырып, мәтінге жуық ауызша немесе жазбаша айтып беру.

С) Жаттығудағы орындалу шарттарының ауысып отырылу түрі шығарма жаздыру әдісі деп атайды

Д) Сөз тізбектері мен сөйлемнің ішкі құрамын ыдырату біріктіру шығарма жаздыру әдісі деп аталады.

14. Морфологиялық талдау әдісі өзінің ішкі мазмұнына қарай қалай жіктеледі?

- А) лексика, грамматика бойынша талданады
- Б) зат есім, сын есім бойынша талдау
- С) синтаксис, грамматика бойынша талдау
- Д) **сөз тұлғалары бойынша, сөз таптары бойынша талдау**

15. Практикум қалпы деген не?

- А) Сөздің ішкі құрамын өзгерту
- Б) **жаттығулар жиынтығы қалпы**
- С) Сөз бөлшектерінің ыдырату-біріктіру
- Д) зат есімдерге байланысты сөздерді сын есіммен алмастыру

16. Сынау қалыптарының құрылымы қайсы

- А) **тексеру, талқылау, сынақ, рейтинг тест қалпы**
- Б) қайталау, семинар, сынақ, тексеру қалпы
- С) конкурс, практикум, бекіту, жаңа қалып
- Д) бекіту, зерттеу, лекция қалпы

17. Шолу лекциясы 10-11 сыныптарда неше минут арасында алып барылады?

- А) 25-30
- Б) **35-40**
- С) 40-45
- Д) 20-25

18. Лекция қалпы көлемі, мақсатына қарай нешеге бөлінеді?

- А) 4
- Б) 5
- С) 2
- Д) **3**

19. Қалып дегенде нені түсінесің?

- А) **Білім беру ісін ұйымдастырудың сыртқы әрекеті**
- Б) Мамандардың толық қатысымен өткенді
- С) Мұғалімнің өзі қатысқанды
- Д) Белгілі бір жоспарды меңгеру

20. Білім көлемі деген не?

- А) Тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің өтілу тәртібі
- Б) Дыбысталу мүшелерінің қозғалысқа түсуін
- С) **Әрбір сыныптың шама шарқына қарай екшеленіп алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығы**

- Д) Тілдің дыбыстық жағын меңгеру
21. Түсіндірмелі талдауды тап.
- А) орфография, пунктуация, орфоэпия, стилистикалық
- Б) лексика, фонетика, морфология, синтаксис талдаулар**
- С) фонетика, морфология, пунктуация
- Д) морфология, синтаксис талдаулар
22. Дедукция сөзінің мағынасы және қайсы тілден алынған?
- А) грек тілінен алынған болып жаңалық деген мағынаны білдіреді.
- Б) орыс тілінен алынған жалпы деген мағананы білдіреді.
- С) латын тілінен алынған болып барша деген мағананы білдіреді.
- Д) латын тілінен алынған болып жалпылық деген мағананы білдіреді.**
23. Қазақ тілі бойынша талдау мазмұнына қарай қалай жіктеледі.
- А) түсіндірмелі талдаулар, анықтағыштық талдаулар**
- Б) Фонетикалық, морфологиялық
- С) Синтаксистік, лексикалық
- Д) Анықтағыш, морфологиялық
24. Анықтағыштық талдауларды тап
- А) стилистикалық, лексикалық, синтаксистік
- Б) орфографиялық, пунктуация, орфоэпия, стилистика**
- С) орфографиялық, синтаксистік, фонетикалық
- Д) лексикалық, синтаксистік
25. Әдіс сөзінің баламасы?
- А) Метод**
- Б) Анализ
- С) Синтез
- Д) Методика
26. Методикалық технология дегенде нені түсінесің?
- А) Бұл шеберлік өнері
- Б) Білім мен тәрбие берудің шеберлік өнері дегенді білдіреді**
- С) Мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім беру
- Д) Оқушыларға практикалық дағды беру
27. Оқыту құралдары қалай бөлінеді?
- А) Негізгі және көмекші**

- Б) Техникалық құрал, визуал құралдар
- С) Дидактикалық материалдар
- Д) Үлестірмелі карточкалар

28. Оқушылардың қазақ тілінен алған білімі мен дағдысын бір жүйеге түсіру мақсатында алып барылатын жұмыс қай қалып түріне тиісті?

- А) Түсіндіру
- Б) Пысықтау
- С) Сынау**
- Д) Тексеру

29. Қайталау сабақтарын топтастыр

- А) семинар, лекция, бекіту, жаңа сабақ
- Б) тексеру, зерттеу, семинар, кітаптан пайдалану
- С) бастапқы, зерттеу, бекіту, мерзімді
- Д) бастапқы, күнделікті, мерзімді, қорытынды.**

30. Диктант жаздырудың уақыт мөлшері.

- А) 40-45 минут
- Б) 30-35 минут**
- С) 35-40 минут
- Д) 20-25 минут

31. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауатты жазудағы қолы мен көзін жаттықтыратын жұмыстың бірі-

- А) талдау әдісі
- Б) шығарма жаздыру әдісі
- С) түсіндіру әдісі
- Д) көшіріп жазу әдісі**

32. Қазақ тілі бойынша жүргізілетін диктанттар екі топқа қалай бөлінеді?

- А) бақылау, көшіріп жазу
- Б) мәтін өзгертілген, мәтіні өзгертілмеген**
- С) қорытынды бағалау
- Д) талдау, тыңдау

33. Бұл диктант емлені айыра отырып, көру қабілетін даму мақсатында жүргізіледі. Бұл қай диктант?

- А) бақылау
- Б) есіту
- С) көру**
- Д) Көшіріп жазу

34. VIII сынып үшін неше сөз диктант жаздыру керек?
- А) 80-100
  - Б) 68-90
  - С) 210-240
  - Д) 140-160**
35. Диктант жаздыру әдісінде қандай қателіктерді тексереді?
- А) Көлеміне қарайды
  - Б) мазмұнына қарайды
  - С) орфографиялық және тыныс белгілеріне қарайды**
  - Д) көркем жазуына қарайды
36. Дидактикалық ұстанымды көрсетіңіз
- А) жүйелілік**
  - Б) таным теориясы
  - С) сөзжасам
  - Д) эвристика
37. Көрнекіліктің түрлері
- А) бағдарлама
  - Б) дидактикалық материал
  - С) көру көрнекілігі**
  - Д) диктант
38. Оқу жоспары
- А) мемлекеттік нормалар деп танылған және қоғам сұраныстары мен тұлға қажеттігі мен мүмкіндіктеріне сай білім деңгейін анықтайтын негізгі көрсеткіштер жүйесі
  - Б) оқу пәніне байланысты білім, білік, іскерлік, дағдылардың мазмұнын ашатын нормативтік құжат
  - С) оқу бағдарламасына сай оқу пәнінің мазмұнын жүйелі түрде баяндайтын кітап.
  - Д) оқу жылының, тоқсандардың, демалыс күндерінің мерзімін, оқытылуға тиісті оқу пәндерінің тізімін, әрбір пәнге бүкіл оқу мерзімінде және апта сайын әр пәнге бөлінетін сағаттардың мөлшерін анықтайтын нормативтік құжат**
39. Оқыту процесі
- А) адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі
  - Б) оқытудың негізгі мазмұнын, ұйымдастыру тәсілдерін, әдістерін мақсатына, заңдылықтарына сай орындайтын қағидалар жүйесі

**С) білім беру, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушы арасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс-әрекет**

Д) мазмұны, уақыты, ұйымдастырылуына қарай аяқталған оқыту үрдісінің бөлігі

40. Дидактикалық принциптер

А) қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетте машықтану

**Б) оқытудың негізгі мазмұнын, ұйымдастыру тәсілдерін, әдістерін мақсатына, заңдылықтарына сай орындайтын қағидалар жүйесі**

С) мазмұны, уақыты, ұйымдастырылуына қарай аяқталған оқыту үрдісінің бөлігі

Д) адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі

41. Дидактикалық принциптерге жатпайды

А) жүйелілік және бірізділік

**Б) үздіксіздік**

С) белсенділік және саналылық

Д) ғылымилық

42. Білім беру мазмұнын құрайтын компоненттер

**А) білім, іскерлік, дамыту**

Б) дамыту, іскерлік, дағды

С) шығармашылық, эмоционалды-жігерлілік қатынас тәжірибесі

Д) тәрбие, дамыту, дағды, білім

43. Білім беру мазмұнын анықтайтын негізгі құжаттар

А) күнтізбелік жоспар, оқу жоспары, оқу бағдарламасы, оқулық

**Б) Білім беру туралы Заң, мемлекеттік білім беру стандарты, оқу жоспары, оқу бағдарламасы, оқулық**

С) мемлекеттік білім беру стандарты, оқу жоспары, оқу бағдарламасы

Д) Тіл туралы Заң, мемлекеттік білім беру стандарты, типтік бағдарлама

44. Қазақ тілін оқытуда ғылыми жаңалықтарға негізделген әдіс?

**А) Эксперимент**

- Б) Бақылау  
С) Салыстыру  
Д) Талдау
45. Қазақ мектептері үшін тұңғыш әліппе қай жылы жазылды, авторы кім?  
А) 1911 ж. Е.Омаров  
Б) 1913 ж. М.Дулатов  
**С) 1914 ж. А.Байтұрсынов**  
Д) 1915 ж. Т.Жомартов
46. Мұғалімнің ауызша баяндау әдістері қандай?  
А) Жаттығумен жұмыс.  
Б) Индуктивті, дедуктивті  
С) Қайталау.  
**Д) Түсіндіру, эвристикалық, демонстрациялау**
47. Шамғали Сарыбаевтың әдістемелік еңбегі.  
А) Грамматиканы оқыту жөнінде.  
Б) Бастауыш мектепке қазақ тілінің әдістемесі.  
**С) Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері.**  
Д) Қазақ тілі методикасы
48. Морфологияны оқытуды зерттеген ғалымдар.  
**А) Б. Кәтенбаева, М.Нұрғалиева.**  
Б) Ә. Ермаков  
С) Е.Көшербаев  
Д) Ш. Әуелбаев
49. Синтаксисті оқытуды зерттеген ғалым.  
А) С. Жиенбаев  
Б) Т. Қордабев  
**С) Х. Арғынов**  
Д) Қ. Жолымбетов
50. Қазақ тілінің тұңғыш оқулығы.  
**А) Тіл-құрал**  
Б) Қазақ тілі  
С) Сауат Ашу методикасы  
Д) Қазақ тілінің грамматикасы
51. Лекция қалпы көліміне, өткізілу мақсатына қарай қандай топтарға бөлінеді?  
А) пысықтау, түсіндіру лекция  
Б) сынақ, конкурс, жаңа

**С) түсіндіру, баяндау, шолу**

Д) сынау, шолу

52. Белгілі бір тақырыпты ауызша, мазмұндап түсіндіру, оқушы алдында баяндама жасау. Бұл қай қалып?

А) пысықтау

Б) түсіндіру

С) тексеру

**Д) лекция**

53. Біріккен қалыпты қандай сабақ деп аталады?

А) семинар сабақ

Б) түсіндіру сабақ

**С) аралас сабақ**

Д) тексеру сабақ

54. Монологтық сөйлеудің түрлері.

А) бақылау, тыңдау

Б) есіту, көру

С) баяндау, шолу, түсіндіру

**Д) ауызша түсіндіру, ауызша баяндау, мәнерлі оқу**

55. Таңдау диктантының басқа диктанттардан айырмашылығы?

**А) мәтіні түгел жаздырылмайды**

Б) Мәтіні толық болуы керек

С) жылына бір рет алынатын диктант

Д) оқушы өзін-өзі тексереді

56. VIII сынып үшін неше сөз диктант жаздыру керек?

А) 80-100

Б) 68-90

С) 210-240

**Д) 140-160**

57. Қазақ тілі бойынша жүргізілетін диктанттар екі топқа қалай бөлінеді?

А) бақылау, көшіріп жазу

**Б) мәтін өзгертілген, мәтіні өзгертілмеген диктанттар**

С) қорытынды бағалау

Д) талдау, тыңдау

58. Тілдік салалардың қатысуын саралайтын бөлім?

**А) Білім мазмұны**

Б) Аумақ

С) Көлем

Д) Талқы

59. Дыбыстардың ерекшелігін байқатуда қолданылатын тиімді әдіс?

А) ауызша баяндау әдісі

**Б) Салыстыру**

С) оқулықпен жұмыс әдісі

Д) әңгіме әдісі

60. Тіл дамытуға арналған жұмыстарының түрлері

**А) Шығарма. Мазмұндама. Мәтін талдау**

Б) Сөйлеу мен ойлаудың бірлігі

С) Нақты ғылыми терминдер мен ұғымдар

Д) Грамматикалық.Мағыналық.Интонациялық

61. «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек.....» деген пікірді қай әдістемеші айтты

А) С. Жиенбаев

Б) Ш. Сарыбаев

С) Ы. Алтынсарин

**Д) А. Байтұрсынов**

62. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері нешеге бөлінеді?

А) теориялық, практикалық, көрнекі

**Б) анықтама, жинақтама, талдама**

С) мазмұн, аумақ, көлем

Д) жалпы методика, жеке методика

63. Жаңа материалды түсіндіру сабағының құрылысын көрсетіңіз

А) Ұйымдастыру, пысықтау, қорытындылау

Б) Ұйымдастыру, үй тапсырмасын тексеру, жаңа сабақ, бекіту, қорытындылау

**С) Ұйымдастыру, жаңа сабақ, бекіту, қорытындылау, үйге тапсырма**

Д) Ұйымдастыру, үй тапсырмасын тексеру, қорытындылау, үйге тапсырма беру

64. Қай бірі дидактикалық принциптерге жатпайды ...

А) жүйелілік және бірізділік

**Б) үздіксіздік**

С) белсенділік және саналылық

Д) ғылымилық

65. Белгілі бір өтілген емлеге байланысты оқушылардың білімі мен сауаттылық дәрежесін сынау, байқау мақсатында жүргізілетін жұмыс

А) жаттығу

Б) талдау

С) мазмұндама

**Д) диктант**

66. Индукция әдісі дегеніміз не?

А) Қарапайымнан күрделіге қарай

Б) Жүйелік пен жалғастық

**С) Жекеден жалпыға**

Д) Қабылдауды жеңілдету

67. Мотив (уәж) деген не?

**А) Мақсат қоюға дағдыландыратын түрткі.**

Б) Сөйлеу әрекетін ұйымдастыру.

С) Дағды қалыптастыру.

Д) Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс.

68. Дағды -

А) адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі.

Б) алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекетінің іске асырылуы.

С) белгілі жағдайда қайталанап отыратын өзара байланыс.

**Д) қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетте машықтандыру.**

69. 1919 жылы «Жаңа мектеп» журналының № 2 санында жарияланған «Ана тілін қалай оқыту керек?» деген мақаланың авторы кім?

**А) Ж.Аймауытов**

Б) А.Байтұрсынов

С) Ш.Әуелбаев

Д) И.Ұйықбаев

70. Ә.Исабаев:

А) Оқушыларға қазақ тілінен өткен материалдарын берік меңгертіп, әрбір үйренген сөзін есінде сақтап, оны сөйлемде

пайдалана алатын дәрежеге жеткізу үшін ең ұтымдысы – тұтас метод.

Б) Қазақ тілін оқыту – көп факторлы және әр жақты құбылыс. Сондықтан тілді оқытудың жалғыз әмбебап бір ғана тірек әдісін қолдану мүмкін емес.

С) Сөйлеу әрекетін дамытудағы ең тиімді әдіс ретінде қатысым әдісін ұсынып, оны оқыту әдістерінің барлық түрлеріне қатысты ерекшеліктерді меңгерген деп атап көрсетті.

**Д) Қазақ тілінен білім беру әдістері – оқушыларға білім мен білік және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдердің ішкі әрекеті жиынтығы.**

71. Сабақта сұрақ-жауап формасы түрінде қолданылып, бастауыш сыныптарда 10-15, ал жоғары сыныптарда 20-25 минутқа созылатын әдіс түрі...

А) Әңгіме әдісі

Б) Лекция әдісі

С) Хабарлау әдісі

Д) Түсіндіру әдісі

72. Қазақ тілінің бағдарламасы мен оқулықтары қай ұстаным арқылы жасалады

А) Жүйелілік ұстанымы

Б) Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы

**С) Ғылымилық ұстанымы**

Д) Саналылық пен белсенділік ұстанымы

73. Түрін өзгерту әдіс дегенде нені түсінесің?

А) Сөз бөлшектерінің ыдырату-біріктіру

Б) Сөздің ішкі құрамын өзгерту

**С) Жаттығудағы орындалу шарттарының ауысып отырылу**

Д) Зат есімдерге байланысты сөздерді сын есіммен алмастыру

74. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауатты жазудағы қолы мен көзін жаттықтыратын жұмыстың бірі -

А) талдау әдісі

Б) шығарма жаздыру әдісі

С) жаттығу әдісі

**Д) көшіріп жазу әдісі**

75. Әдістеме пәнінің қарастыратын мәселесі.

**А) Оқыту процесі.**

Б) Тіл білімі.

С) Пән мазмұны.

Д) Дағды мен іскерлік.

76. Дедукция сөзінің мағынасы және қайсы тілден алынған?

А) грек тілінен алынған болып жаңалық деген мағынаны білдіреді.

Б) орыс тілінен алынған жалпы деген мағынаны білдіреді.

С) латын тілінен алынған болып барша деген мағынаны білдіреді.

**Д) латын тілінен алынған болып жалпылық деген мағынаны білдіреді.**

77. Мектепте пунктуация бойынша жұмыс жүргізудің міндеттері:

А) Сауатты жазу машығын қалыптастыру

Б) Сауатты оқу мәдениетін дамыту

**С) Тыныс белгісін дұрыс қою дағдысын қалыптастыру**

Д) Бас әріппен жазылатын сөздерді меңгеру

78. Көшіру жұмысының түрлері

А) Сабақта көшіру, үйде көшіру

Б) Еркін көшіру, ойлап көшіру

**С) Есте ұстау арқылы көшіру, механикалық көшіру**

Д) Қызығып көшіру, дауыстап көшіру

79. Пунктуациялық дағды түрлері:

**А) Сөздің грамматикалық қызметі мен тыныс белгісін байланыстыру**

Б) Сөздерді тұлғасына қарай айыра білу

С) Сатылай морфологиялық талдау жасау

Д) Сөз тіркесіне талдау жасай алу

80. Қалып дегенде нені түсінесің?

**А) Білім беру ісін ұйымдастырудың сыртқы әрекеті**

Б) Мамандардың толық қатысымен өткенді

С) Мұғалімнің өзі қатысқанды

Д) Белгілі бір жоспарды меңгеру

## ГЛОССАРИЙ

**Қазақ тілін оқыту әдістемесі** – қазақ әдеби тілінің маңызын, әдіс-тәсілдерін, амалдарын, оқушыға ана тілінен білім берудің, оны меңгертудің жолдарын үйрететін ғылым.

**Дидактика** – оқытудың, білім берудің, тәрбиелеудің амал-тәсілдерін, олардың теориялық және практикалық заңдылықтарын қарастыратын сала.

**Морфология** – сөз және оның грамматикалық көрсеткіштер туралы ілім. Әрбір сөздің контексте нендей өзгеріске түсіп, грамматикалық қандай мағына мен қызметке ие болып тұрғаны ескеріледі.

**Мәтін** – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланыстығы негізінде түзілген. Мәтін – сөйлеу процесінің жемісі болып табылады. Ол тілді жүйелі қолданудың барысында ғана пайда болады. Мәтін – жазудың шығуымен байланысты қалыптасып жетілген және әрі қарай дамып отыратын тілдік құрылым.

**Қазақ пунктуациясы** – қазақ тыныс белгілері жөніндегі ережелердің жиынтығы.

**Әдіс** – құбылыстарды танып білудің, зерттеудің әдіс-тәсілдері мен амалдар жиынтығы, таным мен істе белгілі нәтижелерге жетудің тәсілдері.

**Әрекет** – іс-қимыл, құрал. Оқу әрекеті арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, теориялық сана, теориялық ойлау қалыптасады.

**Бейін алды даярлық** – білім алушылардың жеке білім беру траекториясының негізгі орта білім беруді таңдауын мақсатты педагогикалық қолдау.

**Бейінді оқыту** - білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау мен даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру.

**Білімдену** – оқу барысында шәкірт игерген білім, ептілік, дағды және ойлау тәсілдері жүйесі.

**Білім алушыларды аралық аттестаттау** – білім алушылардың бір оқу пәнін оны зерделеп бітіргеннен кейінгі

бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

**Білім алушыларды қорытынды аттестаттау** – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

**Даму** – адам ағзасында жүріп отырған

**Дедукция** – ойлаудың бүтіннен бөлшекке, жалпыдан жалқыға көшу жолы.

**Дидактика** – педагогикалық ғылымның оқыту әдістерін баяндайтын бөлімі.

**Дүниетану** – дүниенің даму заңдылығын білу қабілеті, жалпы ой-өріс.

**Индукция** – жалқыдан жалпыға, белгіліден белгісізге қарай ой қорыту тәсілі.

**Индивид** – жеке адам, тек өкілі.

**Инновация /латын/** – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс – тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасау және оларды қолдану.

**Интерактивтік** – интеракция деген ұғымнан шығады. Ал интеракция жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетке бір-біріне алма-кезек өтуі.

**Институционалдық аккредиттеу** – білім беру ұйымының білім беру

**Кешенді тестілеу** – ақпараттық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны.

**Кредиттік оқыту технологиясы** – білім алушылардың және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту.

**Концепция /тұжырымдама/** – қайсыбір құбылысты түсінудің, түсіндірудің тәсілі, оның мәнін ашу үшін қолданылатын басты идеялар, жетекші ойлар.

**Қашықтықтан білім беру технологиясы** – білім алушылардың және педагог қызметкердің жанама /алыстан/ немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

**Қалыптасу** – барша жағдаят (экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және т.б.) ықпалдары негізінде адамның әлеуметтік өмір өкілі ретінде бой тіктеуі. Тәрбие – тұлға қалыптастырушы жағдаяттар арасында аса маңыздысы.

**Метод** – бір нәрсені теориялық зерттеудің немесе соны практика жүзінде іске асырудың жолы. Метод грек. «зерттеу жолы» деген мағынаны береді.

**Модуль** – сызба-жоспар, кесте түрлерінде баяндау үшін құрылған шартты бейне.

**Модель** – үлгі (эталон, стандарт).

**Мотив** – ынта-ықыластың аууы.

**Мониторинг** – күнделікті бақылау, бағалау және болжау; білім беру үрдісінің барысын, нәтижелерін және тиімділігін ізбе-із үздіксіз зерделеу.

**Нысан** – субъектің, яғни адамның таным мен іс-әрекет аймағы.

**Объект** – адамның, іс иесінің таным әрекетінің бағыты, әрекет құбылысы, зерттеу нысаны.

**Өлшем** – бір нәрсені бағалауда, анықтауда немесе жіктеуде негізге алынатын белгілер, бағалау өлшеуіштері. Бағдарламаларын мәлімделген мәртебесіне сәйкес сапалы ұсыну жөніндегі қызметін бағалау.

**Педагогикалық әдіснама** – педагогикалық білім және оны меңгеру үрдісі туралы ілім. Олар: бастапқы, өзекті, іргелі, философиялық теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар сияқты әдіснамалық мәні бар ілімдер.

**Парадигма** – ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымда қабылданған теориялық және әдіснамалық қағидалар жиынтығы, олар ғылыми таным барысында пайда болатын болжамдар мен мәселелерді шешуші ғылым тұрғысында түйсіну үшін үлгі, нұсқа, стандарт ретінде қолданылады.

**Педагогика пәні** – тұлға тәрбиесі, оқуы, білімденуі, дамуы, қалыптасуы.

**Педагогикалық үдеріс** – оқу мен тәрбие бірлігі арқасында орындалатын білімдену мақсатынан оның нәтижесіне қарай болған іс-әрекет, ілгері қозғалыс.

**Субъект** – сыртқы ортаны нысанды танып білетін және өзінің мүдделеріне бағындыру мақсатында ықпал жасаушы. Оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

**Технология** – қандай да қызмет, іс-әрекеттерді (үдерістерді) жүзеге келтірудің жолдары мен шаралары (средства) жөніндегі білімдер жиынтығы.

**Түйін** – сөз мәнінің қысқа баянды, сөздің қорытынды түйіні, міндеттердің, әрекет аясының, өкілеттік қызметтің ықшам айтылуы.

**Экстернат** - білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқитын оқыту нысандарының бірі.

**Эксперименттік алаң** – жаңа педагогтік технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын мақұлдаудан өткізуге арналған эксперимент режимінде білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арғынов Х. Қазақ тілі синтаксисі мен пунктуациясының методикасы. – Алматы: Мектеп, 1974.
2. Арғынов Х. Қазақ тілі методикасы. – Алматы. Мектеп, 1998. – 125 б.
3. Арын Е., Қасым Б. Жұматаева Е. Қазақ тілін оқытудың әдістемесі. – Павлодар, 2005. – 225 б.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - А.: Өлке баспасы, 2015. – 560 б.
5. Аймауытов Ж. Психология, Алматы, 1992. - 127.
6. Алдамұратов Ә. «Оқушыларға грамматикалық ұғымдарды меңгерту психологиясы» Алматы, 1997 жыл.
7. Сарыбаев Ш. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. - Алматы, 1996.
8. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. Алматы, 2008, – 462 б.
9. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – А.: «Ана тілі», 1991. 184 б.
10. Рахметова С. Сөз тіркесі синтаксисі және оны оқыту әдістемесі. – Алматы: Абай атындағы АлМУ, 2003. -131б.
11. Рысбаева Г.Қ. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш), Алматы, 2000. – 192 бет.
12. Хасенов Ә. Жай сөйлем синтаксисін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1957. – 76 б.
13. Әбілқазов А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1995. - 77 б.
14. Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т., Шәймерденова К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.
15. Баранов М. Методика лексики и фразеологии на уроках русского языка. - М. : Просвещение, 1988. - 12 с.
16. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 21-142 бб.
17. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. – Алматы: «Атамұра», 2006. – 336 б.
18. Бейсембайев З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002. -35 б.

19.Валиева М. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Әдістемелік нұсқау, 2002.

20.Даулетбекова Ж. Қазақ тілі /оқыту әдістемесі нұсқаулық/ б-сынып. Алматы, «Ата мұра». 2002.

21.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2010. – 608 б.

22.Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы- Қарағанды, «Medet Group» ЖШС, 2019. – 234 бет.

23.Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы, “Қазақ университеті”. 1993.

24. Кәтембаева Б., Нұрғалиева М. «Морфологияны оқытудың методикасы» Алматы: «Мектеп» баспасы, 1975 жыл.

25.Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – А., 2005.

26.Қазақ грамматикасы. Астана: «Елорда», 2002. – 784 бет.

27.Қазақ тілі: Энциклопедия. А., 1998.

28.Қазыбаев С. Қазақ тілі методикасы. – Алматы: Рауан, 1990. – 112 б.

29.Қалиев Б. Қазақ тілі: Фонетика. Лексика. Грамматика. – Алматы, 1999. - 221 б.

30.Құлмағанбетова Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (Электрондық ресурс). – Алматы: Білім, 2000. – 144.

31.Құлмағанбетова Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы, 2000.–239 б.

32.Мейірманқұлова Т. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2010. - 168 бет.

33.Мұсаұлы Ж., Әміренова Р. «Қазақ, орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» Көкшетау, 2003 жыл.

34.Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы.- Алматы:2005.-170.

35. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі.-Алматы: РБК, 2000.-208 б.

36. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.- А., 2007. – 390 б.

37. Оралбаева Н, Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 1996.

38.Перминова Л.М. Функциональная грамотность/ неграмотность как социально-педагогическое явление. – М., 2003.

39.Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие. – М. Академия, 2003 – 272с.

40.Тәтенбаева М. «Морфологияны оқыту методикасы» Алматы, 1994 жыл.

41.Текучев А.В. «Методика русского языка в средней школе», М., 1980. – 23 б.

42.Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі сын есім мен сан есім категориясы. –Алматы, 1975.

43. Федоренко Л.П. Принципы обучения русскому языку, М., 1993. – 73 б.

44.Шаукенов Қ. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 112б.

45.Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.

## МАЗМҰНЫ

|   |           |
|---|-----------|
| КІРІСПЕ.....  | 3         |
| <b>I МОДУЛЬ. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ<br/>МЕТОДИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ.....</b> | <b>5</b>  |
| 1 МЕТОДИКА ПӘНІ, ОБЪЕКТИСІ МЕН САЛАЛАРЫ.....                              | 5         |
| 2 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ<br>ПРИНЦИПТЕРІ.....                     | 15        |
| 3 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ<br>ӘДІСТЕРІ.....                | 25        |
| 4 МЕТОДИКАНЫҢ БАСҚА ПӘНДЕРМЕН<br>БАЙЛАНЫСЫ.....                           | 43        |
| 5 ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ МЕН<br>ТӘСІЛДЕРІ.....                 | 52        |
| 6 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҚАЛЫПТАРЫ /ФОРМАЛАРЫ/..                               | 71        |
| 1-МОДУЛЬ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР.....   | 89        |
| <b>II МОДУЛЬ. ТІЛ БІЛІМІНІҢ САЛАЛАРЫН ОҚЫТУ.....</b>                      | <b>90</b> |
| 7 ТІЛ БІЛІМІ САЛАЛАРЫ. ФОНЕТИКАНЫ ОҚЫТУ<br>ӘДІСТЕМЕСІ.....                | 90        |
| 8 ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....   | 101       |
| 9 ГРАММАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....                                      | 119       |
| 10 ОРФОГРАФИЯ МЕН ОРФОЭПИЯНЫ ОҚЫТУ<br>ӘДІСТЕМЕСІ.....                     | 131       |
| 11 ПУНКТУАЦИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....                                     | 151       |
| 12 ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛ ДАМУ<br>ЖҰМЫСТАРЫ.....                     | 160       |
| 13 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ<br>ТЕХНОЛОГИЯЛАРДАН ПАЙДАЛАНУ.....    | 174       |
| 14 ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ<br>ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....        | 185       |
| 2-МОДУЛЬ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР.....   | 197       |
| ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ.....   | 199       |
| ГЛОССАРИЙ.....  | 212       |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....   | 216       |

**Дуйсабаева Дилбар Ускановна  
Сайфуллаев Бауыржан Нұрымбетұлы**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**(жоғары оқу орындары студенттері мен мұғалімдері үшін  
арналған оқулық)**

**60111500 – Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті)**

“Bookmany print” баспасы

Баспахана лицензияси № 022246. 28.02.2022 ж.

Басуға рұқсат етілді: 12.02.2024.

“Times New Roman” гарнитурасы. Қағаз пішімі: 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>



Есепті баспа табағы 12,8. Таралымы 100 дана.

Ташкент қаласы, Учтепа ауданы, Найман МФЙ, 17-б үй.

ООО “Bookmany print” баспаханасында басылды.

Ташкент қаласы, Учтепа ауданы, Найман МФЙ, 17-б үй.

E-mail: [bookmany\\_print@mail.ru](mailto:bookmany_print@mail.ru)

 [t.me/ Bookmanyprint](https://t.me/Bookmanyprint)  +998 99 180 97 10